

РЕДАКЦИЈАЛЫҚ АЛҚАСЫ

РЕДАКЦИЈА АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

Ербол ТІЛЕШОВ

БАС РЕДАКТОР

Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

Бижомарт ҚАПАЛБЕК

РЕДАКЦИЈА АЛҚАСЫ

Смағұл ЕЛУБАЙ

Ауыт МҰҚИБЕК

Қайыржан РАХИМЖАНОВ

ШЫҢҒЫС ЕГЕМБЕРДИЕВ

Серік ЕРҒАЛИ

Асан АМАНГЕЛЬДИЕВ

Бабақұмар ХИНАЯТ (Мажарстан)

Тілек ҚАЙЫРДЫНҰЛЫ (Моңғолия)

Сәуле СОВХОЗҚЫЗЫ (Ресей, Орынбор)

Кадыйша АБДЫБЕКОВА (Қырғызстан)

Роза БАҚБЕРГЕНОВА (Түркия)

Серікбай ҮСЕНОВ (Өзбекстан)

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Аида МҰХАМЕТҚАЛИ

МЕНШІК ИЕСІ:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің

Тіл саясаты комитеті

Альманах Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2007 жылғы 23 шілдеде
№ 8514-А куәлігі берілген.

МАЗМҰНЫ

«ҚАЗАҚ РУХЫНЫҢ ШЕЖІРЕШІСІ» (ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫСЫ МҰХТАР МАҒАУИННІҢ ТУҒАНЫНА 85 ЖЫЛ)

Мейрамбекқызы Динара. Мұхтар Мағауиннің туғанына 85 жыл	4
مۇختار ماڭاۋيننىڭ تۇعانىنا 85 يىل	8
Мұхтар Мағауин. «Мен» романы (үзінді), «Оң мен сол» әңгімесі.....	11
Серік Нұғыман. Жоғалған рухты жоқтау	14
Serik Nūğyman. Joǵalǵan ruhty joqtau	27
Нұрғали Махан. Мұхтар Мағауиннің «Мені» туралы бірер сөз.....	38
Нұрсәуле Толқын. Мұхтар Мағауиннің «Алтын Орда» романы: фактілерге негізделген тарихи шолу	48

СЫР СҰХБАТ

Бердібек Нұралдаұлы Бияров. «Жер-судың аты – тарихтың хаты»	53
Berdıbek Nūraldaūly Biarov. «Jer-sudyń aty – tarihtyń haty»	57
Сәуле Досжан. «Жазушылық – еркіндік емес, халықтың сөзін сөйлеу жауапкершілігі»	60
Жапарбай Шадкам: «Атамекенге оралуға тіл басты кедергі».....	65
يران قازامى جاپاربای شادكام: «اتامهكهنكه ورالۇعا تىل باستى كهدەرگى»	70
Омарәлі Әділбекұлы: «Ұрпақ қамын ойлаған әр қазақ келешегін Қазақстанмен байланыстырады»	74
Данияр Рамазанұлы. «Басты шарт – қазақ деген ұғымды жүректе сақтау»	82

ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ

Қалыбек Ибрагимұлы Қобландин. «Ұлы дала» жобасы: қандас қаламгерлердің шығармашылығына қолдау	90
قالىبەك يىبراگىم ۇلى قوبلاندين «ۇلى دالا» جوباسى: قانداس قالامگەرلەردىڭ شىعارماشىلىغىنا قولداۋ	93
Оразхан Назерке. Сленг – мәдениет пе, мәселе ме?	97
Қандастарымызға қазақ тілін үйрету – еліміз үшін стратегиялық маңызды міндет	100
Qandastarymyzǵa qazaq tılın üiretu – elimiz üşin strategialyq mañyzdy mindet	104

ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТЫНЫСЫ

Мадридте Абайдың 180 жылдығы мен астана күніне арналған екінші концерт өтті	108
مادریدتە ابايدىڭ 180 جىلدىعى من استانا كۇنىنە ارنالعان ەكىنشى كوئىسەرت ئوتتى	111
Моңғолиядағы 100 қандас оқушы Iqanat олимпиадасында бақ сынады	113
Қазақ-өзбек әдеби байланысы: «Отандастар қоры» мен Өзбекстан жазушылар одағы кездесті	116

ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Хабибула Рахими. Өлеңдері	119
حابىيۇللا راحىمى	121
Мырзатхан Танжира ұлы. Өлеңдері	123
Татар, Башқұрт, Қазақ достығының гимні	126

АЛҒЫСӨЗ

Құрметті оқырман!

Қолдарыңызға тиген кезекті жинағымыз – қазақ руханиятының көрнекті өкілі, Қазақстанның халық жазушысы, аса дарынды ғалым, зерттеуші Мұхтар Мағауиннің 85 жылдығына арналған альманахтың төртінші саны. «Қазақ рухының шежірешісі» деп аталатын бұл топтама – ұлт әдебиетінің ұлы тұлғасына арналған тағзым ғана емес, сонымен қатар қазақтың рухани кеңістігін тереңнен зерделейтін, елдік мүддені ту еткен қаламгердің шығармашылық және қоғамдық болмысын жан-жақты ашатын мазмұнды естелік.

Бұл санымызда жазушының көркемдік әлемі мен тарихи танымына, рухани күресіне арналған мақалалар мен ойтолғаулар топтастырылды. Оқырмандарға жазушының «Мен» романынан үзінді және «Оң мен сол» әңгімесі ұсынылып отыр.

Мейрамбекқызы Динараның «Мұхтар Мағауиннің туғанына 85 жыл» мақаласы, Серік Нұғыманның «Жоғалған рухты жоқтау» атты қос әліпби (кирилл және латын графикасымен) сыни-публицистикалық еңбегі, Нұрғали Маханның «Мұхтар Мағауиннің «Мені» туралы бірер сөз...» атты шынайы талдауы оқырманды жазушының ішкі әлеміне терең бойлатады. Ал Нұрсәуле Толқынның «Алтын Орда» романына арналған тарихи шолуы қаламгердің кең тынысты эпикалық әлемін көрсетеді.

«Сыр сұхбат» айдарында елдік мүддені, тіл мен рух, жер мен атақоныс тақырыптарын қозғаған танымал тұлғалармен болған сұхбаттар ұсынылады. Белгілі жазушы Сәуле Досжанның, «Ана тілі» газетінің редакторы Бердібек Нұралдаұлы Бияровтың, Жапарбай Шадкам, Омарәлі Әділбекұлы, Данияр Рамазанұлы сынды шетел қазақтарының жүрекжарды ойлары мен өмірлік ұстанымдары – бүгінгі ұлт тағдырына алаңдаушылықпен қарайтын әрбір оқырман үшін маңызды.

«Лингвомәдениеттану» бөліміне тіл, мәдениет және ұлттық бірегейлікке қатысты терең зерттеулер мен өзекті ойлар енгізілді. Бұл айдарда Қалыбек Ибрагимұлы Қобландиннің қандас қаламгерлер шығармашылығына арналған «Ұлы дала» жобасы жөніндегі мақаласы, Оразхан Назеркенің заманауи лингвомәдени құбылыстар туралы ойтолғауы және қазақ тілінің стратегиялық маңыздылығына арналған мақалалар жарық көрді. «Шетел қазақтарының тынысы» мен «Шетел қазақтарының шығармашылығы» айдарларында Мадридтегі Абай концерті, Моңғолиядағы оқушылардың IQanat олимпиадасындағы жеңістері, қазақ-өзбек әдеби байланыстары жөніндегі мәліметтер қамтылып, сонымен қатар Хабибула Рахими мен Мырзатхан Танжираұлының өлеңдері оқырманға жол тартты.

Жинақ – Мұхтар Мағауиннің шығармашылығына, рухани ерлігіне арналған жүрекжарды құрмет. Қазақтың сөзін сөйлеген, ұлттың жадын жаңғыртқан қайраткердің еңбегі әрдайым ел есінде. Алаш рухын ардақтаған, қазақ сөзінің киесін құрметтеген оқырманға арналған бұл арнайы сан – сіздің де жүрегіңізден орын табады деп сенеміз. Альманах Қазақстан оқырмандарына емес, негізінен шетелдегі қазақ диаспораларына арналып, таратылатындықтан бірқатар мақалалар латын әліпбиімен және төте жазумен берілген.

Ұлт сөзінің қуаты мен рухын ұлықтайтын «Туған тіл» альманағының бұл саны көңілдеріңізден шығады деген сенімдеміз.

Редакция алқасы

МҰХТАР МАҒАУИННІҢ ТУҒАНЫНА 85 ЖЫЛ



Мұхтар Мұқанұлы Мағауин – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, тарихшы, жазушы, қазақтың жыраулар поэзиясын зерттеуші ғалым. Филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Мұхтар Мағауин 1940 жылдың 2 ақпанында Семей облысының Шұбартау ауданы (бүгінде Абай облысы, Аягөз ауданы) Шыңғыстаудың күнгей етегі, Бақанас өзенінің бойындағы ата жұрты Көпбейіт-Босаға деген қоныста, ауыл мұғалімінің отбасында дүниеге келген.

1957 жылы осы ауданның Баршатас қыстағында қазақ орта мектебін бітіреді. 1957-1962 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде оқиды. Университет жылдары Мағауиннің

болашақ шығармашылық жолының негізі қаланды. Студенттік жылдарында ол белсенді түрде жазу ісімен айналыса бастады. 1960 жылдары алғашқы әңгімелері – «Бір уыс бидай», «Тіленші», «Әйел махаббаты», «Кешқұрым», «Жаңылысу» және тағы басқа туындылары жарық көреді. Сонымен қатар студент кезінде-ақ ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысты. 1961-1962 жылдары «Ер Тарғын және қазақ эпосы» деген тақырыптағы алғашқы зерттеу еңбегін жазды. 1967 жылы Қазақ хандығы тұстары әдебиетінен кандидаттық диссертация қорғап, ұлттық сөз өнерінің тарихын бірнеше ғасырға тереңдетті. Жазушының «Көк мұнар», «Аласапыран» романдары, «Қыпшақ аруы», «Бір атаның балалары» повестері, «Шыңғыс хан», «Алтын орда» зерттеу кітаптары соның дәлелі.



1962-1965 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінде қазақ әдебиеті кафедрасының аспиранты болды.

1965 жылы Мұхтар Мағауин Бақытжамал Нұрғалиқызымен шаңырақ көтерді.



1965-1967 жылдар аралығында «Қазақ әдебиеті» газетінде әдеби сын бөлімінің меңгерушісі болып істеді. Бұл кезеңде баспасөз саласындағы жас маман ретінде тәжірибе жинақтады, қазақ әдебиетінің қазіргі жай-күйі мен дамуына қатысты мәселелерді зерделеді. 1968 жылы оның ғылыми қызметінің ең маңызды жетістігі – «Қобыз сарыны. XV-XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулары» атты монографиясы жарық көрді. Монографияда қазақ жыраулар поэзиясының тарихи

дамуы, көркемдік ерекшеліктері және мәдени маңызы талданды.

Осы жылдары оның көркем шығармашылығы да белсенді дамыды. 1969 жылы «Тазының өлімі» хикаяты мен «Ақша қар» атты әңгімелер жинағы жарық көрді. 1970 жылы «Алдаспан» антологиясы жарық көрді. Бұл жинақ қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтаған маңызды еңбек еді. 1971 жылы «Алдаспан» қайта басылып шықты, бұл жинаққа деген қызығушылықтың көп

екендігін көрсетті. Сол жылы оның ең танымал туындыларының бірі – «Көк мұнар» романы жарық көрді. Бұл роман Мағауинді жазушы ретінде кеңінен танытты және оның көркем прозадағы шеберлігін дәлелдеді. 1971 жылдың қарашасынан 1976 жылдың мамырына дейін Қазақ КСР Ғылым академиясы Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер болып жұмыс атқарды.

1972-1976 жылдар аралығында жазушы Ленинградта басылған «Поэты Казахстана» атты алты ғасырлық антологияны әзірлеу жұмысына белсенді қатысты.


1976 жылдың мамыр айынан 1980 жылдың маусым айына дейін жазушы Абай атындағы Қазақ Педагогтық институтында доцент және аға ғылыми қызметкер

қызметтерін атқарды. Осы кезеңде ол білім беру саласындағы тәжірибесін арттыра отырып, шығармашылық жұмысын да жалғастырды.

1977 жылы Мағауиннің «Өмір жыры» және «Жыланды жаз» хикаяттары, ал 1978 жылы «Көкбалақ» романы жарияланды.

1980-1982 жылдары «Аласапыран» тарихи роман-дилогиясы жазылды. Екі кітаптан тұратын «Аласапыран» романы – жазушы Мұхтар Мағауин шығармаларының ішіндегі орны бөлек, шоқтығы биік шығарма. Осы еңбегі үшін 1984 жылы жазушыға Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық берілді.

1988 жылдың шілдесінен 2006 жылдың қарашасына дейін «Жұлдыз» журналының бас редакторы болып қызмет етті.



1990-1991 жылдары «Сары қазақ» романы жазылды. Бұл шығарма кеңестік дәуірдің соңындағы қазақ қоғамының өзгерістерін бейнеледі. Ал 1993 жылы «Қазақ тарихының әліппесі» атты еңбегі жарық көрді.

Мағауиннің көпжылғы шығармашылық еңбегі мен қазақ әдебиетіне қосқан үлесі бағаланып, 1996 жылы оған «Қазақстанның Халық жазушысы» атағы берілді.

1998 жылы Түркияның халықаралық «Түрік дүниесіне қызмет» сыйлығымен марапатталды. Бұл оның түркі әлеміндегі рөлін мойындау еді.

1997-1999 жылдары «Кунфудзының даналық дәрістері» кітабы, 1999 жылы «Шипалы Арасан» хикаятты жарық көрді.

2003 жылы «Әдепкі әңгімелер» топтамасы жарық көрді. Сол жылдардың өзінде «Және одағай әңгімелер» топтамасы

басылып шықты. 2004 жылы «Қыпшақ аруы» романы мен «Ұлтсыздану ұраны» толғауы жарияланды. 2005 жылы «Кесік бас - тірі тұлұп хикаяты» романы дүниеге келді. Бұл кезеңде жазушының шығармашылығы жаңа тақырыптар мен идеяларға бай болып, қазақ прозасының дамуына үнемі үлес қосып отырды.

2006 жылдың желтоқсанында жазушы елден біржола эмиграцияға кетті. Сол кезден 2015 жылдың шілдесіне дейін Чех Республикасына қоныстанып, Прага мен Карловы Вары қалаларында тұрды. Осы кезеңде де шығармашылық жұмысын тоқтатпай, 2007 жылы «Жармақ» романын жазды. 2007-2008 жылдары «Әрқилы әңгімелер» және «Талайсыз әңгімелер» топтамалары басылып шықты. 2008 жылдың қарашасынан 2015 жылдың қарашасына дейін «Шыңғыс хан және оның заманы» атты тарихи деректі тетралогиясын жазуға кірісті. Бұл ауқымды еңбек жазушының тарихи зерттеулердегі терең білімін көрсетеді.

2015 жылдың шілдесінде жазушы Америкаға түпкілікті қоныс аударды. Мэриленд штатында, әуелі Вашингтонға іргелес Роквилл кентінде, ал 2017 жылдың соңынан бастап осы төңіректегі Силвер Спринг кентінде тұрақтады. 2016-2017 жылдары «Естеліктер кітабы» атты еңбегін жазуға кірісіп, оның ішіне «Ілияс аға

Есенберлин», «Әбіш екеуіміз» және басқа жазбалары енді. 2018 жылы «Естеліктер кітабының» жаңа тараулары жалғасты. 2019 жылы өз шығармаларының жиырма бес томдық «Толық жинағын» баспаға әзірлеу жұмысы басталып, 2020 жылы «Балақан» балалық шақ естелігі мен «Естеліктер кітабының» кезекті тараулары жарық көрді.

2021 жылы «Алтын Орда» танымдық тауарих кітабын жазуға кірісті. 2022 жылы «Алтын Орданың» жалғасы мен «Естеліктер кітабының» соңғы тараулары жазылды. 2023 жылдың қыркүйегінде «Алтын Орда» еңбегі тәмамдалды, ал 2024 жылы Орхұн мұрасын көне түрік тілінен қазіргі қазақ түрік тіліне аудару жұмысымен айналысып, соңғы мақалалар мен толғауларын жазды.

2025 жылдың қаңтарының 9-шы жұлдызы, ақшам (Қазақстанда қаңтардың 10-ы, таң бозы) уақытында жазушы өзі Күміс Бұлақ атаған, Вашингтон түбіндегі Силвер Спринг кентіндегі үйінде дүние салды. Қазақ әдебиетінің дамуына айтарлықтай үлес қосып, мол мұра қалдырған жазушының кең ауқымды, көп жанрлы және ұзақ мерзімді шығармашылық жолы осылайша аяқталды. Бұдан былай енді тұлғаның мәңгілік ғұмыры басталады.

*Материалды дайындаған
Мейрамбекқызы Динара*

Мұхтар Мағауиннің туғанына 85 жыл

Мұхтар Мұқан ұлы Мағауин - қазак әдебиетининг көрнектi окiлi, тарихши, жаруши, қазактининг ауз әдебиетин зерттеушиси. Филология җилмдарининг доктори, қазакстаннининг халық жарушиси.

Мұхтар Мағауин 1940-жылдын 2-ақпаннда сәмеи җилсининг шұбартау аўданы (бүгинде шееси қазакстан җилсиси, аяқоз аўданы) шингестәудининг күнгеи етеги, бақанас җезинининг бойиндаи ата журти кәйеиет-босаға деген қониста, аўыл мұғалминининг җобасинда дүниеке келген.

1957-жылы җили аўданныннинг баршанас қистаеинда қазак җорта мәктебин битреди. 1957-1962 жылдары с.м. кироў атиндаи қазак мәмлекеттининг ўнйәрситетининг филология факультетинде җиди. ўнйәрситет жылдары Мағауиннининг болшақ шеармашылық җолсининг негизи қаланди. стәуденттининг жылдаринда җил бәлсенди тәуде жару бсимән айналса бастади. 1960-1961 жылдары җилиннинг еашы ағимелери - «бср ўси бидаи», «телеши», «аил махабаты», «кешқурм», «жағлысш» және таи басқа тәундилари жарық көрди. сонимән қатар стәудент кезинде-ақ җилии зерттеу җумистаримән айналсти. 1961-1962 жылдары «ер таримән және қазак ейоси» деген тақриптәи еашы зерттеу еғбегин жарди. көрнектi жарушинининг "кешқурм" атти еашы ағимеси 1964-жылы «жүлдинз» журналинда баслиди.

1962-1965 жылдары қазак мәмлекеттининг ўнйәрситетинде қазак әдебиети кафедрасинининг аспиранти болди.

1965-жылы Мұхтар Мағауин бақитжал нұрғали қизимән шағирақ көтерди. 1965-1967 жылдар аралейинда «қазак әдебиети» газетинде әдеби син бәлминининг мәггәрушиси болып бстеди. бұл кезеғде баспа сөз саласиндаи җас маман ретинде таҗрибе җинақтәди, қазак әдебиетинининг қазргги җаи-күйи мән дамуна қанстти маселелерди зерделеди. 1968-жылы җилиннинг җилии қизметинининг ең мағзди җетистиги - «қобиз сарини. XV-XVIII җасрларда җасалан қазак ақин, җираулары» атти монәграфияси жарық көрди. монәграфияда қазак җираулар йөзйасинининг тарихи дамуи, көркемдининг ерекшелектери және мадәни мағзди талданди.

җили жылдары җилиннинг көркем шеармашылыи да бәлсенди дамди. 1969-жылы «тарзинининг җилии» хикайати мән «ақша қар» атти ағимелер җинаи жарық көрди. 1970-жылы «адаспан» антәлогияси жарық көрди. бұл җинақ қазак ауз әдебиети җилгилерин җинақтаған мағзди еғбек еди. 1971-жылы «адаспан» қайта баслиып шикти, бұл җинаққа деген қизеушлиқтининг көп екендининг көрсетти. сол жылы җилиннининг ең танмал тәундиларинининг бсри - «көк мұнар» романи жарық көрди. бұл роман

Мағауинді жарушы ретінде кештен танитты және онның көркем прозасы шеберлігінен дәлелденді. 1971-жылдың қарашасынан 1976-жылдың мамырына дейін қазак с р ылым акадeмиясы мұхтар ағуу атынды адебиет және өнер институтында аа ылыми қызметкер болып жұмыс атқарды.

1976-1977 жылдар аралығында жарушы ленинградта басылған «пөһти қазакстана» атты атты асылық анологияны азрлөу жұмысына белсенді қатысты.

1976-жылдың мамыры айынан 1980-жылдың маусымы айына дейін жарушы абаи атынды қазак педagogик институтында дотсент және аа ылыми қызметкер қызметтерін атқарды. Осы кезеңде ол ылым беру саласындағы тажрибесін арттыра отырып, шеармашылық жұмысын да жаластырды.

1977-жылы Мағауиннің «Умр жры» және «жыланды жар» хикаяттары, ал 1978-жылы «көкбалық» романы жарыланды.

1980-1982 жылдары «алсапыран» тарихи роман-дилогиясы жарылды. ыкі кытаптан тұратын «алсапыран» романы - жарушы мұхтар Мағауын шеармаларының шындығы өрні болып, шوقتты бйік шеарма. Осы ыгегі Ушын 1984-жылы жарушы абаи атынды мемлекеттік сыйлық берілді.

1988-жылдың шлдегеннен 2006-жылдың қарашасына дейін «жүлдіз» журналының бас редакторы болып қызмет етті.

1990-1991 жылдары «сары қазак» романы жарылды. бұл шеарма кешестік «даурдың соғысында қазак қоамының өзгерістерін бейнеледі. ал 1993-жылы «қазак тарихының апыесы» атты ыгегі жарық көрді.

Мағауиннің көп жылы шеармашылық ыгегі мен қазак адебиетіне қосқан ұлесі бааланып, 1996-жылы өан «қазакстаның халық жарушысы» аталы берілді.

1998-жылы түркияның халықаралық «түрік дүние-сенне қызмет» сыйлығымен марапатталды. бұл онның түркі әлеміндегі ырын мойындауы.

1999-1997 жылдары «күнфүзіннің даналық дарыстыры» кытабы, 1999-жылы «шыпалы арасан» хикаятты жарық көрді.

2003-жылы «адепкі ағымелер» топтамасы жарық көрді. сол жылдардың өзінде «және одағы ағымелер» топтамасы баслып шықты. 2004-жылы «қыпшақ арғы» романы мен «ұлтсыздану ұраны» толғауы жарыланды. 2005-жылы «кешік бас - ытры түлүп хикаятты» романы дүние-ге келді. бұл кезеңде жарушының шеармашылыы жаға тақырыптар мен идеяларға бай болып, қазак прозасының дамуына үнемі ұлес қосып отырды. 2006-жылдың желтоқсанында жарушы өлден ыргола ыгратсияға кетті. сол кезден 2015-жылдың шлдегеннен дейін чеч республикасына қоныстанып, прага мен карловы ұры қалаларында тұрды. Осы кезеңде де шеармашылық жұмысын тоқтатпай,

2007-жылы «Жармақ» романын жарды. 2007-2008-жылдары «Аرقилы ағмеелер» және «Талайсыз ағмеелер» топтамалары баслып шықты. 2008-жылдың қарашасынан 2015-жылдың қарашасына дейін «Шығармаларының» атты тарихи деректі тарауына жарға кырысты. Бұл ақымды ғәбеке жарушының тарихи зерттеулердегі тарауы ғәбелмен кырыстеді.

2015-жылдың шлдегенде жарушы америкаға тәпкелікті қоныс аударды. Мерилеңд штатында, әуелде Ұашыңгтонға бергеелс рукәйл кентінде, ал 2017-жылдың соғынан бастап осы тәгеректегі селәуер селәй кентінде тұрақтанды. 2016-2017-жылдары «Ғестеліктер кытабы» атты ғәбекең жарға кырысп, оның шшнә «Ғеліас аа есеңелің», «Ғабш екеумен» және басқа жарбалары еңді. 2018-жылы «Ғестеліктер кытабының» жаға тараулары жаласты. 2019-жылы Ұз шармаларының жерма бәс томдық «Толық жинағын» баспаға әзреләу жумысы басталп, 2020-жылы «Балақан» балалық шақ естелігі мен «Ғестеліктер кытабының» кезекті тараулары жарық корды.

2021-жылы «Аттын орда» танымдық тауары кытабын жарға кырысты. 2022-жылы «Аттын орданың» жаласы мен «Ғестеліктер кытабының» соғы тараулары жарылды. 2023-жылдың қыркүйегінде «Аттын орда» ғәбекегі ғтаммалды, ал 2024-жылы орхун мұрасын кәне тәурык телінен қазыргі қазак тәурык теліне аудару жумысмен айналысп, соғы мақалалар мен толғауларын жарды.

2025-жылдың қағтарының 9-жүлдызы, ақшам (қазакстанда қағтардың 10-ы, тақ бозы) ақттында жарушы Ұзы күмсс бұлак атаған, Ұашыңгтон тәбіндегі селәуер селәй кентіндегі әйіңде дүңе салды. қазак әдәбіетінің дамұна аитарлықтай Ұлс қосп, мол мұра қалдырган жарушының кәк ақымды, коп жанрлы және ұзақ мерзымды шармашлық жолы ослайша аяқталды. Бұдан бәлаи еңді тәуеланың мағгелік ғұмыры басталды.

Материялды дайындаған
Мерамбек қызы динара

МЕН (романнан үзінді)

Қаламға және оның жазуына серт!..

Құран – 68 сүре, 1-аят.

Бисмиллаһ ир-рахман ир-рахим! Өзіңе тура баста...

Шытырман. Яғни, менің еншілі өмірім мен таңбалы жазуым. Бастан өткен ғұмырдың көңілдегі суреті. Қаламға ілінген жазудың жүректегі жүгі. Тұтас ғұмыр емес, бедерлі белестер ғана. Бар жазу емес, дертті толғаныстар ғана. Өмір – арқау, жазу – өрмек. Екеуінің тумысы бір – Менің өзім. Мен. Мен... Кіммін? Ешкім білмейді. Өз ұғымым да бұлдыр. Анық ақиқаты: тегім – кісі, дінім – ислам, нәсілім – түрік, ұлтым – қазақ, ұраным – Алаш, есімім – Мұхтар, сойым – Мағауин, туған жылым – миләди 1940, бүгінгі жасым – елу алтының үстінде...

Өте ұзақ ғұмыр кешіппін. Өмірдің көбі өткен, азы емес, әлденендей бір бөлшегі ғана қалған. Абай атам айтқандай, келер заманың – көк тұман. Сәуле көмескі, үміт буалдыр. Сен... сенің кесімің әуел бастан белгілі. Тозаңнан жаралдың, топыраққа айналасың. Ештеңе өзгермейді. Бірақ... ұрпағың бар емес пе! Бүкіл ұлысың, ұлтың алдындағы тар кешу немен тынбақ? Азаматыңды қажытып, жеткініңнің жігерін құм қылып, бәсіре байлығыңды талапайға салып, жұртыңды біржола тоздырып бара жатқан заманға қарсы тұрар қайла бар ма? Сен білмейсің. Білсең де жүзеге асыра алмайсың. Сенің білгенің, қолыңнан келері жазу ғана еді. Сонымен қанағат таптың. Сонымен өміріңді ұзарттың. Кеуденді басқан кер заманда қасірет, зардың өзі күш беріпті. “Мен сияқты ерлерді – Жаратты ма екен Құдайым – Қайғыдан шіріп өлерге, – Кейінгі туған бала үшін!..” Бұл – Қазтуған – Мұрат. Сен малдандың, бірақ осы деңге жеткенше, яғни, қайғыдан шіріп өлмес бұрын бар запыраныңды ақтарып кетпек едің.

Сен, тіпті, жаңа бастаған бала кезіңнің өзінде осы ғасырдағы ең ұлы, ең зарлы тұлға Мағжанның тағдырына қызықтың. Азапты өліміне емес, соған дейін бәрін айтып үлгергеніне. Сен ұзағырақ жасадың, кеңшілікте болдың, бәрібір айтып үлгермедің.

Енді міне... бас байлаулы қалса да, ауызға ерік тиген заманда, өзегің талмай, өмірің түгесілмей тұрып қолың қалтырапты. Сенің ең соңғы серпінің – советтік империяның түбіне жеткен Август бүлігінен үш күн бұрын жарыққа шыққан “Сары қазақ” болыпты. Кейіпкердің заманға лағынет айтқан керез сөзімен бітетін еді ғой: “Қарғыс! Қарғыс атсын! Көрінде өкір! Қан жалдап тудың, қанға тұншығып өл! Адамзат тарихындағы ең қаралы, ең қапас, зұлмат заман, халықтардың қарғысы атсын сені!” Содан соң: “Бұл сөздер XX ғасырда барынан түгел айрылған ең бақытсыз қауым – алаш жұртының аузында табиғи әрі зілді естіледі екен” – деп түйіндепсің. Өз түйінің, өзіңнің керез сөзің бола жаздапты! Ақталма! “Қазақ тарихының әліппесі” – жиырма жасында жүрек түбіне түскен, отыз бірдеңе жыл бойы бұғып, бұлықсып жатқан Жоқтау жырының бір сәтте ғана лап етіп сыртқа шыққан көрінісі – кейін жазылса да, өткен күн есебіндегі еңбек, жарар, қажетті кезінде жарыққа жеткіздің, бірақ бар кетігінді толтыра алмайды. Ал соңғы бес жылда аттың жалы, түйенің қомында жүріп таңбаға түскен екі әңгіме мен алты-жеті мақала – асса екі айлық қана жұмыс.

Саған сол тар күндердің өзінде күш берген немене? Сенім болса керек. Өзіңді өте

жақсы көретін едің. Мен жазбасам, қазақ әдебиеті тұралап қалады, мен күреспесем, ежелгі мұра біржола ұмытылады, атаның аруағын арқалап жүрген – жалғыз өзім, алаштың мұратын келер ұрпаққа жеткізетін – Мен, Мен ғана, Мен болмасам, ұлысымның ырысы ортаяды, ұрпағымның көкірек-көзі ашылмайды, Мен, Мен... деп ойладың. Аз ба, көп пе, бар жасаған еңбегің – осы. Сенімнің көрінісі.

ОҢ МЕН СОЛ

Мен кішкентай кезімде оң аяғым қайсы, сол аяғым қайсы – ажырата алмаушы едім. Оң аяқтың, сол аяқтың өздерін емес. Етікті. Етіктің қай сыңары қай аяққа келетінін айыра білмеймін. Алдымен бір аяғымды кием. Ойланып отырып, екіншісін кием. Екі аяқты қатар қойып, салыстырып қараймын. Теріс сияқты. Ауыстырып қайта кием. Дұрыс. Жоқ, теріс. Қайта ауыстырам. Екі етіктің басын түйістіріп, соғыстырып, салғастырып көріп, тағы біраз ойланып тұрам. Ауыстырсам ба екен, ауыстырмасам ба екен? Ақыры далаға шығам. Басқа балалар ойынға кіріскелі қашан. Ал мен... Мен әзір емеспін. Әуелі оң мен солды анықтау керек... Қары тапталмаған, бірақ онша күпсек те емес, тазалау бір жерге барып, екі аяғымды қатар қойып, етік табанын таңбалаймын. Содан соң оп-оңай. Қатар мөрленген екі іздің бастары жанаса тұрса – бәрі дұрыс: оң етік – оң аяқта, сол етік – сол аяқта. Егер екі іздің басы қайқайып, екі жаққа қарап тұрса – теріс, яғни, сол жақ аяққа оң етік, оң жақ аяққа сол етік киілгені. Бір ғажабы, ақ қар бетіне бедерлей басып, нақты таңбасы арқылы тексергенде көбіне-көп етігімді теріс киген болып шығам. Бұл кезде ойын әбден қызған; есік алдында күйбеңдеп әлі жүргенінді байқаған балалар дауыстап шақыра бастайды. Оларға оңай. Сырма пима, көн шақай; киіз байпақ іле салғандары да бар. Етік киген біреуі жоқ. Оң қайда, сол қайда деп бас ауыртпайды. Ал сен өзіңе-өзің ыза болып, мұндай қорлықтан жылай жаздап, үйге қайта кіресің. Етікті тағы бір рет ауыстырып кию керек. Етік ауыстыру – еріккеннің ісі емес. Шұбатылған шұлғауы бар. Алай жазып, былай қайырып, орап, созып, тартып... Көп жұмыс. Нағыз бейнет. Оның үстіне манадан бері нешінші рет...

Көп ойлансам керек. Көп қиналсам керек. Ақыры, етік күдің ең оңай тәсілін таптым. Қайсысы оң, қайсысы теріс деп бал ашпаймын. Жақсылап шұлғанамын да, қолыма ілінгенін кез келген аяғымға сұға салам. Бөгелмей тысқа шығам. Қарға басып, қатар із салам. Екі етік сүйкене табысып, тату тұрса, бірден ойынға қосыласың. Бастары бірікпей, теріс тұрса да оқа емес, ішке кіріп, алмастырып киесің. Теп-тез. Бүгінге бірінші рет қана. Тамаша!

Ал жазды күні қайтеміз? Қар жоқ, із қалай ажыратылады? Оп-оңай. Жазда етік кимейміз. Бәтеңке, сандал деген атымен жоқ. Көктем туып, күн жылынса бітті – жалаң аяқ шауып кетеміз. Әуелде аяққа тас тиетіні, немесе шөңге кіретіні бар. Бірақ арада оншақты күн өтпей-ақ табанымыз көн болады да шығады. Тағалы аттай тайпаң қағасың. Осы ыстықта аяқ киіммен пысынап жүрген үлкендерге жаның ашиды. Кейін сен де үлкен боласың, жұрттан ұят, аяққа бірдеңе киюге тура келеді. Бірақ оған дейін әлі талай заман бар. Қандай жақсы. Рахат!

Ал содан соң ше? Қазір? Аға болдық. Әке болдық. Ата болдық. Бар еркін басында

сияқты. Бірақ елден бөлектеніп, қалауыңша жүре алмайсың. Күн шыжып тұрса да аяққа бірдеңе кию керек. Үлкен бізді айтасың, қазіргі бала-шағаға дейін бесіктен шықпай жатып тар қалыпқа түседі. Аяқ қалыбы, бас қалыбы. Сөз қалыбы... Жер солай, ауа солай, уақыт солай. Бұра тартар мүмкіндік жоқ. Үздіксіз даму, әкелік қамқорлық, жоспарлы тіршілік осыған алып келді. Бұл, әрине, біздің тақырыбымыздан тыс әңгіме...

Манағы оң мен солға келсек, қазір қапысыз ажыратам. Етік болса да, туфли болса да. Одан арғысы қиынырақ. Оң жақ қайсы, сол жақ қайсы, ұмсынар бағыт, ұмтылар меже қайда, не болды, не болмақ – бірден ажырата алмай, ойланып қалатын жағдайлар әлі де кездеседі. Қарға басып тексерейін десең, ізі жоқ. Қиналасың, толғанасың, содан соң... қолыңа қалам аласың. Жаңағы күмәнді, бұлдыр, ауыр ой шынжырша созылып, қағаз бетінде өрнектеле бастайды. Күмән сейіледі, тұман айығады, жарқырап күн шығады. Әлем толқына құбылып, бар бедер-бытысымен алдыңа тартылады. Із деген осы. Өткен өміріңнің, қазіргі тірлігіңнің, болашақ бағдарыңның суреті. Өз ісің, өз суретің ғана емес, ата-баба рухы, бүгінгі әулет тынысы, келешек ұрпақ мұраты – бүкіл тарих таңбасы. Өзің ғана көрмейсің, бүкіл ел көреді. Оқиды, таниды. Оң қайсы, сол қайсы, екі аяқты қалай тең басу керек, қайда барамыз, неге ұмтыламыз, ақырғы мұрат не – соның бәрі бейнеленген. Қарға емес, қағаз бетіне түскен, тасқа басылған, мәңгіге бедерленген, жел де, боран да, тасқын мен сел де өшіре, жоғалта алмайтын, балаңның баласынан өтіп, шөпшектің туажатына жететін үлгі. Мың жасар ұрпаққа қалдырған өсиет.

Соның бәрі – аппақ қар бетіне түскен, оң мен солды айыратын алғашқы таңбадан басталыпты.

Шыны – осы.

(Мұхтар Мағауин)



СЕРІК НҰҒЫМАН

жазушы

ЖОҒАЛҒАН РУХТЫ ЖОҚТАУ СОҚЫР ОЙДЫҢ КӨЗІНЕ СӘУЛЕ СЕПКЕН ӘНГІМЕЛЕР

Үш ғасырға жуық теперіш көрген, онда да жай ғана бодандық емес, соңғы 70 жылында жойқын идеологиялық өзгеріске ұшырап, құлдық таңбасы етінен өтіп, сүйегіне жеткен тәлейсіз халықтың әлдеқалай бағы жанып, азаттық алған соң ілгергі басыбайлы өмірінен жұғысты боп қалған ой бұғауы мен таным құрсауынан құтылып, адакүде арылуына қанша уақыт қажет болар?

Дәл басып жауап беру қиын сұрақ. Шексіз мерзімге созылуы да, қысқа мерзімде орындалуы да ықтимал жай. Ойлы жанға оңайлықпен құйрық ұстатар жұмбақ емес. Басқа емес, кеше ғана сол кепті киген, аңдаусызда құдыққа құлап, құлағында құрбақа ойнаған... сол сордан өлдім-талдым дегенде әрең босанып, жаңа ғана көз ашқан әңкі-тәңкі елдің ұрпағы болсам да, бұл сауалға жарытып жауап таба алар емеспін. Оған себеп, алқымдап тұрған сол көмескі бұғалыққа қарсы пәрменді

әрекеттің айналадан әлі білінбейтіні. Тіпті қарасын көрсетпесе де мысымызды басып тұрған сондай бір құбыжық бары былайғы жұрт түгілі, зерделі дейтін зиялы қауымның өзін елең еткізбейтіндей. Сонша тереңге тартып, қара бақайға дейін қанығып кеткен бұл не қылған пәле екенін, нәр алып тұрған алып тамырына әлдеқашан балта шабылса да, көлеңкесін мүлде өшірмеді. Өшірді не, әлдебір тексіз тірекке тарамыс жалғағандай, өлмейтіннің тебінін танытып, жаны сіріліктің сесін көрсетеді. Соны аңдаған жүректі қайдағы бір үрей келіп кеулейді.

Ал, енді, мызғымас боп орныққан осы психологиялық ахуалды көрнеу нысана еді десек, әдетте қарасы мол көрінетін жазармандар қауымының бұл тарапта серпінді әрекет етпей отырғаны шетін жай болса керек. Бұл, тіпті, кісі таңқаларлық жағдай. Себебін түсіну де қиын. Әлде олар өздерінің кешегі «бақытты күндерін» құлдық қамытын кидік дейтін өткен уақыт

еншісіне өткізіп беруді қаламай ма? Әлде сонда бір қымбаты – атақ-даңқ, бедел-мансап дегендей «асылы» қалып, сол сүйіктілері бірге кететін болғандықтан қатты қаралауға қимай ма? Білмедік. Бәлкім, сол заманның шын кеспірін, түпкі мақсатын, өз санасына бойлап сіңіп кеткендіктен де әлі танып, айыра алмай, адасып жүрген шығар? Белгісіз. Қалай болғанда да, сол бір зобалаң жылдар туралы ауыз толтырып айтарлықтай тұшымды еңбектердің жасалмай жатқаны өкінішті-ақ.

Енді осы тың тақырыпқа Мұхтар ағамыз қалам тартыпты. Көптен күткен, отаршылдықтың халық жадына сіңген улы зардаптарын үңги ақтарып, жын-соқтасын ағыза көрсетіп, көптің көзін талай сұмдыққа жеткізер, сол арқылы ел санасын оятып, рухын көтерер өрелі еңбектер өмірге келер деген үмітімізді ақтап, ойсырап тұрған олқылықтың орнын толтырыпты. Негізінде, үмітті ақтап, бостықты толтырды деу аз, қайта бұл шығармаларды тыңға түрен салып, жоқты бар қылған, көпке үлгі шашып, көктемнің алғашқы қарлығашындай жаңаға жаршы болған үздік дүниелер деп бағалау әлдеқайда орынды. Ақиқатында да солай, біраз күттіріп барып дүниеге келген жаңа туындылар мағына-мазмұнының тыңдығында ғана емес, форма-бітімінің бөлектігімен де өзгеше еңбектер. Бұндай өрнегі озық өзгеше шығармалар өрелі жазушылардың қаламынан ғана туса керекті. Сөз 2004 жылы «Жұлдыз» журналының 5 санында жарияланған Мұхтар Мағауиннің жаңа туындылары («Жоқтау» және «Әз ...ағаң һәм әз ... әзіл») хақында болайын деп тұр.

Иә, Мұхтар ағамыз бұған дейін де есімі ел аузына ілінген әйдік сөз шебері. Ұлттық сөз өнеріміздің өресінің биік, іргесінің берік болуына қырық жылдан бері еңбегін

арнап келе жатқан кесек тұлға. Рухы биік, еңсесі асқақ суреткер. Қабырғалы қаламгер бұл жолы да қарымдылық көрсетіп, самдағайлық танытыпты. Қатарынан озған шын жүйрік қана осылай шабар еді. Ежелгі ұстанымынан бір танбай, ұлттың жігерін жанып, еңсесін көтерсем деген игі ниетпен қолына қалам алған екен, «Межесіне жетпесе де, жобасына жуықтаған» шығармасының өзі – ел игілігі.

Үнемі тілге тиек, әңгімеге өзек болатынына қарамастан, біреу мойындап, біреу мойындамайды, затында дағдарыс деген пәленің әдебиетіміздің алдын орап, жолын көлденеңдеп жүргені баршаға мәлім жай. Бетпе бет келіп отырған нәрсенің жоқ екені туралы айтып, даурыққаннан гөрі, оны ертерек мойындап, қамал алуға қам жасасақ, ұтыстың өз жағымызда қалары даусыз. Ал сол ұмтылыстың алдыңғы шебінде сенім артқан серкелеріміз бен жүк ауырын көтерер нарларымыз жүрсе, тіпті де оңды, ұпайымыз толық болмақ. Өйткені әдебиеттегі алып тұлғалар ұлттық әдебиеттің қалыптасуында ғана емес, қалыптасқан әдебиеттің дәл бүгінгідей қоғамдық формациялар алмасуы тұсында бағдарынан жазып қалған, іркілген, кібіртіктеген кезеңдерінде де зор күшпен қар бұзып, қасатқа із салуымен де бағалы. Мұның шын аты – өнеге. Біздіңше, алда сөз болмақ еңбектері арқылы Мұхаң бұл талаптан толық шыға алды. Ірілік көрсетті.

Жоғалмауға тиісті рухтың жоғалуы мүмкін бе?

Жоғарыда айтқанымыздай, жазушының бұл жолы жарық көрген туындылары – әңгімелер екен. Әңгімелер болғанда, көп емес, екеу-ақ. Бірақ байқай алар пайым, түсіне алар түйсік болса, соқыр ойдың көзіне сәуле сеуіп, салғырттанған санаға нұр құюға қауқарлы қуатты еңбектер. Айтар сөздері аса ащы, тым салмақты.

Екеуі де рух туралы уытты

шығарма. Алдыңғысы – ертеде, баяғы заманда болған, бірақ қазір жоқ, әлдеқашан ғайып болған... жоғалған рухты іздеу де, екіншісі – сол жоғалған рухтың сөну, қожырау барысын толғаған босалқы баян. Оқып болғанда, бар асылыңнан айырылып, айдаладағы қу тақырда жалғыз қалғандай күй кешесің. Көкейіңді әлдебір қайта келмес асылдың өрекіңген өкініші өртейді. Көмейіңе келіп өксік кептеледі.

Дәл осы аш өзекке шоқ түсіріп, сүреңсіз күйге кіріптар еткендіктен болар, біз сөзімізді, өз ыңғайына қарай, осы екінші әңгімеден бастасақ деп отырмыз. Өз ыңғайы дегенде, алғаш оқып шыққанда әңгімелердің орны алмасып кеткендей әсер қалдырған. Ойымыз да сол негізде өрістеген еді. Енді бүгін қағазға түсірерде де сол ретті сақтадық. Демек, сөз кезегі әуелі жоқ рухтың жоғалу барысы жайлы әңгімеде.

Ал онда сол... жоғалмауға тиісті рухтың жоғалуы мүмкін бе? Мүмкін болса, оның жоғалуына қанша уақыт қажет?

Мына ғажапқа қараңыз... тарихы мыңдаған жылдардың алдынан басталатын естияр халықтың басынан бағы тайып, құлдықтың құрығына ілінсе, өзінің дүркіреп тұрған заманында қаншалық асқақ болғанына қарамастан рух алауының жығылып, суы қайтқан семсердей жасып қалуына көп емес, бір ғасырға таяу мерзім емін-еркін жетеді екен. Ал осы қарқынды іске, соңғы нәтижені жақын етер «ұлы шаруаға» басқыншы халық қана емес, басқыншылыққа ұшыраған жұрттың төл перзенттері білек сыбана кіріссе, мезгілдің одан да аз болуы мүмкін екен. Тіпті, жетпіс жылдық уақыт та тарлық етпестей. Осы бір жан шыдамас аянышты барысты баян еткен аталмыш әңгімені оқып шыққанда осы шындыққа көз жеткізесіз. Яғни, өзіміз аямай үлес қосқан пәрменді жаныштаудың

арқасында біздің елдік рухымыздың өшіп, кеудеміздің босап қалуына бар-жоғы бір адамның өміріндей уақыт кеткен. Рас, бұл арада ескеру керек, және ешқашан ұмытуға болмайды, біздің жалпы отарлану тарихымыз – шамамен, үш ғасыр. Дегенмен ғасыр басынан бұрынғысы басқаша отарлау екен. Яғни, көпке белгілі кәдімгі бодандық. Оған ұшыраған халық жалғыз біз емеспіз. Көп жұрт бастан өткерген. Бірақ олар жерін басып алған басқыншыларға алман-салығын төлеп, елі аман, жұрты тыныш, өз дінінде ғибадатын жасап, өз тілінде сөйлеп, салт-санасын сақтаған қалпында отыра берген. Басында біз де сондай отаршылдықта болыппыз. Алайда кейін жағдай басқа бағытқа бет алған. Сорымыз тіпті қалың болған сияқты, отарлаушымыздың өзі отарланып, аз уақыттың ішінде есіміз екеу, түсіміз төртеу болып, ту-талақайымыз шыққан. Солай болар жөні де бар екен. Тосыннан келген бұл тажал – идеологиялық отарлау деп аталатын, жер жүзінде бұрын-соңды үлгісі болмаған, жаулап алған соң, алманыңды алып, байлығыңды сорып жата бермей, енді санаңа шауып, басыңмен айналысатын отаршылдықтың жаңа түрі екен. Өйткені отарлаушының өз басы да алмасқан бас болыпты. Жығылғанның үстіне жұдырық болып, өткен ғасыр басында жетіп, жетпіс жылдың алдында килікті бізге. Содан бергі уақытта жеткен табысы – орасан. Құрбандығы – тұтас ұлт. Соншама ұзақ уақыт жиналған күш-қайрат, ерік-жігер шақты мерзімнің сұрапыл соққысына шыдас бере алмаған... Біз сөз ете бастаған әңгіме, міне, осы қараңғы заманның қасіретті барысын айтады. Әрине, әңгімеде бастан түсіп алып бір ыңғай сыдырту жоқ. Қайта алдымен кейінгі аянышты салдарды көрсетіп алып, артынан соның тереңде жатқан себебін тексереді. Әрі бұл әдіс бастан кешкен алмағайып заманның ащы

шындығын аямай ақтаруға аса ұтымды қолқабыс еткен.

Әңгіме тәуелсіз қазақ мемлекетінің жүрегі, ел болып ойланар басы, жан-жаққа жарлығы жетер астанасы – Алматы қаласының қақ төріне жегікұрт боп түсіп, орнығып алған жынойнақ – құмархананың (*Казино*) тура алдынан басталады.

Әсем киінген, ұзын шашты, жаңа дәуірдің жаңаша ұрпағы – жас жігіт шығып келе жатады ішкі жақтан. Жетісіп емес, жер тістеп. Әлде ұрлаған, әлде тонаған, қайдан келгенін өзі де білмейтін, бүгінде жалғыз өзіне мұра боп иен қалған онсыз да көп ақшаны одан сайын көбейтпек оймен табалдырық аттаған. Содан соңғы көк тиынына дейін ұтылып, сымпиып шығып келе жатқан беті. Тірліктен үміті жоқ. Жанында жасырған жанқұралы (*наган*) бар. Алақаны соған жабысқан... Өзі кәдімгі қаракөз қазақ баласы...

Тұрқы басқа, тұрпаты бөтен... ұрпақ

Басқа оқырмандар байқамай өтіп кеткен болар... біз өйте алмадық. Тоқта! – дедік тіксініп. – Қазақ баласы болса... өз елінде, бейбіт күнде, қарап жүріп жанынан безетін... бұл қайдан шыққан безбүйрек? – дедік танданып. Тәуелсіздікпен тұспа-тұс келген нарықтық қатынастардың енді түйін тастаған жас бүршігі деп қалуы әбден мүмкін білмеген біреудің. Жоқ, олай емес. Олай болса, базарда жүрмес пе еді саудасын сауып. Мынаның тұрқы басқа, тұрпаты бөтен...

Соңынан білдік. Сөйтсек, бұл – халқымыздың басыбайлы заманында әбден мәңгүрттенген... орыстанған сормандай тобының бүгінгі өсіп шыққан жатбауыр жеткіншектері екен... солардың өкілі. Ал олар үшін дербестік, бостандық бастаған ұлттық құндылықтарыңыздың құны көк тиын. Егер олай болмаса, құлқын қуып,

құмар ойнап, босқа шашылып жүретін мезгіл ме еді ол! Бірақ, айтып не керек, азаттықтың ақ таңы атты дегенмен, дәурен әлі солардікі екен. Қажет қылса – ақшасы, ойнаймын десе – құмарханасы дайын екен.

Кенет қолындағы тапаншаның бірталай бақырға жарайтыны есіне түседі. Кері бұрылып, ойынхана есігіне қайта еніп, қара батырады.

Казино!..

Осы арада тағы бір іркілмей өте алмас едік... тағы бір тіксінбей қала алмаймыз!

КАЗИНО!.. Басқа – басқа, қайдағы бір дулы базар емес, алып мемлекеттің жүрегі, бүкіл елге пәрмен түсіріп, көпке үлгі шашар үкілі орталығы – Елордасының қақ төріне келіп ұя салып алған бұл не қылған жынойнақ, Құдай-ау?! Қалай тайрандап, қайда шығып кеткен найсап! Оны ойнақтатып қойып, ұрпағының болашағына үмітпен көз тігетін ел қайда қарап отыр сонда? Жұртқа пана, елге ес болады дейтін атқамінерлері қайда бұл қауымның? Құмар ойнауды екі дүниенің кешірілмес күнәсі деп уағыздайтын діні, ойнаушыны жұртқа жаман дағды таратады деп елден аластайтын ата салты қайда мұндағылардың? Кесірлі кесапатты төбесіне жіберіп қойып үнсіз қарап отырған қай жұрт болды екен сонда бұл жұрт?

Бұл, әрине, қазақ елі болатын. Баяғыдағы иманын – ырыс, ата жолын – қазына санаған нағыз қазақ жұрты болуы екіталай, бірақ сол елдің орнында қалған жұқанасы, соңында қалған жұғыны екені күмәнсіз. Бүгінгі сиқы – осы. Ал мұндай елдің мынандай ортада ержеткен ұрпағының кім болып өсері екі бастан мәлім емес пе. Олар, міне, әлдеқашан өсіп-жетілген. Өсіп-жетілмесе, жынойнаққа кім келіп кіруі мүмкін бұл маңда? Ешкім бас сұқпаса, ерте-жарықта қарасын өшірмей жынойнақ не іздеп жүр бұл арадан? Демек,

керекті адамы қаулап өсіп, дайын болған. Дайын болған екен, біреулері құмархана босағасына байланып, табалдырығында өлуге міндетті!.. Ақшасынан ғана емес, жанынан да тоналып, дүниеден уаз кешкен бейбақтар да табылған, міне! Олар үшін өлгенде әрең қол жеткізген бостандығыңның, елдігің мен еркіндігіңнің көк тиындық құны жоқ.

Азаттықтың қадірін білу үшін, әуелі құлдықты, құл екеніңді сезіну керек емес пе?! Құлдық қасіретін сезіну еркіндіктің қасиетін білуге апаратын төте жол десек, ол жолдың ойсыздарға жабық екені анық. Құл құл екенін білмей тұрып ешқашан еркіндікке ұмтылмайтыны секілді, олар тәуелсіздіктің іргесін бекітуге еңбек етуден гөрі, көрген өнегесі бойынша, бесіктен белі шықпай жатып жүректерін жайлатып алған көк тиын үшін жандарын қиюға әлдеқайда бейіл. Міне, біздің бүгінгі жеткен жеріміз, қазіргі ел жайы – әңгімедегі, сәл ілгері айтқан, аталмыш салдар жынойнақ жағалаған жас жігіттің жай-күйі арқылы көркем беріледі.

Ал сонда осы салдарға жету үшін, осы хәлге түсу үшін қанша уақыт кетті екен?

Жазушы содан соң барып осы салдар себебін тереңнен толғап саралай бастайды. Елдің осы күйге жетуіне үш буынның өмірі кетіпті. Соны өз кезегімен өрбітіп, әсерлі де шынайы баян етеді.

Бірінші буын, бұл – қызыл идеямен қаруланған жаңа отаршылардың қанды шеңгеліне ә дегенде ілінген алғашқы «олжалар». Бұлар ғасыр басында бас көтеріп, кейін... көп кешікпей қатты жаныштауға ұшыраған Алаш ардақтыларының замандас-жолдастары, теңтұс-құрдастары, ізбасар інілері болатын. Қатарға жаңа тартылған жас шәкірт болуы да ықтимал. Бірақ кейінгі

жолдары басқа болып айырылған. Әлде, о баста-ақ басқаша болды ма екен, кім білсін, әйтеуір соңыра қызыл басқыншылардың айбарынан ығып, қаһарынан қаймықты ма, ырықтарына көніп, жұмыстарына бел шешіп кірісіпті. Әуелі сол кезде өртеніп тұрған басты міндет – ұлт азаттығын мұрат тұтқан, сол жолда жұдырықтай жұмылып жұмысқа кіріскен аздың алдындағы өз ақылмандары – ел ағаларының артынан шам алып түседі. Өткен-кеткен «қылмыстарын» түгендеп, соңынан олардың тұқым-тұқиянымен бірге көздерінің жойылып кетуіне септігін тигізеді. Олардың ел арасындағы ықпалын, жұрт жүрегіне сіңген үлгі-өнегесін, келешекке шашып кеткен үміт өрнегін түп-тамырымен қопарып, түбегейлі құрту үшін ештеңеден тайынбайды. Өз бастарынан кейін, олармен дәмдес-тұздас, сырлас-мұңдас болған қаншама жазықсыз жан жіпке тізілді! Ешқайсысын аяған жоқ. Бұдан басқа да қаншама «даңқты» міндеттер атқарды. Жасанды аштық, бейбіт қудалау дегендей. Жаны үшін, әлде басқа үшін бе екен, арын сатқан қасиетсіздіктері бар, ештеңеден қаймықпады. Қайда бұйырса, сонда шапты. Қайдан салса, содан шықты. Жаңа идеяға берілген имансыздығы сонша, обал-сауапты ойламады. Тексіздіктің тегеурінін танытып-ақ бақты. Ел ішіне үрей кіргізіп, көптің рухын үркітті. Дінінен безіндіріп, тегінен жерітті. Сол арқылы жұрттың жандүниесіне енді қайта құтыла алмас «күдік» дейтін рухани дерттің ұрығын септі. Сөйтіп, рухын жарақаттады. Бұл анағұрлым қауіпті жағдай еді. Ал солардың қолында жан үзген, өздерінің түпкілікті ұстанымдарына сәйкес келмеген жаңа идеяны қабыл көрмей, тірі қалуға мүмкіндіктері болмағанда сатқындық жасауға арлары бармай, таңдауы о дүниеге түскен асыл текті Алаш арыстары

қазақ халқының жаңа отаршылдыққа берген алғашқы құрбандықтары болса, оларды жаныштаған, арларын шыбын жандарына садақа қылған мына сатқындар да – бастапқы құрбандықтар еді. Халықтың жандүниесінен берген тұңғыш құрбандықтар. Себебі арманда кеткен Алаш алыптары, басқа да бас көтерер тұлғалар асқақтап тұрған елдік рухымыздың алтын басының шабылуы болса, оларды қуғындаушы жансыздар – ұлттық рухтың бұтарлануы, жарғышақтануы, қақ айрылуы еді. Ұлт үшін бұл да үлкен зобалаң... жоғалту. Алдыңғысынан да жаман жоғалту болуы мүмкін. Өйткені бұл өзімен өзі кетпей, ішке өтер жұқпалы індетке жол ашар қатерлі кеуек еді. Айтқандай-ақ, олар сатқындықтың басын бастап қана қойған жоқ, соған қоса сатқындықтың кейінгі ұрпаққа тамыр жаюына, көптің жан-рухының сетінеп, заманнан бері міз бақпай келген ішкі бірліктің ыдырауына себеп болған дауасыз індетті таратқан адамдар болды. Сондықтан да оларды алғаш айырылған арыстарымызбен қоса берген құрбандықтар деп атаймыз. Аталмыш әңгімеде бұлардың өкілі – Отарбай Сатылғанов боп көрініс береді. Ашығы – ашық, жасырыны – жасырын атқарған «қызметінің» тізімін көргенде тұла бойың түршігеді. *«Кәмелетке жетер-жетпестен орыс әкімшілігіне тыңшы болған. – Алашорда қайраткерлерінің үстінен жала жинапты. Он сегіз жасында – қызыл белсенді. Жиырма алты жасында – қазақ даласындағы жаппай ашаршылықты ұйымдастырушылардың бірі. Отыз екіден отыз беске дейін – республикалық дәрежедегі жандайшап – ұлттың бетке шығар ұлдарының талайының түбіне жеткен тажал... Иә, одан соң өзі де айдауға түскен. Өте көп білгендіктен, артық куәлардан тазарту науқанында.*

Содан соң... Колыма, Карлаг, Степлаг... Қай жерде қазақ болса, сол жерде тыңшы, арандатушы. Елу бесінші жылы – қырық тоғыз жасында босаған. Шаршамаған, шалдықпаған, қулық сұмдығы қабына түскен, амал, аяласы жетіле түскен, бар қуаты бойында. Жалпы жұрт үшін – Сталиндік қапаста азап шеккен міскін, халық бақыты жолында күрескен, бар ғұмыры елімен біте қайнасқан ардагер. Енді жаңылыс келген қадыр-құрметке бөленіп, Құдайға тәубе айтып, тыныш жатса ғой. Жоқ. Отарлық өкіметтің қазаққа қарсы барлық ісін қолдау... Өткендегі алаш азаматтарын қаралап, олардың есімі мен еңбегін жарыққа жеткізбеу... Кейінгі ұрпақты аздырып-тоздыру... Әрине, еш жерде айқайлап шықпаған, сыннан өткен сенімді кадр ретінде жабық кеңес, жасырын қағаздар арқылы орнына келтіріп жатады».

Ғасыр басындағы қазақтың өзі аз оқығандарынан тірі қалғандарының денін, жасыратыны жоқ, осы Сатылғановтың ниеттес-мұраттастары құрайды. Ал кейінгі, алғашқы қырып-жоюдың, жасырын жусатудың, іштей ірітудің негізінде бас көтерер пендесі қалмай, есі кетіп, рухы қашқан өлмелі халық ақыр аяғында бетқаратпас басқыншылықты «құлдықтан құтқарушы», «езілгенді есіркеуші» деген басқа атымен қабылдап, түбегейлі мойынсұнып, үнсіз берілген тыныш заманда атқа мінген, ел ісіне араласқан адамдардың басым көп сандысы тағы сол Сатылғановтардың ұрпақтары болды. Яғни, солардың әулеті, рухани мұрагерлері. Бұлар – бұзылған тұқым, жарымжан жандар болатын. Көп өтпей біржолата құрдымға кетті. Бірақ, керегі не, заман солардікі еді. Себебі сол кездегі қоғам солардың әкелері орнатқан қоғам, орнықтырған дәурен болатын. Ал бұл ұрпақтың белсенділігі алғашқылардан

бір де кем болған жоқ. Тіпті, асып түсті. Олардың жаңа қожайындарына берілгендері сонша, олардың қызыл дәріптемелерін шын жүректен сүйіп қана қоймай, оның жолына ыстық қандарын, шыбын жандарын құрбан қылуға толық дайын болды. Бұл кез ұлттық рух жалауы біржола құлаған, адамдар санасынан «ұлттық еркіндік», «бостандық», «азаттық» деген ұғымдар түбірімен жойылған, күні қараған иелерінің айтқанына көніп, айдағанына жүретін, өздерінің «құлдықтан азаттыққа шыққан бақытты жандар» екеніне күмәнсіз сенген, яғни, өздерінің «қараңғы» тарихынан, «жабайы» өткенінен, тіпті, өркениеттен тым алыс қалған надан елінен жеріне бастаған мезгіл тұғын. Жиренген нәрсеге қайдағы адалдық, қайдағы жанашырлық, кез келген жерде сатып, атып кете беретін. Қынжылмайтын, қысылмайтын. Оны айтасыз, осы бір сұмырай халықтың өкілі болып жаралғанына жата кеп өкінетін. Оның, етегіне оралғы болмай, жер жүзінен тезірек жойылып кетуіне қандай мүдделі еді десеңші! Сондықтан да аямайтын, іштартпайтын. Себебі сол еңбегінің өтеуіне, сол кезеңде басқасының бәрінен шаң қаптырып озып шыққан, бүкіл халықтың ұмтылыс нысанасына айналып, көкейтесті жалғыз мақсат, жалқы мұрат – мансапқа жетуге болатын. «Жұмысты» қаншалықты көп істесең, соншалықты сенімге ие болып, биіктер едің. Осыған байланысты сол кездің таққұмарлары құлашты армансыз-ақ сілтеді. Бұл буынның өкілі – әңгімедегі Иван. Иван Мокеевич Есенғалиев. Атын орысқа жағыну үшін Сатылғановтың замандасы – әкесі қойған. Ішкі пиғылы ешкім айтпай жер түбінен менмұндалап тұр. Болмаса, ат табылмады дейсің бе, түге. Ал әкесі Мәкейдің атын туған әкесінің жолымен, орысшаға жақындау қылып

Мокейге өзгертіп алған – өзі. Тек ешбір ыңғайға келмейтін атасының ныспысын өзгертпекке амалы болмаған. Одан кеткен олқылықты, бірақ басқамен толтырыпты. Көпке үлгі көрсетіп, көзге түсу үшін, ұлттар достығының нығаюына қосқан зор үлес ретінде ұлы халықтың өкілінен таңдап жүріп жиренінен қатын алған. Сөйтіп, өз үйінде ата дінін құрбандыққа шалған. Дін-мұсылман үшін өліп бара жатқанда ғана бір рет жеуге болатын доңыз еті сүйікті асына айналған. Бұл еңбектері далада қалған жоқ, әрине, ойлаған жерінен шығып, өз деңгейінде өмір сүрді. *«Өмір бойы үлкен қызметтерде жүрген, өмір бойы аярлық, арамдықпен ғана болған. Жоғары жаққа – өтірік, өсек, жалған ақпар, жағыну, жалбарыну. Өзінен төменге – зорлық, қиянат, жала, қылмыс. Жеке бір кісілер – ұлт тұлғасы азаматтар ғана емес, тұтас халық. Туған жұртын сатумен күн кешкен. Мәнсапқа жеткен. Рахат көрген...»* адамды қалай ғана жаман жасады дей аласың... өте жақсы ғұмыр кешкен.

Жүректен қапқан қармақ...

Бір халықты құлдыққа көндіріп, шықылыққа тұрғызу үшін жаңа отарлаушылар не істемеді дейсіз?!. Осы жолда олардың ұзын құрықтары тек саясат сахнасы, әкімшілік саласының «саңлақтарына» ғана созылған жоқ. Сонымен қатар маңызы олардан бір де кем соқпайтын шығармашылық иелерінің де қыл мойындарына сілтенді. Өйткені олардың сөзі жұртқа жұғымды, елге өтімді еді. Қауымның басы, халықтың санасымен көп айналысқан жаңа билеушілер мұны жақсы білді. Әрі сол адамдарды қолға түсіру жолына ештеңесін аяған жоқ. Барын салды. Бұл тарапта көп жұмыс атқарылды. Басында алдап-сулап ішке тартты. Жағдайын жасап, жағына шықты. Қоғамдағы орнын көтеріп, еңбектерін елеген болды. Сөйтіп жүріп оларды өз

жағына шығарып, сөздерін сөйлеуге икемдеді. Шығармашылық адамдарына өз ұрандарын мәңгілік озандатып, таусылмас дастандарын толғату үшін бұл аздық етіп еді. Кешікпей оның да амалы табылды. Шырғалап жүріп қармақ қаптыру керек болды. Қармақты жүректен қапса, арқандалған аттай айналып, алыс кетпес еді. Бұның аты – сыйлық деген сиқыр болатын. Таптырмайтын-ақ тәсіл. Өткен ғасырда, кеңестік Қазақстан деген отар елде, оның Алматы дейтін дәу қаласында осы сыйлық жолында қаншама тер төгіліп, қаншама қажыр-қайрат сарқылмады десеңші! Тіпті, мөлшерлеудің өзі қиын. Сол қызыл отарлаушылардың қиял-идеясын жырлаған еңбектеріне марапатқа ие болғандары өздерін дүниенің төбесіне шыққандай бақытты сезінді, ал оған қолы жетпегендері түпсіз қайғыға батып, дүниеден түңілді. Өздерін керексіз жан сезініп, жан жұбанышын арақтан іздеді... маскүнемдікке салынды. Ал сөз етіп отырған әңгімедегі өз нәжісіне өзі шыланып, «арағым кетіп қалатын болды» деп, құсығын қайта жұтып, көшеде жататын маскүнем ақын – сол кісілердің, кеңес заманындағы керең идеологияның қармағын қауып, халықты ұмытып, өнер сертін бұзып, өмірін зая қылған қуыршақ ақын-жазушылардың өкілі болатын. Сәтті шыққан. «Ұлттық рухтың ұраншысы, елдік намыстың ту ұстары болады» деген ақындардың көбінің сол кезде адасып, арсыз жолға түскені – қызыл заманның қырпулы жаршылары болғаны кімге өтірік! Бұлтартпас шындық болатын. Ал, енді, осы шындықты, кешегі өткен құлдықтағы өмірімізді, онда нені жоғалтып, не тапқанымызды пайымдамай, байыптамай... баяғы азат рухымызды, асыл қасиетімізді қайта таппай тұрып алдағы жолымыздың ашылмайтыны да ақиқат еді. Бұған бүгінгі Алматы өмірі

айғақ болғандай.

Сөз қылып отырған әңгіменің басталар тұсындағы құмархана өзінің құмархана екенін әйгілеумен ғана шектелмейтіні анық. Біле білсек, ол – бұзылған қоғамның бетіне шыққан безеуі. Лықсыған зардабы – астында. Дәлел ретінде бұған заң-зәкүн әлі толық қалыптасып болмаған кезде бостықтан пайдаланып, харамнан мал табудан тайынбайтын іштен шыққан шірік жұмыртқалардың төбе көрсеткенін; әлдеқашан рухани дертке ұшыраған, онымен ғана қоймай, бойындағы қауіпті індетті ары қарай таратуы мүмкін құмарпаздардың қаулап өскенін; әрі өздерінің болашақ ұрпағын үлкен апатқа ұшырататын обаның көзін көре тұра әрекетсіз отырған елдің бейқам самарқаулығын; сондай-ақ қоғамда бас көтерген кесірлі кесапатқа дер кезінде тосқауыл қоймай, алаяқтармен іштей астасып, жынойнаққа көз жұма қарайтын жаны ашымас үкіметтің халық тағдырына, ұлт келешегіне немқұрайлы қарайтын салғырттығын... айтсақ та жеткілікті. Мұның бәрі – көптен бері ел болып көрмеген құлдықтың кесірі. Ұлт өмірін басқа бір қауіпті арнаға бұрып жіберіп, тайып тұрған бодандықтың кесапаты және оның жуық арада жазыла қоймайтын дауасыз зардабы.

Бір ғажабы, тәуелсіздік алғалы он үш жыл өткен осы күндерде де әлгі «сабаздардың» – үш ұрпақ өкілдерінің қайсыбірі ажалы жетіп өле қалса, жаназасына қатынасқан жұрт, анау-мынау емес, көзі қарақты адамдардың өзі оларды жата кеп мақтайды екен. Біз оқыған әңгіме солай дейді. Дүниедегі бар жылтыр сөзді жиып әкеп мадақтайды екен. Сонда... бұл не қылған өтірік, не қылған жалғандық? Қайдан келіп, қайда ірге теуіп алған сайтан?! Дегендеріне сенер болсақ, әлгібір жәдігөй шал – «тәуелсіз заманымыздың

іргетасын қаласқан, көз ашқаннан халқының тәуелсіздігін армандаған асыл ардагер», ал Иван Мокеевич – «егемен еліміздің асқар тұлғасы, қажырлы демократы», ал арақкеш ақын – «тар заманда тоталитарлық жүйеге қарсылық білдіріп, ең соңғы сәтіне дейін елім-м» деп еңіреген ақиық ақын болып шығады. Таңтамаша қаласың. Суайттық кеулеген сүркей қоғамға ақылың жетпейді. Міне, біздің бүгінгі бір ғасырлық құлдықтан кейін тәуелсіз атанған азат заманға «тойы да, жаназасы да жиналысқа айналып» жеткен жұртымыздың сиқы. Оның бас-көзі болар зиялыларының қылып жүрген қылығы. Сөйлеп жүрген сөзі анау – құдай өтірік. Кісі ашынарлық жағдай. Ұлттық дәстүр тойдан, діни жосын жаназадан түк қалмаған... Бәрі көпірген көп сөз. Елдің елдігі – салт-жоралғы табанға тапталып, қарақан бастың мадағы алға озған. Олардың түсінігіндегі тәуелсіздіктің түрі анау – оған кім көрінген, жамандықтың бәрін жасап, кәрі жаны ғана қалған жансыз да, азаттығымыздың тамырына балта шапқан қызыл идеяның құлы да, қызыл заманын жырлаған рухсыз ақын да, қаласа, кез келген кезде келіп үлес қоса алады екен... еңбек ете алмақ. Бәлкім, біз білмей жүрген шығармыз, біздің азаттық алуымызға, тіпті, Ленин, Сталин, Брежневтердің өзі келіп үлес қосып кеткен болар... Әбден мүмкін. Оны айтасыз, осы жұртты бірнеше ғасыр бойы басқаға отар болдың, құлдыққа ұшырадың дегенге сендіруге бола ма осы? Болса, қашан? Бірдеңе деу қиын. Құлдыққа ұшырадық деп ойласа, анандай сөздерді айтар ма еді? Білмеген соң айтады, әлбетте.

Азған қоғам мен адасқан сананың әңгімедегі көрінісі

Міне, білім мен рухтың айқындалар тұсы. Жаңағы таудай сөздерді гәпіріп тұрған жалтыр бастарда білім жоқ

деп кім айта алады? Ешкім де. Ал кеудесінде тарыдай да рух жоқ екенінде күмән болмауға тиіс. Міне, құлдықтың құрдымына құлап, азғындаған елдің сарсаң санасы. Өректіген өтірік, жалаулаған жалғандықтың бәрі осы адасқан санадан басталып жатыр. Өйткені философтар айтқандай, азған қоғамда ақиқатта құн, шындықта шырай болмайды.

Әрине, әзір ешкім өзін азған халықтың адасқан ұрпағымыз деп ойламайды. Мұндағы басты кілтипан пенде баласының өз дәуірінен озып ештеңе ойлай алмайтын әлсіздігінде, өз заманының ой-санасына толық тәуелді – дәрменсіздігінде жатыр. Бұл тек салыстыру арқылы ғана көз жеткізуге, көруге болатын көмескі шындық. Ол үшін, әрине, таным-санамен ғана емес, рух-мінезбен де ертедегі адамдармен ұштасып, қауышып алып, содан соң ғана сол биікте тұрып, өзіміз жасап жатқан қазіргі қимыжық уақытқа көз жүгіртуге тура келеді. Сонда ғана көзіңді көңілің сенбес шындықтарға жеткізіп, танымасыңды тани аласың. Бұған біз сөз етіп отырған әңгіме авторы айқын мысал. Өмір бойы елдік рухтың оянуына ерінбей еңбек еткен рухы биік жазушы бұл жолы да бағдарынан ауытқымай, пәрменді ізденіс жасапты. Оның осы өткен өмірдің өкінішті сілемдеріне байыпты барлау жасап, ащы шындықтар астарын ақтарып, әшкерелей алуының арқасында оқырманға көп жеңілдік туған. Шебер жазылған шымыр әңгімені оқып шыққанда өткен ғасырда нені жоғалтып, неден айырылғанымызға оп-оңай біле аламыз. Жеңіл олжаға жолығамыз.

Осы арада әңгімеде қолданған тәсілдің де анағұрлым ұтымды болғанын айта кеткен жөн. Автор мәлім етер жайлардың бәрін әзәзіл мен әзірейілдің екеуара сұхбаты арқылы өрбітеді. Кейіпкерлердің өткен-кеткендері мен қылмыс-қиянаттарын

соларға ауызша баяндату жолымен ашып отырады. Адам айтса нанғысыз айыпты қылықтар аналар айтқанда бұлтарпас шындыққа айналып жүре береді. Сол негізде неше томға жүк болардай ұзақ барыс айналасы төрт-бес беттің жүзімен толықтай бейнеленген. Қандай жинақылық! Бұл ұтқырлықты жазушының формалық ізденістегі табысы, ойға алған мазмұнын ашық, анық, әдемі жеткізіп беруде жаңа қалыпқа қол жеткізіп, бағы жанған баяндау тәсіліндегі жетістігі деп бағалап, бұның дәл қазіргі кезеңдегі тұтас әдебиетіміз үшін де назар аударарлық олжа екенін толық тұрақтандыруға болады. Жазушы осы тараптағы жетістіктерінің нәтижесінде әліге ешкім бара қоймаған соны тақырыпқа соқпақ салған.

Форманың ұтымдылығы мазмұнды ашудағы басты фактор десек, айтпағымыздың түйіні өздігінен шешіліп, бұл негіздегі ізденіске бей-жай қарауға болмайтыны жеп-жеңіл айқындалады. Демек, жаңа мазмұнның жарыққа шығуы үшін жаңа форма, жаңа әдістер қай кезде де керек болған. Бұл жерде Мұханның бұрынғы қалыптасқан кәнігі тәсілін бұза алған жаңашылдығын да тілге тиек ете кетудің еш артықтығы жоқ.

Иә, отарлауға ұшыраған, онда да Қазан төңкерісінен кейінгі қазақ халқының көп жоғалтуларға толы мехнатты өмірі – әлі із түспеген тақырып. Оның бұлайша тышқан жорғаламай, тың жатуының өзіндік себебі де жоқ емес. Ең басты кедергі санаға дендеп кеткен сұмдық зардаптарда болып отыр. Сол заманның ауасын жұтып, тынысымен тыныстап ержеткен адамдар біздің бүгінгі азат қоғамымызда да басым бөлікті иеленеді. Кейінгі жеткіншек ұрпақ та солардың сүйегіне сіңген умен улануда. Соның салдарынан олар тәуелсіз елдегі азат қоғамның таңы атқалы, міне, он үш жыл өтсе де, (сөз болып

отырған әңгіме 2004 жылы жазылғанын ескертеміз – ред,) оның таза ауасының жұпар иісін еркін сезе алмай жатыр. Түбімізге жеткен қызыл идеяның және сол қоғамды әспеттеген ыңғайсыз ыңғылдың ызғары ел арасын әлі кеулеп жүр. Бұған мысалды көптеп келтіруге болады. Сөз етіп отырған әңгімедегі үш реткі жаназа жайын, сонда айтылған сөз сықпытын айтсақ та жеткілікті. Бұл енді азаттық пен құлдықтың арасы ашылмаған өтпелі қоғам ғой, сондықтан да онда жасап жатқан адамдар талайға дейін бағдарын ажырата алмай, адасуы мүмкін. Қашан санадағы азаттықтың алтын таңы атқанша. Ал енді осыған әдебиет келіп көмектескенде нұр үстіне болар еді. Бұл енді жазушылардың белсенділігіне байланысты шаруа.

Ұлттық рухты шамшырақ еткен жазушы адаспақ емес

Әрине, бұл тақырыпты, яғни, өткен ғасырдағы басқа құрсау, мойынға ажырғы ілінген қор өмірді, оның соңғы мезгіліндегі саяси өзгерістер мен қоғамдық формациялар алмасуы тұсындағы халықтың идеялық қайшылығын, өлгенде әрең қол жеткізген тәуелсіздігінен жерінуін, соңынан барып оны амалсыз шырамытып, жан тарта бастауын, жиып айтқанда, осы бір күрделі кезең шындығын игеру оңай шаруа емес. Оның қиындығы – жазушылардың шеберлігінің жетілмегендігінде ғана емес, сонымен қатар «оған қай тұрғыдан келу керек?» дейтін көзқарас мәселесінде де сақталуда. Сөз жоқ, ол қоғам – біздің бір кезде басып өткен жолымыз. Бұдан бас тарта алмаймыз. Бірақ, ерікті түрде емес, шарасыз халде бастан кешкен кешірмейміз. Халық ретіндегі өсу тарихымыз емес, өшу тарихымыз. Мұнда өлшем бола алар жалғыз ғана шамшырақ бар. Біз ең алдымен осы шамшырақтың шуағына жүрегімізді суғарып, тұрғымызды бекітіп алуымыз

керек. Сонда ғана адастырмас бағдарға ие бола аламыз. Ол шырақ – ұлтты ұлт етіп тұрған, ұлтты қалыптастырған және оны осы күнге жеткізген, сондай-ақ мәңгілікпен жалғап тұрар жалғыз күш – ұлттық рух. Ұлт тарихының ұзына бойындағы барлық кезеңге жан кіргізіп қана қоймай, адастырмас бағдаршы боп келе жатқан жалғыз темірқазық та – сол. Аса ұзақ уақыт болғандықтан, ұлт тарихында қилы-қилы жағдайлардың болуы заңды. Жаулау, жаулану дегендей. Ал сол талқы-тарғалаңдардың бәрінен аман алып шығар жалғыз күш, ол – осы рух. Сондықтан қандай кездерде де, қандай қиын жағдайда да, сол ұлтты құрайтын адамдар қол үзіп қалуға болмайтын, көз жазып қалмауға тиіс жалғыз арқау: ол да – осы ұлттық рух. Мұхтар Мағауин ежелден-ақ сол рухпен жалғаса алған жан. Шамшырағы қолында болған адам ешқашан адаспайды. Қанша күрделі болса да өз заманының ау-жайын анық көре алады. Біздің көп жазушының қолында осы шырақ жоқ. Сол себепті де олар алысты көре алмай, тоқырап отыр. Болмаса, осы күні жазуға тақырып табылмайды дегенге кім сенеді, тәйірі.

Қайталап айтудан жалықпаймыз, дәл осы бір күрделі кезең – ірі жазушыларымыз өмірінің үлкен бөлігі қалған уақыт пен дәл қазір басымыздан өтіп жатқан өліара кезең жайына қалам тарту – өте маңызды. Бұл олардың өз халқының тағдырына деген жауапкершілігін, азаматтық көзқарасын көрсетіп қана қоймайды, соған қоса, бүгінгі елдің өткен кезеңдегі шындығының шырайын танып, қалқада қалған қасиеттердің қадіріне жетуіне қосылған қомақты үлес болады. Біздің халықтың тағдырының күрделілігі, тарихының шытырмандығы, ең әуелі, жазушыларымыздың иығына басқаларға қарағанда әлдеқайда ауыр жүк артады. Жуырда жұпталып, оңайлыққа орын болар

жұмыс емес.

Ал, онда... жоғалған рухты қайта тірілту міндеті ше? Бұл енді бүкіл ел болып кірісер, жұрт болып жұмылар ұлы шаруа. Мәңгіліктің ісі. Дегенмен жұмысты қашанда бұрын оянып, ерте тұрғандар бастайды емес пе? Жүйрік жазушымыз жылдамдық танытып іске кіріскен екен, еңбегіне ілгерілік тілейік.

Сиясы жаңа кепкен қос әңгіменің алдыңғысын (*журналда кейінгі*) шытырман тарихымыздың соңғы ғасырдағы жоғалтулар көп болған шырғалаңды кезеңіне арнап, оның шыңырауда жатқан шындығын аршып, халық рухының қалай жоғалғанын бедерлейтін қайғылы кезеңге барлау жасаған екен, қаламынан туған дүние сол бір қасіретті уақыттың қанды айғағындай аянышты, жан төзбестей күйзелісті шығыпты. Оқып отырып жанымыз түршікті. Барып келгендей баяндап, жүрегінен суырып жазып шыққан автордың қалам тербеп отырғанда аса жайлы күй кешпегені анық. Айтқандай-ақ, солай болыпты. Оған екінші әңгімені оқығанда көзіміз жетті.

Жат дүниені жатсынған көкбөрі

Өз ұлтының ұлыстық рухын жоғалтып, еңсесі езілген бақытсыз заманын қайта бір бастан кешу кімге оңай болған... Автордың жаны әбден қысылыпты. Өзегін өкініш өртеп, жүрегін қайғы тырнапты. Сондай бір қуатты құрсаудың құрсағында қысылып аз тұрған соң, көкірек тұсынан әлдене көмескі зат сыртқа қарай сытыла секіріпті. Алыс кетпей, алдында тұрып алған көкшулан мақұлыққа қараса, әлгі – кәдімгі көкбөрі екен. Көк түріктердің киесі – көкжал. Бұл автордың қыспақта қалғанда қыстығып сыртқа тепкен шамырқаңқы рухы екен. Баяғыдағы ата-бабасының қасиетімен дарып, сүйегіне сіңген жанысірі жан-алауы. Қанша заман өтсе де ұрқының өнбойынан жоғалмапты. Атам

заманнан бері жалғасып, үзілмей келген әулет-зәуәтінің қанымен бірге адаспай-аумай бүгінге жетіпті. Енді, міне, жаны ышқынғанда тіріліп, тысқа ытқыған. Көкке қарап ұлып, өткенін іздеп, баяғысын аңсап, аласұрыпты... Болашағымыздың болжауы. Ұлттық рухымыздың ошағы қайта тұтанып, тағы алаулап жанардай. Бірақ, әзір емес. Оған әлі ерте... Көкбөрі қазіргі тұрағы Алматыны безіне жатырқайды. Ол білетін Алматы бұлай еместей. Басқаша тәрізді екен. Ал мынау басқа – жат дүние... Есті жарықтық дұрыс сезеді. Қазіргі Алматы – ата-бабаларымыздың арманындағы қала емес, рухсыз адамдар мекені. Сол баяғы көк түріктердің бүгінгі ұрпағы болуы мүмкін, бірақ олардың рухынан айырылып, қаусап қалған өлез тұқымдары... Жатырқауық сезімі шыдатпай бара жатқасын, шұғыл шешіммен ертедегі ата мекені, дүниені дүбірлеткен шақта арқа тірек болған ескі жұртын бір көрмекке ниет қылып, жедел аттанып, сапарға шығады. Төрт аяғы жерге тимей, жанығып ұшады. Аңсаған жері – асқақ Алтайдың арғы жағы. Орқаш-орқаш Орхон даласы.

Алтайдан асып, Бес-боғда шыңынан өтеді.

Көкейінде жалғыз ауыз жалынды сөз. Заманында түрік елін дүр көтерген құдіретті ұран – *«Үстіден аспан құлап, астыда жер жарылмаса, саған төнер қауіп жоқ Түрік баласы! Шыққан күннің шапағынан жаралғансың, Күн сөнгенше жасайсың!»*

Кешікпей мезгеулі маңға жетеді. Өз уағында айбынды түрік жұртының астанасы болған Орда-балықтың жермен жексен қиранды орнын көреді. Ал қаланың қақ ортасындағы ұлы қаған ордасы – Көк-сарайдың мұжық тұқылын көзі шалғанда, *«Елі бар халық едім ғой, елім қайда? Қағанды халық едім ғой, қағаным қайда?»* деп жүрегі езіліп, зар

еңіреді. Соңынан есіне Білге қаған, Күлтегін тас ескерткіштері түседі. Ендігі кезекте аласұрып соны іздейді. Көп өтпей табады мәңгі тастарды. Сұры балбалдар суық қарсы алады. Міз бақпай түнереді. Келесі сәтте ойына бүкіл қауым боп тәу ететін киелі төбе – қасиетті ғибадат кешені оралады. Маңайды шола қарап, әудем жерден бүгінде жұқанасы ғана қалған үш қабат қоршаудың дәл ортасынан бағзыдағы Көк тасты табады. Жетіп барып мойынына асылып, құшақтай құлайды. Өйткені ол түрік жұртының жарты әлемді жаулаған тұсындағы айбатты тарихы еді. Алайда ол салқын қабақпен сүлесок қабылдайды. Бір есептен сөйтер жөні де бар еді. Бүгінгі таңда құрт-құмырсқа, бақа-шаянмен алысып кеткен өлез ұрпағына кайбір ежелгі арыстан-баба жылы қабақ таныта қойсын! Ызғарлы кейіптен көкбөрінің меселі қайтады.

...Көкіректен көкжал боп ұшып, қиянға самғап кеткен өр рух сонау бір кезде барып қайта сабасына түсіп, жылы ұясын табады. Кенет есіне келген «Мен» төрт қабырғасы кітаппен сықалған өзінің жазу бөлмесінде отырғанын көреді. Құлазыған көңілмен орнынан сүйретіле көтеріліп, үстеліне қарай беттейді. Әлгінде ғана бастан кешкендерін ала қағазға түсірмек оймен...

Өзі айшықтар мазмұнын айнымай тауып, бағы жанған әдеби тәсіл – сана ағымының қаптал күшін көрсеткен ағысы қандай? Оны өз рухының ырқына бағындырып пайдалана алған жазушы шеберлігі ше?

Көкбөріге еріп мың жылдық уақыттың ар жағында қалған ескі тарихтың сүрлеуіне саяхат жасап қайтқандай боласыз. Алғашқы әңгімені оқып су сепкендей басылған көңіл, енді, ертеде кім болғаныңды қайта есіңе түсіргенде, сергисің, серпілесің! Алда тағы бір өрлеу кезеңі күтіп тұрғандай сезімге кенелесің...

Өмірге қатар келіп, қабат жарық көрген қос әңгіменің соңғысы жазылмай қалса, алдыңғысының ажары ашылмай қалар ма еді, әлде алыңғысы жазылмай қалса, соңғысының шырайы кірмей қалар ма еді? Белгісіз. Ішкі бір үндестікпен бір-біріне сәуле түсіріп, бірін-бірі үнсіз толықтап, жарасып тұрған ширақ шығармаларды сәтімен туған егіздер деп атадық. Өздері өмірге кіндіктесе, жұп болып келіпті. Сонысы қандай жақсы болған. Алда да дүниеге келер егіздердің жолына үмітпен көз тігеміз.

Кеше ғана жат табанында тапталған жасқаншақ жұрттың санасына сіңген құлдық таңбаларын анық сезіп, елдік рухы қайта тұтанып, алаулап жануына әлі талай уақыт бар сияқты. Алдымен орын болар асыл арман – қасиетті ана тіліміз әлі

тұғырына қонған жоқ. Оған кедергі – басқа емес, аталмыш әңгімедегі Сатылғановтар салып кеткен «сара» жолмен жүріп, солар таратқан індетке шалдығып, өмір бойы халқының мүддесін сатып келе жатқан өз қандастарымыз. Олардың тамыры әзір тереңде... тым тереңде. Сондықтан оларға о дүниеде болмаса, бұл жалғанда сот жоқ. Әрі әлі талайға шабар түрлері бар. Олар тұрғанда, сірә, жақын арада еңсеміз көтеріліп, екпініміз де қатая қоймас. Алла артын оңғарсын дейік.

Рас, аталмыш әңгімеде айтылатын қазақтың азғындауына өмір бойы белсене еңбек етіп, тер төгіп келе жатқан әзезілдің енді, әлдебір сыбысты естіп, Ақмола-Қараөткел жаққа кеткенін үкімет пен парламент мүшелеріне айта салу керек еді. Енді ес жимаса, кеш болар...





SERIK NŪĢYMAN
jazuşy

JOĖALĖAN RUHTY JOQTAU SOQYR OİDYŇ KÖZINE SÄULE SEPKEN ÄŇGIMELER

Üş ġasyrġa juyq teperiş körġen, onda da jai ġana bodandyq emes, soňġy 70 jylynda joiqyn ideologialyq özgeriske üşyrap, qūldyq tañbasy etinen ötip, süieġine jetken täleisiz halyqtyñ äldeqalai baġy janyp, azattyq alġan soñ ilgergi basybaily ömirinen jūġysty bop qalġan oi būġauy men tanym qūrsaunyan qūtylyp, ada-küde aryluyna qanşa uaqyt qajet bolar?

Däl basyp jauap беру qiyn sūraq. Şeksiz merzimge sozyluy da, qysqa merzimde oryndaluy da yqtimal jai. Oily janġa oñailyqpen qūiryq ūstatar jūmbaq emes. Basqa emes, keşe ġana sol kepti kigen, añdausyzda qūdyqqa qūlap, qūlaġynda qūrbaqa oinaġan... sol sordan öldim-taldym degende äreñ bosanyp, jaña ġana köz aşqan äñki-täñki eldiñ ūrpaġy bolsam da, būl saualġa jarytyp jauap taba alar emespin. Oġan sebep, alqymdap tūrġan sol kömeski būġalyqqa qarsy pärmendi ärekettiñ ainaladan äli bilinbeitini. Tipti, qarasyn körsetpese de mysymyzdy basyp tūrġan sonдай bir qūbyjyq bary bylaiġy jūrt tügili, zerdeli deitin zialy qauymnyñ özin eleñ etkizbeitindei. Sonşa tereñge tartyp, qara baqaiġa deiin qanyġyp ketken būl ne qylġan päle ekenin, när alyp tūrġan alyp tamyrna äldeqaşan balta şabylsa da, köleñkesin mülde öşirmedi. Öşirdi ne, äldebir teksiz tirekke taramys jalġaġandai, ölmeitinniñ tebinin tanytyp, jany siriliktiñ sesin körsetedi. Sony añdaġan jürekti qaidaġy bır ürei kelip keuleidi.

Al, endi, myzġymas bop ornyqqan osy psihologialyq ahualdy körneu nysana edi desek, ädette qarasy mol körinetin jazarmandar qauymnyñ būl tarapta serpindi äreket etpei otyrġany şetin jai bolsa kerek. Būl, tipti, kisi tañqalarlyq jaġdai. Sebebin tüsinu de qiyn. Älde olar özderiniñ keşegi «baqytty kűnderin» qūldyq qamytyñ kidik deitin ötken uaqyt enşisine ötkizip berudi qalamai ma? Älde sonдай bir qymbaty – ata-q-dañq, bedel-mansap degendei «asyly» qalyp, sol süiiktileri birge ketetin bolġandyqtan qatty qaralauġa qimai ma? Bılmedik. Bälkim, sol zamannyñ şyn kespirin, tüpkı maqsatyn, öz sanasyna boilap siñip ketkendikten de, äli tanyp, aiyra almai, adasyp jürġen şyġar? Belgisiz. Qalai bolġanda da, sol bir zobalañ jyldar turaly

auyz toltырp aitarlyqtai tūşymdy eñbekterdiñ jasalmai jatqany ökinişti-aq.

Endi osy tyñ taqyrypqa Mūhtar aғamyз qalam tartypty. Köpten күткен, отарşyldyqtyñ halyq jadyна siñgen uly zardaptaryn üñgi aqtaryp, jyn-soqtasyn aғyza көrsetip, көptiñ közin talai sūmdyqqa jetkizer, sol arqyly el sanasyn oiatyp, ruhyn көterer örelі eñbekter ömirge keler degen ümitimizdi aqtap, oisyrap tūrған olqylyqtyñ ornyn toltыrypty. Negızinde, ümitti aqtap, bostyqty toltырды deu az, qaita bұл şyғarmalardy tyñға türen salyp, joqty bar qylған, көpke үлgi шаşyp, көktemniñ alғашqy qarlyғашындаi jañaға jarşy болған üzdik дүnieler dep бағалау әлdeqaida оryнды. Aqiqatyнда da solai, biraz күттirip baryp дүniege kelgen jaña tuyndylar мағyna-mazmūnyның tyñdyғында ғана emes, forma-bitiminiñ böлектіgimen de өзgeşe eñbekter. Būndai örnegi ozyq өзgeşe şyғarmalar örelі jazushylardyñ qalamynan ғана tusa kerek-ti. Söz 2004 jyly «Jūldyz» jurnalynyñ 5 sanynda жарialанған Mūhtar Maғauinniñ jaña tuyndylary («Joqtau» және «Äz ...aғañ hām äz ... äzil») haqyнда bolaiyn dep tür.

İä, Mūhtar aғamyз bұған deiin de esimi el auzyna ilingen äidik söz шеberі. Ülttyq söz önerimizdiñ öresiniñ biik, irgesiniñ berik bolуyna qyryq jyldan beri eñbegin arnap kele jatqan kesek tūlға. Ruhy biik, eñsesi asqaq suretker. Qabyrғaly qalamger bұл joly da qarymdylyq көrsetip, samdaғailyq tanytypty. Qatarynan озған şyn жүirik qana osylai şabar edі. Ejelgi ūstanymynan bır tanbai, ūlttyñ jigerin janyp, eñsesin көtersem degen igi nietpen qolyna qalam алған eken, «Mejesine jetpese de, jobasyna juyqtaған» şyғarmasynyñ özi – el igiligi.

Ünemі tilge tiek, аңғımege özek bolatynyna qaramastan, bireu moiyndap, bireu moiyndamaidy, zatyнда daғдарys degen päleniñ әdebietimizdiñ aldyn orap, jolyn köldeneñdep жүргeni barşaға мәлім jai. Betpe bet kelip otyрған närseniñ joq ekeni turaly aityp, dauryqqannan göri, ony erterek moiyndap, qamal aluға qam jasasaq, ūtystyñ öz jaғymyzda qalary dausyz. Al sol ūmtыlystyñ aldyñғы шеbinde senim artqan serkelerimiz ben жүk auyryn көterer narlaryмыз жүрсе, tipti de oñdy, ūpaiymyz tolyq bolmaq. Öitkeni әdebietтеgi alyp tūlғalar ūlttyq әdebiettiñ qalyptasuында ғана emes, qalyptasqan әdebiettiñ дәл бүgingidei қоғамdyq formasialar almasuy түсында бағдарынан jazyp qalған, irkilgen, kibirtiktegen kezeñderinde de zor күşpen qar bұзыp, qasatqa iz saluymen de baғaly. Mūnyñ şyn aty – önege. Bizdiñşe, alda söz bolmaq eñbekteri arqyly Mūhañ bұл talaptan tolyq şyға aldy. Irılık көrsetti.

Joғalmaуға tiisti ruhtyñ joғaluy мүмkin be?

Joғaryda aitqanymызdai, jazushynyñ bұл joly jaryq көрген tuyndylary – аңғimeler eken. Аңғimeler болғанда, көp emes, ekeu-aq. Biraq baiqai alar paiym, түsine alar түsik bolsa, soqyr oidyñ közine säule seuip, salғырттанған sanaға нүр қūiuға qauqarly quatty eñbekter. Aitar sözderi asa ашşy, tym salmaqty.

Ekeui de ruh turaly uytty şyғarma. Aldyñғыsy – ertede, baiағы заманда болған, biraq qazir joq, әldeqашан ғaiyp болған... joғалған ruhty izdeu de, ekinşisi – sol joғалған ruhtyñ sönu, qojyrau barysyn tolғаған bosalqy baian. Oqyp болғанда, bar asylyñnan aiыrylyp, aidaladaғы qu taqyrda jalғyz qalғандаi күi keşesiñ. Kökeiñdi әldebir qaita kelmес asyldyñ örekpıgen ökinişi öртеidi. Kömeiñe kelip öksik kepteledi.

Däl osy аш özekke шоq түsirip, süreñsiz күige kriptar etkendikten bolar, biz sözimizdi, өз yñғaiyna qarai, osy ekinşi аңғimeden bas—tasaq dep otyrмыз. Öz yñғaiy degende, алғаш oqyp şyqqанда аңғimelerdiñ орны almasyp ketkenдеi әсер qaldырған. Oiymыз da sol negizde öristegen edі. Endi бүgin qaғazға түsirерde de sol retti saqtadyq. Demek, söz kezegi әueli joq ruhtyñ joғalu barysy jaily аңғimede.

Al onda sol... joғalmaуға tiisti ruhtyñ joғaluy мүмkin be? Мүмkin bolsa, onyñ joғaluyna

qanşa uaqyt qajet?

Myna ğajapqa qaraңыз... tarihy myñdağan jyldardyñ aldynan bastalatyn estiar halyqtyñ basynan baғы taiyp, qūldyqtyñ qūryğyna ilinse, öziniñ dүrkirep tūrğan zamanyn da qanşalyq asqaq bolğanyna qaramastan ruh alauynyñ jyğylyp, suy qait-qan semserdei jasyр qaluyna көp emes, bir ğasyrға taiau merzim emin-erkin jetedi eken. Al osy qarqyndy iske, soñғы nätijeni jaqyn eter «ūly şaruаға» basqynşy halyq qana emes, basqynşylyqqa ūşyrağan jүrttyñ töl perzentteri bilek sybana kirisse, mezgildiñ odan da az boluy мүmkin eken. Tipti, jetpis jyldyq uaqyt ta tarlyq etpestei. Osy bır jan şydamas aianysty barysty baian etken atalmyş äñgimeni oqyp şyqqanda osy şyndyqqa көz jetkizesiz. İaғni, özimiz aiamai üles qosqan pärmendi janyštaudyñ arqasynda bizdiñ eldik ruhymyzdyñ öşip, keudemizdiñ bosap qaluyna bar-joғы bir adamnyñ ömirindei uaqyt ketken. Ras, bұл arada eskeru kerek, jāne eşqaşan ūmytuға bolmaidy, bizdiñ jalpy otarlanu tarihyмыз – şamamen, ūş ğasyр. Degenmen ğasyр basynan бүrynğysy basqaşa otarlau eken. İaғni, көpke belgili kädimgi bodandyq. Oğan ūşyrağan halyq jalğyz biz emespiz. Көп jүrt bastan ötkergen. Biraq olar jerin basyp alğan basqynşylarға alman-salyğын төлеp, eli aman, jүrti tynyş, өз dininde ğibadatyn jасap, өз tilinde söylep, salt-sanasyн сақтаған қалпында otyра bergen. Basynda biz de sonдай otарşyldyqta болыппыз. Alaida keiin jaғдай basqa baғыtqa bet алған. Soryмыз tipti qalyñ болған siaqty, otarлаушымызdyñ özi otарlanyp, az uaqyttyñ işinde esimiz ekeu, түsimiz törteu болyp, tu-talaqaiымыз şyqqan. Solai bolar jöni de bar eken. Tosynnan kelgen bұл tajal – ideologialyq otarlau dep atalatyn, jer жүzinde бүryn-soñdy үlgisi болмаған, jaulap алған соñ, almanyñdy alyp, bailyğyñdy soryp jata bermei, endi sanaña şauyp, basyñmen ainalysatyn otарşyldyqtyñ jaña түri eken. Öitkeni otarлаушыnyñ өз basy da almasqan bas болыpty. Jyğылğанныñ üstine жүdryq болyp, ötkен ğasyр basynda jetip, jetpis jyldyñ aldynda kilikti bızge. Sodan bergi uaqytta jetken tabysy – orasan. Qұrbandyғы – tūtas ūlt. Sonşama ūзақ uaqyt jinalған күş-qairat, erik-jiger şaqty merzimniñ sūrapyl soqqysyna şydas bere almaған... Biz söz ete bastaған äñgime, mine, osy qaraңғы zamannyñ qasiretti barysyn aitady. Ärine, äñgimede bastan түsip alyp bir yñğai sydyrtu joq. Qaita aldymen keiingi aianysty saldardy көrsetip alyp, artynan sonyñ tereñde jatqan sebebin tekseredi. Äri bұл ädis bastan keşken almağaiyp zamannyñ aşşy şyndyğын aiamai aqtaruға asa ūtymdy qolqabys etken.

Äñgime täuelsiz qazaq memleketiniñ жүregi, el болyp oilanar basy, jan-jaqqa jarlyғы jeter astanasy – Almaty qalasynyñ qaq törine jegiqұrt bop түsip, орнығыp алған jynoinaq – qūmarhananyñ (Kazino) tura aldynan bastalady.

Äsem kiingen, ūzyn şaştı, jaña дәuirdiñ jañaşa ūрpaғы – jas jigit şyğyp kele jatady işki jaqtan. Jetisip emes, jer tistep. Älde ūрлаған, әlde tonaған, qaidan kelgenin özi de bilmeitin, бүginde jalğyz özine мүра bop ien қалған onsyз da көp aқşany odan saiyñ көbeitpek oimen tabaldyryq attaған. Sodan soñғы көк tiynyna deiin ūtylyp, sympiyp şyğyp kele jatqan beti. Tirlikten ümiti joq. Janynda jasyрған janqұraly (nagan) bar. Alaqany soğan jabysqan... Özi kädimgi qaraköz qazaq balasy...

Tүrқы basqa, түrpaty böten... ūрpaq

Basqa oqyrmandar baiqamai ötip ketken bolar... biz öite almadyq. Toqta! – dedik tiksiniп. – Qazaq balasy bolsa... өз elinde, beibit күnde, qarap жүrip janyнан bezetin... bұл qaidan şyqqan bezbüirek? – dedik tañdanyp. Täuelsizdikpen түspa-tүs kelgen naryqtyq qatynastardyñ endi tüiin tastaған jas бүрşigi dep қaluy әbden мүmkin bilmegen bireudiñ. Joq, olai emes. Olai bolsa, bazarda жүrmes pe edi saudасын sauyp. Mynanyñ түrқы basqa, түrpaty böten...

Soñynan bildik. Söitsek, bül – halqymyzdyñ basybaily zamanynda äbden mäñgürttengen... orystanğan sormañdai tobynyñ бүgingi ösip шыqqan jatbauyr jetkinшекteri eken... solardyñ ökili. Al olar үшін derbestik, bostandyq bastağan ұлттық қүндылықтарыñыздыñ қүны көк tiyn. Eger olai bolmasa, құлқын quyp, құмар oйнап, bosqa шашылып жүретін meзgil me edi ol! Biraq, aityp ne kerek, azattyқтыñ aq таñы attы degenmen, дәурен әли solardiki eken. Qajet qylsa – aqşasy, oinaimyn dese – құмарhanasy daiyn eken.

Kenet qolyndaғы tapanşanyñ birtalai baqyrға jaraityny esine түседі. Kerі бүрылып, oıynhana esigine qaita enip, qara batyrady.

Kazino!..

Osy arada тағы bir irkilmei öte almas edik... тағы бір тіксінbei qala almaimyz!

KAZİNO!.. Basqa – basqa, qaidaғы bir duly bazar emes, alyp memlekettiñ жүregi, бүkil elge pärmen түsirip, көpke үлgi шаşar үkili ortalyғы – Elordasynyñ qaq törine kelip ұia salyp алған бұл ne қылған jynoinaq, Qūdai-au?! Qalai tairañdap, qaida шығып ketken naisap! Ony oinaqtatyp qoiyp, ұрпағыnyñ bolaşaғыna үmitpen көз tigetin el qaida qarap otyr sonda? Jүrtqa pana, elge es bolady deitin atqaminerleri qaida бұл qauymnyñ? Qұmar oinaudy eki дүниениñ keşirilmes күnäsi dep uaғыздаityn dini, oinauşyny jүrtqa jaman daғdy taratady dep elden alastaityn ata salty qaida мұндағыlardyñ? Kesirli kesapatty төbesine jiberіп qoiyp үnsiz qarap otyrған qai jүrt boldy eken sonda бұл jүrt?

Bül, әrine, qazaq elі bolatyn. Baiaғыdaғы imanyn – yrys, ata jolyn – qazyna sanaған naғыz qazaq jүrtı boluy ekitalai, biraq sol eldiñ орнында қалған jұqanasy, soñында қалған jүғыny ekeni күmänsiz. Бүgingi siqy – osy. Al мұндаi eldiñ mynandai ortada erjetken ұрпағыnyñ kim bolyp öseri eki bastan мәlim emes pe. Olar, mine, әldeqашan ösip-jetilgen. Ösip-jetilmese, jynoinaqqа kim kelip kirui мүмkin бұл маңда? Eşkim bas сұqpasa, erte-jaryqta qarasyn öşirmei jynoinaq ne izdep жүr бұл aradan? Demek, kerekti adamy qaulap ösip, daiyn болған. Daiyn болған eken, bireuleri құmarhana bosaғасыna bailanyp, tabaldыryғында öлuge mindetti!.. Aqşasynan ғана emes, janyнан da tonalyp, дүниеден uaz keşken beibaqtар da tabылған, mine! Olar үшін ölgende әreñ qol jetkizgen bostandyғыñnyñ, eldigіñ men erkindiğıñniñ көк tiyndyq қүны joq.

Azattyқтыñ qadiriñ bilu үшін, әueli қүлдықты, құл ekeniñdi sezinu kerek emes pe?! Қүлдыq qasiretin sezinu erkindiқтыñ qasietin biluge aparatyn töte jol desek, ol joldyñ oisызdarға jabyq ekeni anyq. Құл құл ekenin bilmei түryp eşqашan erkindikke үmtylmaityny sekildi, olar täuelsizdiktіñ irgesin bekituge eñbek etuden göri, көrgen önegesi boıynша, besikten beli шыqpai jatyp жүректерін jailatyp алған көк tiyn үшін jandaryн qiuға әldeqaida beiil. Mine, bizdiñ бүgingi jetken jerimiz, qazirgi el jaiy – äñgimedegi, сәл ilgeri aitqan, atalмыş saldar jynoinaq jaғалаған jas jigittiñ jai-küi arqyly көркem beriledi.

Al sonda osy saldarға jetu үшін, osy hälge түsu үшін qanша uaqyt ketti eken?

Jazuşy sodan soñ baryp osy saldar sebebin tereñnen tolғаp saralai bastaidy. Eldiñ osy күige jetuіne үş buynnyñ ömiri ketipti. Sony öz kezegimen örbіtip, әсерli de шыnaiy baian etedi.

Biriñsi buyn, бұл – qyzyl ideiamen qarulanған jaña otарşylardyñ qandy шеңgelіne ä degende ilingen алғашқы «oljalar». Бүлар ғасыр basында bas көтеріп, keim... көp keşikpei qatty janyштауға ұшыраған Alaş ardaқтыларыnyñ zamandas-joldastary, teñtüs-qұrdastary, izbasar inileri bolatyn. Qatarға jaña tartылған jas şäkirt boluy da yqtimal. Biraq keiingi joldary basqa bolyp aiыryлған. Älde, o basta-aq basqaşa boldy ma eken, kim bilsin, әiteuir soñyra qyzyl basqынşylardyñ aibaryнан yғыp, qaharyнан qaimyқты ma, yryqtaryна көnip, jümystaryна bel şeşip kirisipti.

Äueli sol kezde örtenip тұрған басты mindet – ұлт азат–тығын мұрат тұтқан, sol jolda жүдырықтай жүмылып жүмысқа кирискен аздың алдындағы өз ақылмандары – el ағаларының артынан шам алып түседі. Өткен-кеткен «қылмystарын» түгендеп, соңынан олардың тұқым-тұқиянымен бірге көздерінің жойылып кетуіне сеітігін тигізеді. Олардың el арасындағы ықпалын, жүрт жүрегіне сіңген үлгі-өнегесін, келешекке шағып кеткен үміт өрнегін түп-тамырымен қопарып, түбегеілі құрту үшін ештеңеден тайынбаиды. Өз бастарынан кейін, олармен дәмдес-түздас, сырлас-мұңдас болған қаншама жазықсыз жан жипке тизілді! Есқайсысын аяған жоқ. Бұдан басқа да қаншама «даңқты» mindetter атқарды. Жасанды астық, кейбіт қудалау дегендеі. Жаны үшін, әлде басқа үшін бе екен, арын сатқан қасиетсіздіктері бар, ештеңеден қаймықпайды. Қайда бұйырса, сонда шарты. Қайдан сальса, содан шықты. Жаңа идеяға берілген имансыздығы сонша, обал-сауапты ойламды. Тексіздіктің тегеурінін танытып-ақ бақты. El ішіне үрей киргизіп, көптің руһын үркітті. Дінінен безіндіріп, тегінен жерітті. Sol арқылы жүрттың жандүнісіне енді қайта құтыла алмас «күдік» деітін руһани дерттің ұрығын сеіті. Сөітіп, руһын жарақаттды. Бұл анағұрлым қауіпті жағдай еді. Al солардың қолында жан үзген, өздерінің түпкілікті ұстанымдарына сәікес келмеген жаңа идеяны қабыл көрмеі, тирі қалуға мүмкіндіктері болмағанда сатқындық жасауға арлары бармай, таңдауы о дүніеге түскен асыл текті Алаш арystары қазақ халқының жаңа отаршылдыққа берген алғашқы құрбандықтары болса, оларды жаныштаған, арларың шыбын жандарына садақа қылған мына сатқындар да – бастапқы құрбандықтар еді. Халықтың жандүнісінен берген тұңғыш құрбандықтар. Себебі арманда кеткен Алаш алыттары, басқа да бас көтеріс тұлғалар асқақтап тұрған елдик руһымыздың алтын басының шабылуы болса, оларды қуғындаушы жаныздар – ұлттық руһтың бұтарлануы, жарғышақтануы, қақ айрылуы еді. Ұлт үшін бұл да үлкен зобалаң... жоғалту. Алдыңғысын да жаман жоғалту болуы мүмкін. Өіткені бұл өзімен өзі кетпей, ішке өтер жүппалы індетке жол ашар қатерлі кеуек еді. Айтқандай-ақ, олар сатқындықтың басын бастап қана қойған жоқ, соған қоса сатқындықтың кейінгі ұрпаққа тамыр жайуына, көптің жан-руһының сеінеп, заманнан бері мұз бақпай келген ішкі бірліктің ыдырауына себеп болған дауасыз індетті таратқан адамдар болды. Сондықтан да оларды алғаш айрылған арystарымызбен қоса берген құрбандықтар деп атаймыз. Аталмыш әңгімеде бұлардың өкілі – Отарбай Сатылғанов боп көрініс береді. Ашығы – ашық, жасырыны – жасырын атқарған «қызыметінің» тізімін көргенде тұла бойың түрсігеді. «Кәмеіетке жетер-жетпестен орыс әкімшілігіне тыңшы болған. – Алашорда қайраткерлерінің үстінен жала жінарты. Он сегіз жасында – қызыл белсенді. Жиырма алты жасында – қазақ даласындағы жәппай ашаршылықты ұйымдастырушылардың бірі. Отыз екіден отыз беске деіін – республикалық дәрежедегі жандайшап – ұлттың бетке шығар ұлдарының талайының түбіне жеткен тәжал... Іә, одан соң өзі де айдәуға түскен. Өте көп білгендіктен, артық куәлардан тазарту науқанында. Содан соң... Колыма, Карлаг, Степлаг... Қай жерде қазақ болса, сол жерде тыңшы, арандатушы. Elу бесінші жылы – қырық тоғыз жасында босаған. Шаршамаған, шалдықпаған, қулық сұмдығы қабына түскен, амал, айласы жетіле түскен, бар қуаты бойында. Жалпы жүрт үшін – Сталіндік қапаста азап шеккен мұскін, халық бақты жолында күрескен, бар гүмыры елімен біте қайнасқан ардәгер. Енді жаңылыс келген қадыр-құрметке бөленіп, Құдайға тәубе айтты, тыныш жатса гөі. Жоқ. Отарлық өкіметтің қазаққа қарсы барлық ісін қолдау... Өткендегі алаш азаматтарын қаралап, олардың есімі мен еңбегін жарыққа жеткізбеу... Кейінгі ұрпақты аздырып-тоздыру... Әріне, еш жерде айқайлап шықпаған, synнан өткен сенімді кәдр ретінде жабьқ кеңес, жасырын қағаздар арқылы орнына келтіріп жатды».

Гасыр басындағы қазақтың өзі аз оқығандарынан тирі қалғандарының денін, жасыратыны жоқ, осы Сатылғановтың ниеттес-мұраттастары құрайды. Al кейінгі, алғашқы қырып-жойудың,

jasyryn jusatudyń, iştei iritudiń negızinde bas köterer pendesi qalmai, esi ketip, ruhy qaşqan ölmeli halyq aqyr aiaǵynda betqaratpas basqynşylyqty «qūldyqtan qūtqaruşy», «ezilgendi esirkeuşi» degen basqa atymen qabyldap, tübegeili moiynsūnyp, ünsiz berilgen tynys zamanda atqa mingen, el isine aralasqan adamdardyń basym köp sandysy taǵy sol Satylǵanovtardyń ūrpaqtary boldy. Iaǵni, solardyń äuleti, ruhani mūragerleri. Būlar – būzylǵan tūqym, jarymjan jandar bolatyn. Köp ötpei birjolata qūrdymǵa ketti. Biraq, keregi ne, zaman solardiki edı. Sebebi sol kezdegi qoǵam solardyń äkeleri ornatqan qoǵam, ornyqtyrǵan дәuren bolatyn. Al bұл ūrpaqtyń belsendiligi alǵaşqylardan bir de kem bolǵan joq. Tipti, asyp tüsti. Olardyń jańa qojaiyndaryna berilgenderi sonşa, olardyń qyzyl дәriptemelerin şyn жүректен сүііп қана қоıмай, onyń jolyna ystyq qandaryn, şybyn jandaryn qūrban qyлуǵa tolyq daiyn boldy. Bұл kez ūlttyq ruh jalaуy birjola qūlaǵan, adamdar sanasynan «ūlttyq erkindik», «bostandyq», «azattyq» degen ūǵymdar түbirimen joiylǵan, күни қараған ieleriniń aitqanyна көніп, аidaǵанына жүретін, өзderiniń «qūldyqtan azattyqqa шыqqan бақытты jandar» еkenine күмәnsiz sengen, iaǵni, өзderiniń «qarańǵy» tarihynan, «jabaiy» ötkeninen, tipti, örkenietten tym alys qalǵan nadan elinen jerine bastaǵan meзgil tūǵyn. Jirengen nәрsege qaidaǵy adaldyq, qaidaǵy janaşырlyq, kez kelgen jerde satyp, atyp kete беретін. Qynjylmaityn, qysylmaityn. Ony aitasyz, osy bir sūmyrai halyqtyń ökili bolyp jaralǵанына jata kep ökinetin. Onyń, etegine oralǵy bolmai, jer жүzinen tezirek joiylыp ketuine qandai мүдделі еdi deseñші! Sondyqtan da aiamaityn, іstartpaıtyn. Sebebi sol еñbeginiń öteuіne, sol kezeñde basqasynyń bәrinen sań qaptyryp ozyp шыqqan, бүkil halyqtyń ūmtylys nysanasyna ainalyp, көкеіtesti jalǵyz maqsat, jalqy mūrāt – mansapqa jetuge bolatyn. «Jūmysty» qanşalyqty көp isteseñ, sonşalyqty senimge ie bolyp, biikter еdiñ. Osyǵan bailanysty sol kezdiń taqqūmarlary qūlaştı armansyz-aq siltedi. Bұл buynnyń ökili – äñgimedegi İvan. İvan Mokeevich Esengaliev. Atyn orysqa jaǵynu üşin Satylǵanovtyń zamandasy – äkesi qoiǵan. Işkı piǵyly eşkim aіtpai jer түbinen menmündalap tūr. Bolmasa, at tabylmady deisiñ be, tüge. Al äkesi Mäkeidiñ atyn tuǵan äkesiniń jolyмен, orыssaǵa jaqyndau qylyp Mokeige öзгertip алған – özi. Tek eşbir yñǵaiǵa kelmeitin atasynyń nyspysyn öзгertpekke amaly bolмаǵан. Odan ketken olqylyqty, biraq basqamen toltыrypty. Köpke ūlgi көrsetip, көзge түsu üşin, ūlttar dostyǵynyń nyǵaiuyna qosqan zor üles retinde ūly halyqtyń ökilinen tañdap жүrip jireninen qatyn алған. Söitip, өз üiinde ата dinin qūrbandyqqa şalǵan. Din-mūsylman üşin ölip bara jatqanda ğana bir ret jeuge bolatyn doңыз eti сүііkti asyna ainalǵan. Bұл еñбекteri dalada qalǵan joq, әrine, oilaǵan jerinen шыǵyp, өз deñgeiinde ömir сүrdi. «Ömir boiy ūlken qyzmetterde жүрген, ömir boiy aiarlyq, aramdyqpen ğana болған. Joǵary jaqqa – ötirik, ösek, jalǵan aqpar, jaǵynu, jalbarynu. Özinen tömenge – zorlyq, qianat, jala, qylmys. Jeke bir kisiler – ūlt tūlǵasy azamattar ğana emes, tūtas halyq. Tuǵan жүrtyn satumen күn keşken. Mänsapqa jetken. Rahat көрген...» adamdy qalai ğana jaman jasady dei alasyñ... öte jaqsy ğūmyr keşken.

Jүректен qapqan qarmaq...

Bir halyqty qūldyqqa көndirip, шыqy-lyqqa түргызу üşin jańa otarlaуşылар ne istemedi deisiz?! Osy jolda olardyń ūzyn qūryqtary tek saiasat sahnasy, äkimşilik salasynyń «sañlaqtaryna» ğana sozylǵan joq. Sonymen qatar mańyzy olardan bir de кем soqpaityn шыǵarmaşыlyq ieleriniń de qyl moiyndaryна siltendi. Öitkeni olardyń sözi жүrtqa жүǵымды, elge ötimdi еdi. Qauymnyń basy, halyqtyń sanasymen көp ainalysqan jańa bileuşiler mūny jaqsy bildi. Äri sol adamdardy qolǵa түsiru jolyna eşteñesin aiaǵan joq. Baryn saldy. Bұл tarapta көp jūmys atqaryldy. Basynda aldap-sulap işke tartty. Jaǵdaiyn jasap, jaǵyna шыqty.

Qoғamdaғы ornyn köterip, eñbekterin elegen boldy. Söitip жүrip olardy öz jaғyna шығарyp, sözderin söyleuge ikemdedi. Шығармашылық адамдарына өз ұрандарын мәңгілік озандатып, таусылмас дастандарын толғату үшін бұл аздық етіп еді. Кеşікпей оның да амалы табылды. Шырғалап жүrip қармақ қаптыру керек boldy. Қармақты жүректен қапса, арқандалған аттай айналып, алыс кетпес еді. Бұның аты – сылық деген сиыр болатын. Тартырмайтын-ақ тәсіл. Öткен ғасырда, кеңестік Қазақстан деген отар елде, оның Алматы деітін дәу қаласында осы сылық жолында қаншама тер төгіліп, қаншама қайыр-қайрат сарқылмады десеңші! Тіпті, мөлшерлеудің өзі қиын. Сол қызыл отарлаушылардың қиял-идеясын жырлаған еңбектеріне марapatқа ие болғандары өздерін дүниенің төбесіне шыққандай бақытты сезінді, ал оған қолы жетпегендері түпсіз қайғыға батып, дүниеден түнілді. Öздерін керексіз жан сезініп, жан жұбанысын арақтан іздеді... maskünemдікке салынды. Ал сөз етіп отырған аңғимедегі өз нәісіне өзі шьланyp, «арағым кетіп қалатын boldy» деп, құсығын қайта жұтып, көшеде жататын maskünem ақын – сол кісілердің, кеңес заманындағы керең идеологияның қармағын қауып, халықты ұмытып, өнер сертін бүзіп, өмірін заіа қылған қуыршақ ақын-жазушылардың өкілі болатын. Сәтті шыққан. «Ұлттық рухың ұраншысы, елдiк намыстың ту ұстарты болды» деген ақындардың көбінің сол кезде аласып, арыс жолға түскені – қызыл заманның қырпылы жарсылары болғаны кимге өтірік! Бұлтартпас шындық болатын. Ал, енді, осы шындықты, кешегі өткен құлдықтағы өмірімізді, онда немі жоғалтып, не тапқанымызды пайымдамай, байыптамай... байағы азат рухымызды, асыл қасиетімізді қайта таппай тұрып алдағы жолымыздың ашылмаітyny да ақиқат еді. Бүған бүгінгі Алматы өмірі айғақ болғандай.

Сөз қылып отырған аңғименің басталар түсындағы құмархана өзінің құмархана екенін айғилеумен ғана шектелмеітін anyқ. Біле бісек, ол – бүзілген қоғамның бетіне шыққан беzeуі. Лықсыған зардабы – астында. Дәлел ретінде бүған заң-зәкүн әлі толық қалыптасып болмаған кезде бостықтан пайдаланып, haramнан мал табудан тайынбайтын іштен шыққан шірік жұмыртқалардың төбе көрсеткенін; әлдеқашан рухани дертке ұшыраған, онымен ғана қоімай, бойындағы қауіпті індетті ары қарай таратуды мүмкін құмарпаздардың қалап өскенін; әрі өздерінің болашақ ұрпағын үлкен апатқа ұшырататын обаның көзін көре тұра әрекетсіз отырған елдің беіқам самарқаулығын; сондай-ақ қоғамда бас көтерген кесірлі кесепатқа дер кезінде тосқауыл қоімай, алаіақтартып іштей аласып, жынoінаққа көз жұма қарайтын жаны ашымас үкіметтің халық тағдырына, ұлт келеşегіне немқұрайлы қарайтын салғырт-тығын... айтсақ та жеткілікті. Мұның бәрі – көптен бері ел болып көрмеген құлдықтың кесірі. Ұлт өмірін басқа бір қауіпті арнаға бүрып жіберіп, тайып тұрған бодандықтың кесепаты және оның жуық арада жазыла қоімайтын дауасыз зардабы.

Бір ғажабы, тәуелсіздік алғалы он үш жыл өткен осы күндерде де әлгі «сабаздардың» – ұш ұрпақ өкілдерінің қайсыбірі ажалы жетіп өле қалса, жаназасына қатынасқан жұрт, анау-мынау емес, көзі қарақты адамдардың өзі оларды жата кеп мақтаиды екен. Біз оқыған аңғиме солал деіді. Дүниедегі бар жылтыр сөзді жіпп әкеп мадақтаиды екен. Сонда... бұл не қылған өтірік, не қылған жалғандық? Qaidan келіп, қайда ірге теуіп алған сайтан?! Degenderіне сене болсақ, әлгібір жәдігөі шал – «тәуелсіз заманымыздың іретасын қаласқан, көз ашқаннан халқының тәуелсіздігін армандаған асыл ардaгер», ал Іван Мокеевич – «егемен еліміздің асқар тұлғасы, қайырлы демократы», ал арақкеш ақын – «тар заманда тоталитарлық жүіеге қарсылық білдіріп, ең соңғы сәтіне деіін елім-м» деп еңіреген ақиық ақын болып шығады. Таң-тараша қаласың. Суайтық кеулеген сүркеі қоғамға ақылың жетпейді. Міне, біздің бүгінгі бір ғасырлық құлдықтан кейін тәуелсіз атанған азат заманға «тоіы да, жаназасы да жиналысқа айналып» жеткен жұрттымыздың

siqy. Onyñ bas-közi bolar zialylarynyñ qylyp жүрген qylyғы. Söilep жүрген sözi anau – qūidai ötirik. Kisi aşynarlyq jaғдай. Ūlttyq дәstür toidan, dini josyn janazadan tük qalmaған... Bәri köpirgen көp söz. Eldiñ eldigi – salt-joralғы tabaңa taptalyp, qaraqan bastyñ madaғы alға ozған. Olardyñ tüsinigindegi täuelsizdiktіñ түri anau – oған kim köringen, jamandyqtyñ bәrin jasap, käri jany ғana qalған jansyz da, azattyğymyzdyñ tamyrına balta şapqan qyzyl ideianyñ qūly da, qyzyl zamanyn jyrlaған ruhsyz aqyn da, qalasa, kez kelgen kezde kelip üles qosa alady eken... eñbek ete almaq. Bәlkim, biz bilmei жүрген şyğarmyz, bizdiñ azattyq aluymyzға, tipti, Lenin, Stalin, Brejnevterdiñ özi kelip üles qosyp ketken bolar... Äbden mümkin. Ony aitasyz, osy jūrty birneşe ғasyr boiy basqaға otar boldyñ, qūldyqqa ūşyradyñ degenge sendiruge bola ma osy? Bolsa, qaşan? Birdeñe deu qiyn. Qūldyqqa ūşyradyq dep oilasa, anandai sözderdi aitar ma edi? Bilmegen soñ aitady, әlbette.

Azған qoғam men adasqan sananyñ äñgımedegi körınısı

Mine, bilim men ruhtyñ aiqyndalar tüsy. Jañaғы taudai sözderdi gәpirip тұрған jaltыр bastarda bilim joq dep kim aita alady? Eşkim de. Al keudesinde tarydai da ruh joq ekeninde kümән bolmaуға tiis. Mine, qūldyqtyñ qūrdymyna qūlap, azғыndaған eldiñ sarsañ sanasy. Örekpigen ötirik, jalaulaған jalғandyqtyñ bәri osy adasqan sanadan bastalyp jatyr. Öitkeni filosoftar aitqandai, azған qoғamda aqiqatta qūn, şyndyqta şyrai bolmaidy.

Ärine, äzir eşkim özin azған halyqtyñ adasqan ūrpağymyz dep oilamaidy. Mūndaғы basty kiltipan pende balasynyñ öz дәuirinen ozyp eşteñe oilai almaityn әlsizdiginde, өз zamanynyñ oi-sanasyна тоlyq täueldi – därmensizdiginde jatyr. Bұл tek salystyru arqyly ғana көz jetkizuge, köruge bolatyn көмесki şyndyq. Ol ūşin, әrine, tanym-sanamen ғana emes, ruh-minezben de ertedegi adamdarmen ūştasyp, qauyşyp alyp, sodan soñ ғana sol biikte тұрып, özimіз jasap jatqan qazirgı qimyjyq uaqytqa көz жүгirtuge tura keledi. Sonda ғana көziñdi көñiliñ senbes şyndyqtarға jetkizip, tanymasyñdy tanı alasyñ. Būған bız söz etip otyрған әñgime avtory aiqyn mysal. Ömir boiy eldik ruhtyñ oianuyna erinbei eñbek etken ruhy biik jazuşy bұл joly da baғdarınan auytqymai, pärmendi izdenis jasapty. Onyñ osy ötkен ömirdiñ ökinişti silemderine baipty barlau jasap, aşşy şyndyqtar astaryn aqtaryp, әşkerelei aluynyñ arqasynda oqyrmanға көp jeñildik tuған. Şeber jazylған şymyr әñgimeni oqyp şyqqanda ötkен ғasyrda neni joғaltyp, neden aiyrılғанymызға op-oñai bile alamyз. Jeñil oljaға jolyғamyз.

Osy arada әñgimede qoldanған täsildiñ de anağұrlым ūtymdy bolғанyn aita ketken jön. Avtor мәlim eter jailardyñ bәrin әzәzil мен әzireiildiñ ekeuara sūhbaty arqyly örbitedi. Keiipkerlerdiñ ötkен-ketkenderi мен qylmys-qianattaryn solarға auyzşa baiandatu jolyмен aşyp otyrady. Adam aitsa nanğysyz aipty qylyqtar analar aitqanda bұltarpas şyndyqqa ainalyp жүre beredi. Sol negizde neşe tomға жүк bolardai ūзақ barys ainalasy төрт-bes bettiñ жүzimen tolyqtai beinelengen. Qandai jinaqylyq! Bұл ūtqyrlyqty jazuşynyñ formalyq izdenistegi tabysy, oiға алған mazmūnyn aşyq, anyq, әдеми jetkizip berude jaña qalypqa qol jetkizip, baғы janған baiandau täsilindegi jetistigi dep baғalap, būnyñ дәл qazirgi kezeñдеgi тұtas әdebietimiz ūşin de nazar audararlyq olja ekenin tolyq тұraqtandyruға bolady. Jazuşy osy taraptaғы jetistikteriniñ nәtijesinde әlige eşkim bara qoımaған sony taqyrypqa soqpaq salған.

Formanyñ ūtymdylyғы mazmūndy aşudaғы basty faktor desek, aйтпағымызdyñ tüiini özdiginen şeşilip, bұл negızдеgi izdeniske bei-jai qarauға bolmaityny jep-jeñil aiqyndalady. Demek, jaña mazmūnnyñ jaryqqa şyғuy ūşin jaña forma, jaña әdister qai kezde de kerek болған. Bұл jerde Mūhañnyñ būrynғы qalyptasqan kәnigi täsilin būza алған jañaşyldyğyn da tilge tiek ete ketudiñ eş artyqtyғы joq.

Іә, отарлауға ұшыраған, онда да Qazan төңкерісінен кейінгі қазақ халқының көп жоғалтуларға толы меһнатты өмірі – әлі із түспеген тақырып. Оның бұлайша тышқан жорғаламай, тың жатуының өзіндік себебі де жоқ емес. Ең басты кедергі санаға дендеп кеткен сұмдық зардаптарда болып отыр. Сол заманның ауасын жүттеп, тынсымен тынстап ержеткен адамдар біздің бүгінгі азат қоғамымызда да басым бөлікті иеленеді. Кейінгі жеткіншек ұрпақ та солардың сүйегіне сіңген үмен ұлануда. Соның салдарынан олар тәуелсіз елдегі азат қоғамның таңы атқалы, міне, он үш жыл өтсе де, (сөз болып отырған аңғиме 2004 жылы жазылғанын ескертеміз – ред,) оның таза ауасының жұпар иісін еркін сеізе алмай жатыр. Түбімізге жеткен қызыл идеяның және сол қоғамды әспеттеген ыңғайсыз ыңғылдың ызғары ел арасын әлі кеулеп жүр. Бүгінгі мұсылды көптеп келтіруге болды. Сөз етіп отырған аңғимедегі үш реткі жаназайы, сонда айтылған сөз сықыртып айтсақ та жеткілікті. Бұл енді азаттық пен құлдықтың арасы ашылмаған өтпелі қоғам ғой, сондықтан да онда жасап жатқан адамдар талайға дейін бағдарын айырата алмай, аңауы мүмкін. Қашан санадағы азаттықтың алтын таңы атқанша. Ал енді осыған әдебиет келіп көмектескенде нұр үстіне бөлар еді. Бұл енді жазушылардың белсенділігіне байланысты шаруа.

Ұлттық рухты шамшырақ еткен жазушы аңапақ емес

Әрине, бұл тақырыпты, іағни, өткен ғасырдағы басқа құрсану, мойынға айыргы илінген қор өмірді, оның соңғы меңгіліндегі саиаси өзгерістер мен қоғамдық формасиалар алмасуы түсындағы халықтың идеялық қайшылығын, өлгенде әрең қол жеткізген тәуелсіздігінен жерінуін, соңынан барып оны амалсыз шырамытып, жан тарта бастауын, жиіп айтқанда, осы бір күрделі кеіең шыңдығын ігеру оңай шаруа емес. Оның қиындығы – жазушылардың шеберлігінің жетілмегендігінде ғана емес, сонымен қатар «оған қай тұрғыдан келу керек?» деітін көзқарас мәселесінде де сақталуда. Сөз жоқ, ол қоғам – біздің бір кеізде басып өткен жолымыз. Бұдан бас тарта алмаймыз. Бірақ, ерікті түрде емес, шарасыз халде бастан кеішкен кеішірмеіміз. Халық ретіндегі өсу тарихымыз емес, өсу тарихымыз. Мұнда өлшем бөлар алар жалғыз ғана шамшырақ бар. Біз ең алдымен осы шамшырақтың шұағына жүрегімізді суғарып, тұрғымызды бекітіп алуымыз керек. Сонда ғана адастырмас бағдарға іе бөлар аламыз. Ол шырақ – ұлтты ұлт етіп тұрған, ұлтты қалыптастырған және оны осы күнге жеткізген, сондай-ақ мәңгілікпен жалғап тұрар жалғыз күш – ұлттық рух. Ұлт тарихының ұзына бойындағы барлық кеіеңге жан кіргізіп қана қоимай, адастырмас бағдаршы боп кеіе жатқан жалғыз темірқазық та – сол. Аса ұзақ уақыт болғандықтан, ұлт тарихында қилы-қилы жағдайлардың бөлуы заңды. Жәулау, жәулану дегендеі. Ал сол талқы-тарғалаңдардың бәрінен аман алып шығар жалғыз күш, ол – осы рух. Сондықтан қандай кеізде де, қандай қиын жағдайда да, сол ұлтты құрайтын адамдар қол үзіп қалуға болмайтын, көз жазып қалмауға тиіс жалғыз арқау: ол да – осы ұлттық рух. Мұхтар Мағәуін ежелден-ақ сол рухпен жалғаса алған жан. Шамшырағы қолында болған адам ешқашан адаспайды. Қанша күрделі болса да өз заманының ау-жайын анық көре алды. Біздің көп жазушының қолында осы шырақ жоқ. Сол себепті де олар алысты көре алмай, тоқырап отыр. Болмаса, осы күні жазуға тақырып табылмаиды дегенге кім сенеді, тәіірі.

Қайталап айтудан жалықпаімыз, дәл осы бір күрделі кеіең – ірі жазушыларымыз өмірінің үлкен бөлігі қалған уақыт пен дәл қазір басымыздан өтіп жатқан өліара кеіең жайна қалам тарту – өте маңызды. Бұл олардың өз халқының тағдырына деіе жауапкершілігін, азаматтық көзқарасын көрсетіп қана қоимайды, соған қоса, бүгінгі елдің өткен кеіеңдегі шыңдығының шырайын танып, қалқанда қалған қасиеттердің қадіріне жетуіне қосылған қомақты үлес бөлады. Біздің халықтың тағдырының күрделілігі, тарихының шытырмандығы, ең әуелі, жазушыларымыздың ійгіне басқаларға қарағанда әлдеқайда ауыр жүк артды. Жүйрда жұпталып, оңайлыққа орын бөлар

jūmys emes.

Al, onda... joғalğan ruhty qaita tiriltu mindeti ше? Būl endi бүkil el bolyp kiriser, jūrt bolyp jūmylar ūly шарua. Māñgiliktiñ isi. Degenmen jūmysty qaşanda būryn oianyp, erte tūrғandar bastaidy emes pe? Jūirik jazuşymyz jyldamdyq tanytyp iske kiriskeñ eken, eñbegine ilgerilik tileik.

Siasy jaña keпken qos āñgimeniñ aldyñğysyn (jurnalda keiingı) шыtyрман tarihymyzdyñ soñğy ғasyrдағы joғaltular көp bolğan шығалаңdy kezeñine arnap, onyñ шыñyrauda jatқан шындығын arшып, halyq ruhynyñ qalai joғalğanyn bederleitın qaiğyly kezeñge barlau jasağan eken, qalamynan tuğan dūnie sol bir qasiretti uaqyttyñ qandy aiğaғындаi aianyşty, jan tözbestei küizelisti шығыpty. Oqyp otyryp janymyz түршіkti. Baryp kelgendei baiandap, жүреginen suyryp jazyp шыqqan avtordyñ qalam terbep otyрғанда asa jaily küi keşpegeni anyq. Aitqandai-aq, solai bolypty. Oğan ekinşi āñgimeni oqyғанда köзіміз jetti.

Jat dūniemı jatsynған kökböri

Öz ūltynyñ ūlystyq ruhyn joғaltyp, eñsesi ezilgen baqytsyz zamanyn qaita bır bastan keşu kimgе oñai bolған... Avtordyñ jany ābden qysylypty. Özegin ökiniş öртеp, жүреgin qaiğy tyrnapy. Sondai bir quatty qұrsaudyñ qұrsaғында qysylyp az tūrған soñ, kökirek tūsynan āldene kömeski zat syrtqa qarai sytyla sekiripti. Alys ketpei, aldynda tūryp alған kökşulan maqūlyqqa qarasa, ālgı – kādimgi kökböri eken. Kök түrikterdiñ kiesi – kökjal. Būl avtordyñ qyspaqta qalғанда qystyғыp syrtqa tepken şamyрқаңqy ruhy eken. Baiaғыдағы ата-babasynyñ qasietimen daryp, süieгine siңgen janysiri jan-alauy. Qaңsa zaman ötse de ūrqynyñ önboiynan joғalmapy. Atam zamannan beri jalғasyp, ūzilmei kelgen әulet-zäuzätiniñ qanymen birge adaspai-aumai бүginge jetypti. Endi, mine, jany yşqynғанда tirilip, tysqa ytqyған. Kökke qarap ūlyp, ötkenin izdep, baiağysyn aңsap, alasūrypty... Bolaşaғыmyzdyñ boljaуy. Ūlttyq ruhymyzdyñ oşaғы qaita tūtanyp, тағы alaуlap janardai. Biraq, āzir emes. Oğan āli erte... Kökböri qazirgi tūraғы Almatyny bezime jatyrqaidy. Ol biletin Almaty būlai emestei. Basqaşa tärizdi eken. Al mynau basqa – jat dūnie... Esti jaryqtyq dūrys sezedi. Qazirgi Almaty – ата-babalarymyzdyñ armanynдағы qala emes, ruhsyz adamdar mekeni. Sol baiaғы kök түrikterdiñ бүgingi ūрpaғы boluy мүmkın, бiraq olardyñ ruhynan айрылып, qausap qalған ölez tūqymdary... Jatyrqauyq сезimi шыдатpai bara jatqasyn, шығыл шеşimмен ertedeги ата mekeni, dūniemı dūbirletken шақта arqa tirek bolған eski jūrtyn бір көrmekke niet qylyp, jedel attanyp, sapарға шығady. Tört aiaғы jerge timei, janyғыp ūşady. Aңsaған jeri – asqaq Altaidyñ arғы jaғы. Orqaş-orqaş Orhon dalasy.

Altaidan asyp, Bes-boğda шыñynan ötedi.

Kökeiinde jalғyz auyz jalyndy söz. Zamanynда түrik elin dūr kötergen qūdiretti ūran – «Üstiden aspan qūlap, astyda jer jarylmasa, sağan төner qauip joq Tүrik balasy! Шыqqan künniñ шаpaғынан жаралғаныñ, Kүн söngenşe jasaisyñ!»

Keşikpei mezgeuli mañға jetedi. Öz uағында айbyнды түrik jūrtynyñ astanasy bolған Orda-balyqtyñ jermen jeksen qirandy ornyn köredi. Al qalanyñ qaq ortasyндағы ūly qağan ordasy – Kök-saraidyñ мүjyq tūqylyn közi şалғанда, «Eli bar halyq edim ғoi, elim qaida? Qaғandy halyq edim ғoi, qaғанym qaida?» dep жүреgi ezilip, zar eñireidi. Soñynan esine Bilge qağan, Kültegin tas eskertkişteri түседi. Endigi kezekte alasūryp sony izdeidi. Köp ötpei tabady mañgi tastardy. Sūry balbaldar suyq qarsy alady. Miz baqpai түneredi. Kelesi sätte oiyna бүkil qauym bop täu etetin kieli töbe – qasietti ғibadat keşeni oralady. Mañaidy şola qarap, әudem jerden бүginge jūqanasy ғана qalған ūş qabat qorşaudyñ дәл ortasynan

bağzydağy Kök tasty tabady. Jetip baryp moiynyna asylyp, qūshaqtai qūlaidy. Öitkeni ol türik jūrtynyñ jarty älemdi jaulağan tūsyndağy aibatty tarihy edi. Alaida ol salqyn qabaqpen sülesoq qabyldaidy. Bir esep ten söiter jöni de bar edi. Bügingi tañda qūrt-qūmyrsqa, baqa-şaianmen alysy ketken ölez ūrpağyna kaibir ejelgi arystan-baba jyly qabaq tanyta qoisyn! Yzğarly keiipten kökböriniñ meseli qaitady.

...Kökirekten kökjal bop ūşyp, qianğa samğap ketken ör ruh sonau bir kezde baryp qaita sabasyna tüsip, jyly ūiasyn tabady. Kenet esine kelgen «Men» tört qabyrğasy kitappen syqalğan öziniñ jazu bölmesinde otyrğanyn köredi. Qūlasyğan köñilmen ornynan süiretile köterilip, üsteline qarai betteidi. Älginde ğana bastan keşkenderin ala qağazğa түsirmek oimen...

Özi aişyqtar mazmūnyn ainymai tauyp, bağy janğan ädebi täsil – sana aғymynyñ qaptal küşin körsetken aғysy qandai? Ony öz ruhynyñ yryqyna baғyndyryp paidalana alğan jazuşy şeberligi şe?

Kökbörige erip myñ jyldyq uaqyttyñ ar jağynda qalğan eski tarihtyñ sürleuine saiahat jasadyp qaitqandai bolasyz. Alğashqy äñgimeni oqyp su sepkendei basylğan köñil, endi, ertede kim bolğanyñdy qaita esine түsirgende, sergisin, serpilesin! Alda tağy bir örleu kezeñi kütip тұrғандай сезимге кенеlesiñ...

Ömirge qatar kelip, qabat jaryq körgen qos äñgimeniñ soñğysy jazylmai qalsa, aldyñğysynyñ ajary aşylmai qalar ma edi, әlde alyñğysy jazylmai qalsa, soñğysynyñ şyraiy kırmei qalar ma edi? Belgisiz. Işki bır ündestikpen bir-birine säule түsirip, birin-biri ünsiz tolyqtap, jarasyp тұрған şıraq şyғarmalardy sätimen tuğan egizder dep atadyq. Özderi ömirge kindiktесе, jüp болып келіpti. Sonysy qandai jaqsy болған. Alda da дүниеге келер egizderdiñ jolyna ümitpen көз tigemiz.

Keşe ğana jat tabanynda taptalğan jasqanşaq jūrtyñ sanasyna siñgen qūldyq tañbalaryn anyq sezip, eldik ruhy qaita tūtanyp, alaulap januyına әli talai uaqt bar siaqty. Aldymen oryn bolar asyl arman – qasietti ana tilimiz әli tūğyryna qonған joq. Oğan kedergi – basqa emes, atalmyş äñgimedegi Satylғанovtar salyp ketken «sara» jolmen жүrip, solar taratqan indetke şaldyğyp, ömir boiy halqynyñ müddesin satyp kele jatqan өз qandastarymyz. Olardyñ tamyry әzir tereñde... tym tereñde. Sondyqtan olarğa o дүниеде болмаса, бұл жалғанда sot joq. Äri әli talaiğa şabar түрleri бар. Олар тұрғанда, sirä, jaqyn arada еңsemiz көтеріlip, екpinimiz de qataia qoimas. Alla artyn oñğarsyn deiik.

Ras, atalmyş äñgimede aitylatyn qazaqtyñ azğyndaуyna ömir boiy belsene еңбек etip, ter төгіп kele jatqan әзезildiñ endi, әлdebir sybysty estip, Aqmola-Qaraөtkel jaqqa ketkenin үкімет pen parlament мүшелерине aita salu kerek edi. Endi es jimasa, keş bolar...



МҰХТАР МАҒАУИННІҢ «МЕНІ» ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ...



Суреттер Н.Маханның мұрағатынан және adebiportal.kz сайтынан алынды.

Жиырма бес томдық толық академиялық шығармалар жинағы жарық көрген қазақтың көрнекті жазушысы Мұхтар Мағауин шығармалары ішінде ең көп сыналған туындылары – «Көк мұнар» және «Мен».

Өткенде жазған «М. Мағауиннің «Көк мұнары» хақында» атты зерттеу еңбегімізде: «Ол кезде мектеп оқушысымыз. Әдеби сыннан қалыс кезіміз», – деп жазған болатынбыз. Сондықтан да «Көк мұнардың» қалай сыналғанын білмеймін. Ал, «Менді» кімнің қалай сынағаны есімде жақсы сақталып қалыпты.

Жазушының ұлы Едіге Мағауиннің жазбаша куәлік етуі бойынша, Мұхтар Мағауиннің бес бөліктен тұратын ғұмырбаяндық «Мен» атты хамса роман-эссесінің «Шытырман» атты бірінші кітабы алғаш рет 1997 жылы «Жұлдыз» журналының №5,6 сандарына басылып шығады да, екінші кітап – «Қия жолдар» 1998 жылы «Жұлдыз» журналының №8,9 сандарында жарияланады. (М.Мағауин. Шығармалар жинағы, 6-том, 605-606 бет. Алматы, «Қағанат» 2002)

Атап өтер мәселе: Ә, дегенде «Жұлдызда» басылған «Меннің» журналдық нұсқасын жалпы оқырман қауымы жылы қабылдады. Тіптен: «Шығармада тарих үшін, әсіресе «Қазақ әдебиеті тарихы» үшін аса қажет дүниелер бар екен», – деп, жоғары баға берген әдебиетші ағаларымыз да болды. Осыдан көп уақыт өтпей, іле-шала 2002 жылдары екі Мұхтар – Мағауин және Шаханов арасындағы «Шыңғыс хан дауы» басталды да кетті. Ақиқатқа тура қарап, анығын айтар болсақ, ұлттық тарихымыздың «ақтаңдақ беті» – «Шыңғыс хан» турасындағы дауда, ғылыми айтыстан гөрі «бәдік айтыс» үрдісі басым болды. Бәдік айтыс соңы, бейәдеп сөзбен атысқан зиялы қауым – жазушылар арасындағы «қалың төбелеске» ұласты. «Шыңғыс хан» дауындағы «бәдік айтыстың», «ережесіз төбелесіне» қаны қызған біздің кейбір жазушы «зиялы ағаларымыздың» шынайы бет-бейнесін көріп: «Ел болашағын ойлар ұлт зиялылары еді. Осы дәрежеге

дейін неге төмендеді? Қарғысқа ұшырадық па?!» – деп, ойға қалған кезіміз де болды.

Кеңес Одағы ыдырап, партиялық бақылау мен цензура жойылып, тәуелсіздік тұсындағы сөз бостандығына ие болып, топ-топқа бөлінген біздің жазушылар «Шыңғыс хан» дауы тұсында, бас пен көзге төпелеп, бірін-бірі аяған жоқ.

Меніңше, 2000 жылдардың басында өзі бастаған «Шыңғыс хан» дауының соңғы нүктесін араға 10-15 жыл салып, төрт томдық «Шыңғыс хан» ғылыми зерттеу еңбегі арқылы М.Мағауиннің өзі қойды. Бірақ бұл – өз алдына бөлек әңгіме.

Десек те, өз кезінде екі Мұхтар арасындағы «Шыңғыс хан» дауы – Қазақстан Жазушылар Одағынан асып, қалың оқырман көпшілікті де шарпыды. Дау қазақ жазушыларын екі қосынға бөліп, соңы «ережесіз жекпе-жек» деуге де келмейтін «қалың төбелесте» ұласқанын жоғарыда айтып өттік.

Міне, осы «ережесіз төбелесте» М.Мағауиннің жеке басын кемсітпек болған кейбір сыншылар жазушының «Менінің» жағасына жармасты. Алдында ғана журналдық нұсқасы оқырман тарапынан жылы қабылданған «Мен», «Шыңғыс хан» үшін болған «қалың төбелесте» қосақ арасында күйіп кетті. Сол тұстағы М.Мағауиннің «Мені» туралы жазылған сын мақалаларда сынның қос қанаты – зерттеу де, талдау да болған жоқ. Жазылған мақалаларда автордың жеке басына тиісу, намысына тиіп кемсіте сөйлеу, мінеп, мұқату басты орынға шықты. Дәл қазір баяғыда өтіп кеткен «Шыңғыс хан» дауын еске алудың өзі бір ақырет...

Қашанда ұлттың болашағын ойлап, Ұлт сөзін сөйлеген қасиетті Қазақ Әдебиетінің халық алдындағы беделі мен абыройы дәл сол кезеңдегідей еш уақытта төмендемеген болуы керек. «Ұлт зиялысы» аталған жазушылар бір-бірінің жеке намысына тиіп, аузына келгенін айтып жатты. Меніңше, «әдеби киллер» дейтін жексұрын термин де дәл осы кезде қалыптасты. Сол тұста маңайына сөзін сөйлер жақтастарын жинап алған М. Мағауин де қарап қалған жоқ. «Қарап қалған жоқ» дегеннен гөрі, «айтпаған сөзі қалған жоқ» деген дұрысырақ шығар. Басқасын былай қойғанда, Ш.Айтматов пен М.Шаханов турасындағы 2002 жылы «Алтын Орда» гәзеті мен 2003 жылы «Жұлдыз» журналының №1 санында жарық көрген «Ешкі жетектеген екеу» атты көлемді мақаласының өзі неге тұрады? Әділет үшін айтып өту керек: меніңше, Мұхтар Мағауин пенде ретінде сүрінсе, дәл осы тұста сүрінді. Шығармалары мен шығармашылық жолын талдай отырып, әділетпен сынаса бір жөн-ау, Ш.Айтматов пен М.Шахановтың жеке бастарына сонша шүйлігіп, қарадүрсін балағатқа тең төмен сөз айтудың түкке де керегі жоқ еді. М.Мағауин бір мақала жазды екен деп Ш.Айтматов пен М.Шаханов есімдері әдебиет тарихынан сызылып тасталмайды ғой. Сол уақыт «Қасқыр құдай болған күн» дегендей, пенделік сезім жоғары көтеріліп, қиюы қашып, қарғысқа ұшыраған сәтсіз бір кезең екен дә...

Жеке-жеке алғанда Ш.Айтматов та, М.Шаханов пен М.Мағауин де өз шығармалары арқылы Ұлт әдебиеті, қала берді Әлемдік әдебиет тарихында өзіндік орны бар үлкен классиктер. Бірақ болар іс болды... Шер ағаң айтқандай «Бір кем дүние»...

Кез келген өнер иесінің, әсіресе жазушылардың екі қыры бар. Бірі – жазушылық, екіншісі – пенделік. Қалың оқырман қауымы үшін олардың пенделік қырының түкке де қажеті жоқ, олар ұлт тарихында жазушы ретінде қалады. Пенде ретінде емес. Пенде демекші... Толстойдың «Дневнигін», Достоевскийдің «Хаттарын», болмаса мына өзіміздің Қадырдың «Иірімі» мен «Жазмышын» немесе қазір көзі тірі классик ақынымыз

Ұлықбек Есдәулеттің «Әбілхаятын» оқып көріңіздерші. Кімде жоқ ол пенделік?...

Адамзат ақыл ойының данышпаны хәкім Абай:

Қаны қара бір жанмын,

Жаны жара, – деп, реквием-өлеңі «Өлсем орным қара жерде» өз пендешілігін мойындап кетті емес пе?

Қалың қауымға керегі пенде Абай емес, ақын, хәкім Абай. Атап өту абзал: Біз қазір ұлы ақын, хәкім Абайдың ұлт өнеріне сіңірген сан алуан еңбегі үшін «пенделігін» де білгіміз келеді. Ғибрат үшін, тарих үшін. Сондықтан да бір заманда М.Әуезовтің өтініш қолқалауымен жазылған Абайдың ұлы Тұрағұлдың «Әкем Абай туралы» деп аталатын естелігі, кейінірек жазылған тағы бірнеше естелік пен інісі Шәкәрім қажының: «Ағам Абай өз заманынан озған дәнішмән кісі еді. Қор елде туды да, қор болып өлді», – деген бір ауыз сөзінің айналасынан күні бүгінге дейін ұзап шыға алмай келеміз. Ақын өмір сүрген қоғамды сезініп, түсіну үшін хәкім Абайдың «пенделігінің» өзіне де ұлт өнерінің тарихы аса зәру. Бізге пенде Абай жеткен жоқ. Себебі, пенде Абай уақыт сүрлеуінде көміліп, ұмыт болған. Бізге жеткен ұлы ақын, хәкім Абай!

Дәл сол секілді, бізге керегі пенде Мағауин емес, бізге керегі жазушы, ұлт тарихының жоқшысы һәм түгендеушісі ғұлама ғалым – Мұхтар Мағауин. Мағауиннің «Қазақ тарихының әліппесі», «Қобыз сарыны», төрт томдық «Шыңғыс хан», «Алтан Орда» секілді тарихи-танымдық ғылыми зерттеу еңбектері, біздің жоғарыда айтқан: «М. Мағауин ұлт тарихының жоқшысы һәм түгендеушісі», – деген тұжырымдарымызға толық дәлел.

Адамзат тарихындағы болашаққа қазақ халқы ұлт ретінде жетер болса, сол алыс болашаққа М.Мағауин пенде ретінде емес, жазушы, ғұлама ғалым ретінде жетпек! Өмір заңы сол: Пенденің пендешілігі уақыт көшінде ұмытылады! Ал ұлт өнері мен тарихына сіңірген еңбек – уақыттың ұлы көшімен бірге мәңгілікке ұласпақ!

Сонымен сөз, пенде Мағауин туралы емес, ғалым һәм жазушы Мағауиннің «Мені» туралы болмақ.

Менің ойымша, М.Мағауиннің «Менінің» сол тұстағы қазақ зиялы қауым өкілдері болып есептелетін әдебиет сыншылары тарапынан қатал сынға ұшырауының үш түрлі себебі болды. Біріншісі, шығарманың аты – «Мен».

Поэзиядағы «менге» құлағы әбден төселген әдебиет сыншыларына, проза жанрындағы шығарма атауының «Мен» деп аталуы – тосын естілді. Проза жанрында қара сөзбен жазылған жазушы шығармасының «Мен» деп аталуы – сол тұстағы қазақ әдебиеті үшін тосын жаңалық екеніне де ешкім мән беріп жатпады. Екіншісі – жазушы таланты. Иә, иә – жазушы таланты. М.Мағауиннің жеке басын қалай күйелеп балағаттаса да, әдебиет әліпбиінен ғана хабары бар, ең төмен деңгейдегі сыншының өзі де оны «талантсыз», «халтурщик» деп атай алмас еді. Жиырма жеті жасында «Қобыз сарыны» атты ғылыми монографиясы арқылы Қазақ әдебиеті тарихының керегесін төрт жүз жылға кеңейтіп, отызға енді келген жасында жазған «Көк мұнар» романы арқылы сол тұстағы қазақ әдебиетінде модернистік жаңалық болып есептелетін «натуралды-реализм» бағытын алып келген, басқа шығармаларын айтпағанның өзінде, қалың оқырман мен кәсіби тарихшылардың жоғарғы бағасына ие болып, Мемлекеттік сыйлық алған екі томдық диалогия – «Аласапыран» тарихи романының авторы М.Мағауиннің «Мен» деп аталатын ғұмырбаяндық роман-эссе жазуы – біраз ағайынның ішіне шоқ түсіріп, сыныққа сылтау

болғаны анық. Үшінші – мінезі. Мақтаншақтау едім деп «Мен» атты ғұмырбаяндық роман-эссесінде жазушының өзі де мойындайды. Талант – Алланың сыйы. Ол біреуде бар, біреуде жоқ. Бардың барлығы – жоққа әмәндә қызғаныш тудырмақ. Өзі талантты, әрі мақтаншақтау болса, әрине, ол мінезі айналасына қызғаныштың қызыл уын сеуіп, түрлі келеңсіз, сыңаржақ әңгімеге желеу һәм себеп болатыны ақиқат. Талант пен осы мақтаншақтау мінезіне өз құнын біліп, анау-мынауды мойындамайтын жазушының басынан сөз асырмайтын тік мінезін қосыңыз. Бұл – «айсбергтің» су бетіндегі көзге көрініп тұрған бергі жағы ғана. Сол тұстағы жазушылар арасындағы ішкі қарым-қатынасқа құрылған түрлі “саяси-ахуалға” байланысты, мұнан өзге себептердің болуы да бек мүмкін...

Ең өкініштісі сол, жоғарыда атап өткеніміздей, М.Мағауиннің «Мен» атты ғұмырбаяндық роман-эссесін сынаған авторлардың ешқайсысының еңбегінде сынның қос қанаты – зерттеу де, талдау да болған жоқ. Олар: «Мағауин «Мен, мен, мен» деп көкірек керіп, айқайлаудан өзге ештеңе білмейді. Оның өзімшілдік «эгосы» 200, бәлкім 500 пайыздан асады» дей келіп, жазушының қара басына тиісіп, шығарманың «Мен» деген атауына жөнсіз негізде соқтыға берді. Қазір ойласам, сол тұстағы сыншылардың кітапты соңына дейін толық оқып шыққанына күмәнім бар.

М.Мағауинге дейін қазақ әдебиеті проза саласында «Мен» деген ешкім болған жоқ. Сондықтан да М.Мағауиннің «Мен» атты ғұмырбаяндық мемуарының атауы ә дегенде тосын естілгені анық. Ал поэзиядағы «мен» қалыпты жағдай.

Қарыңды қағып су қылдым,

Суыңды сілкіп бу қылдым, – дағы (Т.Жароков «Күн тіл қатты») «мен» өр мінезді, асқақ сезімді «мен» болса,

Махамбеттің:

Мен, мен едім, мен едім,

Мен Нарында жүргенде,

Екі Тарлан бөрі едім,– дегі «менде» азуын айға білеген бөрі едім, болған едім»,– деген назалы ақынның өткеніне деген мұңлы сағынышы бар.

Ал, Абайдың:

Мен боламын демендер,

Аяқты алшаң басқанға.

Екі көзің алақтап,

Құр қарайсың аспанға,– өлеңіндегі «менде» наданды келемеждеп, өзіне ешкімді тең көрмеген өр кеуде ақынның тәкәппар сезімі көзге анық көрініп тұр.

Үш өлеңде үш түрлі «мен» бар.

Ал, Мағауиннің «менінде» бұл аталған үш түрлі; асқақ сезім, болмаса өткенге мұңлы сағыныш, не өркеуде тәкәппарлық «меннің» бірде-бірі жоқ. Оның «Мені» тіптен бөлек «Мен».

Анығына келгенде, М.Мағауиннің «мені» – барлық сыншылар бір ауыздан атап өткен «Мен, мен, мен» деп көкірек ұру емес.

М.Мағауиннің «Мені» – жазушының өзі өмір сүрген заманы мен ортасы авторлық көзқарас тұрғысынан байыпталған ғұмырбаяндық мемуар сыпатындағы шығарма. Мұнда отарланып, рухани бостандығынан айырылған ұлт зиялысының ғылым мен әдебиеттегі азапты трагедиялық өмірі – өз басынан өткізген оқиғалар арқылы баяндалады.

Бір сөзбен айтқанда, М.Мағауиннің «Мені» – жазушының ғұмырбаяндық жан азабы. Онда автордың айналасы мен қоғамына деген өзіндік көзқарасы, өкпесі мен назасы, күйініші мен сүйініші, ұстаздарына деген шәкірттік алғысы, болашақта жазушы боламын деген жастарға берген ақыл-кеңесі, адамдардан көрген жақсылығы мен кесепатты жамандығы бәрі-бәрі бар. Кейіпкерлерінің барлығы да өмірде болған «тарихи» адамдар. Сондықтан да Мағауиннің «Мен» атты ғұмырбаяндық эссе-романы – болашақ тарихшылар мен қазақ әдебиеті ғылымының тарихын зерттеймін дейтін маман-зерттеушілер үшін сараптай отырып, пайдаланатын таптырмас дерек көзі. Ол жерде «мен, мен, мен» деп көкірек ұрған бір ауыз сөз жоқ. Реквием сыпатындағы жан азабы мен толғанысын қағаз бетіне түсіріп отырған қандай жазушы «мен, мен» деп көкірек ұра алады? Саналы ғұмырын ұлтына қызмет етуге арнаған, шын мәніндегі «ұлт зиялысының» жан азабын терең зерттеп түсінбей жатып, мазақ еткендей солақай сынның «ұлы жебесіне» байлау, берісі – күнә, арысы адамгершілігіміз бен ұлттық санамызға сын.

Сондықтан да бір кездердегі «дәуірлер ауысқан» аласапыран заманда солақай сынның өзекті тақырыбына айналған М.Мағауиннің «Мен» атты ғұмырбаяндық «Хамсасын» бүгінгі күнгі әдебиет ғылымындағы жаңа бағыт – «эссе-монография» пішімінде талдауға тырыстық.

Хамса – араб сөзі. Тура мағынасы – бес деген сан есімді білдіреді. Шығыс әдебиетінде қалыптасқан үрдіс бойынша «Хамса» бес кітап немесе бір кітаптың бес бөлімі емес. Олар әрқайсысы өзара үндес, тақырыптас, бірақ әрқайсысы өз алдына дербес, туыстас бітімді, бөлек-бөлек бес шығарма. Шығыстағы «Хамса» әдеби дәстүрі – шығыс әдебиетіне жаңа өрнек алып келген Әзірбайжан халқының классик ақыны, түркі әлемінің ұлы ойшылы Низами Гәнжауидің (1141-1209) «Сырлар қазынасы», «Хұсрау-Шырын», «Ләйлі-Мәжнүн», «Жеті ару», «Ескендірнәма» атты бес дастан топтамасымен тығыз байланысты. Низами Гәнжауидің «Хамса» топтамасына кірген жоғарыда аталған бес дастаны өзара үндес, тақырыптас, бөлек-бөлек бес шығарма. Сол секілді М.Мағауиннің «Мен» атты роман-эссесінің «Ғұмырбаяндық хамса» аталуына қарағанда, өзара үндес, бөлек-бөлек бес кітаптан тұратын, бес шығарма болса керек. Әзірге оқушының қолына тигені екі кітап. Бірінші кітап – «Шытырман» 1997 жылы «Жұлдыз» журналының 5-6-шы сандарына басылса, екінші кітап – «Қия жолдар» 1998 жылы «Жұлдыз» журналының 8-9-шы сандарында жарияланды да, іле-шала бұл аталған екі кітап М.Мағауиннің 2002 жылы Алматы қаласы, «Қағанат» баспасынан шыққан он үш томдық шығармалар жинағының алтыншы томында қайта басылып, жарияға шықты.

Жазушының ұлы Едіге Мағауиннің куәлік сөзіне қарағанда, ғұмырбаяндық хамса «Меннің» алғашқы екі кітабы «Шытырман» мен «Қия жолдар» ең алғаш – 1998 жылы белгілі жазушы Қоғабай Сәрсекке басқарған «Гаухар» баспасынан жеке бір кітап болып басылып, өз оқырманына жол тартқан сыңайлы.

М.Мағауиннің «Мен» атты ғұмырбаяндық хамсасының алғашқы кітабы «Шытырманда» – қасиетті Құран-Кәрімнің 68-сүре, 1-аятындағы: «Қаламға және оның жазуына серт», – деген жолдар эфиграф ретінде алынып: – Бисмиллаһ ир-рахман ир-рахим! Өзіңе тура баста...» деген сөздермен басталған.

Өздеріңіз ойлаңыздаршы, қасиетті Құран аятын эфиграф етіп алып, ұлы жаратушы, құдіреті күшті бір Алланың атына сиынудан басталған шығармасында, бір Аллаға өзін

серік еткендей етіп, «Мен, Мен» деп көкірек қағып, өлшеусіз ауыр күнәға бататындай жазушы Мұхтар Мағауин тым қаражаяу, сауатсыз, надан емес еді ғой.

Жоғарыда айттық, тағы да қайталаймыз: М.Мағауиннің жеке басын қалай күстаналаса да, оны ешкім де білімнен мақрұм қалған сауатсыз, надан еді, – деп айта алмайды.

Иә, Мағауин «Мен» деп жазды, бірақ ол «мен» есімдігін тіптен бөлек, басқа мағынада қолданды.

Ол былай дейді: *«Мен. Мен... Кіммін? Ешкім білмейді. Өз ұғымым да бұлдыр. Анық ақиқаты: Тегім – кісі, дінім – ислам, нәсілім – түрік, ұлтым – қазақ, ұраным – Алаш, есімім – Мұхтар, сойым – Мағауин, туған жылым – Миләди 1940, бүгінгі жасым – елу алтының үстінде...»*

Бұл жерде сыншылардың доғал найзасына көп іліккен Мағауин жазған «Мен» есімдігіне үрке қарап, шошына берудің еш жөні жоқ. Автор бұл жерде өзі туралы мағлұмат беріп отыр. Бар болғаны сол!

«Мен... Мен Кіммін?» дейді автор.

Қазақ тілінде адамзат тегіндегі адам баласын «Не?» деген сұрақ арқылы емес, «Кім?» деген сұрақ арқылы анықтайды. Тек адамға ғана «Кім?» деген сұрақ қойылады. Бұл – заңдылық!

Ал «Мен кіммін?» деген сұрақ – пенде баласының бүтін болмысы мен күллі пайым-түсінігін анықтайтын аса күрделі философиялық сұрақ. Айта кету абзал: Мен кіммін? – деп анау-мынау жөпшенді, жеңіл-желпі адамдар емес, «Өлсем орным қара жердегі» хәкім Абай секілді, өмірдің өрін тауысып, артта қалған өміріне есеп беріп, өткеніне ақыл көзімен мұндана қарап тұрған аса күрделі тұлғалар ғана өз-өзінен сұрай алса керек. Анығына келгенде, М.Мағауиннің «Мен» атты ғұмырбаяндық хамса эссе-романы жоғарыдағы «Мен кіммін?» деген бір ғана сұрақ төңірегінде ой қорытады. «Мен кіммін?» деп өзіне-өзі сұрақ қойған автордың қысқа жазған ой-толғау іспетті монологын тебіренбей оқу мүмкін емес. Оқушы алдына бар болмысымен бүкпесіз келіп, жан сырын ақтарған жазушы «Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары» деп аталып, қазір тарихқа айналған сол кезеңдегі заманы мен қоғамы және өзі туралы бар шындық ақиқатты ақ қағаз бетіне түсіріпті.

М.Мағауин жан сыры іспеттес өз монологында: *«Өте ұзақ ғұмыр кешіппін. Өмірдің көбі өткен, азы емес, әлдеқандай бір бөлшегі ғана қалған. Абай атам айтқандай, келер заман – көк тұман. Сәуле көмескі, үміт буалдыр. Сен... Сенің кесімің әуел бастан белгілі. Тозаңнан жаралдың, топыраққа айналасың. Ештеңе өзгермейді. Бірақ... Ұрпағың бар емес пе! Бүкіл ұлысың, ұлтың алдындағы тар кешу немен тынбақ? Азаматыңды қажытып, жеткеніңнің жігерін құм қылып, бәсіре байлығыңды талапайға салып, жұртыңды біржола тоздырып бара жатқан заманға қарсы тұрар қайла бар ма? Сен білмейсің. Білсең де жүзеге асыра алмайсың. Сенің білгенің, қолыңнан келері жазу ғана еді. Сонымен қанағат таптың. Сонымен өміріңді ұзарттың. Кеудеңді басқан кер заманда қасірет, зардың өзі күш беріпті... Саған сол тар күндердің өзінде күш берген немене? Сенім болса керек. Өзіңді өте жақсы көретін едің. Мен жазбасам, қазақ әдебиеті тұралап қалады. Мен күреспесем, ежелгі мұра біржола ұмытылады, атаның әруағын арқалап жүрген – жалғыз өзім, алаштың мұратын келер ұрпаққа жеткізетін – Мен, Мен ғана. Мен болмасам, ұлысымның ырысы ортаяды, ұрпағымның көкірек көзі ашылмайды. Мен, Мен... деп ойладың», – дейді. («Мен» 7-бет)*

М.Мағауинді доғал сынның улы жебесіне байлаған әйгілі «Мен» жазушы монологында осылай көрініс берген-ді. Жан сыры іспеттес кішкене ғана осы монологтан өзге, ғұмырбаяндық роман-эссенің бірде-бір жерінде жазушы «мен» есімдігін қолданып, ішкі сыр-толғанысын жарияға шығармапты. Жазушының жан сөзі реквием-монологында ғана қолданған «мен» есімдігін сол тұстағы сыншылар қаумалап жүріп, ұстап алып, әдебиет сыншысы ретінде саралап, талдап жатпай-ақ, Мағауиннен соң оны ешкім қолданғысы келсе де қолдана алмастай етіп, ту-талақайын шығарды. Олар өздерінің сол тұстағы іс-әрекетіне адамгершілік пен адами қарым-қатынас ғылымы – этика тұрғысынан да ойланып, мән беріп жатпады.

Жалпы оқырманға өркөкіректеу лепесте айтылғандай болып көрініп, сол тұстағы әдебиет сыншыларын шошытқан Мағауин қолданған қазақ тілінің «мен» есімдігі болатын.

«Мен, Мен ғана, Мен болмасам ұлысымның ырысы ортаяды, ұрпағымның көкірек көзі ашылмайды. Мен, Мен... деп ойладың. Аз ба, көп пе, бар жасаған еңбегің – осы сенімнің ғана көрінісі.»

«Мен, Мен болмасам... Мен жазбасам, ұрпағымның көкірек көзі ашылмайды» – бұл жазушының өзіне деген сенімінің ғана көрінісі емес, алдағы күннің міндеті де. Сенім һәм міндет...

Дәл осындай міндет пен сенім ұлттың ертеңін ойлап, өзегі өртеніп, өткенін түгендеймін дейтін әрбір ұлтшыл шығармашылық тұлғада қалыптасуы шарт. Біздің ойымызша, ұлт алдындағы қарызы мен парызын ойлаған әрбір жеке тұлға «Мен» дей отырып, өткеніне есеп беруге тиіс.

Қазақ тіліндегі «мен» есімдігінің Мағауин қолданған нұсқадағы мағынасын сол тұстағы әдебиет сыншылары – қара орман қалың оқырманға, жөн сілтер тәрбиелік тұрғыдан ғана емес: «Әдебиет – ардың ісі», – қағидасы тұрғысынан да талдап түсіндіріп жатпады. Әділеттен аттады. Теріс ниетке бұра тартты.

Тілімізде «Пешенеңе жазылған» деген тіркес бар. Оны Ісләмдық мұсылман түсінігінде «жазмыш» деп те атайды. Міне, осы жазмыш туралы «Жазмыш» деген кітап жазған қазақтың біртуар дарынды ақыны Қадыр Мырза Әлі: *«Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде “жазмыш” сөзі туралы мынандай анықтама берілген: «Діни наным бойынша әуелден белгіленіп қойылды-мыс дейтін талай-тағдырдың бұйрығы». Жазмыштың орысша баламасы – «рок». Орыс ағайындар бұл сөзді қалай түсіндіреді екен деп, Владимир Дальдің сөздігіне үңілдім. Ол да «жазмыш» сөзінің негізгі мағыналарының бірі ретінде – «Судьба, предопределение, участь неминуемая, суженое», – деп ұғындырыпты»,* – дейді. (Қадыр Мырза Әлі, Жазмыш. Алматы, Атамұра 2004. 7-бет)

Байқап отырғандарыңыздай, «жазмыш» сөзінің қазақша, орысша баламалық мағыналары бір-бірінен алшақтап, ұзай қоймаған. Жалпы өнер иелерінің, оның ішінде ақын-жазушылардың, әсіресе ақындардың пешенесіне әуелден белгіленіп, тағдыр-талайына жазылған жазмышты зерттеп, оған бір том еңбек арнаған Қадыр ақын, әлгі «Жазмыш» атты кітабын «Көріпкел-әулиелік» «Даңқ», «Аш – жалаңаш ағайын», «Ауру», «Дерт» тағы сол секілді бірнеше бөлімге бөле отырып, өнер иелері, оның ішінде ақын-жазушылардың көбінің көріпкелдік қасиеті болған дейді де, мысалыға Николай Гумилев, Лермонтов, Грибоедов, Анна Ахматова, Омар Наям, Неміс ақыны Георг Гейм, түрік

Назым Хикмет, румын Михай Эминеску, әзірбайжан Мирза Галиб, ағылшын-американ ақыны Уистен Хью, өзіміздің Мәшекең-Мәшһүр-Жүсіп Көпеев тағы да басқа шығыс, батыс өнер иелерінің өмірінен нақты мысалдар келтіреді. Ойланып қаласың... Бұған Мұхтар Мағауиннің не қатысы бар? – деп айтар кейбір ағайындар.

Ойлап қараңыздаршы... М.Мағауин өзінің «Мен» атты ғұмырбаяндық роман-эссесінде: «... Мен күреспесем, ежелгі мұра бір жолға ұмытылады... Алаштың мұратын келер ұрпаққа жеткізетін – Мен, Мен ғана», – деп жазды. Бұл – 1996 жыл. Рас, оған дейін «Қобыз сарыны» атты ғылыми-зерттеу монографиясы арқылы Қазақ әдебиеті тарихының көкжиегін төрт жүз жылға кеңейткен жазушы, тоқсаныншы жылдардың бас жағындағы тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде, ұлт тарихына сусап отырған халқы үшін «Қазақ тарихының әліппесін» жазды. Бұл кітап – соқырға таяқ ұстатқандай, жалпыға бағыт-бағдар беретін Ұлттық тарихымыздың «әліпбиі» болатын. Ішінде жүрген соң білеміз; М. Мағауиннің «Қазақ тарихының әліппесінің» мектеп оқушыларына тарих пәнінен қосымша оқулық ретінде тигізген пайдасы ұшан-теңіз болды. Бүгінгі күнде де дәл солай.

1996 жылдары «Мен» жазылып жатқан тұста «Қобыз сарыны» да, «Қазақ тарихының әліппесі» де жеке-жеке кітап болып басылып, оқырман қолына тиген шығармалар болатын.

Ал, сонда... «...ежелгі мұра бір жолға ұмытылады», – деп, жазушы нені меңзеп отыр?

Жазмыш пен әулиелік туралы босқа сөз қозғағанымыз жоқ. Меніңше, болашақта жазушы ұлтымыздың мың жылдық тарихын бір өзі түгендеп шығарын сезген. Мүмкін, әулиелік... Әлде ішкі түйсік... Қалай ойласаңыз да өзіңіз біліңіз. Арада ширек ғасыр өтпей жатып-ақ М.Мағауин «ежелгі мұра» – төрт томдық «Шыңғыс хан» мен «Алтын Орда» деректі тарихи зерттеуін ғылыми негіздегі хикаят тілінде қызық та түсінікті етіп жазып, ұлтының мың жылдық тарихын түгендеп бергені анық! Бір ұлттың мың жылдық тарихын түгендеп беру – некен-саяқ ғұламаға ғана бұйырар бақ! Бір анық бар, ол – кез келген өнер иесі, шығармашылық тұлғаның алдына қойған өз жеке мақсаты болады. Бірақ сол аталған нысаналы мақсатына шығармашылық дарындардың мыңнан бірі, бәлкім миллионнан бірі ғана жеткен. Мойындауға тиіспіз, миллиондардың ішінен бірге ғана бұйырар бақты жаратушы иеміз Мағауинге бұйыртыпты.

Мүмкін, өзіне ғана тиесілі осы бақты іштей түйсінген жазушы «Мен, Мен ғана» деп жазған болар. Ұлтының мың жылдық тарихын түгендеп берген адамға не деп жазса да, қалай жазса да жарасады. М.Мағауиннің соңғы жазғандары мен түрлі каналдарға берген сұхбаттарын үзбей қадағалап жүремін. Бірақ жазушының ұлт тарихын түгендеуде өзінің сіңірген еңбегін айтып «Мен... Мен» деп көкірек ұрғанын еш жерде байқамаппыз. Адамның бір аты – пенде. Мүмкін М.Мағауиннің бір жерлерде көтеріле сөйлеген жері болған шығар, бірақ «Мен, Мен» деп көкірек ұрған жері жоқ! Ойсыз, көкірек ұрғыш даңғойға бәрін көріп, біліп отырған жаратушы бір Алла мұндай бақ пен бақытты пешенесіне жазбаса керек.

Мүмкін кейбіреулер, қайдағы мың жылдық тарих? Шыңғыс хан тарихына сегіз жүз жылдан енді асты ғой дер. Жөн сөз. Бірақ М. Мағауин жазған төрт томдық «Шыңғыс хан» деректі ғылыми-зерттеуінің бірінші томы «Шыңғыс хан және оның заманы» деп аталады. Бұл кітапта Шыңғыс ханнан арғы Көк түркілердің «Орхон-Енисей» жазбасындағы Тоныкөк заманы қамтылып, ұлтымыздың мың жылдық тарихының арғы жағы, әлемдік

тарихта «Скифтер» деп аталған «Сақтар» мен одан бергі Ғұн тарихы арқау болған. Бұл айтылған екі мың жылдан астам тарихымыздың соңғы мың жарым жылы кезең-кезеңнен дәуірлерге бөлініп, сол дәуірде өмір сүрген далалық түркі тайпалар тарихы, олардың сенімі, шаруашылығы, генеологиялық тегі, антропологиялық пішімі мен әдеп-ғұрыптары, салт-дәтүрлері түрлі ғылыми зерттеулердегі дереккөздеріне сүйене отырып сөз болады. Шындап, санамалап келсек: «Шыңғыс ханның» төрт томдығы мен «Алтын Орда» тарихына «Қазақ тарихының әліппесін» қоссаңыз, ұлтымыздың екі мың жылдан астам тарихы алдыңыздан атойлап шыға келері хақ! Бұған сенбесеңіз, Мағауиннің біз жоғарыда атап өткен тарихи ғылыми-зерттеу еңбектерін түгел оқып шығыңыз. Сонда менің айтқандарыма көзіңіз оңай жетеді. Айтып өтетін бір мәселе: Мен жоғарыда атап өткен Мағауин жазған тарихи зерттеулер – ғылыми деректерге сүйене отырып, қалың көпшілікке түсінікті хикая түрінде, хикаят тілінде жазылған. Қызғылықты оқылады, оңай түсінесіз, әрі ғылыми негізі де жоғары.

Жоғарыда аталған «Шыңғыс хан», «Алтын Орда», «Қазақ тарихының әліппесі» – ұлт тарихын сөз еткен тарихи-зерттеу еңбектер болса, қазақ әдебиеті тарихы ғылымының керегесін төрт жүз жылға кеңейткен М.Мағауиннің XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясы туралы «Қобыз сарыны» ғылыми-монографиясы – тарихымыздың көркем шежіресі іспеттес әдеби зерттеу.

Бір сөзбен айтқанда, жат жұрттың қолымен жазылған ұлтымыздың жұлмаланған жетім тарихын түгендеген М.Мағауин – бүтін бір ғылыми-зерттеу институтының жұмысын жалғыз өзі атқарыпты. Қазақ деп аталатын халық өзін ұмытпаса, М.Мағауиннің ұлт тарихын түгендеудегі еңбегі ұмытылмақ емес. Бұл – хақ! Бар саналы ғұмырын ұлттың жадын жаңғыртып, ұлт тарихын түгендеуге арнаған Мағауинді «Ұлт зиялысы» дәрежесіне көтерілген, бағы бар, бақытты ғалым һәм жазушы деп айтып жүрміз. Жазып та жатырмыз. Бірақ осы «бақыт» пен «бақ» сөздерінің арғы тұсында жазушының көзге көрінбейтін жан азабы мен қыруар еңбегі тұр. Бір ғана мысал келтірейін: Төрт томдық «Шыңғыс ханның» бірінші томын жазып шығу үшін ғана М.Мағауин жүз қырық жеті қосымша әдебиет пайдаланыпты. Бұл – қалыңдығы әртүрлі жүз қырық жеті кітап деген сөз. Жалпақ тілмен айтқанда, бір кітапхана. Біз кітапхана деп айтып отырған пайдаланған әдебиеттердің көбісі Ежелгі Қытай, Моңғол, Азия және Батыс Еуропа архивтерінен алынған мұрағаттық жазбалар көшірмесі болса, қалғаны Шыңғыс хан туралы дүние жүзі ғалымдарының ғылыми-зерттеу еңбектері. Бұл – «Шыңғыс ханның» бірінші кітабында ғана пайдаланған қосымша әдебиеттер. Төрт томнан тұратын «Шыңғыс хан» деректі хикаясын жазып шығу үшін бірінші томда пайдаланған ғылыми әдебиеттер санын төртке көбейтіңіз. Сонда төрт том «Шыңғыс ханды» жазу үшін автор алты жүзге жете қабыл қосымша әдебиет пайдаланыпты. Яғни оларды жазушы зерттей оқып, қорытып, сараптап шыққан. Бұл айтып болмайтын қыруар еңбек, ұйқысыз түндер һәм мазасыз ойлар...

М.Мағауин «Шыңғыс ханның» бірінші томындағы айқындама сөзінде: *«Бірінші кітап, Ұлы қағанның өзі емес, туған жұрты турасында. Тікелей дайындық жұмысымен қосып есептегенде толық үш жыл уақытым кетті»*, – дей келіп, Шыңғыс хан турасында жазылған дүниежүзі ғалымдарының ғылыми-зерттеу еңбектеріндегі ұстанған түрлі танымдық бағыттарды саралай келе: *«Әрине, Шыңғыс хан және оның заманын тану, зерттеу, ақыр түбі қорытып жазу үстінде аталмыш санаулы еңбекпен ғана шектеліп*

қала алмайсыз. Орталық Азия мен Ежелгі Қытай өз алдына, бүкіл Европа тарихы, жалпы адамзаттың даму жолына қатысты кең көлемді мағлұмат керек. Мұның бәрін бұрыннан білдім дегеннің өзінде, тақырыпты тікелей игеру үстінде тағы қаншама нақты ақпарат қажет болады. Кейде бір ғана деректі дәйектеу үшін әлденеше кітапты саралайсыз», – дейді. Бір сөзбен айтқанда, адамзатқа электр жарығын сыйлаған өнер тапқыш-данышпан ғалым Т.Эдиссонның: «Талант – бір пайыз, қалған тоқсан тоғыз пайызы – тер», – деген сөзі ақиқат шындық болып тұр.

Адамзат тарихындағы «Шыңғыс хан» тарихы – әлемдік тақырып. Өздерінің діни, саяси һәм әлеуметтік көзқарастарына орай, әлем тарихшыларының ішінде «Шыңғыс хан» тақырыбына үн қоспағаны некен-саяқ. Солардың біразының еңбектерімен де, ғылыми ұстанымдарымен де таныспыз деп жүрсек, Мағауиннің «Шыңғыс ханындағы» пайдаланған әдебиеттер тізімінде біз атын естіп білмеген қаншама Ежелгі Қытай мен Орталық Азия ғалымдары жүр.

Мағауин өзінің «Шыңғыс хан» атты төрт томдық ғылыми еңбегінде Шыңғыс хан турасындағы батыстық және шығыстық көзқарастарды логикалық ғылыми-жүйе тұрғысынан саралай келе, Ұлы Қаһан туралы әлемдік тарих ғылымында күні бүгінге дейін талас тудырып келе жатқан күрделі мәселелер турасындағы өз көзқарасын ғылыми негізде тамаша дәлелдеп отырады. Түркілік түсінік пен ұлттық көзқарасты ту еткен Мағауин пікіріндегі ғылыми ой – дәлелді һәм пайымдық ауқымы да аса кең.

Біздің түсінігіміздегі М.Мағауиннің «Шыңғыс ханы» – әлемдік «Шыңғыс хантануға» қосылған сүбелі үлес. Алла бұйыртып жатса, бұл ойымызды талдап жазып, түсіндіре жатармыз. Бұл – алдағы күн еншісіндегі бөлек тақырып.

Қазіргі сөз М.Мағауиннің «Мені» хақында.

Жазу мақсатымызға орай, сөз басында, адам баласының тағдыр-талайына бұйырған жазмыш туралы, көріпкелдік туралы сөз қозғап едік. Себебі, М.Мағауин өзінің «Меніндегі» жан сыры іспеттес реквием-монологында: «... Мен күреспесем, ежелгі мұра біржолға ұмытылады... Мен, Мен ғана. Мен болмасам ұлысымның ырысы ортаяды, ұрпағымның көкірек көзі ашылмайды. Мен, Мен... деп ойладың», – деп жазып еді.

Өмірін тағдырына бағындырған адам ғана өзінің тағдыр-талайына сеніп, пешенесіне жазылған жазмышын білетін секілді. Ғұмыр-тағдырын белгілі мақсатқа арнаған адам ғана: «... Мен күреспесем... Мен болмасам... ұрпағымның көкірек көзі ашылмайды, Мен... Мен», – деп жаза алса керек. Бұл жердегі «мен» – жазушының өз талант күшіне деген сенімі һәм келер ұрпақ пен ұлт алдындығы перзенттік борышы мен міндетінің көрінісі.

Еңбегіміздің алдыңғы бөлімінде айттық, тағы да қайталаймыз: Жазушы бұл жерде «Мен, Мен», – деп көкірек ұрып отырған жоқ. Оның «Мені» – ең бірінші өзіне жүктелген міндет, содан соң өз күшіне деген сенім. Сенім басты орынға шықпаған жерде шығармашылық жұмыстың алға жылжымайтыны – ақиқат.

Жалғасы бар...

Нұрғали Махан
Abai.kz



Нұрсәуле Толқын
филология ғылымдарының магистрі

МҰХТАР МАҒАУИННИҢ «АЛТЫН ОРДА» РОМАНЫ: ФАКТІЛЕРГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ТАРИХИ ШОЛУ

Мұхтар Мағауиннің «Алтын Орда» романы – тарихи оқиғаларға, жазба деректерге, зерттеушілердің еңбектеріне негізделген көлемді шығарма. Романда XIII–XV ғасырлар аралығындағы Алтын Орда мемлекетінің саяси, әлеуметтік, экономикалық және әскери жағдайлары жан-жақты сипатталады. Автор жазба дереккөздерге, соның ішінде шығыс (араб, парсы), орыс және еуропалық тарихшылардың еңбектеріне жиі сілтеме жасайды.

Шығарманың құрылымы дәстүрлі көркем романдардан бөлек, тарихи-публицистикалық бағытта құрылған. Роман тақырыптық тұрғыда бірнеше салаларға бөлініп, оқиғалар тізбегі хронологиялық емес, мазмұндық бағыттар арқылы беріледі. Бұл тәсіл тарихи процестердің күрделілігін тереңірек ашуға мүмкіндік береді. Автор баяндау барысында әрбір деректі нақты тарихи материалдарға сүйене отырып талдайды. Зерттеушілердің

еңбектерімен салыстыру жасалып, ғылыми қорытындылар ұсынылады. Сонымен қатар автордың өзі де белсенді қатысушы ретінде көрінеді – кей тұстарда тарихи тұлғаларға моральдық-этикалық баға береді, кейде оқырманмен тікелей байланыс орнатады. Мағауиннің баяндауы ғылыми тілмен қатар, көркем образдармен де байытылған. Қалалардың сипаттамасы, базарлар мен сауда құрылымы, халықтың тұрмысы – бәрі де дерекке сүйенгенімен, бейнелі тілмен суреттеледі. Бұл көркемдік пен ғылыми танымның ұтымды тоғысын көрсетеді.

Романда XIII ғасырдың басынан XV ғасырдың соңына дейінгі Алтын Орда хандарының билікке келу реті, саяси ұстанымдары, жүргізген соғыстары нақты көрсетіледі. Мысалы: Бату хан – Алтын Орданың негізін қалаушы; Берке хан – ислам дінін қабылдаған; Өзбек хан – ең ұзақ билік құрған; Тоқтамыс хан – Әмір Темірмен күрескен соңғы ықпалды

билеуші. Бұл хандардың қай жылдары билік құрғаны, олардың арасындағы билікке талас, сыртқы және ішкі саясаттағы әрекеттері тарихи жылнама негізінде келтіріледі.

Мұхтар Мағауиннің «Алтын Орда» романында қалалардың дамуы мен географиялық орналасуы, олардың өркендеу тарихы мен құлдырау себептері нақты тарихи деректерге сүйене отырып берілген. Автор әрбір қаланың саяси, экономикалық және мәдени рөлін сипаттау арқылы ортағасырлық Еуразия кеңістігіндегі урбанизация үдерісін қалпына келтіреді.

Алтын Орда дәуірінде дамыған ірі қалалар туралы романда нақты тарихи шежірелер мен археологиялық деректер негізінде мәліметтер келтіріледі. Олардың ішінде: «**Сарай-Берке (Сарай әл-Жәдид)** – Алтын Орданың астанасы, Волга бойында орналасқан. Қалада мешіттер, базарлар, әкімшілік сарайлар мен медреселер болғаны айтылады.

Сарай әл-Махрус – екінші астана. Жаңа әкімшілік орталық ретінде құрылған.» деп атай келіп **Хорезм, Булғар, Қажы-Тархан (Астрахань), Керман, Сыгнак, Женд, Үкікала** – бұл қалалар Жайық, Еділ, Сырдария, Амудария бойында орналасқан сауда, қолөнер, діни және әкімшілік орталықтар ретінде сипатталады. Тарихи деректерден, кейінгі зерттеулермен ұштастырып осыған дейін аты аталған, дереккөздерде Алтын Ордаға тиесілі екені айғақталған 178 қаланың тізімін жасап өткен.

Мағауин бұл қалалардың **геостратегиялық орналасуын** атап көрсетеді – олар трансконтиненталдық сауда жолдарының тоғысқан нүктелерінде орналасқан.

Романда қалалардың тарихи дамуы кезең-кезеңімен баяндалады:

Өркендеу кезеңі – Өзбек хан тұсында ислам діні мемлекеттік деңгейге көтеріліп, медреселер мен діни орталықтар көптеп салына бастады. Сауда көлемі артты, қала халқының саны көбейді, қолөнер дамыды.

Құлдырау кезеңі – Әмір Темірдің жорықтарынан кейін көптеген қалалар қирады, базарлар тоналды, мәдениет ошақтары жойылды. Қала өмірі күйреді, урбанизация тоқтады. Бұны автор нақты даталар мен тарихи жағдайлармен байланыстыра көрсетеді.

Мағауин Жібек жолының Алтын Орда территориясындағы тармақтарын нақтылай отырып сипаттайды. Ол жол тек тауар алмасу емес, **мәдениет пен дін, ғылым мен өнердің де алмасу арнасы** болғанын атап өтеді.

Жетісу мен Сырдариядан басталып, Хорезм мен Сарай-Берке арқылы Еуропаға қарай өтетін бағыты – негізгі трансконтиненталдық желі ретінде суреттеледі.

Тауар түрлері – жібек, асыл тастар, қымбат маталар, тұз, астық, темір, қару-жарақ, аң терілері, мал өнімдері.

Сауда тәртібі – базарларда арнайы өлшеу құралдары, таразы, сапа бақылауы, дін иелерінің саудаға араласпауы, белгіленген сауда ережелері сипатталады.

Романда Жібек жолының тарихи рөліне ерекше назар аударылады. Әмір Темір жорықтарынан кейін бұл жолмен қатынас үзіліп, **теңіз жолдарының белсенділігінің артуына себеп болғаны** – тарихтағы геоэкономикалық өзгерісті аңғартатын маңызды тұжырымдардың бірі ретінде берілген.

Қалаларда халық саны тұрақты өсіп отырған. Халықтың этникалық құрамы сан алуан: қыпшақ, моңғол, хорезмдік, булғар, орыс, армян, грек т.б. Автор бұл қалаларды **көпэтносты, көпконфессиялы, көпмәдениетті** кеңістіктер ретінде

бейнелейді. Сонымен қатар, әрбір қалада діни орталықтармен қатар кітапханалар мен медреселер де болғаны айтылады. Бұл қалалар – тек экономикалық қана емес, **интеллектуалдық орта** ретінде де маңызды.

Алтын Орда жерінде өмір сүрген халықтардың өмір салты әртүрлі болған. Шығармада кең далада өмір сүрген **көшпелі тайпалар** мен өзен-көл бойындағы **отырықшы халықтардың** шаруашылық ерекшеліктері салыстыра көрсетіледі.

Көшпелілер – негізінен мал шаруашылығымен айналысты. Жылқы, түйе, қой өсіру – күнкөрістің басты көзі болды. Киіз үй, маусымдық көшу, жаз жайлау – қыс қыстау дәстүрі сипатталады.

Отырықшы қауым – жер өңдеу, бау-бақша өсіру, балық аулау мен суармалы егіншілікпен шұғылданды. Ірі қалалардың айналасы – егіншілік белдеуі ретінде қарастырылды.

Автор бұл екі әлеуметтік құрылымның **бір-бірімен экономикалық және мәдени өзара әрекеттесуін** айқын көрсетеді: көшпелі жұрт отырықшы базарлардан тұтыну тауарларын алса, отырықшылар мал өнімдеріне тәуелді болған. Бұл симбиоз империялық біртұтастықты қамтамасыз еткен маңызды фактор ретінде көрсетіледі.

Романда сауда – тек тауар алмасу ғана емес, мәдени ықпалдастық құралы ретінде бейнеленеді. Мағауин базардағы тәртіп, сауда сатушылар мен сатып алушылар арасындағы байланыс, тауар түрлері, тіпті бағасы туралы нақты әрі егжей-тегжейлі деректер келтіреді. Сауда негізінен **жібек, астық, тұз, аң терісі, металл бұйымдары** мен **мал өнімдері** айналасында жүргізілді.

Мағауиннің сипаттауынша, үлкен қалалар — Сарай-Берке, Сарай-ал-Махрус, Хорезм, Булғар — халықаралық

сауда желілерінің тоғысқан тұсы болған. Бұл орталықтар тек экономикалық емес, **мәдени алмасу алаңына** айналған.

Романда қалаларда дамыған **қолөнер шеберханалары**, олардың кәсіби ұйымдасуы жайлы құнды мәліметтер берілген. Түрлі зергерлік, қыш-құмыра, ұсталық, былғары өңдеу кәсіптері дамыған. Әр шебер өз кәсібінің шекарасын білетін, белгілі бір гильдия (цех) мүшесі ретінде танылған.

Сонымен қатар, шетелдік көпестердің, саяхатшылар мен миссионерлердің де бұл өңірде қызмет еткені туралы мәліметтер бар. Бұл — Алтын Орда қалаларының **көпэтносты және көпмәдениетті** келбетін айғақтайды.

Сондай-ақ, Алтын Орда халқының рухани дүниесі де біркелкі болмаған. Мағауин романда ислам дінінің үстемдік алғанын, әсіресе Өзбек ханнан бастап шариғатқа негізделген билік жүйесінің орныққанын атап көрсетеді. Дегенмен, империя құрамындағы өзге этностар — христиандар, буддистер, тәңіршілдер өз наным-сенімін сақтау мүмкіндігіне ие болған. Және сонша көп ұстаным болы тұра халық бейтін те берекелі ғұмыр кешкені де аталып өтеді.

«Алтын Орда» романында әскери құрылым мәселесі — тек шайқас сипаттамасы емес, тұтас бір дәуірдің саяси, әлеуметтік және өркениеттік бейнесін ашатын өзекті сала ретінде көрінеді. Мұхтар Мағауин бұл тақырыпты тарихи шежірелер мен дереккөздерге негіздеп, әрбір ханның тұсындағы жасақтың құрылымына, соғыс жүргізу тәсілдеріне, қару-жарақ түрлері мен сарбаздардың киім үлгілеріне дейін егжей-тегжейлі сипаттап береді.

Шығармада жасақ — жай ғана қарулы топ емес, мемлекет билігінің тірегі ретінде суреттеледі. Әрбір хан өзінің билік

кезеңінде әскери күштің қуатын сақтауға тырысқан. Жасақтың құрамы ру-тайпалық құрылым негізінде жасақталып, белгілі бір арыс немесе ру өзінен сарбаздар шығаруға міндеттелген. Жазба деректер бойынша, жауынгерлер 10, 100, 1000, 10 000 (түмен) жүйесімен ұйымдастырылған.

Мағауин Батудың Еуропаға жорығы тұсында 120 мыңнан астам жауынгердің болғанын көрсетеді. Кейінгі кезеңдерде бұл сан өзгеріп отырды: Берке хан тұсында жасақ саны көбінесе ішкі тұрақтылыққа байланысты азайтылған болса, Өзбек хан кезінде қайтадан күшейтілген. Тоқтамыс хан тұсында Әмір Темірге қарсы жорыққа он мыңдық жасақтар біріккенімен, шешуші шайқастарда сан жағынан да, рух жағынан да әлсіздік танытқаны баяндалады.

Романда соғыс жүргізудің көшпелілерге тән ерекше тактикалары кеңінен көрініс табады. Атап айтқанда:

Қоршау мен шегіну арқылы тұзақ құру – қарсыласты алдап, ашық алаңға шығарып соғу;

Кенеттен шабуыл – түнгі немесе ертемен басталатын шайқастар;

Қос тараптан қысу – алдыңғы шеп пен артқы шепті қатар басу;

Жалған шегіну – жалған қашу арқылы қарсыласты қудырып, шаршатып барып құрту.

Мағауин бұл әдістердің әр кезеңде қалай өзгергенін және қай хан қандай тактиканы қолданғанын нақты мысалдармен, тарихи шайқастар арқылы көрсетеді.

Жасақ тек соғыс құралы емес – ішкі тәртіп пен моральдың да көрсеткіші болды. Романда «Жасақ заңы» атты әскери ережелер жинағы туралы нақты мәліметтер беріледі. Бұл заңдар Шыңғыс хан заманынан бастау алып, кейінгі ұрпақтар арқылы жалғасқан.

Ұлұғ Ұлұстың іші ыдырай бастаған тұста, ел тізгінін кім ұстайды деген

сұрақ қыпшақ даласын дүр сілкіндірген. Жошы ұрпағының бірлігі шайқалып, тақ үшін таласқан ханзадалар мен сұлтандар әрқайсысы өз билігін заңды деп танытқысы келген. Міне, дәл осы шақта Әмір Темір шықты ортаға.

Ол сырттай – бейбіт ниетпен, шариғат жолын ұстанған көреген әмір тәрізді көрінді. Оны Ұлұғ Ұлұстың тағдыры емес, өз билігін нығайту ғана ойландырды. Темір бірін қолдады, екіншісін жойды, үшіншісіне уәде беріп, төртіншісін ұмыт қалдырды. Бір кезде Тоқтамысты көтерді. Қолына жасақ беріп, Ордаға қарай аттандырды. Жолында Бекболат, Мамай секілді ықпалды бекзадаларды ығыстырды. Тоқтамыстың тәуелсіз ойы пайда болған сәттен-ақ, ол бұрынғы одақтас емес, көзін жою керек дұшпанға айналды.

Құндызша жазығындағы шайқаста Темір Тоқтамыстың әскеріне іріткі салғаны деректермен дәйектелген. Орда күйрейді. Сарай отқа оранады. Болғаның бәрі – есеппен, дәлдікпен, аяусыз жүргізілген жорық екенін Мағауин қаламы шебер көрсеткен.

Шығыс жылнамаларында Темірдің жорықтары «ғажайып тактика», «ұлы жорық» деп дәріптелгенімен, әр көштің астында қан жатты. Әсіресе бейбіт елге, балаға, кемпір-шалға дейін аямай шабуыл жасауы – оны тарих беттерінде қатыгез әмір ретінде қалдырды. Автор тарихи деректерді алға тарта отырып, біз ұмыт қалдырған шындықты ашады.

Мағауин бұл оқиғаларды шындық шегінен аспай, ашық баяндады. Әр бет сайын дерекке жүгініп, әр есімнің артындағы тарихты қалпына келтіріп отырды. Әмір Темірдің ұстанымы – ішкі алауыздықты күшейтіп, содан кейін бір-біріне қарсы қою арқылы үлкенді кішінің бәрін өзіне тәуелді ету еді. Ол мақсатына жетті. Бірақ тарих оны жеңімпаз деп емес,



күйретуші ретінде жадында қалдырды.

Қорытындылай келгенде, Мұхтар Мағауиннің «Алтын Орда» романы — қазақ әдебиетінің тарихи жады мен ғылыми танымын тереңдеткен ерекше туынды. Шығармада автор көркем бейнелеуден гөрі нақты тарихи деректерге сүйене отырып, Алтын Орда дәуірінің саяси құрылымы, әскери жүйесі, экономикалық және мәдени

кеңістігі жөнінде мол мәлімет ұсынады. Бұл еңбек тек әдеби шығарма ретінде емес, ұлт тарихын зерделеуге бағытталған құнды зерттеу ретінде де бағаланады. «Алтын Орда» — тарихи таным мен ұлттық рухты біріктіре отырып, әдеби қорымыздағы шынайы әрі іргелі туындылардың біріне айналды.



«ЖЕР-СУДЫҢ АТЫ – ТАРИХТЫҢ ХАТЫ»

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің
қауымдастырылған профессоры Бердібек Нұралдаұлы Бияровпен
сұхбат



Қазақ тіл білімінің өзекті салаларының бірі – ономастика мен топонимика. Бұл бағыттар тек тілдік емес, тарихи-мәдени жадыны да зерттеу көзіне айналдырып, ұлттың танымын, болмысын, рухани мұрасын айқындайтын маңызды арналар саналады. Осы салаларда елеулі ғылыми еңбектер жазып, жүйелі зерттеу жүргізіп жүрген белгілі ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің қауымдастырылған профессоры Бердібек Нұралдаұлы Бияровпен сұхбаттасу – біз үшін үлкен мәртебе.

Бұл сұхбатта ғалым қазақ ономастикасының ғылыми негіздері, жер-су атауларының тарихи-мәдени мәні, сондай-ақ қазіргі ономастикалық кеңістікте кездесетін өзекті мәселелер жайында ой бөліседі.

Сіздің ғылыми-зерттеу қызметіңіздің ауқымды бөлігі қазақ топонимиясы мен оронимдер жүйесіне арналды. Осы бағытта мыңдаған атауларды саралай отырып, топонимдер мен тарихи жады арасындағы байланысқа қандай тұжырым жасадыңыз? Жалпы, жер-су атауларын тілдік бірлік ретінде емес, мәдени код, этностың өзін-өзі тану формасы ретінде қарастыруға бола ма?

- Студент кезімде профессор Алтай Сәрсенұлы Аманжолов мені ономастика саласына тартып, алдымен «Катонқарағай ауданының жер-су аттары» тақырыбында диплом жұмысын жаздырды. Кейін «Өр Алтай оронимдері (тарихи-лингвистикалық талдау)» атты кандидаттық диссертацияға тақырып ұсынды. Ол жұмысты 2000 жылы қорғадық. Осылайша, профессор Алтай Сәрсенұлы бұрын көп зерттелмеген Шығыс Қазақстан облысының топожүйесін реттеуді мақсат еткен еді. Кейін қазақ топонимдерінің сөзжасамдық үлгілерін (топонимжасамды) қарастырған монографиям жарық көрді. Содан бері топонимика саласымен айналысып келемін.

Әрине, жер-су аттары ғасырлар бойы жасалып, лингвомәдени сипатта болып келетіндіктен, ауыз әдебиетінің үлгілері тәрізді даяр күйінде жеткен аса құнды тілдік

бірлік болып табылады. Бұл жағынан алғанда, авторы белгісіз халық әндеріне, мақал-мәтелдерге ұқсайды. Сондықтан, жер мен су – атымен, затымен қоса – сол жерді мекендеген халықтың байлығы екенін ескерсек, оларды көздің қарашығындай сақтау – міндет.

Қазақ халқы ежелден көшпелі өмір сүргендіктен, жер-су аттары ерекше маңызды факторға айналған. Әр атауда ұлттық дүниетаным, психология, салт-дәстүрдің кумулятивті түрде жинақталып жатуы өз алдына, әр атау жер бедерін өте жоғарғы дәлдікпен белгілеуді мақсат еткен. Атау сол жердің ерекше бір белгісін білдірмесе, көш адасып, мал арып, шаруашылық күйзелуі мүмкін болған. Мәселен, *Бөрілі* топонимі «бұл жер – бөрі жасырынатын бұта-қарағаны мол, соқпалы жер» деген ескерту-концептісін білдіріп тұруы қажет еді. *Құлынембес* атауы «оты (құлынембес шөбі), суы мол жер, тойынған құлын енесін ембейді» деген ақпарат-концептісін беріп тұрғаны айқын. *Қарасу* десе, «бұл жерде қыста қатпайтын жерасты суы бар, мал суаруға қолайлы» дегенді білдіреді.

Топонимжасамды қазақ сөзжасамының ішкі саласы ретінде алғаш ғылыми айналымға енгіздіңіз. Бұл бастамаңызды ғылымда жаңа бағыт ретінде қабылдауға бола ма? Егер болар болса, топонимжасамның ішкі заңдылықтары мен категориялық құрылымын қандай негізгі принциптерге сүйене отырып жүйеледіңіз?

- Еліміз егемендік алғаннан соң, ұлттық тілімізді мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеру мақсаты қойылғаны белгілі. Алғашқылардың бірі болып терминжасам тіліміздегі жалпы сөзжасамнан бөлініп шығып, бірнеше ғылыми еңбектер қорғалды. Ал топонимжасамды мен жеке алып шықтым. «Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері» атты 460 беттік монографияда 5813 қазақ тілді топоним 757 үлгі бойынша топтастырылып берілді. Бұл жерде басты-басты типтік үлгілер түгелдей қамтылды деп ойлаймын.

Бұл еңбекте тілімізде қолданылып жүрген топонимдердің топонимжасамдық үлгілерін анықтап, көрсетіп қою ғана емес, сол үлгілерге қарап, тыңнан атау жасау әдісін алғаш рет ұсындық. Ол не? Қазір ұлттық топожүйемізде тыңнан топоним жасауға деген зәрулік бар және бола береді де. Өйткені, біріншіден, кірме атаулардың орнын басатын топонимдердің табылмауы. Мәселен, қазіргі кезде Шығыс Қазақстан облысында ресми тіркелген 20 000 атаудың 3 000-ы славян тілдерінен енгені анықталып отыр. Ол 3 000 атаудың бұрынғы түркілік немесе моңғолдық түпнұсқалары ешқайда сақталмаған. Өйткені славян тілді атаулардың оларды ығыстырып шығарғанына 300 жыл уақыт өтіп кеткен. Енді оларды қалайша жаңғырту керек? Тек жаңа атаулар жасау арқылы ғана. Ал топоним жер мен судың ерекше белгісіне қарай жасалатынын ескерсек, табиғи нысанды зерттеп барып, ерекше белгісін анықтап, көрсетілген үлгілердің біріне сүйеніп, жаңа ат береміз. Мәселен, географиялық нысанның немесе елді мекеннің маңында қалың ошаған өссе, ол жерге Ошағанды деген атау лайық. Ошағанды – «малға жайсыз, ошағаны көп» деген ескерту беріп тұратын атау. Қазіргі аудио-видео техникалар мен транспорт түрлері жетілген заманда жер-су аттарын анықтау немесе жаңарту үшін, географиялық нысандарды көзбен көріп, қолмен ұстап барып, тиісті шешім шығару көп қиындық келтірмейді.

Сіз топонимдерді әрі топонимжасамдық, әрі этимологиялық тұрғыдан терең зерттедіңіз. Осы орайда сұрайын дегенім: қазіргі таңда қазақ тіліндегі топонимдер

жүйесі толық қамтылып, ғылыми тұрғыдан түгелденді деп айта аламыз ба? Жалпы, бүгінгі күні көпшілікке арналған топонимдік немесе антропонимдік сөздіктердің тапшылығы байқалады. Бұл бағытта жүйелі жұмыс жүргізіле бастады ма, қолға алынған нақты жобалар бар ма?

- Қазіргі кезде топонимдердің этимологиясын анықтау жұмыстарымен айналысып жүрмін. Ал сөздің немесе атаудың әуел бастағы мағынасын анықтау көптеген қиындықтар туғызады. Сол себепті айтылып жүрген этимологиялық этюдтердің көбі болжам (гипотеза) түрінде, не халықтық этимология дәрежесінде қалады. Бізге ғылыми этимология қажет. Мәселен, Шығыс Қазақстан топожүйесінде *Мортының қабағы* деген шағын кезең бар. Халықтық этимология мұндағы Морты адам есімі деген пікірге ден қояды. Кейін сол жердің қарт тұрғындарымен сөйлескенде, ертеректе қабақтың астынан әк тастарын алып пайдаланғандары мәлім болды. Осы белгі *Морты* атауының *Борты* > *Борлы* “әк тасы (бор) бар жер” екенін анықтап берді. Мұндағы м-б, т-л дыбыс алмасулары тіліміздің тарихында бар құбылыс екені белгілі. Бұл, енді – ғылыми этимология.

Мемлекеттік тілді дамыту институтының жобасы бойынша жұмыс істеп, «Көне түркі ескерткіштеріндегі ономастикалық кеңістік» («Абай әлемі» кітаптар топтамасы. Алматы: «Қазақстан Жазушылар одағы» РҚБ, 2024, 336 б.) атты монография жазып шықты. Мұнда Енисей-Орхон-Талас ескерткіштер тобындағы топонимдердің, этнонимдердің, антропонимдердің, лауазым аттарының тіпті жылқыға берілетін аттардың (иппонимдердің) барлығына дерлік тұңғыш рет толық этимологиялық талдаулар жасалды. Ол үшін үш жыл тынымсыз еңбек етуге тура келді.

Қазіргі кезде қазақ тілінің лексикасына енетін сөздердің этимологиялық сөздігі жасалмаған (орыс тілінде Фасмердің сөздігі т.б. баяғыда жазылған), топонимдердің, антропонимдердің этимологиялық сөздіктері жасалған жоқ. Бұл кемшін тұстар этимологиялық талдаудың ұзақ уақыт алатын ауыр жұмыс болып табылатындығынан болуы керек. Соған қарамастан, біз Мемлекеттік тілді дамыту институты арқылы қазақ топонимдерінің этимологиялық сөздігін жасау туралы жоба ұсынып отырмыз. Бұл сөздіктер жасалуға тиіс, уақыты өтіп барады.

Кейбір зерттеушілер ономастиканы тіл білімінің шеңберінен шығарып, «ұлттық сана картасы» ретінде қарастыру керек деген пікір айтады. Осы көзқарасқа қосыласыз ба? Егер қосылсаңыз, бүгінгі таңда қазақ халқының ономастикалық санасын жаңғырту үшін қандай мәдени-гуманитарлық тетіктер қажет?

- Топонимдердің когнитивтік ауқымы кең, тарихи мәліметі мол болатынын байқаған кейбір ғалымдар топонимиканы тіл білімінен бөліп алуды да ұсынған. Мәселен, Э.М.Мурзаев: «Топонимдер белгілі бір тарихи дәуірде пайда болған, уақыт өту барысында тұлғасы, сондай-ақ мазмұны да өзгеріп отырған, халықтардың орын ауыстыруы, соғыстар, мәдени, экономикалық және тілдік қатынастар тәрізді нақты тарихи оқиғаларға байланысты таралып отырған. Осы тұрғыдан алғанда топонимика – тарихтың, нақтылап айтсақ, тарихи географияның бір бөлімі», – десе, В.Шмиллауэр: «Топономастиканың мәні тіл білімі және тарихи тұрғыдан келудің бірлігінен тұрады; ендеше, ол не тіл білімі, не тарих ғылымдарына жатпайды, дербес ғылым саласы болып табылады» - дейді. Біздің ойымызша топоним – кәдімгі сөз, ендеше тіл білімінің аясында қала береді. Бұл жөнінде профессор Б.В.Горнунг: «... топонимикамен айналысуға

тарихшыға да, географқа да, этнографқа да құқық беріледі, бірақ тілдік әдістерді толық меңгеру шарты қойылады» – деп өте орынды айтып өткен.

Қазіргі қоғамымызда ономастикалық сауатсыздық бар. Тіпті жалпы есім мен жалқы есімді ажырата алмаушылық кездеседі, әйтпесе еліміздің астанасын Астана деп атар ма елік?.. Қаптатып адам есімдерін қоятын ба едік?.. Абстрактілі мағына беретін Бірлік, Достық, Шаттық деген сөздерді топонимге айналдырар ма едік?.. Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан деген атаулар шұбалаңқы ауыстыру қажет дейтін пікірлер бар. Ол атаулар еліміздің шет-шекарасын күзетіп тұрған топонимдер: «мынадан былай Қазақстан жері, қазақ елі басталады» деген ұғым тудырады. Оларды алып тастасақ, жерімізге көз алартып отырған көршілер шекараны жылжыта салуы әбден мүмкін. Сондықтан жер-су аттарына қалай болса солай қарай салуға, асығыс шешім шығаруға болмайды. Қазақ халқы эмоцияға, сөзге тез ереді. Эмоция белең алған жерде ақыл болмайды.

Әңгімелескен – Динара Мейрамбекқызы



«JER-SUDYŇ ATY – TARIHTYŇ HATY»
S.Amanjолоv atyndaǵy Şyǵys Qazaqstan universitetiniŋ
qauymdastyrylǵan profesory Berdibek Nūraldaūly Biarovpen sūqbat



Qazaq tıl biliminiŋ özeıti salalarynyŋ biri – onomastika men toponimika. Būl baǵyttar tek tıldık emes, tarihi-mädeni jady ny da zertteu közine ainaldyryp, ūlttyŋ tanymyn, bolmysyn, ruhani mūrasyn aiqyndaıty n maŋyzdy arnalar sanalady. Osy salalarda eleulı ğylymi eŋbekter jazyp, jüielı zertteu jürgızıp jürgen belgili ğalym, filologia ğylymdarynyŋ kandidaty, S.Amanjолоv atyndaǵy Şyǵys Qazaqstan universitetiniŋ qauymdastyrylǵan profesory Berdibek Nūraldaūly Biarovpen sūqbattasu – bız ūshın ūlken mārtebe.

Būl sūqbatta ğalym qazaq onomastikasynyŋ ğylymi negızderı, jer-su ataularynyŋ tarihi-mädeni mäni, sonдай-aq qazırgı onomastikalyq keŋistikte kezdesetin özeıti мәseleler jaiynda oi bölisedi.

Sızdıŋ ğylymi-zertteu qyzmetiniŋızdıŋ auqymdy bölıgı qazaq toponimiasy men oronimder jüiesine arnaldy. Osy baǵytta myŋdaǵan ataulardy saralai otyryp, toponimder men tarihi jady arasyndaǵy bailansqa qandai tūjyrym jasadyńyz? Jalpy, jer-su ataularyn tıldık bırlık retinde emes, mädeni kod, etnostyŋ özın-özı tanu formasy retinde qarastyruǵa bola ma?

- Student kezimde profesor Altai Särsenūly

Amanjолоv meni onomastika salasyna tartyp, aldymen «Katonqaraǵai audanynyŋ jer-su attary» taqyrybynda diplom jūmysyn jazdyrды. Kein «Ör Altai oronimderı (tarihi-lingvistikalyq taldau)» atty kandidattyq disertasiǵa taqyryp ūsyndy. Ol jūmysty 2000 jyly qorǵadyq. Osyлайsa, profesor Altai Särsenūly būryn köp zerttelmegen Şyǵys Qazaqstan oblysynyŋ topojuiesin retteudi maqsat etken edi. Kein qazaq toponimderiniŋ sözjasamdyq ūlgılerin (toponimjasamdy) qarastyrgān monografiām jaryq kördi. Sodan berı toponimika salasymen ainalysyp kelemın.

Ärine, jer-su attary ğasyrlar boiy jasalyp, lingvomädeni sipatta bolyp keletindikten, auyz ädebietiniŋ ūlgıleri tärızdı daıar küinde jetken asa qūndy tıldık bırlık bolyp tabylady. Būl jaǵynan alǵanda, avtory belgisiz halyq änderine, maqal-mätelderge ūqsaidy. Sondyqtan, jer men su – atymen, zatymen qosa – sol jerdi mekendegen halyqtyŋ bailyǵy ekenin eskersek, olardy közdin qaraşyǵyndai saqtau – mindet.

Qazaq halqy ejelden köşpelı ömir sürgendikten, jer-su attary erekşe maŋyzdy faktorǵa ainalǵan. Är atauda ūlttyq dūnietanym, psihologia, salt-dästärdin

kumulativtı türde jinaqtalyp jatuy öz aldyna, әr атау jer bederin öte joғарғы дәлдикпен belgileudi maqsat etken. Атау sol jerdiñ erekşe bir belgisin bildirmese, көш adasyp, mal aryp, шаруашылық күзелуі мүмкін болған. Мәселен, Бөрлі топонимі «бұл jer – бөрі jasyrynатын бұта-qaraғаны мол, soqpaly jer» degen eskertu-konseptisin bildirip тұруы qajet edi. Qұlynembes атауы «oty (qұlynembes şöбі), suy мол jer, тойынған qұлын enesin embeidi» degen aqparat-konseptisin berip тұрғаны айқын. Qarasu dese, «бұл jerde qysta qatpaityn jerasty suy bar, mal suaruға qolaily» degendi bildiredi.

Топонимjасамды qазақ сөзjасамының ысқы саласы retinde алғаш ғылыми айналымға engızdıñız. Бұл bastamaңызды ғылымда jaña baғыt retinde qabyldauға bola ма? Eger bolar bolsa, toпонимjасамның ысқы заңдылықтары мен kатeгopиялық qұрылымyn қандай negізгі принциптерге сүйене отырып jүіelediñız?

- Elimiz egemendik алғаннан соң, ұлттық тилимизди мемлекеттик тил дәреjesine көтеру maqsaty qoiылғаны belgili. Алғашқылардың biri болып terminjасам тилимиздегі jalpy сөзjасамнан бөлиніп шығып, birнеше ғылыми еңбектер qorғалды. Al toпонимjасамды мен жеке aлып шықтым. «Jer-su attaryның сөзjасамдық үлгилері» атты 460 беттик monografiada 5813 qазақ тилди toпоним 757 үлгі бойынша toptastyрылып berildi. Бұл jerde basty-basty tiptik үлгилер түgeldei qamtyлды dep oilaimyn.

Бұл еңбекте тилимизде qoldanyлып жүрген toпонимдердиñ toпонимjасамдық үлгилерин anyqtaп, көрсетіп qoiу ғана емес, sol үлгилерге qarap, тыңнан атау jасau әdisin алғаш ret ұsyндық. Ol ne? Qazır ұлттық topojuiemizde тыңнан toпоним jасauға degen zәrulik bar және bola beredi de. Öitkeni, birinşiden, kırme атаулардың ornyn basатын toпонимдердиñ tabылмауы. Мәселен, qazırғы kezde Шығыс Qазақстан oblyсында resmi tirkelgen 20 000 атаудың 3 000-y slavän тилдерinen engeni

anyqталып отыр. Ol 3 000 атаудың бүрынғы түркilik немесе moңғoldық түпнұсқалары есқaida saqtalmaған. Öitkeni slavän тилди атаулардың olарды yғыстырып шығарғанына 300 жыл uaqyt ötip ketken. Endi olарды qalaйша jaңғырту kerek? Tek jaña атаулар jасau арқылы ғана. Al toпоним jer мен судың erekşe belgisine qarai jасалатынын eskersek, tabiғи nysandy zerttep барып, erekşe belgisin anyqtaп, көрсетілген үлгилердиñ birine сүйеніп, jaña at beremiz. Мәселен, geografiyalық nysанның немесе eldi mekenнің маңында qalyñ oсаған өссе, ol jerге Oсағанды degen атау laйық. Oсағанды – “malға jaisyz, oсағаны көп” degen eskertu berip тұратын атау. Qazırғы audio-video техникалар мен transport түрлері jetілген заманда jer-su attaryн anyqtau немесе jaңарту ұшын, geografiyalық nysandardy көzбен көріп, qolmen ұстап барып, tiisti шешім шығару көп қиындық keltirmeidi.

7. Siz toпонимдерди әрі toпонимjасамдық, әрі etimologialық тұрғыдан tereñ zerttediñız. Osy oraida сұрайын degenim: qazırғы таңда qазақ тилиндегі toпонимдер jүйесі toлық qamtyлып, ғылыми тұрғыдан түgeldendi dep aita alamыз ба? Jalpy, бүgingi күні көпшілікке арналған toпонимдик немесе antroпонимдик сөзdikтердиñ tapшылығы байқалды. Бұл бағытта jүйeli жұмыс жүргizіle bastady ма, qolға алынған naqty jobalar бар ма?

- Qazırғы kezde toпонимдердиñ etimologiasyn anyqtau жұмыстарымен айналысып жүрмін. Al сөздиñ немесе атаудың әuel bastaғы мағынасын anyqtau көптеген қиындықтар туғызды. Sol sebepti aityлып жүрген etimologialық etüdтердиñ köbi boljam (gipoteza) түрінде, ne halyқтық etimologia дәrejesinde qalady. Bizge ғылыми etimologia qajet. Мәселен, Шығыс Qазақстан topojuiesinde Mortynyñ qabaғы degen шағын kezeñ бар. Halyқтық etimologia мұндағы Morty adam esimi degen pikirge den qoiady. Kein sol jerdiñ qart тұрғындарымен сөіleskende, erterekte qabaқтың astынан әк

tastaryn alyp paidalanǵandary mǎlim boldy. Osy belgi Morty ataunyń Borty > Borly “ǎk tasy (bor) bar jer” ekenin anyqta berdi. Mundaǵy m-b, t-l dybys almasulary tılmızdıń tarihynda bar qubylys ekeni belgili. Bıl, endi – ǵylymi etimologia.

Memlekettik tıldı damytu institutynyń jobasy boıynsa jумыs ıstep, «Köne türkı eskertkişterindegi onomastikalyq keńistik» («Abai ǎlemi» kıtapta toptamasy. Almaty: «Qazaqstan Jazuşylar odaǵy» RQB, 2024, 336 b.) atty monografia jazyp şyqtyq. Munda Enisei-Orhon-Talas eskertkişter tobyndaǵy toponimderdiń, etnonimderdiń, antroponimderdiń, lauazym attarynyń tıptı jylqyǵa beriletin attardyń (ipponimderdiń) barlyǵyna derlik tūńǵyş ret tolyq etimologialyq taldaular jasaldy. Ol úşin úş jyl tynymсыз eńbek etuge tura keldi.

Qazırǵı kezde qazaq tılıniń leksikasyna enetin sözderdiń etimologialyq sözdiǵı jasalmaǵan (orys tilinde Fasmerdiń sözdiǵı t.b. baiaǵyda jazylǵan), toponimderdiń, antroponimderdiń etimologialyq sözdiǵıterı jasalǵan joq. Bıl kemşin tūstar etimologialyq taldaudyń úzaq uaqt alatyn auyr jумыs bolyp tabylatyndyǵynan boluy kerek. Soǵan qaramastan, bız Memlekettik tıldı damytu instituty arqyly qazaq toponimderiniń etimologialyq sözdiǵın jasau turaly joba úsynyp otyrmyz. Bıl sözdiǵter jasaluǵa tiis, uaqty otıp barady.

Keibir zertteuşıler onomastikany tıl biliminiń şeńberinen şyǵaryp, “últtyq sana kartasy” retinde qarastyru kerek degen pikir aitady. Osy közqarasqa qosylasyz ba? Eger qosylsańyz, búgingı tańda qazaq halqynyń onomastikalyq sanasyn jańǵyrtu úşin qandai mádeni-gumanitarlyq tetikter qajet?

- Toponimderdiń kognitivtik auqymy keń, tarihi mǎlmeti mol bolatynyn baiqaǵan keibir

ǵalymdar toponimikany tıl biliminen bölip aludy da úsynǵan. Mäselen, E.M.Murzaev: «Toponimder belgili bır tarihi дәuirde paida bolǵan, uaqt otu barysynda tūlǵasy, sonдай-aq mazmuny da özgerip otyrǵan, halyqtardyń oryn auystyruy, soǵystar, mádeni, ekonomikalıyq jáne tıldık qatynastar tarızdı naqty tarihi oqıǵalarǵa bailanysty taralyp otyrǵan. Osy tūrǵydan alǵanda toponimika – tarihtyń, naqtylap aitsaq, tarihi geografianyń bır bölimi», – dese, V.Şmillauer: «Toponomastikanyń mǎni tıl bilimı jáne tarihi tūrǵydan keludiń birliginen tūradı; endese, ol ne tıl bilimı, ne tarih ǵylymdaryna jatpaidy, derbes ǵylym salasy bolyp tabylady» - deidi. Bızdıń oiymyzsa toponim – kádimgı söz, endese tıl biliminiń aiasynda qala beredi. Bıl jóninde profesor B.V.Gornung: «... toponimikamen ainalysuǵa tarihşyǵa da, geografqa da, etnografqa da qūqyq beriledi, biraq tıldık әдістерdi tolyq meńgeru şarty qoiylady» – dep öte oryndı aityp ötker.

Qazırǵı qoǵamymyzda onomastikalyq sauatsyzdyq bar. Tıptı jalpy esim men jalpy esimdi ajrata almauşylyq kezdesedi, әitpese elimizdiń astanasyn Astana dep atar ma elik?.. Qaptatyp adam esimderin qoiatyn ba edik?.. Abstraktılı maǵyna beretin Birlik, Dostyq, Şattyq degen sözderdi toponimge ainaldyrar ma edik?.. Şyǵys Qazaqstan, Soltüstik Qazaqstan degen ataular şūbalańqy auystyru qajet deitin pikirler bar. Ol ataular elimizdiń şet-şekarasyn küzetip tūrǵan toponimder: «mynadan bylai Qazaqstan jeri, qazaq elı bastalady» degen ūǵym tudyradı. Olardy alyp tastasaq, jerimizge köz alartyp otyrǵan körşiler şekarany jyljyta saluy әbden mümkün. Sondyqtan jer-su attaryna qalai bolsa solai qarai saluǵa, asyǵys şeşim şyǵaruǵa bolmaidy. Qazaq halqy emosiаǵa, sözge tez eredi. Emosia beleń alǵan jerde aqyl bolmaidy.

Аңғимелескен – Dinara Meirambekqyzy

СӘУЛЕ ДОСЖАН: «ЖАЗУШЫЛЫҚ – ЕРКІНДІК ЕМЕС, ХАЛЫҚТЫҢ СӨЗІН СӨЙЛЕУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ»



Қазіргі қазақ прозасында өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып, оқырман жүрегінен орын алған жазушы – Сәуле Досжан. Оның шығармашылығы – тағдыр, шындық, жауапкершілік ұғымдарымен өзектесіп жатады. Сұхбат барысында автор жазушылықты жанның айқайы деп емес, миссия ретінде қабылдайтынын, шығармаларының өзегі – халықтың үні екенін шынайы әрі әсерлі жеткізеді. «Өзіңді өзің жазушы ретінде танымайсың ғой, қызым. Сені оқырман таниды» деген сөзінде де қарапайымдылық пен үлкен өмірлік шындық жатыр. Бұл сұхбат – жазушының ішкі әлемін, шығармашылық үдерісін ғана емес, қазақ қоғамындағы әйел бейнесіне, экологиялық мәселелерге, жазушылық жауапкершілікке деген көзқарасын тереңнен ашып көрсетеді.

– Жазушы Сәуле Досжан қашан оянды? Қай сәтте сіз өзіңізді жазушы ретінде таныдыңыз?

– Өзіңді өзің жазушы ретінде танымайсың ғой, қызым. Сені оқырман таниды. Оқырмандарың танып, сені оқып іздейді. Әйтпесе, өзіңді өзің керемет санап жүргенде сен кімге керексің? Өзінің жазғаны өзіне қызық болып жүретін қиялилар да бар. Бірақ сен оқырмандар үшін жазасың. Оқырмандардың талабына сай келуі керек. Кеше бір сұхбат оқыдым. Біреу айтады: “Қазір сыйлықтардың бәрінің иесін халық деген тобыр таңдайтын болып кетті”, - деп. Халықты солай айтуға бола ма екен? Мен таңғалдым. Екеуі де – атақты, белгілі азаматтар. Сонда өздері комиссия мүшесі болмай қалса, елдің бәрін қаралау керек пе? Олар қаласа да, қаламаса да, бізді оқырмандар таңдайды. Енді Абайдың кезінде айтылған бір сөздер бар тобыр туралы. Ол кезде заман басқа болатын. Ал қазір бәрі сауатты, бәрі керемет, кітап қайтадан көп оқыла бастады. Сондықтан егер сені халық таңдаса, сонда ғана жазушы боласың. Мен енді ояндым деп айтпаймын. 14 жасымнан бері жазып келе жатырмын. Бірақ мені халықтың мойындағаны кешірек болды. 40 жасымнан кейін, 50-ге қарай мойындады. Себебі, мен көп жылдар мемлекеттік қызметте істедім де, жазғандарымды халыққа жеткізе алмадым, уақытым да болмады. Әрі ол кездері тәуелсіздіктің алғашқы жылдары кітап шығару да қиын болды. Сондықтан мен сол халық үшін жазып жүрмін деп ойладым.

Сіз үшін жазу – ішкі тыныштық па, әлде мазасыздық па?

– Мен үшін жазу – менің өмірім. Мен 24/7 өзімнің жазуымды ойлап жүремін. Мүмкін, мазасыздық деген осы шығар. Мазасыздық деп те, рахат деп те айтпаймын. Ол – менің миссиям. Жазушы болу менің маңдайыма жазылған. Сондықтан жазушы болып жүрмін.

Кейінкерлеріңіз – сіздің көлеңкеңіз бе, әлде олар мүлде басқа әлемнен келген тіршілік пе?

– Жоқ, олар басқа әлемнен келмеген, осы адамдардың арасында жүр. Көлеңкем деп айта алмаймын, мен өмірден көргенімді жазамын. Қайта мен солардың көлеңкесі шығармын.

Шығарма жазарда жүрек бұрын сезіне ме, әлде сана бұрын құрылымдай ма?

– Әрине, сана бұрын құрылымдайды. Санамда ұзақ жылдар бойы толқып жүруі мүмкін. Өзіммен бірге жүреді. Солай бір күні жүрегімде бір бұлқыныс пайда болады. Ол пісіп жетіледі. Жүрек жазуға болатынын сезінеді. Сол кезде жазамын. Мен кейде бірнеше шығарманы қатар жазатын кезім болады. Мысалы, бір үлкен роман жазып жүрген кезде ойға қысқа әңгіме келіп қалады. Соны романдардың арасында жазып жүремін.

Қазіргі қазақ әдебиетінде экологиялық мәселелер қаншалықты қамтылып жүр? Осы тақырыптың өзектілігі туралы не айтасыз?

– Экология деген – біздің өміріміз, ортамыз. Менің экологияны көбірек қаузаған шығармам – «Қасірет пен тағдыр», «Үзілмеген үміт». Екеуін жаздым, оқырмандарым жақсы қабылдады, жақсы бағалады. Ең негізгісі – кітап болып шығып, бірнеше рет басылып шықты, бірнеше тілдерге аударылды. Жапондар өте жақсы қабылдады, қытай, ағылшын тілдеріне аударылды. Енді мен өзімнің шығармашылығым туралы ғана айтамын. Экология деген – біздің жұтқан ауа, ішкен су, табиғат, тіршілік. Ол өте өзекті деп ойлаймын. Экология бұзылуынан неше түрлі табиғи катастрофалар орын алып жатыр. Сондықтан ең өзекті дүние – экологиямыздың бұзылмауына барынша жағдай жасау.

Сіз үшін әйел тағдыры – шындық па, әлде көркемдік символ ма?

– Тағдырды шындық не символ деп атауға болмайтын сияқты. Ол әйелдікі болсын, еркектікі болсын. Жалпы адамның тағдыры маңдайға жазылады деп бұрын ертегілерде айтатын, үлкен кісілерден еститінбіз. Маңдайыңа не жазылса, сол болады дейді. Тағдыр деген – ол сенің қалай өмір сүретінің. Кейде сен қандай ақылды болсаң да, өз тағдырыңды өзің билей алмайсың. Егер адамдар билей алатын дүние болса, бәрін өз білгенше жасай бермей ме? Байлар ақшаға сатып алатын болса, балаларына сатып алып берер еді ғой. Мен өзім сол тағдырға сенем. Тағдыр – ол үлкен әріппен жазылған адамның өмірі.

«Жазу – жанның айқайы» дегенге келісесіз бе? Жазу арқылы ішіңіздегі қандай үндер сөйлейді?

– Біреулер айтады осы, мен жан айқайымды шығардым, шындықты сөйлеп едім, бәрі менен теріс айналды деп. Жазу деген ешқандай жанайқай емес, ол маңдайға жазылған, әркімге бұйыра бермейтін тағдыр. Ешкімнің ішінде ондай алып бара жатқан дерт жоқ. Біздің Қазақстанда адал еңбек етіп, тіршілігін жасап жатқан адам керегін алып жатыр. Кедей бай болсам дейді, бай құдай болсам дейді. Барлығына бай, бақытты болу бірдей жазылмаған. Әркімнің бақыты әртүрлі. Мен жазуды жанымның айқайы деп

емес, оқырмандарыма, жастарға мотивация, жігер мен қайрат беретін шығарма деп санаймын. Құдайға шүкір, өмірім жақсы, елім аман, халқым тыныш, жанымды алып бара жатқан ешқандай айқай жоқ.

Өзіңіз жазған ең ауыр кейіпкер кім болды? Ол сізге не қалдырды?

– Ең ауыр кейіпкер, мен үшін, «Қасірет пен тағдырдағы» – Аяулым. «Үзілмеген үміттегі» – Семей халқының өмірі. Өте ауыр болды. Маған тіпті Айгүл Ісмақова деген ғалым айтқан: «Осы шығарманы жазғанда сенің қалай жүрегің шыдады? Мен оқып шыққанда жүрегім шыдаған жоқ», - деп. Иә, менің жүрегім шыдаған жоқ. Осы 2 том кітапты жазғанша менің де жүрегіме 2 рет операция жасалды, жүрегіме стент қойды. Себебі, оның ішінде үлкен қасірет жатыр. Мен Семей халқын, біздің халқымызды ұлы деп айтар едім. Басқа халық болса, өзіне ыңғайы келмеген жерден көшіп кетер еді. Біздің халық қандай қиындық көрсе де, сол өлкеде малын бағып, ұрпағын өсіріп, өмірін жалғастыруда. Су мен ауаны у етіп жұтса да, сол мекенде өмір сүріп жатыр. Мен тек сол Аяулым мен Гүлімайдың ғана өмірі ауыр деп айтпаймын, сол заманда өмір сүрген ешкімнің өмірі жеңіл болған жоқ.

Сіз үшін «шындық» деген сөзді әдебиетте қайда қоюға болады – бірінші бетке ме, әлде финалға?

– Шынымды айтсам, мен елдің бәрі өтірік айтады, мен ғана шындықты айтамын деп, өзін ақтап алатындарды ұнатпаймын. Оның үстіне шығарма жазғанда шындық әңгімеде бірге өрбиді. Оқырман шындықты өзі табады.

Жазушылық сізге еркіндік берді ме, әлде сізді байлап қойды ма?

– Ол еркіндік те бермейді, байлап та қоймайды. Неге сен байланып қалуың керек? Егер ол сенің маңдайыңа жазылып, өмірге келгендегі миссияң – жазу болса, ол солай болады. Жазу сені өзі байлап алады. Соның ырқында жүріп, ешқайда кеткің келмейді. Жазушылық – еркіндік емес, халықтың сөзін сөйлеу жауапкершілігі. Біздің кейіпкерлеріміз – халық. Халықтың ойын, арман-тілегін, мұқтаждығын жеткіземіз. Егер еркін болғың келсе, басқа мамандық таңдау қажет. Жазушылық – еркіндік емес. Мүмкін, айтыс ақындары айтып тастауға, арқасы қозып, ойындағыны ортаға салуға бейім шығар. Бірақ жазушы, қаламгер олай ете алмайды.

Сізді не көп шабыттандырады – үнсіздік пе, адамдар ма, не әділетсіздік пе?

– Білмеймін, мен шынымды айтсам, шабыттанып жазу дегенді түсінбеймін. Ылғи ойда жүремін, жазғым келген кезде жазамын. Менің үнемі жанымда макбұтым, стационарний компьютерім, смартфоным жүргендіктен, қалаған уақытымда жазамын. Шабыт іздемеймін ешқашан. Иә, мен үнсіздікті жақсы көремін. Адамдармен көп араласа бермеймін, кішкене кісікиіктеу адаммын. Біреунің мазасын алғанды, менің мазамды алғанды ұната бермеймін. Жалпы дүниенің үнсіздігін жақсы көремін. Жаяу жүргенді немесе саябақта, тауда серуендегенді ұнатамын. Ал әділетсіздік шабыттандыра ма дегенге келсек, мына 70-ке келгенше не көрмедік? Мен шыр етіп, дүниеге келгеннен әділетсіздік көрген адаммын. Орысша рубашка, бізде перде дейді, дүниеге келгенде солай туылыппын. Мені дүниеге әкелген анам солай қатты қиналған екен, өмірімдегі қиын сәттер мен әділетсіздіктер солай кішкентай күнімнен басталған. Солай әділетсіздік көрдім екен деп, қоғамға, мемлекетке, мемлекет басшысына ренжімеймін, ренжуге де болмайды. Әділетсіздік болуы керек, ол – күрес. Біреу сенімен күрессе, сен мықтысың. Әлсіз болсаң, сенен аттап өтіп, мықтырағымен күресуші еді. Ал әділетсіздікті сен

еңбегіңмен ғана жеңесің.

Қазақ қоғамындағы әйел бейнесі өзгеріп жатыр ма, әлде біз әлі сол ескі кадрды қайталап отырмыз ба?

– Қазір әйелдер өзгерген. Кеңес Одағының кезіндегі, оның алдындағы революция кезіндегі ондай әйелдер жоқ қазір. Қазіргі біздің қазақ қоғамының әйелдері «европаланған» деуге келеді. Баяғы қазақы тәрбиедегі әйелдер аз қазір. Біз енді Кеңес Одағының қалдығы болып кеттік. Әсіресе, 60,70-жылдардан кейін туған әйелдер біршама өзгерді. Жазған кезде барынша әйел бейнесін беруге тырысып жүрміз. Қазір тіпті әйел туралы шығарма жазуға, жазғанда әйелді тәуелсіз, еркін адам ретінде көрсетуге бағыттайтын конкурстар да көбейіп кетті. Оларды түсінбеймін, неге әйелдерді ондай етіп көрсете беруіміз керек? Әйелдер бәрін өздері жасап кеткен соң, еркектер әйелдердің бәрін жасай алатынын көріп, аса қамқорлық көрсетпейтін де сияқты қазір. Ал егер әйел – әйел болып, нәзік жаратылыс болып, өз ролінде жүрсе, ер адам әрдайым қамқорлық танытып, бауырына басады. Ал мен күштімін, сен жеткен биікке мен де жетемін, сен тапқан ақшаны мен де табамын деп отырса, қайтсін байғұс еркектер? Тіпті кейбіреулері бой бермеген әйелдерін ұрып тастап жатыр. Қоғамда қазір абьюзер деп айтып жатыр. Оны абьюзерлікке кім жеткізді? Міне, соны ойлануымыз керек.

Жазу үстінде сіз өзіңізге қандай тыйым саласыз?


– Жазу үстінде ғана емес, мен күнде өзіме тыйым салып отырамын. Ең қымбат уақытты өлтірмеуге, әр уақытты тиімді пайдалануға тырысамын. Менің үйімнің әр бұрышы тауға қарайды, өзім де тауда өскен қызбын, тау маған қуат сыйлайды. Алматыда таудың етегінде өмір сүру жазуға күш береді. Астанада тұрғанда мен көп жаза алмадым. Өзіме-өзім қаталмын, босқа уақыт шашқым келмейді. Тек таудан қуат алып отырамын. Аздап қазақ салтымыз қонақ күтуге бейім болғандықтан, кейде сол дүниелер уақыт алуы мүмкін. Тәуелсіздік алған соң шетелге шығып демала бастадық, ол да біраз уақыт алады. Сондықтан шетелге барсам да жұмыс істеп жүремін.

Бүгінгі жастар сіздің шығармаларыңызды оқи ма, түсіне ме, не сізді жаңаша қабылдай ма?

– Оны ғаламтордан мен туралы жастардың пікірін қарау қажет. Мені қазір ең көп оқылатын жазушы деп жүр. Мені оқитын – жастар. «Ауылдан шыққан миллионерді» тек жастар оқиды. Қазір де өскелең жастарға арнап біраз кітап жазып жүрмін. Күзге дейін кітап болып басылып шықса, жақсы таралады деген ойдамын. Мен туралы басқалардың пікірін көргенің дұрыс сияқты.

Сіз үшін «әйел әдебиеті» деген ұғым бар ма, жоқ па?

– Әдебиетте «әйел, еркек» деген, «жыныс» деген ұғым болмайды ғой. Қазір елімізде де, көрші елдерде де мықты жазушы небір әйелдер бар. Білмеймін, мен өзімді қай рөлде отырмын деп аса мән бермеймін. Кейде мен ер адамның, кейде әйел адамның ойын, сезімін жақсы жеткізуім мүмкін. Менің бір повесім бар «Құлазу» деген. Соны оқыған бір ағай айтқан: «Сен қалай ер адамның бейнесін дәлме-дәл келтірдің? Біреу айтты ма, әлде біреудің өмірінен алдың ба?» - деп. Бірінші жақтан жазғандықтан, ер адамның сөзімен айтқанмын ғой. Мен анау біреудің айтқанымен жазды дегенге сенбеймін. Мен Қабдеш ағаның бір сөзіне таңғалдым. Қабдеш Жұмаділов сұхбат беріп отыр.



Әлгі журналист қалай жазғанын сұрап қоймайды. Сонда ағамыз: «Әй, шырағым, жазу деген ол жазылмайды, ол туылады, шығармашылықты туады, оны Құдай береді, үлкен Жаратылыс береді, үлкен құдірет береді», - деді. Сол сөз қатты құлағыма қонды. Шынымен солай. Әйел секілді, мен де солай шығарманы туамын дегенге келтірді. Сондықтан әдебиетте «әйел, еркек» деген ұғым болмайды.

Тарихи кезеңдерді көркем шығармаларыңызға арқау етуде қандай дереккөздерге сүйенесіз?

– Мен «Қасірет пен тағдыр» деген шығармамда тарихи деректі көп қолдандым. Менің дереккөздерім – сол кезде полигонда өмір сүрген халық, қазақ халқы. Солардың айтқандарына сүйендім. Барлығы менде адамдардың айтқаны, олардың аты-жөнімен жүреді. Одан кейін «Біртуарда» Жақсылық Үшкемпіровтің өмірі айтылған, ауылына бардым, елмен әңгімелестім, жақындарымен сөйлестім. Сөйтіп барып жазасың, дереккөз деген – сол. Соларға сүйенесің. Егер мен кітаптан алатын болсам, міндетті түрде авторын, айтқан сөзін жазып қойып отырамын, көрсетуге тырысамын.

Экологиялық мәселелер сіздің шығармашылығыңызда жиі орын алады. Болашақ ұрпақтың экологиялық санасын қалыптастыруда әдебиеттің рөлі қандай деп ойлайсыз?

– Экологиялық сананы қалыптастырудың бірден-бір жолы – қазіргі табиғатты қорғауға арналған еріктілердің ұйымы, олардың еңбегі, солар арқылы халықтың сана-сезімін оятуға болады. Әр адам өзіне жауапкершілік ала білуі тиіс. Мәселен, көшеден қоқысты ала салу, табиғи ресурстарды дұрыс пайдалану секілді қарапайым ережелерді өзім де сақтап жүруге тырысамын. Менің экологияға көрсеткен көмегім деп ойлаймын. Табиғи ресурстарды үнемдеп, ақшамыздың жағдайын ойлап отырған жоқпын, бүкіләлемдік экологияға алаңдап отырмын. Біз соны балаларымыздың сана-сезіміне құюымыз қажет. Менен кейін дүниені су басып кетсе де бәрібір деген ой болмау қажет. Менен кейін менің балаларым, немерелерім бұдан да жақсы өмір сүруі керек, ең жақсыны болашақ ұрпаққа қалдыруым керек деп ойлаймын. Жаратылыста бар әр бөлшекті қорғауымыз керек, өйткені ол менен кейін де өмір сүруі қажет, осыдан кейін 100 жылдан, 1000 жылдан кейін де болуы керек. Менің тәуелсіз Қазақстаным менен кейін де өмір сүруі қажет, мен оларға бар жақсыны қалдыруым қажет. Шығарма жазып отырғанда соны ұстануға, сол идеяны жеткізуге тырысамын.

Сұхбаттасқан Әсем Аминова

ИРАН ҚАЗАҒЫ ЖАПАРБАЙ ШАДКАМ: «АТАМЕКЕНГЕ ОРАЛУҒА ТІЛ БАСТЫ КЕДЕРГІ»

Жапарбай Шадкам 1966 жылы Иран ислам республикасының солтүстігіндегі Гүлстан провинциясының орталығы Горган қаласында дүниеге келген. Ол Ирандағы Қазақ радиосында ұзақ жылдар қызмет еткен. Қазіргі таңда зейнеткер.

Жат жұрттағы қандасымыз санкция аймағындағы ел азаматтарының өмірі, орташа жалақы, этникалық қазақтардың жай-күйі, қазақ диаспорасының тарихы туралы айтып берді.



Жапарбай Шадкам Адай руының ішіндегі Көрпеден тарайтынын айтады. Ирандағы қазақтардың басым бөлігі адайлар көрінеді.

«Аталарымыз Иран жеріне 1929-1931 жылдар аралығындағы жасанды ашаршылықтың зардабынан көшіп келген. Маңғыстау облысынан Түркіменстанға, одан әрі Иранға өткен. Түркімен жерінде қалып қойғандары да болыпты. Жолда небір қиындықтарға жолыққан. Түркімен халықтарының тарапынан шабуылдар да болған. Тіпті, қыздарды алып қашқан дейді. Біз осы әңгімелердің шет жағасын өз құлағымызбен естідік. Аталарымыз өздерінің еңбекқорлығының арқасында, бүгінгідей жағдайға жетті», - дейді қандасымыз.

Ирандағы Қазақ радиосында 25 жыл қызмет еттім.

«Иранда орта мектепті бітіріп, одан кейін спорт институтын тәмамдадым. Спорт саласында бірнеше жыл жұмыс істедім. Ирандағы Қазақ радиосы ашылған тұста, диктор әрі аудармашы ретінде жұмысқа орналастық. Қазір зейнет жасындамыз. Жұбайым - Айша Ескелді мектепте бастауыш пәнінің мұғалімі. Кейін жұмысын ауыстырып, мен сияқты Қазақ радиосына аудармашы әрі диктор болды. Екі қызымыз бар. Үлкені 20 жасқа келіп қалды. Кенжеміз сегізінші сынып оқиды», - дейді екі қыздың әкесі.

Жапарбай мырзаның айтуынша, Иран қазақтары елдің барлық салаларында қызмет етіп жүрген көрінеді.

«Елдегі қазақтар әртүрлі кәсіппен шұғылданады. Кейбіреулерінің ауыр техникалары бар. Олар ауыл шаруашылығымен айналысады. Қазіргі кезде қазақтардың әр түрлі салада жүргендері өте көп. Арамызда жоғары білім алған дәрігер, мұғалім, инженер т.б. сала иегерлері бар», - дейді ол.

«Иранда қазақ мектебі жоқ»

Айтуынша, Иранның заңы бойынша тек парсы тілінде ғана білім алуға рұқсат екен.

«Біз сияқты азғантай диаспораларға ондай мүмкіндік жоқ. Ирандағы қазақтар Горган, Гүмбәз-кавуис, Бәндәртүркімен деген қалаларда тұрады. Кейбір жастарымыз жұмыс бабымен Иранның әртүрлі қалаларында жүр. Иранның астанасы – Тегеранда тұратын қазақтар да бар. Өзіміз де жұмыс бабымен Тегеранда 20 жылдан астам тұрдық. Ирандағы қазақтар өз араларында қазақ тілінде сөйлеседі. Бірақ та қоғамда парсы тілін қолданамыз. Иран үкіметінің басқа ұлттарға көзқарасы

жаман емес. Бізде ұлтқа бөлінушілік жоқ. Бәріміздің құжаттарымызға Иран азаматы деп жазған», – дейді ол.

Қандасымыз елдегі қазақтардың өмір сүру жағдайы жаман емес дейді. Тек соңғы кездері Иранның саясатына байланысты Америка мен Батыс елдерінен санкцияға ұшырап жатыр екен.

«Экономикалық жағдайға қарасақ, бізде жағдай мәз емес. Иранның ақшасы күннен-күнге құнсызданып жатыр. Өмір сүру деңгейіміз бұрынғыға қарағанда нашарлаған. Ирандағы былтырғы революциялар көптеген аймақтарда болды. Бірақ ондайға біздің қазақтар араласпайды. Аз ұлттардың ондай толқуларға араласқаны жақсылыққа апармайды ғой. Бір сөзбен айтқанда, билікке қарсы шыққандарға қосылмаймыз», - дейді сұхбат беруші.

Оның айтуынша, Иран қазақтарының нақты саны белгісіз. Шамамен 5-6 мыңға жуық қазақ бар дейді. Иран қазақтарынан шыққан танымал тұлғалар көп.



«Ираннан шыққан танымал тұлғалар ішінде, Қазақстанда көп жылдан бері тұрып жатқан шығыстанушы, дінтанушы, профессор Ислам Жеменейді атап өтетін едім. Ол кісі парсы тілінен қазақ тіліне аударма жасайды. Көптеген кітаптардың

авторы. Өзімнің нағашым, заңгер, қажы Мұхаммед Шадкам бүгінде өмірден өткен. Қазақ әдебиетін тереңінен меңгерген кісі. Абай Құнанбайұлының шығармаларын парсы тіліне аударған. Одан басқа да көптеген еңбектері бар. 5 мыңнан аса

сөздікті құрайтын кітап дайындаған. Өкінішке қарай, қаржылай демеушілік болмай, қолжазба түрінде қалды. Қазақстандағы университеттердің бірінде аманат ретінде сақталып тұр. Атамекеніне оралған Диас Ноғыз деген азаматымыз бар. Қазақстанға кеткеніне 25 жылдай болып қалды. Қазір Ақтау қаласында тұрады. Ағылшын тілінің маманы. Көптеген кітаптарды жарыққа шығарып жатыр.

Иран қазақтарының спорттан да жетістіктері бар. Гүлстан облысынан республика деңгейіндегі жарыстардан топ жарып жүрген жастарымызды айтсақ болады. Иранның бокстан ұлттық командасына қазақ жастары да мүше. Әуесқойлардан кіші футбол арасында өткен 40 команда ішінен Ақтаудағы «Патриот» командасы бірінші орынға ие болды. Сол команда ішіндегі капитаны мен үш футболшы Иранның қазағы. Иранның танымал қазақтарынан есіме түскендері әзірге осы кісілер», - дейді ол.

«Қазақ елшілігіне керек кезде ғана еске түсеміз»

Оның айтуынша, Қазақстан елшілігі бұрыннан Иран қазақтарымен тығыз байланыста болатын. Олар әртүрлі іс-шараларды өткізетін тұста қазақтарды жинаған.

«Қазақстанның тәуелсіздігі немесе наурыз мерекесін атап өтетін кезде біз естеріне түсеміз. Виза алатын болсақ, қазақ екенімізді дәлелдеу үшін Иранның ресми орындарынан анықтама талап етеді. Ираннан атажұртына оралғысы келетін қазақтар көп. Бұрын түрлі жеңілдіктермен көптеген ағайындар көшіп барды. Жастарымыз атамекеніне қыдырып барып, елдің жағдайымен танысып жүр. Қазақстаннан жұмыс тауып, жер алып, үй соғып, отбасыларын көшіріп жатқандары

да бар. Соңғы кездері виза мәселесі шешілмей жатыр. Қазақстанда көш тоқтап қалды десек те болады. Бірақ екі апта арасында екі елде визасыз режим орнаған. Осы уақыт ішінде Қазақстанға орнығып, жағдайымен танысамын дегендерге уақыт өте шектеулі ғой», - дейді зейнеткер.

Қандасымыздың анасы мен інісі, екі қарындасы бүгінде Ақтау қаласында тұрады екен. Иран қазақтары салт-дәстүрге берік.

«Иранда «қазақ мәдени» орталығы жоқ. Бізде аз ұлттарға орталық ашуға кезігетін қиындықтар көп. Орталық ашамыз деп, талай рет ресми орындардың табалдырығын тоздырдық. Бірақ жақын арада мәдени орталығымыз ашылып та қалуы мүмкін. Қазақтар Иранда үлкен жиындарды өткізеді дей алмаймын. Өздерінің той-томалақтарында ғана жиналмаса, үлкен жиындар өтпейді. Ұлттық мерекелерді атап өту үшін бізге мәдени орталығымыз керек. Наурыз мерекесі бізде Қазақстандағыдай жоғары дәрежеде тойланбайды. Бір-бірін құттықтап, үйлерді аралап көрісетіндері де бар. Өзіміздің үйлену тойы, шілдехана, сүндет той, баланы бесікке бөлеу, беташар бәрі де қазақы қалпында өтеді», - дейді алыстағы қандасымыз.

Қазақтар сияқты бұлар да қонақжай

«Иранда таңғы 8-ден бастап адамдар өз жұмыс орындарында болады. Түскі үзіліс түскі сағат 2-ге дейін. Кейбір мекемелер 25-30 жылдан кейін зейнетке шығарады. Иранда зейнетке шығу адамдардың жасына қарамайды. Еңбек өтіліне байланысты зейнетке шыға береді. Сенбіден сәрсенбіге дейін жұмыс күні. Бейсенбі жартылай жұмыс. Жұма күні бізде ресми демалыс. Мұнда төрт мезгіл де бар. Біздің Гүлстанның табиғаты өте жақсы.

Азық-түлік жағынан жетіспеушіліктер жоқ. Иранның өзінде түрлі жеміс-жидек өндіріледі. Сырттан тамақ өнімдері көп келмейді. Орташа жалақы әр жерде әрқалай есептеледі. Шамамен орташа жалақы 200

доллардай (88 мың – авт.) болады.

Иран халқы мен оның жастары елдің демократиялық бағытты ұстанғанын қалайды екен.



«Ирандықтар Америка мен Еуропа елдеріне көп көңіл бөледі. Орталық Азия елдері туралы көп біле бермейді. Алайда Қазақстанға туристер ретінде баратындар бар.

Халық Америка мен Еуропаны жау көрмейді. Жау көретін біздің билік. Олардың саясаты сондай боп тұр», - дейді ол.



«Атажұртқа оралуға кедергілер бар»

Қандасымыз атамекенге оралуға ниеті барын айтады. Бірақ тіл жағынан кедергілер болады деп қорқады.

«Бірақ келешегіміз жастарда ғой.

Жастарымыз Қазақстанның жағдайымен танысып, ата-аналарының рұхсатымен елге көшеді. Қазақстанға оралуға кедергілер бар. Қазақстанда орыс тілін білмейтін адамға өмір сүру қиын. Сондықтан

осы жағын ойлану керек. Тіл жағынан қиындыққа ұшыраған соң, адамға барлығы кері әсер береді. Одан кейін ешкімнің көшкісі де келмейді.

Әрине! Қазақ болғаннан кейін, өз жұртымызға қосылғымыз келеді.

Дегенмен, көріп отырғанымыздай, атажұртымыз тәуелсіздік алғанына қаншама жыл болса да, ана тіліміз өз мәртебесін таба алмаған. Бізге атамекенге оралу, тіл жағынан басты кедергі», - деп сөзін аяқтады ол.

Қадырбек ӘУЛИЕАТА

Дереккөз: stan.kz



يران قازاقى جاپاربای شادكام: «اتامه كەنگە ورالغۇعا ءتل باستى كەدەرگى»

جاپاربای شادكام 1966- جىلى يران يسلام رەسپۇبليكاسىنىڭ سولتۇستىگىندەگى گۇلستان پروۋىنتسىياسىنىڭ ورتالىعى گورگان قالاسىدا دۇنيەگە كەلگەن. ول يرانداق قازاق رادىوسىدا ۇزاق جىلدار قىزمەت ەتكەن. قازىرگى تاڭدا زەينەتكەر. جات جۇرتتاعى قانداسىمىز سانكتسيا ايماعىندا قىل ازاماتتارىنىڭ ءومىرى، ورتاشا جالاقى، ەتىكالىق قازاقتاردىڭ جاي- كۇيى، قازاق دىياسپوراسىنىڭ تارىخى تۇرالى ايتىپ بەردى.

جاپاربای شادكام اداي رۋنىڭ شىندەگى كورپەدەن تارايتىنىن ايتادى. يرانداق قازاقتاردىڭ باسىم بولگى ادايلار كورنەدى.

«اتالارىمىز يران جەرىنە 1929- 1931 جىلدار ارالىعىندا جاساندى اشارشلىقتىڭ زاردابىنان كوشىپ كەلگەن. ماڭعىستاۋ وبلىسىنان تۇركمەنىستانعا، ودان ءارى يرانعا وتكەن. تۇركمەن جەرىندە قالىپ قويغاندارى دا بولپتى. جولدا نەبىر قىندىقتارعا جولققان. تۇركمەن حالقتارىنىڭ تاراپىنان شابۇلدار دا بولعان. ءتپتى، قىزداردى الپ قاشقان دەيدى. ءبىز وسى اڭگىمەلەردىڭ شەت جاعاسىن ۇز قۇلاعىمىزبەن ەستىدىك. اتالارىمىز وزدەرىنىڭ ەڭبەككۈرلىگىنىڭ ارقاسىندا، بۇگىنگىدەي جاعدايعا جەتتى»، - دەيدى قانداسىمىز.

يرانداق قازاق رادىوسىندا 25 جىل قىزمەت ەتتىم

«يراندا ورتا مەكتەپتى ءبىتىرىپ، ودان كەيىن سپورت ينستىتۇتىن ءتامامدادىم. سپورت سالاسىندا بىرنەشە جىل جۇمىس ىستەدىم. يرانداق قازاق رادىوسى اشىلعان تۇستا، دىكتور ءارى اۋدارماشى رەتىندە جۇمىسقا ورنالاستىق. قازىر زەينەت جاسىندامىز. جۇبايىم - ايشا ەسكەلدى مەكتەپتە باستاۋىش ءپانىنىڭ مۇعالىمى. كەيىن جۇمىسىن اۋىستىرىپ، مەن سياقتى قازاق رادىوسىنا اۋدارماشى ءارى دىكتور بولدى. ەكى قىزىمىز بار. ۇلكەنى 20 جاسقا كەلىپ قالدى. كەنجەمىز سەگىزىنشى سىنىپ وقىدى»، - دەيدى ەكى قىزدىڭ اكەسى.

جاپاربای مىرزانىڭ ايتۋىنشا، يران قازاقتارى ەلدىڭ بارلىق سالالارىندا قىزمەت ەتىپ جۇرگەن كورنەدى.

«ەلدەگى قازاقتار ءارتۇرلى كاسىپپەن شۇعىلدانادى. كەيىرەۋلەرىنىڭ اۋىر تەحنىكالىرى بار. ولار اۋىل شارۋاشىلىعىمەن اينالىسادى. قازىرگى كەزدە قازاقتاردىڭ ءارتۇرلى سالادا جۇرگەندەرى وتە كوپ. ارامىزدان جوعارى ءبىلىم الپ دارىگەر، مۇعالىم، ينجەنەر ت.ب. سالا يەگەرلەرى بار»، - دەيدى ول.

«يراندا قازاق مه‌كته‌بى جوق»

ايتۇنشا، يراننىڭ زاڭى بويىنشا تەڭ پارسى تىلىندە عانا بىلىم ئۇغا رۇقسات ەكەن. «بىز سىياقتى ازغانتاي دىياسپورالارغا ونداي مۇمكىندىك جوق. يرانداى قازاقتار گورگان، گۇمباز-كاۋۇس، باندار-تۈركمەن دەگەن قالالاردا تۇرادى. كەيىر جاستارمىز جۇمىس بابىمەن يراننىڭ ارتۇرلى قالالارىندا ءجۇر. يراننىڭ استاناسى - تەگەراند تۇراتىن قازاقتار دا بار. ۈزىمىز دە جۇمىس بابىمەن تەگەراند 20 جىلدىن استام تۇردىق. يرانداى قازاقتار ۈز ارالارىندا قازاق تىلىندە سويلەسەدى. بىراق تا قوعامدا پارسى تىلىن قولدانامىز. يران ۈكىمەتنىڭ باسقا ۇلتتارغا كوزقاراسى جامان مەس. بىزدە ۇلتقا بولىنۋىشلىك جوق. بارىمىزدىڭ قۇجاتتارىمىزغا يران ازاماتى دەپ جازغان»، - دەيدى ول.

قانداسىمىز ەلدەگى قازاقتاردىڭ ۈمىر ءسۈرۈ جاعدايى جامان مەس دەيدى. تەڭ سوڭعى كەزدەرى يراننىڭ ساياساتىنا بايلانىستى امەريكا مەن باتىس ەلدەرىنەن سانكتسىيە ۇشراپ جاتىر ەكەن.

«هكونوميكالىق جاعدايعا قاراساق، بىزدە جاعداي ءماز مەس. يراننىڭ اقشاسى كۈنەن-كۈنگە قۇنسىزدانىپ جاتىر. ءومىر ءسۈرۈ دەگەگەيىمىز بۇرىنعى قاراعاندا ناسارلاعان. يرانداى بىلىتىرى رەۋوليۇتسيالار كوپتەگەن ايماقتاردا بولدى. بىراق وندايعا ءبىزدىڭ قازاقتار ارالاسپايدى. از ۇلتتاردىڭ ونداى تولقۇلارعا ارالاسقانى جاقسىلىققا اپارمايدى عوي. ءبىر سوزبەن ايتقاندا، بىلىككە قارسى شىققاندارعا قوسىلمايمىز»، - دەيدى سۇحبات بەرۋشى.

ونىڭ ايتۋىنشا، يران قازاقتارىنىڭ ناقتى سانى بەلگىسىز. شامامەن 5-6 مىڭغا جۇىق قازاق بار دەيدى. يران قازاقتارىنان شىققان تانىمال تۇلعالار كوپ.

«يرانان شىققان تانىمال تۇلعالار ئىشىنىدىغان، قازاقستاندا كۆپ جىلدان بەرى تۇرۇپ جاتقان شىعىستانۇشى، ئىدىئەتۇشى، پروفەسسور يىسلام جەمەنەيدى اتاپ وتەتىن ەدىم. ول كىسى پارسى تىلىنەن قازاق تىلىنە اۋدارما جاسايدى. كۆپتەگەن كىتاپتاردىڭ اۆتورى. ءوزىمنىڭ ناعاشىم، زاڭگەر، قاجى مۇحاممەد شادكام بۇگىندە ومىردەن وتكەن. قازاق ادەبىيەتىن تەرەڭىنەن مەڭگەرگەن كىسى. اباي قۇنانباي ۇلىنىڭ شىعارمالارىن پارسى تىلىنە اۋدارغان. ودان باسقا دا كۆپتەگەن ەڭبەكتەرى بار. 5 مىڭنان اسا سوزدىكتى قۇرايتىن كىتاپ داينىدىغان. وكىنىشكە قاراي، قارجىلاي دەمەۋىشلىك بولماي قولجازبا تۇرىندە قالدى. قازاقستانداغى ۇنيۋەرسىتەتتەردىڭ بىرىندە امانات رەتىندە ساقىتالىپ تۇر. اتامەكەنىنە ورالغان دىياس نوعىز دەگەن ازاماتىمىز بار. قازاقستانغا كەتكەنىنە 25 جىلداي بولىپ قالدى. قازىر اقتاۋ قالاسىندا تۇرادى. اعىلىش تىلىنىڭ مامانى. كۆپتەگەن كىتاپتاردى جارىققا شىعارىپ جاتىر.

يران قازاقتارنىڭ سپورتتان دا جەتستىكتەرى بار. گۇلستان وېلىسنان رەسپوبلىكا دەڭگەيندەگى جارىستاردان توپ جارىپ جۇرگەن جاستارمىزدى ايتساق بولادى. يراننىڭ بوکستان ۇلتتىق كوماندا سنا قازاق جاستارى دا مۇشە. اۋەسقويلاردان كشى فۇتبول اراسندا وتكەن، 40 كوماندا شىنەن اقتاۋداعى "پاتريوت" كوماندا سى بىرىنشى ورنىغا يە بولدى.

ونىڭ ايتۇنىشا، قازاقستان ەلىلىگى بۇرىننان ىران قازاقتارىمەن تەبىز بايلانىستا بولاتىن. ولار ءاتۇرلى ءىس-شالاردى وتكىزەتىن تۇستا قازاقتاردى جىنانان.

«قازاقستاننىڭ تاۋەلسىزدىگى نەمەسە ناۋرىز مەرەكەسىنى ئاتاپ وتەتتىن كەزدە، ئېزىستەرىنە تۈسەمىز. ۋىزا لاتىن بولساق، قازاق ەكەنمىزدى دالەلدەۋ ئۇشىن يراننىڭ رەسمىي ورنىدارىنان انىقتاما تالاپ ەتەدى. يراننان اتاجۇرتىنا ورالعىسى كەلەتتىن قازاقتار كوپ. بۇرىن ئۇرلى جەڭلىدىكتەرمەن كوپتەگەن اعايندار كوشپ باردى. جاستارىمىز ائامەكەننە قىدىرىپ بارىپ، ەلدىڭ جاعدايمەن تانىسىپ ءجۇر. قازاقستاننان جۇمىس تاۋىپ، جەرلىپ، ئۇي سوعىپ وتباسىلارنىڭ كوشىرىپ جاتقاندارى دا بار. سوڭعى كەزدەرى ۋىزا ماسەلەسى شەشىلمەي جاتىر. قازاقستاندا كوش توقتاپ قالدى دەسەك تە بولادى. بىراق ەكى اپتا اراسىندا ەكى ەلدە ۋىزاسىز رەجىم ورنالغان. وسى ۋاقىت شىندە قازاقستانعا ورنىعىپ، جاعدايمەن تانىسامىن دەگەندەرگە ۋاقىت وتە شەكتەۋلى عوي»، - دەيدى زەينەتكەر.

قانداسىمىزدىڭ اناسى مەن ئىنىسى، ەكى قارىنداسى بۇگىندە اقتاۋ قالاسىندا تۇرادى كەن. يران قازاقتارى سالت-داستۇرگە بەرىك.

«يىراند» «قازاق مادەنى» ورتالىقى جوق. بىزدە از ۇلتتارعا ورتالىق اشۇعا كەزىگەتەن قىيىندىقتار كوپ. ورتالىق اشامىز دەپ، تالاي رەت رەسمىي ورىنداردىڭ تابالدىرىعىن توزدىردىق. بىراق جاقىن ارادا مادەنى ورتالىعىمىز اشىلىپ تا قالۋى مۇمكىن. قازاقتار يىراند ۇلكەن جىيىنداردى وتكىزەدى دەي المايمىن. وزدەرىنىڭ توي-توماللاقتارىندا عانا جىنالماسا، ۇلكەن جىيىندار وتپەيدى. ۇلتتىق مەرەكەلەردى اتاپ ءوتۋ ءۇشىن، بىزگە مادەنى ورتالىعىمىز كەرەك. ناۋرىز مەرەكەسى بىزدە قازاقستاندىي جوعارى دارەجەدە تويىلانبايدى. ءبر-ءبرىن قۇتتىقتاپ، ۇيلەردى ارالاپ كورسەتىندەرى دە بار. ءوزىمىزدىڭ ۇيلەنۋ تويى، شىلدەحانا، سۇندەت توي، بالانى بەسكەككە بولەۋ، بەتاشار ءبارى دە قازاقى قالپىندا وتەدى»، - دەيدى المستاعى قانداسىمىز.

«يېزىلغاندا تاغى 8-دەن باستاپ ادامدار ۈز جۇمىس ورىندارىندا بولادى. تۇسكى ۈزىلىس تۇسكى ساعات 2-گە دەيىن. كەيىر مەكەملەر 25-30 جىلدان كەيىن زەينەتكە شىعارادى. يېزىلغاندا زەينەتكە شىعۇ ادامداردىڭ جاسىنا قارامىدى. ەڭبەك وتىلىنە بايلىنىستى زەينەتكە شىعا بەردى. سەنىدەن سارسەنىگە دەيىن جۇمىس كۈنى. بەيسەنبى جارتىلاي جۇمىس. جۇما كۈنى بىزدە رەسمى دەمالىس. مۇندا ءتورت مەزگىل دە بار. ۈزىلدىڭ گۈلىستاننىڭ تايىعاتى وتە جاقسى.

ازىق-تۇلىك جاعىنان جەتسە ۋەشلىكتەر جوق. يراننىڭ وزىنەن تۇرلى جەمس-جىدەك ۋەندىرىلەدى. سىرتتان تاماق ۋەندەرى كۆپ كەلمەيدى. ورتاشا جالاقى ۋار جەردە ارقالاي ەسەپتەلەدى. شامامەن ورتاشا جالاقى 200 دوللاردى (88 مىڭ - اۆت). بولادى. سوزىنشە، يران حالقى مەن ۋەنىڭ جاستارى ەلدىڭ دەموكراتىيالىق باعىتتى ۇستانعانىن قالایدى ەكەن.

«يراندىقتار امەرىكا مەن ەۋروپا ەلدەرىنە كۆپ كۆڭىل بۆلەدى. ورتالىق ازيا ەلدەرى تۇرالى كۆپ بىلە بەرمەيدى. الايدا قازاقستانغا تۇرىس رەتىندە باراتىندار بار. حالقى امەرىكا مەن ەۋروپانى جاۋ كۆرمەيدى. جاۋ كۆرەتىن ەبىزدىڭ بىلىك. ولاردىڭ ساياساتى سونداي بۆپ تۇر»، - دەيدى ول.

«اتاجۇرتقا ۋالۋعا كەدەرگىلەر بار»

قانداسىمىز اتامەكەنگە ۋالۋعا نىيەتى بارىن ايتادى. بىراق ەتىل جاعىنان كەدەرگىلەر بولادى دەپ قورقادى.

«بىراق كەلەشەگىمىز جاستاردا عوي. جاستارىمىز قازاقستاننىڭ جاعدايىمەن تانىسىپ، اتا-انالارىنىڭ رۇحساتىمەن ەلگە كوشەدى. قازاقستانغا ۋالۋعا كەدەرگىلەر بار. قازاقستاندا ورس ەتىلىن بىلمەيتىن ادامعا ەۋمىر ەسۇرۋ قىيىن. سوندىقتان ۋسى جاعىن ۋيلانۋ كەرەك. ەتىل جاعىنان قىيىندىققا ۇشراغان سوڭ، ادامعا بارلىعى كەرى اسەر بەرەدى. ودان كەيىن ەشكىمنىڭ كوشكىسى دە كەلمەيدى.

ارينە! قازاق بولعاننان كەيىن، ەۋز جۇرتىمىزعا قوسىلىمىز كەلەدى. دەگەنمەن كۆرپى وتىرعانىمىزدى، اتاجۇرتىمىز تاۋەلسىزدىك العانىنا قانشاما جىل بولسا دا، انا ەتىلىمىز ەۋز مارتەبەسىن تابا الماعان. بىزگە اتامەكەنگە ۋالۋ، ەتىل جاعىنان باستى كەدەرگى»، - دەپ ەسوزىن اياقتادى ول.

قادىربەك اۋلىيەاتا دەرەككوز: stan.kz

ОМАРӘЛІ ӘДІЛБЕКҰЛЫ: «МЕМЛЕКЕТІМІЗ ЭТНИКАЛЫҚ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТАРИХИ ОТАНЫНА ҚОНЫС АУДАРУЫН ЖАН-ЖАҚТЫ ҚОЛДАП ОТЫР»



«Елге ел қосылса – құт» дейді халқымыз. Тәуелсіздік таңы атқалы бері шет елдердегі қандастарымыз атамекенге оралуға мүмкіндік алды. Ресми мәліметтер бойынша, отыз жылда бір миллионнан астам қазақ туған жерімен қауышып, осы елдің азаматы атанды. Халқымыздың жан саны көбеюімен қатар, ұлт болып ұйысуымызға, салт-дәстүріміздің жанданып, ұлттық өнер мен мәдениеттің өрісі кеңеюіне қандастардың қосқан үлесі зор. Қандастар көші қазір жаңа деңгейде жалғасып жатыр. Көші-қон ісімен айналысатын Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Алматы филиалының төрағасы, «Отандастар» қорының Алматы қалалық фронт-кеңсе сарапшысы Омарәлі Әділбекұлымен сұхбатымызда қазақ көшінің кешегі және бүгінгі жай-күйі туралы сөз қозғалды.

– Көші-қон үдерісінің бір түрі репатриация, яғни басқа мемлекеттерде өмір сүріп жатқан қандастарымыздың тарихи отанына оралуы екені белгілі. Еліміз егемендік алғаннан бері бұл процесс мемлекеттік саясат аясында дәйекті түрде жүргізіліп келеді. Тарихи отанына оралған қазақтар демографиялық ахуалымызды жақсартумен қатар, елдің экономикалық және интеллектуалдық әлеуетіне үлес қосты. Әлбетте, көші-қон ұзақ мерзімдік үдеріс, сондықтан да осы істің тарихын бір шолып өтсек.

– Қазақстан – өз ұлтының шет елдердегі өкілдерінің тарихи отанына оралуын қамтамасыз еткен әлемдегі төрт елдің бірі. Олар: Германия, Израиль, Ресей және біздің еліміз, ал Орталық Азияда репатриациямен айналысқан бірден-бір ел Қазақстан. Ресми есеппен елге 1 миллион 180 мың қазақ көшіп келді деп отырмыз, бұл әрине, тәуелсіздіктің арқасында қабылданған батыл шешім.

Жалпы қазақ көші бірнеше кезеңде жүргізілді. Бір ғана XX ғасырдың басында небір төңкеріс, репрессия, аштық, қуғын-сүргіннен жаны да, тәні де жараланып, жан саны кеміген ұлтымыздың бір бөлігі тағдырдың талайымен алыс-жақын шет елдерге қоныс

аударуға мәжбүр болды. Одан бөлек, шекаралар шегенделген тұста тарихи мекенінде қалып қойған бауырларымыз бар. Олардың барлығы шетел азаматына айналғаны мәлім. Алғаш рет, ресми түрде, 1957 жылы және 1962 жылы Бақты, Қорғас шекаралары арқылы Қытайдан екі дүркін көш келді. Бұл көшпен келген қазақтар көп ұзамай тарихи атамекеніне сіңісіп кетті.

1976 жылы қыркүйек айында «Отан» қоғамы (кейін «Қазақстан» қоғамы деп аталды) құрылды. Қоғамның төрағасы болып ҚР Ұлттық ғылым академиясы Тіл институтының директоры, академик Смет Кеңесбаев тағайындалса, Қазақ КСР Министрлер кеңесі төрағасының орынбасары Шәңгерей Жәнібеков жаңа қоғамның ұйымдық және қаржылық мәселелерін шешумен айналысты. «Қазақстан» қоғамы өз жұмысын шетелде өмір сүріп жатқан қазақтардың жағдайын зерттеуден бастады. Зиялы қауым өкілдерімен тікелей байланыс орнатып, хат-хабар алысты. Оларды атамекенді аралап қайтуға, қонаққа шақырды. Осы жылдары Ахмет Байтұрсынұлының төте жазуы негізіндегі «Шалқар» халықаралық газеті оқырмандарына жол тартты. Газеттің бас редакторы алғашында Мұса Дінішев болса, кейін Қытайдан 1960 жылдары келген қандасымыз Уақап Қыдырханұлы басқарды. 1982 жылы «Атамекен» теле-радио хабарлары тікелей эфирге шықты. Осылайша, алыстағы ағайын атамекеннің жаңалықтары жайында күнделікті хабар алып отыратын жағдайға жетті. Дәстүрлі ән мен күй тыңдап, сартап сағынышын басты.

Бұл Кеңестер одағының қатал саясаты жібіп, сең бұзыла бастаған кез еді. 1990 жылы қазанның 12-і күні Қазақ КСР-нің 70 жылдық мерейтойы салтанатпен тойланғанда сегіз елден 22 этникалық қазақ арнайы шақырумен келіп, тарихи сәттің куәсі болды. Осыдан былай атажұрттан жырақтағы бауырларымызға жол ашылды. Шетелдегі қазақ диаспорасының перзенттері Қазақстандағы жоғары оқу орындарына білім алу мүмкіндігіне ие болды. Қазақ мемлекеттік университетінде оқитын (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) шетелдік қандас студенттердің саны көбейді.

1991 жылы наурызда белсенді азаматтардың ұйытқы болуымен Моңғолиядан 70 адам елге қоныс аударды. Олар елге еңбек күшін тарту шартымен келген еді. 1992 жылы Дүниежүзі Қазақтарының құрылтайын өткізу мақсатында ел қазынасынан 28 миллион сом бөлінді. Жазушылар одағы, республикалық «Қазақстан», «Қазақ тілі» қоғамдық ұйымдары, бүкіл елге танымал тұлғалар мен үкімет мүшелерін қамтыған 35 адам құрылтай құрамына кірді. Құрылтай бірнеше күн бойы жоғары деңгейде өтті. Жиын нәтижесінде «Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы» деген ұйым құрылып, төрағасы сол кездегі Президент Н.Ә.Назарбаев, төрағаның бірінші орынбасары болып жазушы Қалдарбек Найманбаев тағайындалды. Көп ұзамай шетелдегі қазақ диаспорасының өкілдеріне арналған әлеуметтік-этникалық жеңілдіктер қабылданды. 1996 жылы желтоқсанның 31-і күні Қазақстан Президентінің «Шетелде тұратын отандастарымызды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлығы шықты. Осы тарихи құжат аясында көптеген іс-шаралар жүзеге асырылды. Бес жылдық бағдарламалар қабылданды. Еліміз нарықтық қатынастарға көшіп жатқан күрделі кезеңге қарамастан, атамекенге оралғысы келетін қазақтарға жағдай жасала бастады. Шетелдегі жастарды атамекенге тарту, оларды елге бейімдеу үшін оқу орындарында даярлық курстары ашылды. Мәселен, Қыздар педагогикалық институтында ректор Шәмша Беркімбаеваның ықпалымен осындай курс ашылып, көптеген ұл-қыз өз отанына оқуға келді. Бұл істің жүзеге асуы

Қалдарбек Найманбаев, Шәмша Беркімбаева, Гүлша Тәңірбергенова сияқты тұлғалардың арқасы еді. Қалдарбек Найманбаев жаңа ұйымның аяғынан нық тұруына көп еңбек сіңірді. Кеңсе табу, штат бекіту жұмыстарымен айналысты. Қандастар тұратын елдің бәріне – Моңғолияға, Иранға, Қытайдың Ганьсуына дейін барып, бауырларымыздың тұрмыс-тіршілігін, жағдайын өз көзімен көрді, көкейкесті мәселелерін біліп, үкіметке ұсыныстар берді.

Қазақтың атамекенге көші-қоны XX ғасыр соңындағы үлкен құбылыс, ел тарихындағы айтулы оқиға болды. Міне, осы үрдіс әлі күнге жалғасып келеді.

– Көші-қон туралы заң 1997 жылы қабылданды, ол қазақ тілінде жазылған алғашқы заң болатын. Қазір көші-қон үдерісі қандай заңнамаға сүйенеді?

– Қазір әлемде қалыптасқан жағдайға қарай халықаралық заңнамалар өзгерді. Геосаяси ахуал күрделеніп, жаңа шиеленіс ошақтары пайда болды, т.б. Батыс саясаткерлері «ендігі қақтығыс мәдениет пен діндер арасында болады» деген еді бір кезде, қазір соның белгісін айқын көріп отырмыз. Сондықтан әр саладағы заңнамалар уақыт талабына сай түзетіп отыруды қажет етеді.

Көші-қон туралы алғашқы заң қауымдастықты Қалдарбек Найманбаев басқарып тұрған тұста қабылданды. Алыс-жақын шетелдегі бүкіл қандастарымыз жүрегі лүпілдей күткен құжатты әзірлеуге Ботагөз Уатқан Қауымдастық атынан бастамашы болды және Алмас Ахметбекұлы, Қайрат Бодауқанұлы, Абай Мауқараұлы, Рақым Айыпұлы сияқты азаматтар белсене кірісті. Олар Парламент депутаты Әкім Ысқаққа кеңесші болып, бір кісідей атсалысты. Бірлескен еңбектің нәтижесінде аталған маңызды құжат қабылданып, ұлы көштің елге бет түзеуіне заңдық негіз болды.

Бұл заң өз міндетін толығымен атқарды. 2011 жылы «Халықтың көші-қоны туралы» басқа заң қабылданды, ол еліміздің көші-қон саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеп, көші-қон процестерінің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін айқындап берді. 2020 жылы «оралман» сөзі «қандас» сөзімен ауыстырылды, басқа да өзгертулер енгізілді. Қазір осы заң қолданыста. «Халықтың көші-қоны туралы» заңының 3-бабында көрсетілгендей, шет елдердегі қазақтар Қазақстанға: біріншіден, тарихи отанына оралу мақсатында; екіншіден, отбасын біріктіру мақсатында; үшіншіден білім алу мақсатында көшіп келуіне болады. Мемлекетіміз этникалық қазақтардың тарихи отанына қоныс аударуын жан-жақты қолдап отыр.

– Омаралы Әділбекұлы, сіз «Отандастар қоры» қоғамының Алматы филиалында қызмет атқарасыз. Жалпы бұл қоғам қандай қызметпен айналысады? Дүниежүзі қазақтары қауымдастығынан айырмашылығы неде?

– «Отандастар қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайынан кейін, 2018 жылы құрылды. Мақсаты – шетелдегі отандастарымызға жан-жақты қолдау көрсету, мәдени-рухани қолдау сипатындағы шараларды іске асыру, көшіп келуіне, бейімделуіне көмектесу. Қор қазір Сыртқы істер министрлігіне қарайды. Бұдан бұрын Сыртқы істер министрлігі мен Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің аясында қызмет атқарды. Әлемнің әр түкпірінде жүрген әрбір қазақтың басын қосатын киелі атамекені, қасиетті Отаны бар екенін білдіретін бұл қор құрылғалы бері жан-жақты, жүйелі жұмыс атқарып келеді. Мысалы, 2023 жылы осы қоғамның ұйымдастыруымен Астана қаласында Отандастар форумы өтті, оған шет елдерде тұратын табысты, қоғамда белсенді отандастарымыз қатысты. Алқалы жиында

шетелдегі қазақтардың көкейтесті мәселелері мен келешегі талқыланды.

Қазақстанға қоныс аударған қандастарға ақпараттық қолдау көрсету, кеңес беру мақсатында «Отандастар қоры» қоғамы жанынан «Қандастарды ақпараттық қолдау» орталығы құрылған. Облыс орталықтарында, Алматы мен Астанада фронт-кеңселері бар, мұнда әр қандастың мұң-мұқтажын тыңдап, өтінішін қараймыз, кеңес беріп, бағыт-бағдар сілтейміз.

Ал Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы – республикалық дәрежедегі қоғамдық ұйым, сол себепті бюджеттен қаржы алмайды. Қауымдастық алыс-жақын шетелдердегі ағайынмен байланыс жасап, тарихи отанына көшіп келген қандастарға қолынан келген жәрдемін жасап келеді. Көрші ел Ресейде репатриациялық саясат бойынша шетелдегі отандастарымен жұмыс істейтін үш ұйым болса, Қытайда бес ұйым бар, оларды мемлекет қаржыландырады. Сондықтан Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы мен «Отандастар қоры» қоғамының қызметі бірін-бірі қайталайды деуге келмейді.

– Ұйым көптік етпейді дейсіз ғой. Олай болса, қазіргі уақытта көші-қон саласында қандай өзгерістер, жаңалықтар болып жатқанын айтсаңыз.

– Адам ылғи алға қарайды, өзінің тұрғысынан қарайды. Әркімнің өз шындығы бар, бірақ ақиқат біреу. Сол себепті, көш тоқтады деген бос әңгіме. Рас, қандастар көші керемет табысқа жетті, даму барысында белгілі бір өзгерістер де болып жатыр. Қандастарға арналған квоталар арнайы аймақтарға бөлінетін болды. Мысалы, Алматыда ресми түрде 2,5 миллион адам тұрады, еліміздің ірі қаржы және мәдениет орталығы, Орталық Азиядағы ең үлкен шаһар. Жалпы Қазақстанда урбанизация қарқыны өте жоғары, 62% маңайында. Соған сәйкес, қазір Алматы және Астана қалаларына берілетін квоталар тоқтатылған. Есесіне, арнайы ішкі-сыртқы көші-қон аймақтары белгіленіп, оған бөлінетін квота көбейді.

Көшіп келумен қатар, елге келген қазақтарды сіңістіру, бейімдеу деген бар. Мысалы, Иран, Қытай, Ауғанстаннан келген қазақтар орыс тілін білмейді, кириллица жазуын танымайды. Оларға тиісінше көмек көрсетеміз.

Қандастарға берілетін квота сегіз облысты қамтиды, оның ішінде Шығыс Қазақстан, Абай облысы, солтүстікте төрт облыс, батыста екі облыс бар. Бұл негізінен демографиялық жағынан қолдауды қажет ететін, еңбек күшіне сұраныс бар аймақтар. Осы облыстарға барған адамдарға қандас куәлігі еш талапсыз беріледі, тек құжаты дұрыс болуы керек. Сондай-ақ, әр отбасыға жан санына қарай материалдық қолдау көрсетіледі, жәрдемақы тағайындалады.

– Қазір қандас куәлігін неше күнде алуға болады?

– Бұрын үш күнде алатын, қазір енді барлығы электронды нұсқаға көшіп жатыр. Елімізде цифрландыру қарқыны өте жақсы, бірақ оның бір түйткілі бар, ол ұлтын анықтауға қатысты мәселе. Мысалы, Иран мен Ауғанстанда жеке құжатқа азаматтардың ұлты жазылмайды, сондықтан олардың ұлтын анықтау қиын. Бұрын Иранда ақсақалдар мешітке жиналып, руын сұрастыра келе қазақ деген пәтуа жасайтын, соның негізінде елге келуге болатын. Ал қазір электронды өкіметке өткен соң, діни негіздегі уәждер қабылданбайды. Адамның жеке басын куәландыратын құжаттарда, үміткерлердің ұлтын растайтын тиісті жазба болмаған жағдайда көші-қон мәселесі туындайды. Оны шешу үшін Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға үміткер адамдардың ұлты қазақ екені жөніндегі мәселелерді қарайтын комиссиялар бар, олар облыстардың,

Астана мен Алматының жергілікті атқарушы органдарының жанынан құрылған. Оның құрамына мәслихат депутаттары, мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіреді. Мен Алматыдағы осындай комиссияның мүшесімін. Бұл комиссиялар үміткерлерге қандас куәлігін берумен, қандастарды жаңа ортаға бейімдеу және басқа міндеттермен айналысады.

Тарихи отанына оралған азамат тиісті орындарға өтініш берген соң ол комиссия мүшелерінің отырысында қаралады. Ұсынылған ақпаратты жан-жақты қараймыз, өмірбаянымен танысамыз, сұрақ туындаған жағдайда ол адамды шақырып әңгімелесеміз, тегін, руын сұраймыз. Өйткені бұл біз үшін үлкен жауапкершілік. Құжаты дұрыс, бәрі талапқа сай болса жылдам қабылданып, тиісті куәлігін алады. Қазір 35 жұмыс күні шамасында қандас куәлігіне ие болады. Комиссия ай сайын арнайы отырыс жасап, өтініштерді қарайды.

– **Қандас куәлігін алған отандасымыз қандай құқықтарға ие?**

– Қандас ретінде елде еркін жүріп-тұрады, жеңілдетілген тәртіппен 45 күнде азаматтық алады. Ал басқа шетелдіктер Қазақстан азаматтығын алу үшін қойылатын арнайы шарттар бар, мысалы, елімізде бес жыл тұруы керек, банкте сақталған қаражаты болуы керек дегендей.

– **Өткен жылы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі «Құтты мекен» жобасын іске қосты. Бұл жобаның қандастарға қандай көмегі бар?**

– «Kutty meken» жобасы «қандас» мәртебесін алуды жеңілдетуге арналған. Айтып өткеніміздей, қазір барлық салада цифрландыру жүріп жатыр, еліміз бұл жағынан әлемде алда келеді. «Kutty meken» – этникалық қазақтарға қандас мәртебесін беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсететін мобильді қосымша. Шетелде жүрген этникалық қазақтар Қазақстанға арнайы келмей-ақ, «қандас» мәртебесін алуға өтініш бере алады.

Одан бөлек, шетелде бизнес, өнер, ғылым, спорт саласында табысқа жеткен қандастарымызға арналған «Ата жолы» картасы бар. Бұл картаға ие болған бауырларымыз Қазақстанда тұруға, білім алуға, кәсіп жүргізуіне және басқа құқықтарға ие болады. «Ата жолы» картасының артықшылығы – этникалық қазақ қай өңірге, қай қалаға қоныстанатынын өзі таңдайды. Қазіргі уақытта осы карта иелерінің азаматтық алуын жеңілдету мәселесі қарастырылып жатыр. «Ата жолы» картасын алған елуден астам қандас ел экономикасы мен мәдениетіне қызмет етіп жүргенін білеміз.

– **1990 жылдары көш қарқын алған кезде атамекенге ең алдымен бет бұрған зиялы қауым санатындағы азаматтар, ғылым, өнер, мәдениет, әдебиет өкілдері болатын. Қазір ше, осы үрдіс сақталып отыр ма?**

– Қазір елімізге көшіп келіп жатқан қандастар арасында кәсіп, бизнес өкілдері, жаңа технология мамандары көптеп кездеседі. Мәселен, жуырда Қытайдан бір қазақ жігіті келді. Ол Шынжын қаржы орталығында жұмыс істеген, тәжірибелі кәсіпкер екен. Біз оған Астанадағы халықаралық қаржы орталығына орналасуына болатынын айтып, жөн сілтедік. Ол жігіттің әйелі Бейжінде кәсіби білім алған өнер адамы екен, Шынжында би мектебін ашыпты. Ерлі-зайыпты екеуі де Қазақстаннан орын теуіп, кәсібін дөңгелетіп алып кететіні анық. Мұндай азаматтар жеткілікті. Жалпы Қытайда соңғы 40 жылда қазақ кәсіпкерлерінің екі буыны өсіп-жетілді. Қытай қазір әлемдегі экономикасы мен технологиясы дамыған алып ел екені белгілі. Ол елде қаржылық мүмкіндігі мол қазақ кәсіпкерлері көп, олар да ат басын атамекенге тірегісі келеді. Олар келсе, еліміздің

экономикалық әлеуетін нығайта түсері анық.

– Сіз қазір құжат рәсімдеу, өтініш беру цифрлы түрде жүргізіледі дедіңіз, бұл орыс тілін білмейтін, кириллицаны танымайтын қандастарға қиындық тудырмай ма?

– Қазір барлығы «бір терезе» қағидасы негізінде атқарылады. Бұл құжат ресімдеуді жеңілдету ғана емес, әрі сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың бір жолы. Бір кездері көші-қон саласында құжат рәсімдеуге көмектескені үшін ақша алу көріністері, заң бұзушылықтар болғаны рас. Ал қазір құжат жөндеп береміз деп ешкім өз қызметін ұсына алмайды, ешқандай басшының есігін қағып, кезекке тұрудың қажеті жоқ. Ең бастысы, құжатың дұрыс, талапқа сай болса болды. «Отандастар қоры» қоғамының атажұртқа қоныс аударушы этникалық қазақтарға арналған erulik.kz деген сайты бар, мұнда көші-қонға қатысты бүкіл ақпарат берілген. Құжат алу тәртібінен бастап, қандастардың құқығы мен міндеті, квотаға өтініш беру, азаматтық алу, жұмысқа тұру, оқу орнына қалай түсуге болады, соның барлығы мәтін және бейнеролик түрінде ұсынылған. Кез келген адамның түсінуіне ыңғайлы. Сайттағы ақпарат қазақша, ағылшынша, орысша және төте жазумен берілген. Қандастардың қоныстануына арналған маңызды аймақтар туралы ақпарат та осында, ол өңірдің тарихы мен табиғаты, халқы, бос жұмыс орындары туралы мәліметті осы сайттан табады. Сондықтан электронды қызмет көрсету еш қолайсыздық тудырмайды.

– Қазір қандастар арасында елімізге қандай мемлекеттерден қоныс аударушылар басым?

– «Отандастар» қорының мәліметіне сәйкес, 2023 жылы 20 мыңнан астам қандасымыз қазақстандық атанды. Қандастардың тең жартысынан астамы Өзбекстаннан келді, одан кейін Ресейден көшіп келгендер басым болды. Ал биыл келіп жатқан қандастардың 40-50 пайызы Қытайдан.

– Тарихи отанына оралған қазақтар еліміздің жан санын арттырып қана қоймай, ұлттық бірегейлікті нығайтуға ерекше үлес қосып келеді. Бұл қазіргі жаһандану заманында өте өзекті мәселе екені белгілі. Әрбір ел өзінің төлтума мәдениеті мен әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін сақтап қалуға, болашақ ұрпағына табыстауға ұмтылып жатыр. Осы ретте бірегейлікті бекемдеудегі қандастардың рөлі қандай?

– Тәуелсіздік қарсаңында қазақ өз елінде азшылыққа айналған еді, қазір міне титулды ұлттың үлесі 70 пайыздан асты. Мұнда қандастардың да зор үлесі бар. Соның ішінде, әсіресе, Алматының қазақтануын ерекше атап айтар едік. Қазіргі уақытта Алматыда тіркелген 219 мың қандас бар, бұл қала тұрғындарының 5 пайызға жуығы. Олар түрлі салада қызмет етіп, ел дамуына атсалысып жүр.

Тарихи отанына оралған қазақтардың алдыңғы буынында мақтан тұтатын азаматтар өте көп. Ата-бабамыз ұстанған ислам дінінің қайта оралуы туралы айтқанда, Халифа Алтай есімін үлкен құрметпен атаймыз. Қасиетті Құранды қазақ тіліне аударған ақсақал еліміздің руханиятына хал-қадерінше еңбек етіп, көп мұра қалдырды. Ақын-композитор Ермұрат Зейіпхан Алмас Ахметбекұлының сөзіне жазған «Көк тудың желбірегені» әнін әр қазақ әрдайым тебірене тыңдайды. Ғылым мен әдебиетте қаншама қандасымыз бар.

Спортшылар Қанат Исләм мен Бақыт Сәрсекбаев шетелдегі үлкен сайыстарда көк туымызды желбіретті. Ғылымда Зардыхан Қинаятұлы ағамызды ерекше атап айтар едік. Моңғолияда үлкен мемлекеттік қызмет атқарған ағамыз атамекенге көшті ұйымдастырудың басы-қасында болды. Елге келіп, отыз жылдай тарих институтында

өнімді еңбек етті. Қазір мемлекеттігіміздің бастауы деп дәріптеліп жатқан Жошы хандығы туралы зерттеулер жазды.

Тарих ғылымдарының докторы Нәбижан Мұқаметқанұлы бүкіл саналы ғұмырын қазақ ғылымы мен біліміне арнап келеді. Ғалымның 2021 жылы баспадан шыққан «Халықаралық құбылыс: Қазақ халқының бөлінуі мен тұтастану үдерісі» атты монографиясы көш тарихын зерттеуде іргелі, құнды еңбек ретінде бағаланып отыр. Кейінгі буынның өкілі, жазушы Ұларбек Дәлей жуырда «Жошы хан» романын жарыққа шығарды.

Бейжің орталық ұлттар университетінде оқыған, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, бүкіл саналы ғұмырын тіл ғылымына арнап келе жатқан Қайрат Ғабитқанұлы Отанға оралған соң көп жыл бойы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында ғылыми қызметкер болды. Қайрат 15 томдық «Қазақ әдеби тілі» сөздігін әзірлеуге қатысты, ол шетелде тұратын қазақтардың арасында сақталған тілдік бірліктерді отандық сөздіктерге енгізуге үлкен үлес қосқанын айта кету орынды. Ғалымның ұзақ уақыт көз майын тауысып жазған «Қазақ тілі оқу құралы» және басқа сөздіктері сұранысқа ие басылымдар.

Қазір ең жас академик атанған математик-ғалым Дүрбітхан Сұраған Моңғолияда туған. Қазақ ұлттық университетінде Әлібек Ыдырысұлы есімді болашағынан үлкен үміт күттіретін биолог-ғалым бауырымыз бар. Авиация саласында халықаралық дәрежедегі кәсіби ұшқыш деңгейіне жеткен қандастарымыз бар. Айта берсек көп, біз білмейтіні қаншама. Тіпті Алматының әр мектебінде ондаған қандасымыз мұғалім болып жүр. Журналистикада ауыз толтырып айтарлық жетістікке жеткен Есенгүл Кәпқызы, Тоқтарәлі Таңжарық және басқа ұл-қыздарды да мақтан тұтамыз. Ұлттық киім мен қолөнер саласында алғашқы қарлығаш іспетті «Еркенұр» тігін орталығын ашып, биік деңгейге жеткізген Фарида Мерхамитқызы да Қытайдан оралған қандасымыз. Ол секілді шағын және орта бизнесте табысқа жеткен азаматтар өте көп. Мемлекетіміздің дәйекті көші-қон саясатының арқасында тарихи отанына оралған қандастар осылайша жан санымызды арттырумен қатар, әр салада табысты қызмет етіп жүр. Олар жекешелендіруге қатыспаса да, лауазымды қызметке бармаса да, елдің дамуына, ұлттың өркендеуіне үлес қосуды парыз санайды.

– 1980-90 жылдары кең таралған «Шалқар» газеті шетелдік қазақтар мен атамекеннің арасында алтын көпір қызметін атқарған басылым болды. Қазір осындай халықаралық газет-журнал бар ма, әлде «Шалқарды» жаңғырту ойда бар ма?

– «Шалқар газеті» қазір шықпайды, тоқтап қалған. Одан басқа «Алтын бесік» деген журнал болған, ол да жабылып қалды. Кезінде Қауымдастықтың «Атажұрт» баспа орталығы болды, онда шетелдегі қандас ақын, жазушы, ғалым, өнер қайраткерлерінің еңбектері арнаулы серия болып басылып шықты. Қытайдағы жазушы ағамыз Қажығұмар Шабданұлының «Қылмыс» романы, Таңжарық Жолдыұлының шығармалары осы баспадан жарық көрді. 2000-2017 жылдар арасында барлығы 570 баспа табақ кітап шыққан екен. Алайда, пандемия кезінде бұл жұмыс тоқтап қалды. Қандастар арасында қаламгерлер көп, әрі олар бірнеше шет тілін біледі. Газет-журнал, кітап шығару ойымызда бар, бірақ барлығы қаражатқа келіп тіреледі.

– Қазақ көшінің алдағы бағыт-бағдары қандай?

– Қандастар көші ұзақ мерзімге бағытталған мемлекеттік көші-қон саясатының аясында кешенді түрде жалғаса береді. Президентіміз Қ.Тоқаев Маңғыстауда сөйлеген сөзінде: «Дүние жүзіндегі қандастарымыздың басын туған жерде біріктіру – біздің қасиетті парызымыз» деп атап айтты. Ұрпақ қамын ойлаған әр қазақ келешегін Қазақстанмен байланыстырады. «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» дейді дана қазақ. Көшіп келген қандастарымыздың жағдайы жақсы, ешнәрседен кемдік көрмей, кеуде кере өмір сүріп жатқаны бізге міндет әрі мақтаныш. Тіпті өзге елде өмір сүрсе де, арқамызда туған еліміз-жеріміз бар деп марқайып жүреді. Ел келешегі – барша қазаққа ортақ, көші-қон ісіне немқұрайды қарамай, елім деген ерлерге алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

– Әңгімеңізге рахмет.

Дина Имамбай
Дереккөз: «Aqıqat»



ДАНИЯР РАМАЗАНҰЛЫ. «БАСТЫ ШАРТ – ҚАЗАҚ ДЕГЕН ҰҒЫМДЫ ЖҮРЕКТЕ САҚТАУ...»



Кейде жасалып жатқан жақсы дүниені де көре білген жөн. Қиырдағы қазақтардың рухани сұранысына жауап іздеп, ол жердегі тұлғалардың да еңбегінің еленуіне ерекше қамқор болып жүрген мекеменің бірі «Отандастар қоры». Біз осы мақсатта «Отандастар қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының президенті Данияр Рамазанұлы Қадыров пен аталған қордың бүгінгі әм келешектегі атқарылмақ жұмыстары жайлы аз-кем әңгімелескен едік.

-Құрметті Данияр Рамазанұлы! «Отандастар қоры» КЕАҚ-на басшы болып келгеніңізге 1 жыл толып отыр. Бұған дейін Сіздің Мәдениет және ақпарат вице-министрі, Моңғолия мен Түрікменстандағы дипломатиялық миссияларда қызмет атқарғаныңызды жақсы білеміз. Сондықтан бұл жұмыс Сізге мәдениет әрі сыртқы саясат

тұрғысынан да таныс. Алғашқы сауалымды мынадан бастасам деймін. «Отандастар қорының» мақсаты мен міндеттеріне шетелдердегі қазақ ұлттық мәдени орталықтарын, қазақ мектептерін әдебиетпен, оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен және заңнамалық тұрғыда тыйым салынбаған өзге де әдебиетпен қамтамасыз ету мәселелері кіреді екен. Осы мақсатқа қаншалықты қол жеткіздіңіздер? Аталған осы сауалға жан-жақты тоқталып өтсеңіз?

-«Отандастар қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы – шетелдегі этникалық қазақтармен мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту, олардың ұлттық бірегейлігін сақтау және тарихи Отанына оралған қандастарға ақпараттық қолдау көрсету мақсатында құрылған ұйым. Қоғам өз қызметін 2018 жылдан бастап жүзеге асырып келеді.



2022 жылдан бастап Қоғам Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің қарамағына өтті, бұл оның халықаралық ынтымақтастық пен сыртқы мәдени саясат саласындағы рөлін одан әрі арттыра түсті.

Қоғам қызметінің басты бағыттарының бірі – шетелдегі ағайынмен рухани және мәдени көпір орнату. Бұл – Қазақстанның мемлекеттік ұлттық саясатының маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

Осы міндеттерді жүзеге асыру аясында Қоғам тарапынан бірқатар жүйелі жобалар мен мазмұнды бастамалар қолға алынып келеді. Атап айтқанда, шетелдегі этникалық қазақтарға арналған тіл үйрету курстары, шығармашылық және әдеби байқаулар, жастар форумдары, оқу-әдістемелік құралдарды тарату, сондай-ақ мәдени-ағартушылық акциялар ұйымдастыру секілді кешенді жұмыстар атқарылуда.

Атап айтқанда, 2019 жылдан бері 12 елде 31 онлайн қазақ тілі сыныбы ашылып, мындаған қандастар ана тілінің әліпбиін меңгеруге мүмкіндік алды. Қор ұйымдастырған онлайн қазақ тілі курсына бүгінге дейін 7000-ға жуық этникалық қазақ қатысып, мемлекеттік тілді меңгеру жолында білімін жетілдірді.

Мұнымен қоса, Отандастар қоры Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына»

ұлттық ғылыми-практикалық орталығымен бірлесе отырып, 2019-2023 жылдары оннан астам шетелде офлайн қазақ тілі сыныптарын тұрақты түрде жүргізді. Бұл бастама шетелдегі қазақ балалары мен ересектерінің тілдік ортаға жақындауына, ұлттық рухпен қайта қауышуына үлкен серпін берді. Сонымен қатар, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған біліктілікті арттыру курстары да өткізілді. Мұндай шаралар тіл үйретумен қатар, ұстаздар қауымының кәсіби деңгейін көтеруге зор ықпал етті.

Оқулық мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. 2019 жылы «Отандастар қорының» тапсырысымен «Zerdeli» ақыл-ой дамыту орталығы дайындаған «Qazaq тілі» атты арнайы оқулық жарық көрді. Бұл оқулық «Тіл-Қазына» орталығының сараптамасынан өтіп, сапалы әдістемелік құрал ретінде танылды. 3000 дана болып шыққан бұл оқулықтар шетелдердегі ағайындарға жеткізілді.

Тіл үйрету жұмыстары мұнымен тоқтап қалған жоқ. ҚР Үкіметінің тапсырмасына сәйкес, «Тіл-Қазына» орталығы шетелдегі қазақ диаспорасына арналған әмбебап оқулықтар топтамасын әзірледі. «Отандастар қоры» бұл жобаға белсенді атсалысып, арнайы комиссия құрамында өз ұсыныстарын білдірді. Бүгінде аталмыш

оқулықтар қазақ-ағылшын, қазақ-орыс және қазақ-түрік тілдерінде, тіл меңгерудің А1, А2, В1, В2, С1 деңгейлеріне сай әзірленіп, ашық қолжетімділік үшін tilalemi.kz және oq.gov.kz сайттарына жүктелді.

-«Отандастар қоры» Қазақстан Жазушылар Одағымен бірлесе отырып, шеттегі қазақ қаламгерлерінің үздік туындылары мен шығармашылығын Атажұрттағы оқырманға таныстыру мақсатында «Ұлы Дала» сериясымен біршама кітаптар шығарғанынан хабардармыз? Осыған дейін қанша әдеби еңбектер жарық көрді? Сол еңбектердің тізіміне байланысты мол мағлұмат бере кетсеңіз?

-Қазақ елінің алыстағы ағайынға деген ықыласы – тек сөз жүзіндегі ниетпен шектелмей, нақты іс жүзінде көрініс табуы – елдік мұраттың биік көрінісі. Кешегі тарихтың дауылымен дүниенің төрт бұрышына тарыдай шашылған қандастарымыздың үнін естіртіп, рухани байланысын нығайтуды көздеген мемлекет бүгінде жүрекке жетер бастамаларға жол ашып келеді. Соның бір жарқын мысалы – «Отандастар қоры» мен Қазақстан Жазушылар одағының 2023 жылдан бастап қолға алған халықаралық әдеби байқауы.

Бұл байқаудың басты мақсаты – тағдырдың жазуымен шет елдерде ғұмыр кешіп жатқан этникалық қазақтардың өмір жолын, салт-дәстүрі мен рухани болмысын, әдебиеті мен өнерін, мәдениетін кеңінен насихаттайтын сол елде шыққан немесе тың шығармаларды жинақтап, қазақ оқырмандарын таныстыру. Жоба бұған дейін жарық көрген «Шетелдегі қазақтар» атты кітаптар сериясының мазмұнды әрі заманауи жалғасы болмақ.

Байқауға қатысу үшін ақын немесе кәсіби жазушы болу міндетті емес. Басты шарт – қазақ деген ұғымды жүректе сақтау.

Шетелде тұратын барлық шығармашыл азаматтар – ақын-жазушылар, журналистер мен зерттеушілер, тарихшылар мен өнер иелері, мәдениет пен ғылым саласының өкілдері бұл жобаға қатыса алады. Жасы мен тәжірибесіне ешқандай шектеу қойылмайды.

Байқауға ұсынылатын туындылардың жанры да еркін:

- көркем әңгіме мен повесть,
- публицистикалық эссе мен естелік,
- деректі очерк пен тарихи зерттеу,
- өлең-жыр мен жыр-дастан – бәрі

қабылданады.

Басты талап – шығарманың көркемдік деңгейі жоғары болуы және мазмұнының шынайылығы. Сондай-ақ, шығарма бұған дейін Қазақстанда кітап түрінде жарық көрмеген болуы шарт.

Жеңімпаздардың шығармалары жинақталып, көркем әдеби кітап ретінде жарық көреді. Әрбір жинақ 300–500 дана болып басылып, оның бір бөлігі авторларға тегін табысталады. Еңбектер қазақ тілінде ұсынылуы тиіс. Алайда ерекше тарихи, әдеби немесе мәдени құндылыққа ие төте жазумен, латын немесе кирилл қарпімен жазылған туындылар да ескерусіз қалмай, жеке жинақ ретінде жарық көруі мүмкін.

2023 жылы байқау нәтижесінде 10 кітап баспадан шықты. Олардың қатарында Моңғолияның, Ресейдің, Қытайдағы қазақ бауырларымыздың шығармалары бар.

1. «Сенгір таулар» дилогиялық роман. Авторы: Сұлтан Тәукейұлы, Моңғолияның халық жазушысы. Елі: Моңғолия.

2. «Маусымжан» соңғы жылдары жарық көрген әр-түрлі тақырыптағы әңгімелер жинағы. Авторы: Шынай Рахметұлы, Моңғолияның халық жазушысы. Елі: Моңғолия.

3. «Жыр күмбезі». Бұл кітапқа Қытайдағы қазақ ақын Қызырбек Ораловтың 1956-1964 жылдар аралығында

жазылған бір том өлеңдері жинақталған. Жинақта ақынға арнаулар мен оның өмірінің кейбір кезеңдері жайында жазылған құнды естелік, мақалаларға да орын берілген. Авторы: Қызырбек Оралов, ақын. Елі: Қытай. Құрастырған: Жәди Шәкенұлы, жазушы.

4. «Қайтқан қаздың дауысы». Бұл кітапқа Қытай қазақтарына танымал ақын К. Сәскиннің әр жылдары жазған таңдамалы өлеңдері енгізілген. Ақын өлеңдері классикалық дәстүрімен және сөздік қорының молдығымен ерекшеленеді. Авторы: Көпбосын Сәскин, ақын, жазушы. Елі: Қытай.

5. «Антиөлшем» поэзияға арналған сыни мақалалар жинағы. Авторы: Сұраған Рахметұлы, ақын, жазушы. Елі: Моңғолия.

6. «Казахи Волгоградской области: история и современность» Волгоград облысындағы қазақтардың тарихы, тұрмыс-тіршілігі мен ұйымдардың тарихы, тарихи танымдық еңбек. Авторы: Геннадий Ташпеков, тарихшы-ғалым, тарих ғылымдарының кандидаты. Елі: Ресей.

7. «Еуропадағы қазақ диаспорасының тарихы және қазіргі жағдайы» тарихи-танымдық еңбек. Қазақтардың Еуропа елдеріне қоныстану тарихы, сондағы қазақ диаспорасының қалыптасу кезеңдері және бүгінгі тұрмыс тіршіліктері, кездесіп отырған кейбір рухани-әлеуметтік қиындықтар жайы сөз болады. Авторы: Досан Баймолда, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, ғалым. Елі: Моңғолия.

8. «Керуен-ғұмыр» тарихи танымдық еңбек. Моңғол елінде өмір сүрген Баян-Өлгий қазақтарының өмір тіршілігін баяндайтын авто-биографиялық еңбек. Авторы: Таухай Тайф, театр сахнасының қайраткері, жазушы. Елі: Моңғолия.

9. «Сары қаймақ сағыныш» поэма, толғау, өлеңдер жинағы. Авторы: Байыт Қабанұлы, танымал ақын, жазушы. Елі: Моңғолия.

10. «Қытайдағы қазақ ақындарының айтысы» Қытайдағы қазақ ақындарының айтыс жинағы. Авторы: Бата Кәдірхан, ақын. Елі: Қазақстан.



2024 жылы Алматы мен Астанада 9 кітаптың тұсауы кесілді. Бұл жолы Өзбекстан, Тәжікстан, Моңғолия мен

Ресейдегі қазақ ақын-жазушылардың еңбектері жарыққа шықты. Олардың қатарында:

«Қобданың қоңыр желі» (өлеңдер, балладалар, толғаныстар) – Рысбек Зұрғанбайұлы (Моңғолия);

«Үркер ауып барады» (өлеңдер) – Зүлкәпіл Мәулітұлы (Моңғолия);

«Тәжікстандағы қазақтар» (тарихи танымдық еңбек) – Абдусаттар Нуралиев (Тәжікстан);

«Ақиқаттың дәмі ащы» (өлеңдер) – Жарасқан Мырзамұратов (Өзбекстан);

«Кімді кінәларсың...» (повестер мен әңгімелер) – Ербақыт Нүсіпұлы (Моңғолия);

«Ұрпағың үзілмесін» (әңгімелер) – Мұхтасыров Пионер Солтанович (Ресей);

«Қарасу жырлары» (өлеңдер) – Лала Жүнісқызы Жұманова (Өзбекстан);

«Өрікті көл» (повесть, әңгімелер) – Елеусіз Мұқамәдиұлы (Моңғолия);

«Айтағалы салт атты» (шығармалар) – Баман Құрманханұлы (Моңғолия)

-«Ұлы Дала» сериясы жыл сайын жалғасатын дәстүрлі бастама ғой. Енді биылғы жылғы шығарма кітаптар тізіміне кімдердің аты-жөні еніп отыр? Бұл авторларды шығарғанда қандай критериілерге сүйенесіздер?

-2025 жылғы байқаудың ресми хабарландыруы мен ережелері жылдың басында жарияланып, қатысушылардан өтінімдер үстіміздегі жылдың 1 мамырына дейін қабылданды. Қысқа уақыт ішінде-ақ шетелдегі қандас қаламгерлер тарапынан айтарлықтай қызығушылық байқалды. Нәтижесінде, АҚШ, Қытай, Өзбекстан, Моңғолия және Ресейде тұратын қазақ ақын-жазушылардан 20-дан аса шығарма келіп түсті. Бұл – шетелдегі қандастар арасында ұлттық рух пен әдебиетке деген сүйіспеншіліктің әлсіремегенін, қайта нығайып келе жатқанын көрсетеді.

Байқауға ұсынылған барлық шығармалар арнайы құрылған Қазылар алқасының кәсіби сараптауынан өтеді. Қазылар құрамына елімізге белгілі ақын-жазушылар, әдебиеттанушы ғалымдар мен мәдениет қайраткерлері еніп отыр. Олар әрбір шығарманың идеялық мазмұнына, көркемдік деңгейіне, тарихи және рухани құндылығына ерекше мән беріп бағалайды. Байқау нәтижесі осы жылдың күзінде шығады.

Айта кету керек, биылғы байқаудың тағы бір ерекшелігі – Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай «Абай тағылымы» атты арнайы номинацияның енгізілуі. Бұл қосымша байқау қазақ әдебиетінің алтын діңгегі Абай мұрасын терең зерделеп, оны қазіргі заманмен үндестіре жырлаған шығармаларға бағытталған. «Абай тағылымы» – тек өткенді еске алу емес, бүгінгі буынға ой салып, болашаққа жол көрсететін рухани бағдар десек артық емес.

-Сіздерде «Әр қазаққа – бір кітап!» деген тамаша жобаларыңыз бар ғой. Осы жоба аясында шетелде тұратын этникалық қазақтарға қанша кітап қоры жетті? Осыбір жақсы бастаманы кеңінен таратып айтып берсеңіз?

-Қазақ руханиятының тамыры тереңде жатыр. Сол асыл мұраны ұрпақ санасына сіңіру – ұлттық сана мен болмысты сақтаудың басты жолы. Осы мақсатта «Отандастар қоры» КеАҚ Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасымен бірлесіп, шетелдегі қандастарға кітаптар тарту етуді көздеген ауқымды жобаны іске қосты. «ӘР ҚАЗАҚҚА – БІР КІТАП!» атты осы ерекше акция 2022 жылғы 16 қыркүйекте ресми түрде бастау алды.



Бұл бастама – тек кітап үлестіру емес, рухани көпір орнату. Қазақстанның әр өңіріндегі кітапханалар да акцияға ерекше қолдау көрсетті. Республика бойынша 43 облыстық кітапхана қатысып, 1000-ға жуық кітап шетелдегі ағайынға жолданды. Құнды еңбектер мен көркем әдебиеттің асыл қазынасы енді алыстағы қандастың төрінде тұр.

Акция «Кітап Time» жалпыұлттық фестивалі мен «Eurasian Book Fair» халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесі аясында да жалғасын тауып, елордалықтар мен қала қонақтарының қолдауымен 500-ден астам кітап жиналды. Бұл – ел азаматтарының ортақ іске бейжай қарамай, руханиятқа жанашырлықпен қарауының айқын көрінісі.

Бүгінге дейін жалпы саны 5000-ға жуық кітап жиналып, олар шетелдегі қазақ мәдени орталықтарына жеткізілді. Бұл кітаптар – ана тілін ұмытпауға, ұлттық болмысты сақтауға, дүниетанымды кеңейтуге бағытталған баға жетпес рухани байлық. Кітаптардың басым бөлігі Ресей, Өзбекстан, Моңғолия және Түркиядағы мәдени орталықтарға жіберіліп, бүгінгі таңда белсенді түрде қолданылуда. «Әр қазаққа – бір кітап!» деген қарапайым

ғана сөз тіркесі шын мәнінде терең мәнге ие: бұл – ұлттық санаға жасалған үндеу, алыстағы ағайынмен рухани байланыс, Тәуелсіз Қазақстанның мәдени миссиясы.

- «Отандастар қорының» тағы бір тамаша жұмысы шетелде тұратын этникалық қазақтардың ана тілі мен мәдениетін ұмытпауы үшін жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін шет елдегі қазақ балалары мен жастары арасындағы шығармашылық байқау. Бұл байқау арқылы қандай таланттар мен жаңа есімдерді аштыңыздар?

-Қазақтың рухани кеңістігін кеңейтіп, әлемнің түкпір-түкпіріндегі дарынды қандастарды қолдау – бүгінгі ұлттық мәдени саясаттың өзекті бағыттарының бірі. Осыған орай, «Отандастар қоры» шетелдегі және елге оралған шығармашыл жастардың бойындағы өнер мен қабілетті ашу, қазақ тілін, тарихын және ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында бірқатар байқаулар ұйымдастырып келеді.

2020-2025 жылдар аралығында өткен бұл байқаулар мазмұны мен ауқымы жағынан ерекшеленді. Олар офлайн және онлайн форматта өткізіліп, әлемнің әр түкпірінде жүрген 2000-ға жуық этникалық қазақ жастарының басын қосты. Жобалар

АҚШ, Түркия, Польша, Германия, Украина, Латвия, Беларусь, Ресей, Иран, Өзбекстан, Қырғызстан, Моңғолия, Қытай, Түрікменстан, Корея елдерін қамтыды.

Байқау бағыттары да әртүрлі дарын иелерінің қабілетін ашуға арналған:

- мақал-мәтелдер мен ұлттық салт-дәстүрді білу,
- Қазақстан тарихы, қазақ тілі мен әдебиетіне байланысты викториналар,
- мәнерлеп оқу, шығарма жазу,
- сурет салу, домбыра тарту, дәстүрлі ән мен би,
- мобилография, фотосурет, бейнеролик, қазақша stand-up пен кино пародия жасау,
- үздік жоба әзірлеу секілді қызықты бағыттар қамтылды.

Байқау жеңімпаздарына бағалы сыйлықтар табысталып, Қазақстанда жыл сайын өтетін халықаралық форумдарға және «Jas Qazaq» жазғы лагеріне тегін жолдамалар ұсынылды. Бұл – жас таланттарға тек қолдау емес, туған жермен тығыз байланыс орнатуға берілген алтын көпір десе болады.

Одан бөлек, Отандастар қоры жастармен тығыз байланыс орнатып, Қазақстандағы жастар ұйымдарымен серіктесе отырып, тәжірибе алмасу шараларын тұрақты түрде ұйымдастырып келеді. Осы ретте, 2023 жылы өткен атақты «Азия Дауысы» халықаралық фестивалінде «Отандастар қоры» арқылы шетелдегі қандастарға 3 арнайы орын бөлініп, Өзбекстан мен Моңғолиядан іріктелген жастар қатысу мүмкіндігіне ие болды.

Солардың бірі – Мұса Марат. Ол фестивальдегі өнерімен көзге түсіп, кейін «Қазақстан дауысы» мега жобасына қатысып, 2023 жылдың жеңімпазы атанды. Бұл – дарынды жастарға қолдау білдіру арқылы олардың тек танылуына ғана емес, үлкен шығармашылық жолға түсуіне берілген мүмкіндік екенінің жарқын

дәлелі.

«Отандастар қорының» шығармашылық байқаулары – қандастармен рухани байланыс орнатудың тиімді жолы ғана емес, олардың әлеуетін ашып, ел игілігіне бағыттаудың жарқын мысалы. Тарих пен өнерге сүйене отырып, ұрпақты тәрбиелеу – міне, елдік мұраттың үлгісі!

-Соңғы сауалым әдебиет пен руханиятқа қатысы болмаса да жеке азамат ретінде өздеріңізге қойсам деймін. Бүгінге дейін қанша қазақ өз Отанына оралды. Ендігі көшіп келмек қазақтың есебі бар ма? Әсіресе қазіргі кезде қауіпті ошақ отына айналып отырған Иран қазақтарына сіздердің қор атынан қандай қамқорлық жасалып жатыр?

-Қоғам өзінің құзыреті аясында шетелдегі этникалық қазақтармен, бұрынғы отандастармен және Қазақстаннан тыс жерде тұратын азаматтармен байланысты нығайтуға, оларға ақпараттық және кеңестік қолдау көрсетуге баса назар аударады. Осы міндеттерді тиімді атқару мақсатында Қоғам жанынан арнайы құрылған «Шетелдегі отандастарды ақпараттық қолдау орталығы» бүгінде отандастарға көші-қон үдерісі кезінде толыққанды ақпараттық сүйемелдеу қызметін ұсынып отыр. Бұл орталық – қандастардың өтініштерін жүйелеп, дер кезінде жауап беру арқылы олардың Қазақстанмен байланысын жеңілдетуге зор үлес қосуда.

2025 жылы орталыққа 857 өтініш келіп түсіп, тиісті сала мамандары тарапынан мұқият қарастырылып, жауап берілді. Ал 2019 жылдан бері тіркелген жалпы өтініштер саны 31 752-ге жетті. Бұл – тек сандар ғана емес, мыңдаған тағдырдың, үміт пен сенімнің көрінісі.

Мысалы, 2025 жылы Иран Ислам Республикасында тұратын этникалық

қазақтардан үш өтініш тіркеліп, олар білім алу мен визалық мәселелерге қатысты болды. Мұндай нақты көмек шетелдегі қандастардың тарихи Отанымен байланысын нығайтып, олардың өз болашағын Қазақстанмен байланыстыруына жол ашады.

Ресми деректерге сүйенсек, 2025 жылғы бірінші жартыжылдықтағы жағдай бойынша 5 496 этникалық қазақ Қазақстанға көшіп келіп, қандас мәртебесін алған. Ал 1991 жылдан бастап 2025

жылдың шілде айына дейінгі аралықта тарихи Отанына оралған қандастардың жалпы саны 1 миллион 153 мыңнан асты.

Бұл – тек статистика ғана емес, елге деген сағыныштың, тіл мен ділге деген сүйіспеншіліктің, ата-бабаның аманатына адалдықтың нақты айғағы. «Отандастар қоры» осы жауапты жолда ел мен жердің арасындағы байланысты үзбей, ұлттық болмыс пен елдік мүдде жолында сенімді серіктеске айналып отыр.

Дереккөз: adebiportal.kz

Сұхбаттасқан: Ықылас Ожайұлы





Қалыбек Ибрагимұлы Қобландин

«Отандастар қоры» КеАҚ президентінің кеңесшісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор

«ҰЛЫ ДАЛА» ЖОБАСЫ: ҚАНДАС ҚАЛАМҒЕРЛЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА ҚОЛДАУ

Қазақ елі үшін алыстағы ағайын – жүректің бір бөлшегі. Бұл тек ұран сөз емес, шынайы ықылас және нақты іспен бекітілген елдік мұраттың айқын көрінісі. Бір кездері тарихтың дауылына ілесіп, дүниенің әр түкпіріне тарыдай шашылған қандастарымызбен рухани көпір орнату – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның басты бағыттарының бірі. Соның бір жарқын айғағы – «Отандастар қоры» мен Қазақстан Жазушылар одағының бірлесіп қолға алған «Ұлы дала» халықаралық әдеби байқауы.

2023 жылдан бастап жүзеге аса бастаған бұл байқау – шетелде өмір сүріп жатқан этникалық қазақтардың тағдырын, рухани болмысын, салт-дәстүрі мен мәдениетін, әдебиеті мен өнерін насихаттайтын бірегей жоба. Ол – кезінде жарық көрген «Шетелдегі қазақтар» кітаптар сериясының жаңа кезеңдегі мазмұнды жалғасы, рухани сабақтастығы.

Байқауға қатысу үшін кәсіби жазушы болу міндетті емес. Қазақ тілін, тарихын, мәдениетін білетін және соған қызығушылығы бар адамдар қатыса алады. Қатысушы ақын, жазушы, журналист, тарихшы немесе өнермен айналысатын адам болуы мүмкін. Жасы мен тәжірибесіне шектеу жоқ.

Жазылатын шығарманың жанры еркін: әңгіме, повесть, эссе, естелік, очерк, тарихи мақала, өлең немесе жыр түрінде болуы мүмкін. Маңыздысы – мәтіннің мазмұны анық, шынайы және бұрын Қазақстанда кітап ретінде жарық көрмеген болуы керек.

Байқау жеңімпаздарының еңбектері жинақ түрінде жарық көріп, көркем безендірілген әдеби кітап ретінде басып шығарылады. Әр жинақ 300–500 дана көлемінде жарық көреді, оның бір бөлігі авторларға сыйға тартылады. Қалған бөлігі Ұлттық кітапхана мен жергілікті

кітапханаларға, шетелдегі қазақ мәдени орталықтарына табысталады. Шығармалар қазақ тілінде ұсынылуы қажет. Алайда тарихи, әдеби немесе мәдени тұрғыда құндылығы жоғары, төте жазумен, латын немесе кирилл қарпімен жазылған туындылар да назардан тыс қалмайды – олар жеке жинақ болып шығуы мүмкін.

Бұл – алыстағы ағайынның үнін елге жеткізетін, олардың шығармашылығын ұлт руханиятымен ұштастыратын, көркем ой мен ұлттық жадының алтын арқауына айналатын маңызды бастама. Бұл – шекарадан биік шабыт, тілден терең тамыр тартқан тағдырлы туындылардың шоғырын жарыққа шығаратын игі жол.

2023 жылы байқау нәтижесінде 10 кітап баспадан шықты. Олардың қатарында Моңғолияның, Ресейдің, Қытайдағы қазақ бауырларымыздың шығармалары бар.

1. «Сеңгір таулар» дилогиялық роман. Авторы: Сұлтан Тәукейұлы, Моңғолияның халық жазушысы. Елі: Моңғолия.

2. «Маусымжан» соңғы жылдары жарық көрген әр-түрлі тақырыптағы әңгімелер жинағы. Авторы: Шынай Рахметұлы, Моңғолияның халық жазушысы. Елі: Моңғолия.

3. «Жыр күмбезі». Бұл кітапқа Қытайдағы қазақ ақын Қызырбек Ораловтың 1956-1964 жылдар аралығында жазылған бір том өлеңдері жинақталған. Жинақта ақынға арнаулар мен оның өмірінің кейбір кезеңдері жайында жазылған құнды естелік, мақалаларға да орын берілген. Авторы: Қызырбек Оралов, ақын. Елі: Қытай. Құрастырған: Жәди Шәкенұлы, жазушы.

4. «Қайтқан қаздың дауысы». Бұл кітапқа Қытай қазақтарына танымал ақын К. Сәскиннің әр жылдары жазған таңдамалы өлеңдері енгізілген. Ақын өлеңдері классикалық дәстүрімен және сөздік қорының молдығымен ерекшеленеді.

Авторы: Көпбосын Сәскин, ақын, жазушы. Елі: Қытай.

5. «Антиөлшем» поэзияға арналған сыни мақалалар жинағы. Авторы: Сұраған Рахметұлы, ақын, жазушы. Елі: Моңғолия.

6. «Казахи Волгоградской области: история и современность» Волгоград облысындағы қазақтардың тарихы, тұрмыс-тіршілігі мен ұйымдардың тарихы, тарихи танымдық еңбек. Авторы: Геннадий Ташпеков, тарихшы-ғалым, тарих ғылымдарының кандидаты. Елі: Ресей.

7. «Еуропадағы қазақ диаспорасының тарихы және қазіргі жағдайы» тарихи-танымдық еңбек. Қазақтардың Еуропа елдеріне қоныстану тарихы, сондағы қазақ диаспорасының қалыптасу кезеңдері және бүгінгі тұрмыс тіршіліктері, кездесіп отырған кейбір рухани-әлеуметтік қиындықтар жайы сөз болады. Авторы: Досан Баймолда, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, ғалым. Елі: Моңғолия.

8. «Керуен-ғұмыр» тарихи танымдық еңбек. Моңғол елінде өмір сүрген Баян-Өлгий қазақтарының өмір тіршілігін баяндайтын авто-биографиялық еңбек. Авторы: Таухай Тайф, театр сахнасының қайраткері, жазушы. Елі: Моңғолия.

9. «Сары қаймақ сағыныш» поэма, толғау, өлеңдер жинағы. Авторы: Байыт Қабанұлы, танымал ақын, жазушы. Елі: Моңғолия.

10. «Қытайдағы қазақ ақындарының айтысы» Қытайдағы қазақ ақындарының айтыс жинағы. Авторы: Бата Кәдірхан, ақын. Елі: Қазақстан.

2024 жылы Алматы мен Астанада 9 кітаптың тұсауы кесілді. Бұл жолы Өзбекстан, Тәжікстан, Моңғолия мен Ресейдегі қазақ ақын-жазушылардың еңбектері жарыққа шықты. Олардың қатарында:

«Қобданың қоңыр желі» (өлеңдер, балладалар, толғаныстар) – Рысбек Зұрғанбайұлы (Моңғолия);

«Үркер ауып барады» (өлеңдер) – Зүлкәпіл Мәулітұлы (Моңғолия);

«Тәжікстандағы қазақтар» (тарихи танымдық еңбек) – Абдусаттар Нуралиев (Тәжікстан);

«Ақиқаттың дәмі ащы» (өлеңдер) – Жарасқан Мырзамұратов (Өзбекстан);

«Кімді кінәларсың...» (повестер мен әңгімелер) – Ербақыт Нүсіпұлы (Моңғолия);

«Ұрпағың үзілмесін» (әңгімелер) – Мұхтасыров Пионер Солтанович (Ресей);

«Қарасу жырлары» (өлеңдер) – Лала Жүнісқызы Жұманова (Өзбекстан);

«Өрікті көл» (повесть, әңгімелер) – Елеусіз Мұқамәдиұлы (Моңғолия);

«Айтағалы салт атты» (шығармалар) – Баман Құрманханұлы (Моңғолия)

2025 жылғы халықаралық әдеби байқау – жылдың басында ресми түрде жарияланып, бірден шығармашылық жандардың ерекше қызығушылығына ие болды. Байқау ережесіне сәйкес, қатысуға ниеттілерден өтінімдер 1 мамырға дейін қабылданды. АҚШ, Қытай, Өзбекстан, Моңғолия және Ресейде тұратын қазақ ақын-жазушылардан 20-дан аса шығарма келіп түсті.

Бұл – алыстағы ағайынның жүрегінде ұлттық рухтың, әдебиет пен сөз өнеріне деген шынайы сүйіспеншіліктің қайта жаңғырып келе жатқанын көрсетеді. Тіл мен ділдің алтын арқауына айналған

туындылар алыстан жетсе де, туған елдің рухани тынысына айрықша үн қосып отыр.

Байқауға ұсынылған барлық шығармалар арнайы құрылған Қазылар алқасының кәсіби сүзгісінен өтеді. Қазылар құрамында елімізге танымал ақын-жазушылар, әдебиеттанушы ғалымдар мен мәдениет майталмандары бар. Олар әр туындының мазмұны мен көркемдік сапасына, идеялық тұтастығына, тарихи, рухани һәм мәдени құндылығына баса назар аудара отырып әділ бағасын береді. Жеңімпаздар есімі осы жылдың күзіне қарай жарияланады.

Биылғы байқаудың бір ерекшелігі – қазақ руханиятының темірқазығы, Алаш ойының асқары – Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай енгізілген арнайы «Абай тағылымы» номинациясы. Бұл аталым – Абай мұрасын жаңа көзқараспен зерделеп, оны бүгінгі заманмен үндестіре білген, ойлы ұрпаққа өнеге етіп жеткізген шығармаларға арналады.

«Абай тағылымы» – бұл тек бір ұлы тұлғаның рухын еске алу емес, бүгін мен болашақты жалғайтын терең таным, рухани бағдар. Абай арқылы біз тек өткенімізді емес, келешегімізді де танимыз.

Жалпы, «Ұлы дала» жобасының түпкі мақсаты – шетелдегі қазақ қаламгерлерінің шығармаларын кеңінен таныстырып, олардың рухани еңбектеріне жан-жақты қолдау көрсету. Бұл игі бастама алдағы жылдары да өз жалғасын табады деген сенімдеміз.

قالىبەك يىبراگىم ۇلى قوبلاندىن
«وتانداستار قورى» كە ۱ ق پىرەزىدەنتىنىڭ كەڭەشچىسى،
تارىخىي ئىلىمىدارنىڭ دوكتورى، پروفەسسور

«ۇلى دالا» جوباسى: قانداق قالاڭمىزنىڭ شىعارمىشلىرىغا قولداۋ

قازاق ەلى ۇشىن ىستاعى اعابىن - جۇرەكتىڭ ۇبر بولشەگى. بۇل تەك ۇران ۇسوز ەمەس، شىنايى بىقلاى جانە ناقتى سىپەن بەكىتىلگەن ەلدىك مۇراتنىڭ ايقىن كورىنىسى. ۇبر كەزدەرى تارىختىڭ داۋىلىنا ىلەسىپ، دۇنيەنىڭ ۇر تۇكىرىنە تارىداي شاشىلعان قانداستارىمىزبەن رۇحانى كوپىر ورناتۇ - بۇگىنگى تاۋەلسىز قازاقستاننىڭ باستى باعىتتارىنىڭ ۇبرى. سونىڭ ۇبر جارقىن ايعاعى - «وتانداستار قورى» مەن قازاقستان جازۇشىلار وداعىنىڭ بىرلەسىپ قولعا العان «ۇلى دالا» حالقارالىق ادەبىي بايقاۋى.

2023 - جىلدىن باستاپ جۇزەگە اسا باستاعان بۇل بايقاۋ - شەتەلدە ۇمىر ۇسۇرىپ جاتقان ەتىكالىق قازاقتاردىڭ تاعدىرىن، رۇحانى بولىمىسىن، سالت - ۇدستۇرى مەن مادەنيەتنى، ادەبىيەتى مەن ونەرىن ناسىحاتتايىتىن بىرەگەي جوبا. ول - كەزىندە جارقىن كورگەن «شەتەلدەگى قازاقتار» كىتاپتار سەرياسىنىڭ جاڭا كەزەڭدەگى مازمۇندى جالعاسى، رۇحانى ساباقتاستىعى.

بايقاۋعا قاتىسۇ ۇشىن كاسىپى جازۇشى بولۇ مىندەتتى ەمەس. قازاق ۇتىلىن، تارىحىن، مادەنيەتنى بىلەتىن جانە سوعان قىزىعۇشىلىعى بار ادامدار قاتىسا الادى. قاتىسۇشى اقىن، جازۇشى، جۇرنالىست، تارىخشى نەمەسە ونەرمەن اينالىساتىن ادام بولۇى مۇمكىن. جاسى مەن تاجىريبەسىنە شەكتەۋ جوق.

جازىلاتىن شىعارمانىڭ جانرى ەركىن: اڭگىمە، پوۋەست، ەسسە، ەستەلىك، وچەرك، تارىخىي ماقالا، ولەڭ نەمەسە جىر تۇرىندە بولۇى مۇمكىن. ماڭىزدىسى - ۇماتىنىڭ مازمۇنى انىق، شىنايى جانەبۇرىن قازاقستاندا كىتاپ رەتىندە جارقىن كورمەگەن بولۇى كەرەك.

بايقاۋ جەڭىمپازدارنىڭ ەڭبەكتەرى جىناق تۇرىندە جارقىن كورىپ، كوركەم بەزەندىرىلگەن ادەبىي كىتاپ رەتىندە باسىپ شىعارىلادى. ۇر جىناق 300-500 دانا كۈلەمىندە جارقىن كورەدى، ونىڭ ۇبر بولىگى اۋتورلارعا سىيعا تارتىلادى. قالعان بولىگى ۇلتتىق كىتاپخانا مەن جەرگىلىكتى كىتاپخاناالارعا، شەتەلدەگى قازاق مادەنىي ورتالىقتارىنا تابىستالادى. شىعارمالار قازاق تىلىندە ۇسىنىلۇى قاجەت. الايدا تارىخىي، ادەبىي نەمەسە مادەنىي تۇرىدا قۇندىلىعى جوعارى، توتە جازۇمەن، لاتىن نەمەسە كىرىلىل قارىپمەن جازىلعان تۇىندىلار دا نازاردان تىس قالمايدى - ولار جەكە جىناق بولپ شىعۇى مۇمكىن.

بۇل - ىستاعى اعابىننىڭ ۇنىن ەلگە جەتكىزەتىن، ولاردىڭ شىعارمىشلىعىن ۇلت رۇحانىياتىمەن ۇشتاستىراتىن، كوركەم وي مەن ۇلتتىق جادىنىڭ التىن ارقاۋىنا اينالاتىن

ماڭىزدى باستاما. بۇل - شەكارادان بېيك شاپت، تىلدەن تەرەڭ تامىر تارتقان تاعدىرلى تۈندىلاردىڭ شوغىرىن جارىققا شىعاراتىن يىڭى جول.

2023- جىلى بايقاۋ نەتىجەسىدە 10 كىتاپ باسپادان شىقتى. ولاردىڭ قاتارىدا موڭغولىيانىڭ، رەسەيدىڭ، قىتايدىڭ قازاق باۋىرلارىمىزدىڭ شىعارمالارى بار.

1. «سەڭگىر تاۋلار» دىلوگىيالىق رومان. اۆتورى: سۇلتان تاۋكەي ۇلى، موڭغولىيانىڭ خالىق جازۋىشىسى. ەلى: موڭغولىيا.

2. «ماۋسىمجان» سوڭى جىلدارى جارىق كورگەن ۋار- ۋتۇرلى تاقىرىپىتايى اڭگىمەلەر جىناعى. اۆتورى: شىناي راحمەت ۇلى، موڭغولىيانىڭ خالىق جازۋىشىسى. ەلى: موڭغولىيا.

3. «جىر كۈمبەزى». بۇل كىتاپقا قىتايدىڭ قازاق اقىن قىزىربەك ورالوۋىنىڭ 1956 -

1964 جىلدار ارالىعىندا جازىلعان ۋىر توم ولەڭدەرى جىناقتالغان. جىناقتا اقىنعا ارناۋلار مەن ونىڭ ۋمىرىنىڭ كەيىپىر كەزەڭدەرى جايىندا جازىلعان قۇندى ەستەلىك، ماقالالارعا دا ورىن بەرىلگەن. اۆتورى: قىزىربەك ورالوۋ، اقىن. ەلى: قىتاي. قۇراستىرعان: ۋجادي شاكەن ۇلى، جازۋىشى.

4. «قايتقان قازدىڭ داۋىسى». بۇل كىتاپقا قىتاي قازاقتارىنا تانىمال اقىن ك. ساسكىنىنىڭ ۋار جىلدارى جازعان تاڭدامالى ولەڭدەرى ەنگىزىلگەن. اقىن ولەڭدەرى كلاسسىكالىق داستۇرىمەن جانە سوزدىك قورىنىڭ مولدىعىمەن ەركەشلەنەدى. اۆتورى: كوپىوسىن ساسكىن، اقىن، جازۋىشى. ەلى: قىتاي.

5. «انتىئولشەم» پوەزيا ارنالعان سىني ماقالالار جىناعى. اۆتورى: سۇراغان راحمەت ۇلى، اقىن، جازۋىشى. ەلى: موڭغولىيا.

6. «كازاخي ۋولگوگىرادسكوي وبلاستى: ىستورىيا ي سوۋرەمەننوست» ۋولگوگىراد وبلىسىنداعى قازاقتاردىڭ تارىخى، تۇرمىس- تىرشىلىگى مەن ۋىمىداردىڭ تارىخى، تارىخى تانىمدىق ەڭبەك. اۆتورى: گەنىادىي تاشپەكوۋ، تارىخشى- عالم، تارىخ عىلىمدارىنىڭ كاندىداتى. ەلى: رەسەي.

7. «ەۋروپاداعى قازاق دىاسپوراسىنىڭ تارىخى جانە قازىرگى جاعدايى» تارىخى- تانىمدىق ەڭبەك. قازاقتاردىڭ ەۋروپا ەلدەرىنە قونىستانۋ تارىخى، سونداغى قازاق دىاسپوراسىنىڭ قالىپتاسۋ كەزەڭدەرى جانە بۇگىنگى تۇرمىس تىرشىلىكتەرى، كەزدەسىپ وتىرعان كەيىپىر رۋحانى- الەۋمەتتىك قىيىندىقتار جايى ۋسوز بولادى. اۆتورى: دوسان بايمولدا، اباي اتىنداعى قازاق ۇلتتىق پەداگوگىكالىق ۋنىۋەرسىتەتنىڭ پروفەسسورى، عالم. ەلى: موڭغولىيا.

8. «كەرۋەن- عۇمىر» تارىخى تانىمدىق ەڭبەك. موڭغول ەلىندە ۋومىر سۇرگەن بايان- ولگىي قازاقتارىنىڭ ۋومىر تىرشىلىگىن باياندايتىن اۆتو- بيوگرافىيالىق ەڭبەك. اۆتورى: تاۋحاي تاينى، تەاتىر ساحناسىنىڭ قايراتكەرى، جازۋىشى. ەلى: موڭغولىيا.

9. «سارى قايماق ساعىنىش» پوەما، تولعاۋ، ولەڭدەر جىناعى. اۆتورى: بايىت قابان ۇلى، تانىمال اقىن، جازۋىشى. ەلى: موڭغولىيا.

10. «قىتايداعى قازاق اقىندارىنىڭ ايتىسى» قىتايداعى قازاق اقىندارىنىڭ ايتىسى جىناغى. اۆتورى: باتا كادىرخان، اقىن. ەلى: قازاقستان.
- 2024-جىلى الماتى مەن استانادا 9 كىتاپتىڭ تۇساۋى كەسىلدى. بۇل جولى وزبەكىستان، تاجىكىستان، موڭغوليا مەن رەسەيدەگى قازاق اقىن-جازۇشىلاردىڭ ەڭبەكتەرى جارىققا شىقتى. ولاردىڭ قاتارىندا:
1. «قوبدانىڭ قوڭىر جەلى» (ولەڭدەر، بالادالار، تولعانىستار) - رىسبەك زۇرعانباي ۇلى (موڭغوليا)؛
2. «ۇركەر اۋىپ بارادى» (ولەڭدەر) - زۇلكاپىل ءماۋلىت ۇلى (موڭغوليا)؛
3. «تاجىكىستانداغى قازاقتار» (تارىخىي تانىمدىق ەڭبەك) - ابدۇساتتار نۇراليەۋ (تاجىكىستان)؛
4. «اقىقاتتىڭ ءدامى اشى» (ولەڭدەر) - جارسقان مىرزامۇراتوۋ (وزبەكىستان)؛
5. «كىمدى كىنالارىنىڭ...» (پوۋەستەر مەن اڭگىمەلەر) - مەرباقىت ءنۇسىپ ۇلى (موڭغوليا)؛
6. «ۇرپاعىڭ ۇزىلمەسىن» (اڭگىمەلەر) - مۇختاسىروۋ پىيونەر سولتانوۋىچ (رەسەي)؛
7. «قاراسۇ جىرلارى» (ولەڭدەر) - لالا ءجۇنىس قىزى جۇمانوۋا (وزبەكىستان)؛
8. «ورىكتى كول» (پوۋەست، اڭگىمەلەر) - ەلەۋسىز مۇقامادى ۇلى (موڭغوليا)؛
9. «ايتالغالى سالت اتتى» (شعارمالار) - بامان قۇرمانجان ۇلى (موڭغوليا)
- 2025-جىلى حالقارالىق ادەبىي بايقاۋ - جىلدىڭ باسىندا رەسمىي تۇردە جاريالانىپ، بىردەن شعارماشىلىق جانداردىڭ مەركشە قىزىعۇشىلىعىنا يە بولدى. بايقاۋ مەرجەسىنە سايكەسى، قاتىسۇعا نيەتتىلەردەن وتىنىمدەر 1 مامىرعا دەيىن قابىلداندى. اق ش، قىتاي، وزبەكىستان، موڭغوليا جانە رەسەيدە تۇراتىن قازاق اقىن-جازۇشىلاردان 20-دان اسا شعارما كەلىپ ءتۇستى.
- بۇل - الستانى اعاينىڭ جۇرەڭىندە ۇلتتىق رۇحتىڭ، ادەبىيەت پەن ءسوز ونەرىنە دەگەن شىنايى سۇيىسپەنشىلىكتىڭ قايتا جاڭغىرىپ كەلە جاتقاندىن كورسەتەدى. ءتىل مەن ءدىلدىڭ التىن ارقاۋىنا اينالغان تۇندىلار الستان جەتسە دە، تۇعان ەلدىڭ رۇحاني تىنىسىنا ايرىقشا ءۇن قوسىپ وتىر.
- بايقاۋعا ۇسىنىلغان بارلىق شعارمالار ارنايى قۇرىلغان قازىلار القاسىنىڭ كاسىبى سۇزگىسىنەن وتەدى. قازىلار قۇرامىندا ەلىمىزگە تانىمال اقىن-جازۇشىلار، ادەبىيەتتانۇشى عالىمدار مەن مادەنيەت مايتالماندارى بار. ولار ءار تۇندىنىڭ مازمۇنى مەن كوركەمدىك ساپاسىنا، يدەيالىق تۇتاستىعىنا، تارىخىي، رۇحاني ءھام مادەني قۇندىلىعىنا باسا نازار اۋدارا وتىرىپ ءادىل باعاسىن بەرەدى. جەڭىمپازدار ەسىمى وسى جىلدىڭ كۇزىنە قاراي جاريالانادى.
- يىلى بايقاۋدىڭ ءبىر مەركشەلىگى - قازاق رۇحانياتىنىڭ تەمىرقازىسى، الاش ويىنىڭ اسقارى - اباي قۇنانباي ۇلىنىڭ 180 جىلدىق مەرەيتويىنا وراي ەنگىزىلگەن ارنايى «اباي تاعىلىمى» نوميىناتىسياسى. بۇل اتالىم - اباي مۇراسىن جاڭا كوزقاراسپەن زەردەلەپ، ونى

بۇگىنگى زامانمەن ۋىندەستىرە بىلگەن ، وىلى ۇرپاققا ونەگە ەتىپ جەتكىزگەن شىعارمالارعا
ارنالادى.

«اباي تاعىلىمى» - بۇل تەك ءبىر ۇلى تۇلغانىڭ رۋحىن ەسكە الۋ ەمەس ، بۇگىن
مەن بولاشاقتى جالعايتىن تەرەڭ تانىم ، رۋحاني باعدار. اباي ارقىلى ءبىز تەك وتكەنىمىزدى
ەمەس ، كەلەشەگىمىزدى دە تانىمىز.

جالپى ، «ۇلى دالا» جوباسىنىڭ تۈپكى ماقساتى - شەتەلدەگى قازاق قالامگەرلەرىنىڭ
شىعارمالارىن كەڭىنەن تانىستىرىپ ، ولاردىڭ رۋحاني ەڭبەكتەرىنە جان-جاقتى قولداۋ
كورسەتۋ. بۇل يىگى باستاما الداعى جىلدارى دا ۇز جالعاسىن تابادى دەگەن سەنىمدەمىز.





ОРАЗХАН НАЗЕРКЕ НҰРБОТАҚЫЗЫ

*Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық Бизнес университетінің
аға оқытушысы*

СЛЕНГ – МӘДЕНИЕТ ПЕ, МӘСЕЛЕ МЕ?

Қоғам дамыған сайын тіл де өзгереді. Әсіресе жастар тілі жылдам түрленіп, жаңа сөздер мен тіркестер пайда болып жатыр. Соның ішінде ерекше назар аудартатыны – **сленг**. Сленг қоғамдағы мәдени, технологиялық өзгерістерге тікелей байланысты дамып отырады. Ол – көбіне ресми емес, еркін стильде сөйлескенде немесе өз ортасында ерекшелену үшін қолданылады. Бүгінгі заманда интернет пен әлеуметтік желілердің кең таралуы сленгтің өрісін кеңейтіп, оны жастар арасында ең жиі қолданылатын тілдік құралға айналдырды. Жастардың ойынша, сленг – жастар үшін еркіндік пен ерекшелік құралы. Сонымен қатар, кейбір жастар үшін сленг – ортаға бейімделудің бір жолы, трендке ілесудің тілі. Соңғы уақытта сленгті қолдану жас ерекшеліктеріне қарамастан кең тарап отыр. Ал жастар үшін күнделікті тілдің бір бөлігіне айналып кеткен. Олар көбінесе **орыс және ағылшын тілдерінің** үйлесімінен тұрады. Бұл құбылыс – заманауи өмірдің көрінісі ме, әлде тіл мәдениетіне кері әсер ме?

Бүгінде сленг – TikTok, Instagram, Telegram және YouTube платформалары арқылы тарап отыр. Сленгтің ерекшеліктерінің бірі оның креативтілігі – жастар сөздерді ықшамдап, жаңаша мағына беріп, тілге тың реңк қоса айтады. Және контекстке бейімділік – сөздің мағынасы оны қолдану ортасына байланысты әртүрлі түсіндірілуі. 2025 жылғы қазақ жастарының танымал сленгтеріне шолу жасап өтсек.

Р/с	Сленг	Мағынасы	Қолданылуы
1	Чилл	Демалу, босаңсу, жайлану. Сондай-ақ, тыныштық сақтау, күйзеліссіз болу деген мағынада қолданылады.	Бүгін үйде чилл жасап жатырмын – Үйде жайланып, ешқандай жұмыспен айналыспай тынығып жатырмын деген сияқты.
2	Красава	Мақтау сөз	Емтиханнан өттім. Красава!
3	Кринж	Ыңғайсыздық, ұялу, сасу, қорқыныш	Оның әзілдері шын кринж болды – Оның әзілдері ұятты, қолайсыз еді.
4	Пикми	«мені таңда!», «маған қара!» деген мағына береді.	Қыздар арасында: «Мен басқа қыздар сияқты емеспін, мен футбол көргенді ұнатам» – дегені үшін оны pick me girl деп атауы мүмкін.
5	Четкий	Қалыпты тілде – «дұрыс», «анық», «нақты» деген мағына болса, сленгте: мақтау, ризашылық немесе жақсы бағалау ретіндегі сөз	«Чёткий пацан!» – Сенімді, салмақты, «нағыз жігіт» дегендей мағына береді.
6	Флекс	Бір нәрсені көрсету, мақтану.	«Жаңа көлігімді флекс жасап тұрмын»
7	Краш	Ұнайтын адам, ғашықтық сезім.	«Менің крашым мектептен»
8	Зашквар	Ұятты, төмен деңгейдегі нәрсе.	«Оның әрекеті зашквар болды»
9	Рофл	Өте күлкілі нәрсе.	«Оның әзілдері рофл болды»
10	Топ	Өте жақсы, керемет.	«Бұл ресторанның тамағы топ»
11	Фейл	Қателік, сәтсіздік.	«Менің сынағым фейл болды»
12	Тренд	Қазіргі уақытта танымал нәрсе.	«Бұл TikTok тренді бәрінде бар»
13	Хайп	Көптің назары	«Хайп ұстап кетті» «Танымал болып кетті»

Жоғарыда байқағанымыздай, қазақ жастары арасында кең таралған сленг сөздердің көбі ағылшын немесе орыс тілінен енген. Қазақша баламасы бола тұра, ағылшын/орыс сөздерінен енген сленгтерді тым жиі және орынсыз пайдалану тіл тазалығына нұқсан келтіреді. Және бұл ресми, ғылыми және көркем әдеби тілдің сапасына әсер етіп, қазақша сөздердің қолданылу аясын тарылтады. Яғни жастар бейресми тілді күнделікті өмірде көп қолданғанда, ресми тілге шорқақ болып, тілді тым қарабайыр етіп, терең ойды жеткізуді қиындатады.

Әлем елдерінде де сленг сөздер кеңінен қолданылады, әрі бұл – бүкіл әлемдік лингвистикалық құбылыс. Әсіресе жастар мен интернет қолданушылары арасында сленг күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналып кеткен. Мәселен, Француздар тілдеріне

өте мұқият қарайтындығына қарамастан бұл елдің жастары да бейресми сленгті жиі қолданады. Оларда сленг көбіне сөздің орнын ауыстыру немесе қысқарту арқылы жасалады. Оның ішінде «verlan» деп аталатын сленг түрін (сөзді кері оқу) кеңінен тараған. Académie Française (Француз тіл академиясы) тіл тазалығын қатаң қадағалайды. Сондықтан көп француз үлкендері сленгті «**тілдің бұзылуы**» деп есептейді. Және Францияда жарнама немесе теледидар бағдарламасында сленг көп қолданылса, ол кейде сынға ұшырайды. Жапондықтар өте сыпайы халық, сондықтан ресми ортада сленг қолдану әдепсіздік деп есептеледі. Алайда, жастар мен аниме мәдениетінде сленг кең тараған және ол «тек өзара ортада ғана» қолданылады. Жапонияда бір сөздің 2-3 түрлі нұсқасы болуы мүмкін: ресми, бейресми және тіпті «интернеттік» (сленг). Ағылшын тілді елдерде Америкалық жастар арасында сленг өте танымал. АҚШ елінде сленг – еркіндік, өзін-өзі білдіру, даралықтың көрінісі ретінде бағаланады. Әдебиетте, фильмдерде, тіпті жарнамада да сленг жиі қолданылады. Алайда, ресми ортада (жұмыс, академиялық жазба) қолдануға жол берілмейді. АҚШ мектептерінде оқушыларға «формалды vs. информалды тіл» деген тақырыпты арнайы үйретеді екен. Ал Ұлыбритания Классикалық мәдениет пен жастар мәдениеті арасында тепе-теңдік ізделеді. Көне әдебиетті құрметтейтін үлкен буын сленгке сынмен қарайды. Ал жастар өздерінің «slang culture»-ын мақтаныш көреді. BBC сияқты ресми арналарда сленг қолдану шектеледі, бірақ YouTube-арналарында бұл қалыпты жағдай. Байқағанымыздай, әлемнің әр елінде сленгке деген көзқарас екіжақты – бір жағынан, ол тілдің дамуы мен мәдениеттің бөлшегі ретінде қабылданады, ал екінші жағынан, ол әдеби тілдің бұзылуы немесе мәдени құндылықтардың жоғалуы ретінде сынға ұшырайды. Дамыған елдердің сленгке деген көзқарасын саралай келе, келесі қорытындыны түюге болады:

Р/с	Ел	Сленгке көзқарас	Көзқарас
1	АҚШ	Жағымды (бейресми қолданыста)	Жастар мәдениеті үшін маңызды
2	Ұлыбритания	Қабылданған, бірақ әдебиетпен теңестірілмейді	Аймақтық сленгтер көп
3	Франция	Ресми ортада шектеулі	Тіл тазалығына қатты мән береді
4	Жапония	Әдептілікпен шектелген	Өзара ортада ғана қолданылады

Сленг – заманның тілі. Оған тыйым салу мүмкін емес. Бірақ оны дұрыс бағытта қолдану – біздің қолымызда. Қазақ тілінің бай, көркем, бейнелі мүмкіндіктері бар. Жастарға сол мүмкіндікті таныстыра отырып, сленгті де қазақшалап, ана тіліміздің заңдылығына бейімдеп қолдансақ, бұл тіліміздің жаңғыруы болмақ. Ал мектепте, ғылымда, ресми салада – әдеби тілді насихаттау қажет.

Тілді сақтау – жалаң ұранмен емес, күнделікті қолданыстағы әрекетпен басталады. Ал сленгті қазақшалау – соның бір нақты қадамы.

ҚАНДАСТАРЫМЫЗҒА ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУ – ЕЛІМІЗ ҮШІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ



Ана тілі – әрбір ұлттың мәдениетінің, тарихының, ұлттық болмысының негізгі көрінісі. Ана тілінің маңызы өте зор, себебі ол қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар адамның дүние танымын, рухани құндылықтарын қалыптастырады. Ана тілі адам өмірінде ерекше орын алады, өйткені ол адамның дүниеге көзқарасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

ҚР Сыртқы істер министрлігіне қарасты «Отандастар қоры» КеАҚ (коммерциялық емес акционерлік қоғамы) қазақ тілін оқыту жүйесін халықаралық деңгейде дамытуға арналған бірқатар жобаны іске асырып келеді. Бүгінде қазақ тілін шетелдегі қандастарға үйретуде онлайн курстар өз нәтижесін беріп жатыр. Қазір қазақ тілін үйренуге тек Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар шетелде тұратын қазақ диаспорасы арасында да сұраныс артып келеді. 2019 жылдан бері ұйымдастырылып келе жатқан тегін онлайн қазақ тілі курстары осы бағытта үлкен жұмыс атқарып, қазақ тілінің шетелде оқытуда зор үлес қосуда. Қазақ диаспорасына арналған қазақ тілі курстарының ерекшелігі – олар әр елдегі диаспораның тіл үйрену деңгейіне қарай ұйымдастырылады. Бұл курс әрбір тыңдаушының жеке қажеттіліктері мен тіл үйрену жылдамдығына сай деңгейлерге бөлінеді. Сабақтар қазақ тілін үйренушілерге ыңғайлы әрі қолжетімді түрде ұсынылады, себебі олар түрлі тілде – қазақ-ағылшын, қазақ-орыс, қазақ-түрік, қазақ-парсы тілдерінде өткізіледі. Бұл өз кезегінде қазақ тілін үйренушілердің түсіну деңгейін жеңілдетіп, олардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Курстардың негізгі оқу материалы «Әмбебап оқулық» негізінде дайындалып, тыңдаушыларға тілдің грамматикасы мен лексикасын меңгеруге мүмкіндік береді. Әрбір сабақ Қазақстандағы үздік мамандар мен әдіскерлердің қатысуымен ұйымдастырылады, бұл оқу үдерісін сапалы әрі нәтижелі етеді. Қазақ тілін үйретуге арналған онлайн курстарға қатысушылар саны артып келеді. Бұл курстардың қажеттілігінің артуы – қазақ тілін үйренуге деген қызығушылықтың өсуінің айқын дәлелі.

Онлайн курстардың маңызы шетелдегі қандастарымызға қазақ тілін үйрету – еліміз үшін стратегиялық маңызды міндет. Бұл курстар тек тіл үйрету ғана емес, сонымен қатар

қазақ халқының мәдениеті мен ұлттық құндылықтарын шетелдегі қандастарымызға жеткізу, оларды Қазақстанмен байланыстыру мақсатында да үлкен рөл атқарады. Онлайн форматта ұйымдастырылған курстардың артықшылығы – кез келген уақытта, кез келген жерде оқып, білім алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сабақтарды өткізу уақыты мен деңгейлік топтар әр қатысушының тұрғылықты жеріне және күн тәртібіне сай реттеледі, бұл курсқа қатысуды жеңілдетеді. Шетелде тұратын қазақтардың өз ана тілін үйренуге деген ынтасын арттырып, тілдің кеңінен қолданылуын қамтамасыз етеді.

Қазақ тілін шетелде тұратын қандастарымызға үйрету үшін ұйымдастырылып жатқан онлайн курстар – маңызды әрі қажетті бастама. Бұл курс арқылы қазақ тілінің шетелде кең таралуына мүмкіндік туып, оның әлемдік аренадағы беделін арттыруға үлес қосады. Тілдің дамуы мен сақталуы үшін бұл сияқты жобалардың үздіксіз жүргізілуі маңызды, себебі қазақ тілін меңгерген ұрпақ өз мәдениеті мен ұлттық құндылықтарын қастерлей отырып, Қазақстанмен тығыз байланыс орната алады.

Қазақ тілінің дамуы мен оның шетелдерде кеңінен таралуы үшін маңызды қадамдардың бірі – қазақ тілі мұғалімдерінің кәсіби деңгейін арттыру. Осы орайда Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы шетелдегі қазақ тілі мұғалімдері мен оқытушыларына арналған біліктілікті арттыру курстарын үздіксіз ұйымдастырып келеді. Бұл курстар «Отандастар қоры» қолдауымен жүзеге асырылып, қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру мақсатында әр жыл сайын өтіп тұрады. Курста әртүрлі елден қазақ тілі пәнінің мұғалімдері сабақ береді. Ол курсқа Моңғолия, Өзбекстан, Ресей, Иран, Түркия сияқты елдерден келген 100-ден астам қатысушы бар. Бұл курстардың басты ерекшелігі – қатысушылардың қажеттіліктеріне сай мамандандырылған білім беру бағдарламасының ұсынылуы. Курс басталар алдында тыңдаушылардың қызығушылықтары мен оқу тақырыптарына қатысты сауалнама жүргізіледі. Бұл сауалнама нәтижелері бойынша курс бағдарламасы құрылып, баяндамашылар құрамына еліміздегі жетекші ғалымдар мен тәжірибелі мамандар шақырылады.

Курстардың мазмұны және мақсаты біліктілікті арттыру курстары қазақ тілін шетел тілдері ретінде оқытудың ең үздік әдіс-тәсілдерін меңгеруге бағытталған. Курстарда қазақ тілін оқытудың жаңашыл әдістері, ғылыми зерттеулер, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, мәдениет пен әдебиетті оқыту тәсілдері қарастырылады. Қазақстандағы филолог ғалымдар, Назарбаев Университетінің мамандары, халықаралық мектептердің мұғалімдері, сондай-ақ шетелде қазақ тілін оқытатын тәжірибелі ұстаздар осы курстарда баяндамашы ретінде өз тәжірибелерін ортаға салады. Курстың басты мақсаты – шетелдегі қазақ тілінің мұғалімдерін жаңа әдіс-тәсілдермен таныстырып, оларды қазіргі білім беру стандарттарына сай дайындалуға ынталандыру. Сонымен қатар, қатысушылар арасында тәжірибе алмасу және байланыс орнату да маңызды міндеттер қатарында. Бұл курстар арқылы шетелдегі қазақ тілінің мұғалімдері мен қазақстандық ғалымдар бір-бірімен тығыз байланыс орнатып, білім саласында өзара тәжірибе бөліседі. Бұл курстар – шетелдегі қазақ тілін оқытатын мамандар үшін үлкен мүмкіндік. Олардың білімін арттыру, кәсіби дағдыларын жетілдіру және қазақ тілін оқытудың қазіргі әдістерін меңгеру – шетелдегі қазақ диаспорасының тілін үйрену сапасын едәуір жақсартады. Мұғалімдердің кәсіби деңгейінің жоғарылауы, өз кезегінде, қазақ тілін үйренушілердің білім алу сапасын арттырады, бұл қазақ тілінің шетелде кеңінен таралуына ықпал етеді.

Сонымен қатар, курстарда алынған тәжірибелер мен жаңа әдіс-тәсілдер шетелдегі қазақ тілінің мұғалімдеріне үлкен тәжірибе береді. Олар қазақ тілін оқыту барысында өздерінің әдістемелік жұмыстарын жақсартып, оқушыларды тиімді үйретуге мүмкіндік алады. Курс қатысушылары арасында құрылған желі арқылы ақпарат алмасу мен тәжірибе бөлісу тұрақты түрде жалғасады. Біліктілікті арттыру курстары қазақ тілін шетелдерде оқытудың деңгейін көтеруге зор ықпал етеді. Бұл курстар шетелдік қазақ тілі мұғалімдеріне жаңа білім мен әдістерді меңгеруге мүмкіндік береді, сондай-ақ олардың Қазақстанмен мәдени және ғылыми байланысын нығайтуға жағдай жасайды. Қазақстан мен шетелдегі қазақ тілін оқытушылардың арасында тығыз байланыс орнаған сайын, қазақ тілінің әлемдік деңгейде кең таралуына бір қадам алға жылжуымыз сөзсіз.

Шетелде тұратын қандастарымыз үшін Қазақстандағы білім жүйесіне қол жеткізу және ана тілін үйрену, ұлттық құндылықтарымызды сақтау – маңызды міндет. Осы мақсатта «Отандастар қоры» мен еліміздің білім беру ұйымдары шетелдегі қандастарымызға түрлі мүмкіндіктер ұсынуда. Олардың білім алу жолындағы қолдау жүйесі жылдан жылға кеңейіп, тиімділігі артып келеді.

Қазақстандағы білім беру жүйесінің сапасын арттыру, сонымен қатар, шетелде тұратын этникалық қазақтарға ана тілін ұмытпай, білім алу мүмкіндігін қамтамасыз етуде «BILIMLAND» платформасының маңызы зор. 2024 жылдан бастап «Отандастар қоры» шетелдегі этникалық қазақтарға, сонымен қатар, Қазақстанда даярлық бөлімінде білім алып жатқан тыңдаушыларға осы платформаны тегін қолдануға мүмкіндік беріп, консультациялық қызмет көрсетуде.

«BILIMLAND» платформасы шетелдегі қандастарымыз үшін жаңа мүмкіндіктер ұсынып, қазақ тілінде білім алудың жолын жеңілдетеді. Платформада 1-11 сыныптарға арналған барлық пәндер қамтылған, бұл шетелде тұратын қазақ балалары мен жастарға еліміздің мектеп бағдарламасы негізінде толыққанды білім алу мүмкіндігін береді. Оған қоса, 26 000 сабақ пен 600 000-нан астам жаттығу тапсырмалары, тереңірек түсіну үшін анимациялар, бейнемазмұн және виртуалды зертханалар ұсынылған, қандастарымызға тек қана ана тілін ұмытпай, Қазақстанның мектеп бағдарламасына сәйкес білім алу мүмкіндігін береді. Білім алудың бұл мүмкіндігі шетелдегі қандастарымыз үшін бір жағынан қазақстандық білім жүйесін қол жетімді етсе, екінші жағынан, ана тілінің таралуына ықпал етіп, ұлттық құндылықтарды сақтауға көмектеседі.

«Отандастар қоры» шетелдегі қазақ оқушыларына білім алуына мүмкіндік жасап, шетелде тұратын этникалық қазақтардың Қазақстанның жоғары оқу орындарында сапалы білім алуына жағдай жасау мақсатында бірнеше маңызды бастамаларды қолға алған. Солардың бірі – шетелдегі қазақ мектеп оқушыларына арналған «Білім көрмесі». Бұл іс-шара оқушыларға Қазақстанның үздік университеттері мен білім беру бағдарламалары туралы ақпарат беру, олардың білім алу мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында ұйымдастырылады. Бұл көрмелерде оқушыларға Қазақстанда білім алуға арналған стипендиялық бағдарламалар, ҰБТ тапсыру тәртібі, дайындық бөлімдері мен елдегі үздік университеттер туралы толыққанды ақпарат беріледі. Көрме барысында шетелдегі қазақ оқушылары Қазақстанда тегін білім алу жолдарын, гранттар мен стипендиялар туралы ақпарат алып, өздеріне қолайлы оқу орнын таңдай алады. Жыл сайын 4000-нан астам қандас оқушы Қазақстанға білім алу үшін келеді. Олардың арасында 1300 адам даярлық бөліміне қабылданып, 1 600 адам ҰБТ тапсырады, ал 100

адам стипендиялық бағдарламалар арқылы оқуын жалғастырады. Қандастарымыздың көбі Өзбекстан, Моңғолия, Қытай және Ресей елдерінен келеді. Осылайша шетелдегі қазақтардың білім алуын жеңілдету үшін ауқымды жұмыс атқарылып жатыр. Қазір «Отандастар қоры» қолдауымен шетелдегі қандастар үшін ҰБТ тапсыру тәртібі айтарлықтай жеңілдетілді. Бұрын қандастарымыз 5 пәннен емтихан тапсыруы қажет болса, өзгерістерден кейін тек 3 пәннен емтихан тапсырады. Бұл өзгеріс шетелдік этникалық қазақтар үшін білім алу үдерісін едәуір жеңілдетеді. Сонымен қатар, шектік балл талап етілмейтін болып шешілді. Бұл шара қандастарымыздың Қазақстандағы гранттар мен білім алу мүмкіндіктерін арттырып, көптеген оқушының арманына жетуге мүмкіндік береді. Шетелде тұратын қазақтардың білім алуын қолдай отырып, оларды Қазақстанның білім жүйесіне интеграциялауға септігін тигізеді. Мұндай бастамалар этникалық қазақтардың еліміздің білім беру саласына қосқан үлесін арттырып, болашақта ел мен ұлт арасындағы байланыстарды нығайтады. Білім көрмелері, стипендиялық бағдарламалар, ҰБТ тапсыру тәртібіндегі жеңілдіктер – мұның бәрі қандастарымыздың Қазақстанда білім алу мүмкіндіктерін кеңейтеді. Елге оралып, білім алып, отанға қызмет ету ниетінде тұрған шетелдегі қазақ жастарымен ынтымақтастық жалғаса бермек.

Ана тілі – әрбір адам үшін ең қымбат және ең маңызды байлық. Ол біздің болмысымызды, ұлттық құндылықтарымызды, тарихымызды және мәдениетімізді сақтап қалатын басты құрал. Ана тілін сақтау, дамыту, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу – әрбір азаматтың міндеті, әрі ата-бабаларымыздың аманатын орындау. Ана тілінің қоғамдағы орны ерекше. Ол ұлттың рухани өмірінің өзегі болып табылады, өйткені тіл арқылы халықтың ойы, сезімі, тарихы, діні, салт-дәстүрлері, мәдениеті ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырады. Тіл адамның тұлғалық дамуында маңызды рөл атқарады, оның өз бетінше ойлау, пікір айту, қоршаған ортаға көзқарасын қалыптастыруына ықпал етеді.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, қазақ халқының тарихи, мәдени мұрасы мен салт-дәстүрінің ұрпаққа аманат етілуі үшін қажет. Тіл арқылы біз өз тарихымызды, өз көзқарасымызды, ұрпаққа айтар өнегемізді жеткізіп, қоғамымыздың бірлігін нығайтамыз. Қазақ тілін үйрету жұмыстары мемлекет тарапынан ерекше назарға алынған және түрлі деңгейде жүргізіліп жатыр. Мектептерде, жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту бағдарламалары күн санап жақсарып келеді. Бұл жағдай ана тілімізді меңгеруге деген қызығушылықты арттырып, қазақ тілінің мәртебесін көтеруге көмектеседі. Қазір әлемде тіл – тек қана қарым-қатынас құралы емес, ол – ұлттың өзіндік ерекшелігін, тарихын, мәдениетін сақтайтын негізгі құрал. Әрбір қазақ өз ана тілін білуге, оны құрметтеуге, ұрпағына үйретуге міндетті.

Дидар БОЛАТ,

«Отандастар қоры» КЕАҚ Президентінің кеңесшісі

Дереккөз: <https://turkystan.kz>

QANDASTARYMZĞA QAZAQ TILIN ÜIRETU – ELIMIZ ÜŞIN STRATEGIALYQ MAÑYZDY MINDET



Ana tılı – әрбір ұлттың мәдениетінің, тарихының, ұлттық болмысының негізгі көрінісі. Ана тілінің маңызы өте зор, себебі ол қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар адамның дүние танымын, рухани құндылықтарын қалыптастырады. Ана тілі адам өмірінде ерекше орын алады, өйткені ол адамның дүниеге көзқарасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

QR Сыртқы істер министрлігіне қарасты «Отандар қоры» КеАҚ (коммерциялық емес акционерлік қоғамы) қазақ тілін оқыту жүйесін халықаралық деңгейде дамытуға арналған бірқатар жобаны іске асырып келеді. Бүгінде қазақ тілін шетелдегі қандастарға үйретуде онлайн курстар өз нәтижесін беріп жатыр. Қазір қазақ тілін үйренуге тек Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар шетелде тұратын қазақ диаспорасы арасында да сұраныс артып келеді. 2019 жылдан бері үйімдастырылып келе жатқан тегін онлайн қазақ тілі курстары осы бағытта үлкен жұмыс атқарып, қазақ тілінің шетелде оқытуда зор үлес қосуда. Қазақ диаспорасына арналған қазақ тілі курстарының ерекшелігі – олар әр елдегі диаспораның тіл үйрену

деңгейіне қарай үйімдастырылады. Бұл курс әрбір тыңдаушының жеке қажеттіліктері мен тіл үйрену жылдамдығына сай деңгейлерге бөлінеді. Сабактар қазақ тілін үйренушілерге ыңғайлы әрі қолжетімді түрде ұсынылады, себебі олар түрлі тілде – қазақ-ағылшын, қазақ-орыс, қазақ-түрік, қазақ-парсы тілдерінде өткізіледі. Бұл өз кезегінде қазақ тілін үйренушілердің түсіну деңгейін жеңілдетіп, олардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Курстардың негізгі оқу материалы «Амбебап оқулық» негізінде дайындалып, тыңдаушыларға тілдің грамматикасы мен лексикасын меңгеруге мүмкіндік береді. Әрбір сабақ Қазақстандағы үздік мамандар мен әдіскерлердің қатысуымен үйімдастырылады, бұл оқу үдерісін сапалы әрі нәтижелі етеді. Қазақ тілін үйретуге арналған онлайн курстарға қатысушылар саны артып келеді. Бұл курстардың қажеттілігінің артуды – қазақ тілін үйренуге деген қызығушылықтың өсуінің айқын дәлелі.

Онлайн курстардың маңызы шетелдегі қандастарымызға қазақ тілін үйрету – еліміз үшін стратегиялық маңызды міндет. Бұл курстар тек тіл үйрету ғана емес, сонымен қатар қазақ

halqynyň мәdenietı men ultiq qundylyqtaryn şeteldegi qandastarymyzğa jetkizu, olardy Qazaqstanmen bailanystyru maqsatynda da ülken röl atqarady. Onlain formatta üymdastyrylğan kurstardyn artyqşylygy – kez kelgen uaqytta, kez kelgen jerde oqyp, bilim aluğa mümkındık beredi. Sonymen qatar, sabaqtardy ötkizu uaqyty men deñgeilik toptar ar qatysuşynyň turgylyqty jerine jäne kün tartıbyne sai retteledi, bul kursqa qatysudy jeñildetedi. Şetelde tūratyn qazaqtardyn öz ana tılın üirenuge degen yntasyn arttyryp, tılın keñinen qoldanyluyn qamtamasyz etedi.

Qazaq tılın şetelde tūratyn qandastarymyzğa üiretu uşın üymdastyrylyp jatqan onlain kurstar – maңызdy arı qajetti bastama. Bul kurs arqyly qazaq tılın şetelde keñ taraluyna mümkındık tuyp, onyñ älemdik arenadağy bedelin arttyruğa üles qosady. Tılın damuy men saqtaluy uşın bul siaqty jobalardyn üzdiksiz жүргизилу маңызды, sebebi qazaq tılın meңgergen urpaq öz мәdenietı men ultiq qundylyqtaryn qasterlei otyryp, Qazaqstanmen tyğyz bailans ornata alady.

Qazaq tılın damuy men onyñ şetelerde keñinen taraluy uşın maңызdy qadamdardyn biri – qazaq tılı mūğalımderinin kāsibi deñgeim arttyru. Osy oraida Ş.Şaiahmetov atyndağy «Tıl-Qazyna» ultiq gylimi-praktikalyq ortalygy şeteldegi qazaq tılı mūğalımderi men oqytuşylaryna arnalğan biliktilikti arttyru kurstaryn üzdiksiz üymdastyryp keledi. Bul kurstar «Otandastar qory» qoldauymen jūzege asyrylyp, qazaq tılın oqytudyn sapasyn arttyru maqsatynda ar jyl saıyn otip tūradı. Kursta ärtürlı elden qazaq tılı pānının mūğalımderi sabaq beredi. Ol kursqa Moңğolia, Özbekstan, Resei, İran, Türkia siaqty elderden kelgen 100-den astam qatysuşy bar. Bul kurstardyn basty ereşeligi – qatysuşylardyn qajettilikterine sai mamandandyrylğan bilim beru bağdarlamasynyñ üsynyluy. Kurs bastalar aldynda tyñdauşylardyn qyzyğuşylyqtary

men oqu taqyryptaryna qatysty saualnama жүргизiledi. Bul saualnama nätijeleri boıynşa kurs bağdarlamasy qūrylyp, baiandamaşylar qūramyna elimizdegi jetekşı galymdar men täjiribeli mamandar şaqyrylady.

Kurstardyn mazmuny jäne maqsaty biliktilikti arttyru kurstary qazaq tılın şetel tilderi retinde oqytudyn eñ üzdik ädis-täsilderin meңgeruge bağyttalğan. Kurstarda qazaq tılın oqytudyn jañaşyl ädisteri, gylimi zertteuler, ultiq qundylyqtardy däripteu, мәdeniet pen ädebietti oqytu täsilderi qarastyrylady. Qazaqstandağy filolog galymdar, Nazarbaev Universitetinın mamandary, halyqaralyq mektepterdiñ mūğalımderi, sonдай-aq şetelde qazaq tılın oqytatyn täjiribeli üstazdar osy kurstarda baiandamaşy retinde öz täjiribelerin ortağa saladı. Kurstyñ basty maqsaty – şeteldegi qazaq tılın mūğalımderin jaña ädis-täsildermen tanystyryp, olardy qazırğı bilim beru standarttaryna sai daiyndaluğa yntalandyru. Sonymen qatar, qatysuşylar arasynda täjiribe almasu jäne bailans ornatu da maңызdy mindetter qatarynda. Bul kurstar arqyly şeteldegi qazaq tılın mūğalımderi men qazaqstandyq galymdar bır-бірimen tyğyz bailans ornatyp, bilim salasynда өзара täjiribe bölisedi. Bul kurstar – şeteldegi qazaq tılın oqytatyn mamandar uşın ülken мүмкіндік. Olardyn bilimін arttyru, kāsibi dağdylaryn jetildiru jäne qazaq tılın oqytudyn qazırğı ädisterin meңgeru – şeteldegi qazaq diasporasynyñ tılın üirenu sapasyn edäuir jaqsartady. Mūğalımderdin kāsibi deñgeiminin joğarylauy, öz kezeginde, qazaq tılın üirenuşilerdin bilim alu sapasyn arttyrady, bul qazaq tılın şetelde keñinen taraluyna yqpал etedi. Sonymen qatar, kurstarda alynğan täjiribeler men jaña ädis-täsilder şeteldegi qazaq tılın mūğalımderine ülken täjiribe beredi. Olar qazaq tılın oqytu barysynда өзderinin ädistemelik jūmystaryn jaqsartyp, oquşylardy tiimdi üiretuge мүмкіндік alady. Kurs qatysuşylary arasynda qūrylğan jeli

arqyly aqparat almasu men täjiribe bölisu tūraqty türde jalğasady. Bılıktılıktı arttyru kurstary qazaq tılın şetelderde oqytudyń deñgeim köteruge zor yqpal etedı. Bұл kurstar şeteldik qazaq tılı mūğalımderine jańa bılım men әдіsterdi meñgeruge mümkindik beredi, sonдай-aq olardıń Qazaqstanmen мәдени және ғылыми байланысын nyғaituğa jaғдай jasaıdy. Qazaqstan men şeteldegi qazaq tılın oqytuşylardyń arasynda tyğyz байланыс орнаған сайын, qazaq tılıның әлемдік деңгейде кең таралуына бір қadam алға жылжуымыз сөзсіз.

Şetelde tūratyn qandastarymyz ūşın Qazaqstandaғы bılım jüiesine qol jetkizu және ана тılın üirenu, ұлттық құндылықтарымызды сақтау – маңызды міндет. Осы мақсатта «Отандастар қоры» мен elimızdın bılım беру üiymdary şeteldegi qandastarymyzға түрлі мүмkindіктер ūsynuda. Olardıń bılım alu jolyndaғы qoldau jüiesi жылдан жылға кеңейіп, тиімділігі артып келеді.

Qazaqstandaғы bılım беру jüiesinın sapasyn arttyru, sonymen qatar, şetelde tūratyn etnikalyq qazaqtarға ана тılın ūmytpai, bılım alu мүмkindігін қамтамасыз etude «BILIMLAND» platformasynyń маңызы zor. 2024 жылдан bastap «Отандастар қоры» şeteldegi etnikalyq qazaqtarға, sonymen qatar, Qazaqstanda daiarlyq bölümінде bılım алып jatqan тыңдаушыларға осы platformany тегін qoldanuға мүмkindік беріп, konsültasiyalıq qyzmet körsetude.

«BILIMLAND» platformasy şeteldegi qandastarymyz ūşın jańa мүмkindіктер ūsynyp, qazaq tılінде bılım aludyń jolyn jeñildetedi. Platformada 1-11 synyptarға арналған барлық пәндер қамтылған, бұл şetelde tūratyn qazaq балалары мен jastarға elimızdın mektep baғdarlamasy negızinde tolyqqandy bılım alu мүмkindігін beredi. Oған qosa, 26 000 sabaq pen 600 000-nan astam jattyғu tapsyrmalary, tereñirek túsınu ūşın animasialar, beinemazmún және virtualdy

zerthanalar ūsynylған, qandastarymyzға tek qana ана тılın ūmytpai, Qazaqstannyń mektep baғdarlamasyna saikes bılım alu мүмkindігін beredi. Bılım aludyń бұл мүмkindігі şeteldegi qandastarymyz ūşın бір jaғynan qazaqstandyq bılım jüiesin qol jetimdi etse, екінші jaғynan, ана тılıның таралуына yqpal etip, ұлттық құндылықтарды сақтауға көмектесedi.

«Отандастар қоры» şeteldegi qazaq oquşylaryna bılım aluына мүмkindік jasap, şetelde tūratyn etnikalyq qazaqtardyń Qazaqstannyń joғary oqu oryndarynda sapaly bılım aluына jaғдай jasau maqsatynda birneşe maңызdy bastamalardy qolға алған. Solardyń biri – şeteldegi qazaq mektep oquşylaryna арналған «Bılım көрмесі». Бұл 15-сара oquşylarға Qazaqstannyń ūzdık universitetteri men bılım беру baғdarlamalary turaly aqparat беру, olardyń bılım alu мүмkindіктерін кеңейту maqsatynda üiymdastyrylady. Бұл көрмелерде oquşylarға Qazaqstanda bılım aluға арналған stipendialyq baғdarlamalar, ŪBT tapsyru tártıby, daiyndyq bölımderi men eldegi ūzdık universitetter turaly tolyqqandy aqparat beriledi. Körme barysynda şeteldegi qazaq oquşylary Qazaqstanda tegin bılım alu joldaryn, granttar men stipendialar turaly aqparat алып, özderine qolaily oqu ornyn taңдай alady. Jыл сайын 4000-nan astam qandas oquşy Qazaqstanға bılım alu ūşın keledi. Olardyń arasynda 1300 adam daiarlyq bölümіне qabyldanyp, 1 600 adam ŪBT tapsyrady, al 100 adam stipendialyq baғdarlamalar arqyly oquyn jalğastyrady. Qandastarymyzdyń köbi Özbekstan, Moңğolia, Qytai және Resei elderinen keledi. Oslaişa şeteldegi qazaqtardyń bılım aluyn jeñildetu ūşın auqymdy jūmys atqarylyp jatyr. Qazır «Отандастар қоры» qoldauymen şeteldegi qandastar ūşın ŪBT tapsyru tártıby aitarlyqtai jeñildetildi. Bұryn qandastarymyz 5 pānnen emtihan tapsyruy qajet bolsa, özgeristerden keiın tek 3 pānnen emtihan tapsyrady. Бұл

özgeris şeteldik etnikalyq qazaqtar üşin bilim alu üderisın edäuir jeñildetedı. Sonymen qatar, şektik bal talap etilmeitin bolyp şeşildi. Bül şara qandastarymyzdyñ Qazaqstandağy granttar men bilim alu mümkindikterin arttyryp, köptegen oquşynyñ armanyna jetuge mümkindik beredi. Şetelde tūratyn qazaqtardyñ bilim aluyn qoldai otyryp, olardy Qazaqstannyñ bilim jüiesine integrasialauğa septıgın tigizedi. Mündai bastamalar etnikalyq qazaqtardyñ elimızdın bilim beru salasyna qosqan ülesin arttyryp, bolaşaqta el men űlt arasyndağy bailanystardy nyğaitady. Bilim körmeleri, stipendialyq bağdarlamalar, ŬBT tapsyru tärtibindegi jeñildikter – mūnyñ bāri qandastarymyzdyñ Qazaqstanda bilim alu mümkindikterin keñeitedi. Elge oralyp, bilim alyp, otanğa qyzmet etu nietinde tūrğan şeteldegi qazaq jastarymen yntymaqtastyq jalğasa bermek.

Ana tılı – ärbir adam üşin eñ qymbat jāne eñ mañyzdy bailyq. Ol bızdın bolmysymyzdy, űlttyq qūndylyqtarymyzdy, tarihyмыzdy jāne мәdenietimizdi saqtap qalatyn basty qūral. Ana tılın saқтаu, damytu, űrpaqtan űrpaqqa jetkizu – ärbir azamattyñ mindeti, äri atabalarymyzdyñ amanatyn oryndau. Ana

tılınıñ qoğamdağy orny erekşe. Ol űlttyñ ruhani ömiriniñ özeги bolyp tabylady, öitkeni tıl arqyly halyqtyñ oiы, sezimi, tarihy, dını, salt-dästürleri, мәdenieti űrpaqtan-űrpaqqa jetip otyrady. Tıl adamnyñ tūlğalyq damuynda mañyzdy röl atqarady, onyñ öz betinşe oilau, pikir aitu, qorşağan ortaға közqarasyn qalyptastyruyna yqpal etedi.

Qazaq tılı – memlekettik tıl, qazaq halqynyñ tarihi, мәdeni mūrasy men salt-dästüriniñ űrpaqqa amanat etilui üşin qajet. Tıl arqyly bız öz tarihyмызdy, өз көзqarasымызdy, űrpaqqa aitar önegemizdi jetkizip, qoğamymyzdyñ birligin nyğaitamyз. Qazaq tılın űiretu jūmystary memleket tarapynan erekşe nazarға alynğan jāne tūrlı deñgeide жүргизіліп jatyr. Mektepterde, joğary oqu oryndarynda qazaq tılın oqytu bağdarlamalary kün sanap jaqsaryp keledi. Bül jağdai ana tılımızdi meñgeruge degen qyzyғuшыlyqty arttyryp, qazaq tılınıñ мәртеbesin көteruge көmektesedi. Qazır әлемde tıl – tek qana qarym-qatynas qūraly emes, ol – űlttyñ özindik erekşeligin, tarihyн, мәdenietin saqtaityn negізgi qūral. Ärbir qazaq өз ana tılın biluge, ony qūrmetteuge, űrpaғyna űiretuge mindetti.

Didar BOLAT,

«Otandastar qory» KEAQ Prezidentiniñ keñessisi

Derekköz: <https://turkystan.kz>



МАДРИДТЕ АБАЙДЫҢ 180 ЖЫЛДЫҒЫ МЕН АСТАНА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ЕКІНШІ КОНЦЕРТ ӨТТІ



2025 жылғы 12 шілде күні Испания астанасы Мадрид қаласында қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы мен Астана күніне арналған екінші концерт өтті. Шараны «Отандастар қоры» КеАҚ ҚР Испания Корольдігіндегі Елшілігімен бірлесіп, Түркістан облысы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырды.

12 шілде күні өткен концерттің ерекшелігі – Испаниядағы “DearsDimash” фан-клубының белсенділері ұлттық киім үлгілерінен арнайы дефиле ұйымдастырды. Бұл бастама ұлттық мәдениетті шетелде танытуда тың серпін берді.

Қазақстан Республикасының Испания Корольдігіндегі Елшісі Данат Мұсаев:

«Бұл екі күндік концертті Отандастар қорымен бірлесіп ұйымдастырдық. Испания мен Қазақстан арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайтуға зор үлес қосты деп ойлаймын», – деп атап өтті.

Ал «Отандастар қоры» КеАҚ президенті Данияр Қадыров өз сөзінде:

«Шетелдегі мәдени шаралар – бірінші кезекте отандастармен мәдени-гуманитарлық байланысты нығайту құралы. Бұл концерт Испаниядағы қазақтармен қатар, жергілікті тұрғындар тарапынан да ерекше ықыласпен қабылданды», – деді.





Мерекелік концертте Түркістан облысының Шәмші Қалдаяқов атындағы филармониясының өнерпаздары, «Тұмар» фольклорлық ансамблі, «Фараб» би ансамблі және «Арқайым» нео-этно-фолк тобы өз өнерлерін көрсетті. Сонымен қатар шара аясында «VK Kerbez» қазақстандық этнодизайнерлерінің ұлттық нақыштағы сән көрмесі ұйымдастырылды.

Концертті «Фараб» би ансамблі «Кербез сылқым» биімен ашып, кеш шымылдығын әсем ұлттық өрнекпен түрді. «Тұмар» ансамблі орындаған «Адай» және «Балбырауын» күйлері көрермендерге терең рух беріп, қазақ даласының үнін жеткізді. Ал филармония әншісі Данияр Барыстың шебер орындауындағы «Дударай» әні кеш қонақтарының жүрегін тебіrentті.

Сән көрмесінде «VK Kerbez» дизайнерлері 10-нан астам заманауи ұлттық киім үлгілерін ұсынды. Қазақтың шеберлік пен нәзіктік үйлескен киім үлгілері шетелдік көрермендердің ерекше қызығушылығын тудырды.

Концерт соңында «Арқайым» тобы ұлттық музыкалық аспаптармен таныстырып, бірнеше музыкалық композиция орындап, көрермендерге ерекше әсер сыйлады.

Іс-шараға 300-ге жуық адам қатысты. Олардың қатарында Еуропада тұратын қазақ диаспорасының өкілдері, “DearsDimash” фан-клубының мүшелері, дипломатиялық корпус өкілдері және Мадрид қаласының жергілікті билік мүшелері болды. Испанияның Барселона, Валенсия, Гранада қалаларынан, сондай-ақ Венгрияның Будапешт қаласынан арнайы келген отандастар ұлттық өнерімізге деген зор құрметтерін білдірді.

Валенсия қаласынан келген Клара есімді апамыз:

«Мұндай концертті Қазақстанда жүріп те көрмеппін. Концерт өте тамаша өтті, елге деген сағынышымызды басқандай болдық», – деп жүрекжарды пікірін білдірді.

Бұл мерекелік кеш шетелдегі қазақтарға туған елдің рухани тынысын сезіндіріп, ұлттық бірегейлікті сақтау мен мәдени байланысты нығайту бағытындағы маңызды қадам болды.

Мадридте абаидың 180 жылдығы мен астана күніне арналған ەکنші ەонтесерт ۇоты

2025-жылғы 12-шілде күні испания астанасы Мадрид қаласында қазатқың ۇлы ақын абаи құнанбай ۇлынның 180 жылдығы мен астана күніне арналған ەکنші ەонтесерт ۇоты. Шараны «отандастар қоры» ەқ ەқ қ қ р испания қоролдығындегі ەшлігімен бірлесіп, тұркістан ылысы ақмдығының қолдауымен ұымдастырды.

12-шілде күні ыткен ەонтесерттың ەреکشелігі — испаниядағы “DearsDimash” ған-қлұбының ыелсенділері ۇлттық қым ۇлгілернен арнайы ەфиле ұымдастырды. Бұл бастама ۇлттық мадеһетті шетелде тантұда тың сепін берді. Қазакстан респуыликасының испания қоролдығындегі ەшлісі данат мұсаһеў: «Бұл ەкі күндік ەонтесертті ытандастар қорымен бірлесіп ұымдастырдық. Испания мен Қазакстан арасындағы мадеһи-ғұманитарлық ытмақтастықты ыцайтұға зор ۇлес қосты ەп ылаһын», — ەп атап ۇоты.

ал «отандастар қоры» ەқ ыреһидетті данیار қадірөө ۇз сөзінде: «шетелдегі мадеһи шаралар — ыһыншы ەзекте ытандастармен мадеһи-ғұманитарлық байланысты ыцайтұ қуралы. Бұл ەонтесерт испаниядағы қазактармен қатар, ғергілікті тұрғындар тарынан да ەреکشекласпен қабылданды», — ەды. ەрекелік ەонтесертте тұркістан ылысының ешамшы қалдайақуў атындағы филармониясының ынеһыздары, «тұмар» фольклорлық ансамылы, «фараб» ы ансамылы ғане «арқайым» ые-ытено-фольк тобы ۇз ынеһерлен қорсетті. Сонмен қатар, шара аясында «VK Kerbez» қазакстандық ытудызайнерлерінің ۇлттық нақштағы ған қормеһсі ұымдастырылды.

ەонтесертті «фараб» ы ансамылы «кербез салқым» ымен ашып, ەш шымлдыен аһем ۇлттық ынеһепен ытұрды. «тұмар» ансамылы ырындаған «адай» ғане «балһраўын» қуылері қорермендерге теһек рұч беріп, қазак даласының ۇнын ғеткізді. ал филармония ыныһсі данیار барыстың шеһер ырындауындағы «дұдарай» ыні ەш қонақтарның ғұреһын теһеретті.

ған қормеһсында «VK Kerbez» дызайнерлері 10-нан астам заманауы ۇлттық қым ۇлгілерін ۇсынды. қазактың шеһерлік пен нарықтық ыелескен қым ۇлгілері шетелдік қорермендердің ەреکشек ызычушылыен ытұды.

ەонтесерт соғында «арқайым» тобы ۇлттық мұрықалық аспаптармен танстырып, ырынеһе мұрықалық қомпозытсия ырындап, қорермендерге ەреکشесер сылады.

һс-шараға 300-ге ғұтқ адам қатысты. олардың қатарында ыропада тұратын қазак дياسпорасының ыкледері, “DearsDimash” ған-қлұбының мұшелері, диломатыалық қорыуыс ыкледері ған Мадрид қаласының ғергілікті ыылық мұшелері болды.

испаниянның бәрселона, ۆәләнсия, ғанана қалаларынан, сондай-ақ ۆәнгрияның бұдапешт қаласынан арнайы келген ۆтандастар ۆлттық ۆнеримізге деген зор қўрметтерін ۆблдерди. ۆәләнсия қаласынан келген клара Һсиди апарыз:

«мўндай кўнтсертти қазқстанда ۆжўрп те кўрмеппин. кўнтсерт ۆте тамаша ۆтти, Һлге деген саеншшмизди басқандай болдиқ», - деп жўрэкжарди пккрин билдирсе,

бўл мәрәкәлик кеш шетелдеги қазқтарға тўған Һлдиң рўхани тинисин сезиндирп, ۆлттық брәгәйлккты сақтаў мән мадәни байлансты неаитў баектнндағы мағизди қадам болди.



МОҢҒОЛИЯДАҒЫ 100 ҚАНДАС ОҚУШЫ IQANAT ОЛИМПИАДАСЫНДА БАҚ СЫНАДЫ



Биыл ауыл оқушыларына арналған IQanat Олимпиадасы еліміздің аумағынан тысқары шықты. Бұған жаңа IQ Nomads бағдарламасының іске қосылуы сеп болды. Оның мақсаты – көрші елдердегі талантты этникалық қазақтарды табу және оларға қолдау көрсету.

Қазақстанда Олимпиаданың II туры өтіп жатқанда Моңғолияда да іріктеу сайыстары болды. Оған бұл елдің қазақтар көп тұратын Баян-Өлгей аймағындағы 100-ге жуық қандасымыз қатысты. IQ Nomads бағдарламасының арқасында Бурабайдағы IQanat мектебінде қазірдің өзінде Қырғыз елі мен Моңғолияда тұратын 3 оқушы толық грант негізінде білім алып жатқанын айта кетейік.

Олардың бірі Іңкәр Серік Моңғолияға оралды. Бірақ бұл жолы қатысушы емес, IQanat оқушысы ретінде. Ол Олимпиаданы ұйымдастыруға көмектесіп қана қоймай, жерлестерін өз күшіне сеніп, сынақтан қорықпауға өзі үлгі болып ынталандырды.

«IQanat – сен қайда дүниеге келсең де, сапалы білім алып, өз арманыңа

қол жеткізуіңе тамаша мүмкіндік. Мен Моңғолияның шағын ғана ауылында дүниеге келдім, онда интернет терезе алдында ғана ұстайтын, ал қалаға біз өте сирек баратынбыз. Қазір мен Қазақстанның Бурабайындағы заманауи мектепте білім алып жатырмын. Ол жер мүлде басқа әлем сияқты! Мен мұнда оқуға түскенде өз бақытыма өзім сенбедім. Енді мен өзіммен жерлес оқушыларды бар күшін салып, IQanat мектебіне оқуға түсуге шақырғым келеді. Бұл мектепте оларды не күтіп тұрғанын білмейді ғой – соның бәрін айтып беруге келдім», – дейді Іңкәр Серік.

Моңғолияда қандастар емтихан тапсырып жатқанда бүкіл Қазақстанда да ауыл балалары өз білімі мен бағын сынады. Ауылдарда 8-сыныпта оқитын 10 мыңға жуық оқушы аудандық және облыстық орталықтарға келіп, IQanat мектебінде оқуға бір қадам жақындата түсетін финалға өту үшін сайысты.

Биыл Олимпиаданың екінші кезеңі екі аптадан астам уақытқа созылды,

ұйымдастырушылар мен балалар жалпы 45 мың шақырымнан артық жол жүрді. Балалардың 70 пайыздан астамы әлеуметтік осал отбасылардан шыққандықтан да, олар үшін Олимпиадаға қатысу – үлкен мүмкіндік.

Осы себепті балаларға Олимпиадаға қатысу шығындарын өтеп беретін, кейін ауылда жоқ білім алу мүмкіндіктеріне жол ашатын қамқоршылардың көмегі аса маңызды. Қазір IQanat өз жанына қазақстандық 200-ден астам кәсіпкерді жинаған.



Олардың арасында балаларға қаржылық көмек көрсетіп қана қоймай, Олимпиадаға өзі келіп қолдау көрсетіп жатқандар да бар. Кәсіпкерлер өз өңірлеріне барып, қатысушылармен кездесті, тестілеу алдында ынтасын арттырып, шабыт сыйлады. Атырауға Нұрасыл және Нұрлан Жарбасовтар, Павлодарға Ержан Әуезов, Жетісуға Әсет Төлемісов, Абай облысына Айдос Таңсыққожин барса, Батыс Қазақстан облысында балалармен Динар Хамиев пен Еркебұлан Супалдияров кездесті. Түркістандық балаларға Серік Төлбасы үлкен қолдау көрсетсе, қарағандылық балаларды Айдос Мұқатаев, ал Шығыс Қазақстан облысының қатысушыларын Сергей және Екатерина Диденко қолдады.

Биылғы жылдың тағы бір ерекшелігі – Peer-to-Peer жобасы. Оның аясында жоғары сынып оқушылары мен IQanat түлектері кіші сынып балалары үшін тәлімгер

болады. Олимпиаданың екі аптасында 200 тьютор жеті пән (география, Қазақстан тарихы, ағылшын тілі, физика, математика, биология және химия) бойынша 6300 сегізінші сынып оқушысын оқытты.

«Бұл екі апта сабақтар ғана емес, балалардың есінде ұзақ уақыт сақталатын маңызды сәттерге де толы болды. Жоғары сынып оқушылары өзінен кішілерге тапсырманы дұрыс түсінуге, мектепте алған білімін толықтыруға көмектесті. Жылы сөзімен және жеке өзінің үлгісімен ынталандырды. Балалардың көбі үшін бұл жаңа өзгерістерге жасалған алғашқы қадам. Олардың көбі алғаш рет басқа қалаға аяқ басты, бірінші рет пойызға отырды, тұңғыш рет өз ауылынан алыс сапарға шықты. Мұндайда жоғары сынып оқушыларының қолдауы олардың бойында өз күшіне деген сенімін оятады», – деді Peer-to-Peer жобасының жетекшісі Әсел Әбдірахманова.



Қамқоршылар, қызметкерлер, үйлестірушілер, тьюторлар және түлектердің бірлескен күші мен жұмысы ауылдардағы ең ынталы балаларды іріктеп, жарқын өмірге «білім жолдамасын» беруге бағытталған. IQanat ақылды және жүйелі

қайырымдылық жолын ұстанады: жоба тиімділігі нақты нәтижелермен расталуда. Түлектердің 94%-ы Қазақстан мен шетелдің жетекші университеттеріне грант негізінде оқуға түсуде, қазір олар әлемнің 17 елінде білім алып жатыр.

Дереккөз: <https://turkystan.kz>



ҚАЗАҚ-ӨЗБЕК ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСЫ: «ОТАНДАСТАР ҚОРЫ» МЕН ӨЗБЕКСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ КЕЗДЕСТІ



Ташкент қаласындағы жұмыс сапары аясында «Отандастар қоры» КеАҚ өкілдері Өзбекстан Жазушылар одағына арнайы барып, әдеби және мәдени ынтымақтастыққа арналған маңызды кездесу өткізді. Делегация мүшелері Жазушылар одағының халықаралық байланыстар және көркем аударма бөлімі бас маманы, жазушы әрі аудармашы Рисолат Хайдарова, сондай-ақ Қазақ әдебиеті кеңесінің төрағасы, аудармашы Тұрсынәлі Ахметовпен сұхбаттасты.

Кездесу барысында Рисолат Хайдарова екі ел Жазушылар одақтарының арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум аясында соңғы жылдары жүзеге асқан ауқымды жобаларға тоқталды. Атап айтқанда:

– 2022 жылы Ташкентте жарық көрген «Түркі әдебиеті інжу-маржандары» атты 100 томдық әдеби антологияның 72-81-томдары қазақ әдебиетіне арналды. Бұл жобада Қазақстан Жазушылар одағы қажетті шығармалар мен материалдарды ұсыну арқылы елеулі қолдау көрсеткен.

– 2023 жылы Алматы қаласында шығатын «Таң-Шолпан» әдеби журналында өзбек жазушыларының шығармалары қазақ тіліне аударылып, жүйелі түрде жарияланып отырды. Бұл – әдеби аударма арқылы мәдени жақындасуға бағытталған нақты қадам.

Өзбекстан Жазушылар одағының құрамында Қазақ әдебиеті кеңесі тұрақты жұмыс атқаруда. Бұл кеңес – Одақ құрамындағы Тәжік және Орыс әдебиеті кеңестерімен қатарлас жұмыс істейтін шығармашылық құрылым. Кеңес Өзбекстанда тұратын қазақ қаламгерлерінің әдеби дамуына қолдау көрсетіп келеді.

Кеңес төрағасы Тұрсынәлі Ахметов өз сөзінде кеңестің тарихи тамырына тоқталып, оның бастауы 1935 жылы жарық көрген «Социалды шашу» атты әдеби жинақтан бастау алатынын айтты. Қазіргі таңда кеңес құрамында 13 мүшесі бар және олардың барлығы Өзбекстан Жазушылар одағының толыққанды мүшелері.

Сондай-ақ 2024 жылы «Отандастар қоры» мен Қазақстан Жазушылар одағының

қолдауымен ұйымдастырылған «Ұлы дала» халықаралық әдеби байқауы аясында өзбекстандық қазақ қаламгерлерінің шығармалары Қазақстанда жарық көрді. Атап айтқанда:

- Лала Жұманованың «Қарасу жырлары»,
- Жарасқан Мырзамұратовтың «Ақиқаттың дәмі ащы» атты поэзиялық жинақтары оқырман қолына тиді. Байқауға биыл да өзбекстандық қазақ қаламгерлері белсенді қатысып, шығармашылық серпін көрсетіп отыр.

Кездесу соңында тараптар қазақ және өзбек әдебиеттерінің тарихи сабақтастығы мен мәдени үндестігіне ерекше мән берді. Әдебиет – халықтардың рухани көпірі екенін алға тартқан делегация өкілдері болашақта аударма, баспа және әдеби жобалар бойынша бірлескен жұмысты жалғастыруға мүдделі екенін білдірді.

Сонымен қатар делегация мүшелері Өзбекстан Жазушылар одағы жанындағы әдеби музеймен танысып, ұйым тарихы, көрнекті мүшелерінің еңбегі, әдеби мұрасы туралы құнды ақпарат алды. Бұл – әдебиет арқылы екі ел арасындағы рухани байланысты тереңдетудің нақты көрінісі болды.





«Отандастар қоры» КеАҚ Баспасөз қызметі



ХАБИБУЛЛА РАХИМИ

Иран қазағы, ақын

Тіл туралы сөзім тыңда, бауырлар!
Әрі қарай да өзің тыңда, бауырлар!
Ана тіліменен жазу болсын қазақта,
Ана тілімде тарихым болсын, бауырлар!
Бірлік керек жақсы өмір сүруге,
Ғылым керек адамдар тексеруге,
Осы ғылым әр жолға жеткізуде,
Ғылым болса өте жақсы болуда.
Оқу үшін хәрәкәтін жасағын,
Оқуларға жақсы сабыр сақтағын.
Әрі қарай ана тілін сақтау керек,
Кітаптарға осы жолды мақтау керек.

Бауырларым, тіл болмаса қазақ жоқ!
Ана тілменен жазу болмаса тарих жоқ.
Ана тілменен тарих болсын, бауырлар!
Болашағың жарық болсын, бауырлар!

Елімізге жарасар бірлік жасап жүруге
Бір-біріне қарасар тірлік жасап жүруге.
Солай жағдай жанасар
Әрі қарайға баруға.
Хәрәкәт жасау керек қиындықтан арылуға.

Көп сөйлеудің орнына
Бауырға жәрдем артық.
Жағдай үшін әрі қарай
Білімді адам артық.
Білім болса, бауырлар,
Ана тіл жаннан артық.
Тарих болып қалу
Тамырдағы қаннан артық!

Тексеріп ал, бауырым,
Адамға ғылым артық.
Өте анық адамға
Бесіктегі білім артық.
Басқа елден, бауырлар,
Руым, елім артық!
Жігіттерге жағдайға
Жоғары білім артық!

Сөзімді тыңда,
Қаным қазақ, бауырлар!
Ата жұрттан қалдым ұзақ, бауырлар!
Қазақ едім қазір қалдым сыртта.
Анық тілім, тамырда қан қалмады
Мойындауға тағы жаным қалмады.
Басқармалардан еш хабар ала алмадым,
Депутаттарға қоңырау шала алмадым.
Қазақ едім, қазақ бола алмадым.
Қанша ұмтылсам да, жұртыма бара алмадым.
Көк түрікпін, Оймауыт
Жібек киім, үйдің басы Оймауыт
Ата жұртқа барғым келіп жатырмын
Шақыртуды әлі күтіп жатырмын.



حابибулла Рахيمي

يران قازاعى، اقسن

ءتىل تۇرالى ءسوزىم تىڭدا، باۋىرلار!
 ءار قاراي دا ءوزىڭ تىڭدا، باۋىرلار!
 انا تىلىمەنەن جازۋ بولسىن قازاقتا،
 انا تىلىمدە تاريحىم بولسىن، باۋىرلار!
 بىرلىك كەرەك جاقسى ءومىر سۇرۋگە،
 عىلىم كەرەك ادامدار تەكسەرۋگە،
 وسى عىلىم ءار جولعا جەتكىزۋدە،
 عىلىم بولسا وتە جاقسى بولۇدا.
 وقۇ ءۇشىن حاراكاتىن جاساعىڭ،
 وقۇلارعا جاقسى سابىر ساقتاعىڭ.
 ءارى قاراي انا ءتىلىن ساقتاۋ كەرەك،
 كىتاپتارعا وسى جولدى ماقتاۋ كەرەك.

باۋىرلارىم، ءتىل بولماسا قازاق جوق!
 انا تىلىمەنەن جازۋ بولماسا تاريح جوق.
 انا تىلىمەنەن تاريح بولسىن، باۋىرلار!
 بولاشاعىڭ جارىق بولسىن، باۋىرلار!

ەلىمىزگە جاراسار بىرلىك جاساپ جۇرۋگە
 ءبىر-بىرىنە قاراسار تىرلىك جاساپ جۇرۋگە.
 سولاي جاعداي جاناسار ءارى قارايعا بارۋعا.
 حاراكات جاساۋ كەرەك قىيىندىقتان ارىلۋعا.

كوپ سويلەۋدىڭ ورنىنا
 باۋىرعا جاردەم ارتىق.
 جاعداي ءۇشىن ءارى قاراي
 ءبىلىمدى ادام ارتىق.
 ءبىلىم بولسا، باۋىرلار
 انا ءتىل جاننان ارتىق.
 تاريح بولپ قالۋ
 تامىرداعى قاننان ارتىق!

тәксеріп ал, бауырым
адамға ғылым артты.
өте анық адамға
бәсіктерге ғылым артты.
басқа елден, бауырлар
рәсім, елім артты!
жүгіттерге жәдігер
жүгері ғылым артты!

сөзімді тәңір,
қаным қазық, бауырлар!
ата жүгіттер қалдым ұзақ, бауырлар!
қазық едім қазық қалдым сәртте.
анық ғылым, тәңірде қан қалды
мәңгілікке тағы жаным қалды.

басқармалардан еш хабар алмадым,
дәрігерлерге қолғау шала алмадым.
қазық едім, қазық бұла алмадым.
қанша ұмытсам да, жүгітме бұла алмадым.

көк түрікпен, өмір
жүгіт кәсіп, өмірдің басы өмір
ата жүгітте барым кәсіп жәдігерім
шәкірттеді ғылы күттеп жәдігерім.





МЫРЗАТХАН ТАНЖИРА ҰЛЫ

2000 жыл 20 наурызда Баян- Өлгий аймағы, Қызылқайың ауданы, Көкмойнақ ауылында дүниеге келген. 2019-2023 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің филология факультетін тәмамдаған. «Тәңірі сыбыр» кітабының авторы.



Аңқылдақ көңілінен арша аңқыған,
Қайғысыз қалжыңдасқан қара қоста.
Түндікте түн термелеп, таң шалқыған,
Ит тұмсығын тидіrmес арам асқа;
Ақ жаным, ақы адал малым дескен...

Күн қақты қоңыр жүзден нұр төгілген,
Домбырасы ұйытқан дүйім елді,
Жетігенде жетім мұң мөлтек өрген,
Қобызынан құба жон киік өрді.
Сыбызғыда сыңсыған дәуір көшкен.

Тете құрдас әлмисақ ығылыммен,
Тамырында ойнаған сақтың қаны,
Ат үсті, әулиелі тұғырым ең,
Қалы кілем атанға жаптырғаны,
Әруақ!
Әруақ!
Жебегін арғы ата дүр!

Елтірі пұшпақ тұмақ күн көтеріп,
Қан сонарға шығатын таң бозынан,
Шәй орамал қалайша кірлетелік,
Жалбыз текті айналдым жалғызымнан.
Тұлпар тұрпат.
Бөрі пыс.
Қарға тамыр...
Құстың жайы
Қоштасарда қар жауған дәл осылай.
«Құстың жайы» депті оны үйдегі апам.
Ақымақтау жүректің дәмесін-ай:
Сөзбен сәндеп күймелі күйге орнатам.

Бұрылмай бақыт безіп бұлт бәйбақтан,
Сол күні Суықсайды сора жапқан.
Есеп беріп жатқандай «өлген сезім»,
Машақатты мазаң үн мола жақтан.

Сүйген қыздың кімде екен, обалы ұлдың,
Тағдыр ма екен жазықты,Құдай ма,әлде?
Жолын тапсақ қайтармыз оралудың,
Құлдай көніп кетпеспіз бұлай қалге!

Қапалақ қар жауғанда қапаланба,
Қайран ыстық шақтарды есіңе алып.
Кеткенмін «естелік» деп атағам да,
Жүрегімнің жартысын кесіп алып.
Ақтоқтысы саусағын қыршығанда,
Ерінімен шоқ өбіп күйген Ахаң.
Сынық қанат сал сезім сыңсығанда,
«Құстың жайлы» депті ғой үйдегі апам.



Кітапта ...

көшеде...

Қызғанышты «қызыл ит» десе де
Мен оны (санамен қабысқан нүктесін)
Ең ұлы қасиетке балаймын.
Келіс-келіспе, арайлым?
Қызғаныш хайуанда да бар. Бар Құдайи жұлгеде...
Махаббатсызды «хайуанға қос».
Қызғанышы жоқтар - хайуаннан төмен «бірдеңе».
Сондықтан сен қызғанышым үшін жазғырма.
Онсыз сезім де ие болмас мазмұнға.



Татар, Башқұрт, Қазақ достығының гимні

*Сөзі: Рамиль Чурагул (қазақ тіліне аударған - Саят Қамшыгер)
Әні: Азат Имаев*

Сыбызғы, қурай, домбыра,
Достық жырын әуелет.
Татар, башқұрт һәм қазақтың,
Бір туғаны керемет!

Татар, башқұрт һәм қазақтың,
Қолдары бір ұстаған.
Әдет-ғұрып, дініміз бір,
Тілдеріміз ұқсаған.

Қайырма:
Қай жерлерде жолықсақ та,
Өз жұртымыз ол анық.
Қазан менен Уфада да,
Астанада болалық.

Жүректерді жылытамыз
Рухымызды көтеріп.
Өле-өлгенше барлығымыз,
Дос, бауыр боп өтелік.

Орынбор да ортақ бізге,
Бір бүтін боп толықсақ.
Керуенсарай ауласында,
Әрқашанда жолықсақ.

Қай кезде де, қай жерде де,
Құшсын бізді таң нұры.
Татар, башқұрт һәм қазақтың,
Ортақ тарих, тағдыры.

Ортақ бізге Ақмолалар,
Тоқай менен Абайлар.
Рухтас та біз, мұңдас та біз,
Қызығады талайлар.

Ұлы Жібек жолдарында,
Өміріміз құлпырған.
Бір атадан, бір анадан,
Балалармыз бір туған.

Саз бен қурай, домбырамен,
Достық жырын әуелет.
Татар, башқұрт һәм қазақтың,
Бір туғаны керемет!



ТУҒАН ТІЛ

Bilim Innovations Group компьютер бөлімінде теріліп, беттелді

КОРРЕКТОРЫ:

Аида Мұхаметқали

Динара Мейрамбекқызы

ТЕХНИКАЛЫҚ РЕДАКТОРЫ:

Диана Тұрсынбек

Теруге жіберілген күні 01.09.2025

Басуға қойылған күні 22.10.2025

Шартты баспа табағы 16

Пішімі 60x90 1/8

Таралымы 100 дана

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

«Bilim Innovations Group» ЖШС

Астана қаласы, Сарайшық көшесі, 36